

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
[SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY](#)



**12 - сәуір – Ғылым күніне орай өтетін «Байтанаев окулары-Х» және  
білім алушылардың дәстүрлі республикалық XI ғылыми-тәжірибелік  
конференциясының  
ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ  
научно-практической конференции «Байтанаевские чтения-Х» и  
XI традиционной республиканской научно-практической конференции  
обучающихся, приуроченных к 12 апреля – Дню науки**

**COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES  
of the scientific practical conference "Baitanaev readings-X" and  
the XI traditional republican scientific practical conference of students,  
dedicated to April 12 – Science Day**

II том

Шымкент-2022

УДК 001  
ББК 72  
О-59

### Ұйымдастыру алқасының төрайымы

Сугирбаева Гулжан Даулетбековна - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректор, т.ғ.к., доцент

### Ұйымдастыру алқасы

Исабек Баршагүл Қашқынқызы - Басқарма төрағасының орынбасары, Академиялық мәселер жөніндегі проректор, т.ғ.к., доцент

Уалиханова Баян Сапарбекқызы - Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор м.а., PhD

Байғұт Ақлима Мархабатқызы - Әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректор, ф.ғ.к.

Тажекова Ақмарал Джаксыбековна - Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы, т.ғ.к., доцент м.а.

12 - сәуір – Ғылым күніне орай өтетін «Байтанаев оқулары-Х» және білім алушылардың дәстүрлі республикалық ХІ ғылыми-тәжірибелік конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. Шымкент, 2022. -585 бет

Сборник научных статей научно-практической конференции «Байтанаевские чтения-Х» и ХІ традиционной республиканской научно-практической конференции обучающихся, приуроченных к 12 апреля – Дню науки. Шымкент, 2022. -585 стр.

Collection of scientific articles of the scientific practical conference "Baitanaev readings-X" and the ХІ traditional republican scientific practical conference of students, dedicated to April 12 – Science Day. Shymkent, 2022. -585 p.

**ISBN 978-601-7968-09-0**

Жинаққа Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

# ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ӘОЖ 372.854

## **МЕТАЛДАР ТАҚЫРЫБЫН ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚЫТУ**

**Жолтай Г.И.** – 125-18а тобының студенті

**Ғылыми жетекші: Мәдібекова Ғ.М.** – х.ғ.к., профессор м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### *Резюме*

*В статье описана технология преподавания темы металлов по общей химии в школе с использованием инновационных технологий в обновленном содержании образования. На уроке были рассмотрены вопросы формирования навыков говорения на английском языке в процессе использования химических терминов на английском языке. Рассмотрено применение инновационных компьютерных технологий в обучении металлов при организации самостоятельной работы. В ходе исследования составлен краткосрочный план на тему «общая характеристика металлов». Проанализировано содержание урока, проведенного в соответствии с планом.*

Оқыту үрдісіне қазіргі таңдағы еліміздегі қайта жаңару, экономикалық даму, ақпараттану процестері жаңа талаптар әкелетіні белгілі. Осы уақытқа дейінгі зерттеулерде мұғалімдердің міндеттеріне тек білім беру емес, білімге қол жеткізу жолдарын үйрету маңызды екені көрсетіліп келеді [1].

Қысқа мерзімді жоспар "Металдар мен құймалар" тарауының "Металдардың жалпы сипаттамасы" тақырыбына дайындалды [2,3]. Жоспардағы негізгі бөлімдер АКТ құралдарында жүргізілетін өзіндік жұмыстарымен толықтырылып, «Металдардың жалпы сипаттамасы» тақырыбында сабақ өткізілді.

Сабақ басында тақырыпты ашу сұрақтары алатындай күнделікті тіршілік процестерімен байланысқан түрде, тақырыпқа сәйкес алынды:

1. Металдардың қандай қасиеттерін білесіңдер?
2. Металдар қандай салаларда қолданылады?
3. Металдардың адам ағзасы үшін маңыздылығы қандай?

Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап бере отырып жаңа тақырыптың мазмұнын анықтады. Бұл оқушылардың тыңдау және ойды еркін жеткізу дағдыларын дамытуға бағытталады.

Сабақтың мақсаты металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру жұмыстары презентация арқылы жүргізілді [4]. Ерекшелігі тақырыпқа арналған презентацияда текст түріндегі мәліметтер, оның ішіндегі терминдер, негізгі сөздер ағылшын тілінде берілді. Мысалы:

- Metals — электр тоғы мен жылуды жақсы өткізетін, пластикалық қасиеті жоғары, жылтыр matters. Мұндай properties-дің болуы металдардың ішкі құрылымымен байланысты.

Білімалушылар жүйелі түрде осындай тексттермен жұмыс жасай отырып, терминдерді ағылшын тілінде тез әрі есте жақсы сақтай алу мүмкіндігі қарастырылды. Оған қоса әр сабақ сайын сөздік қорлары кеңейгендіктен сабақты толықтай ағылшын тілінде оқыту деңгейіне дейін жеткізуге болады.

Сонымен қатар, оқушыларға сабақ барысында кездесетін тақырыпқа байланысты ағылшынша-қазақша сөздік берілді. Оқушылар сабақты мұқият тыңдап, металдар туралы жалпы мәлімет алды. Сабақта берілген маңызды мәліметтерді дәптерге түсіріп отырды, тақырыпқа байланысты сөздіктермен танысып шықты:

- металдар-metals
- элементтер-elements
- Менделеевтің периодтық жүйесі-periodic system of Mendeleev
- заттар-matters
- кристалдық тор-crystal cell
- металдық байланыс-metallic bond
- электрон газы-gas of electron
- реакциялар-reactions
- сулы ерітінділер-aqueous solutions
- қасиеттер-properties
- бор-boron
- кремний-silicon
- мышьяк-arsenic
- теллур-tellurium
- астат-astat
- валенттілік- valence
- формула-formula
- энергетикалық деңгей- energy level
- атом радиусы-atomic radius
- иондану энергиялары-ionization energies
- сілтілік металдар-alkali metals
- электртерістілік-electronegativity
- галогенидтер-halides
- нитраттар-nitrates
- сульфаттар-sulfates
- карбонаттар-carbonates
- катион-cation
- электрон-electron
- қайнау-boiling

Білімалушылардың өтілген тақырып бойынша алған білімдерін нақтылау үшін тақырыпты пысықтау тапсырмалары өзіндік жұмыс ретінде берілді. Жұмыс «Testmoz» қосымшасында орындалды. Қосымшаға кіру үшін арнайы сілтеме қолданылды [5].



Сурет 1. Жалпы нәтиже

Name	Score	Available	Released	Time	Your Answer	Correct Answer
Алтын элементі	44% (1/2)	1810-03-14 4:30 PM	2020-04-14 4:30 PM	0:00:41	✓	Ау, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-10 0:04 PM	2020-04-10 0:04 PM	0:01:00	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-14 10:18 PM	2020-03-14 10:18 PM	0:01:20	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-11 3:30 PM	2020-03-11 3:30 PM	0:00:09	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-10 0:12 PM	2020-03-10 0:12 PM	0:01:39	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-10 0:02 PM	2020-03-10 0:02 PM	0:01:45	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-10 0:11 PM	2020-03-10 0:11 PM	0:01:45	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-10 0:00 PM	2020-03-10 0:00 PM	0:01:59	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-10 0:17 PM	2020-03-10 0:17 PM	0:02:25	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-10 0:20 PM	2020-03-10 0:20 PM	0:02:39	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-14 4:40 PM	2020-03-14 4:40 PM	0:02:19	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-10 0:41 PM	2020-03-10 0:41 PM	0:02:10	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-14 0:48 PM	2020-03-14 0:48 PM	0:02:01	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-10 0:19 PM	2020-03-10 0:19 PM	0:02:04	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-10 0:11 PM	2020-03-10 0:11 PM	0:02:03	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-10 0:02 PM	2020-03-10 0:02 PM	0:02:03	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-10 0:02 PM	2020-03-10 0:02 PM	0:02:03	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir
Алтын элементі	44% (1/2)	2020-03-14 0:02 PM	2020-03-14 0:02 PM	0:02:14	✓	Au, Ag, Pt, Rh, Ir

Сурет 2. Жеке нәтижелер

Өзіндік жұмысын орындауға 10 минут уақыт берілді. Жалпы 15 тапсырма берілді. Нәтижесінде 18 оқушының 13-і жақсы нәтиже көрсетті (сурет 1, 2). Оқушыларды бағалау «Results» бөліміндегі қорытынды бойынша жүргізілді.

Сурет 3. Қатемен жұмыс

Сабақ соңында өзіндік жұмыста берілген әрбір сұрақ (сурет 3) бойынша талдау жасалынды. Әр оқушы тапсырмалар бойынша өзіндік ой-пікірлерімен бөлісіп, жіберген қателіктері бойынша қатемен жұмыс жасады. Сабақтағы түсініксіз мағлұматтар бойынша қайта түсіндірме жұмыстары жасалып, пысықталып отырды.

Қорытынды. «Металдардың жалпы сипаттамасы» тақырыбына қысқа мерзімдік жоспар жасалды. Онда жаңартылған білім беру мазмұнында металдар тақырыбын оқыту технологиясы сипатталды. Сабақ өткізуге қажетті материалдар негізінде дидактикалық жүйе (ҚМЖ, презентация, үш тілді оқыту әдісі, өзіндік жұмыс) дайындалды. Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылықтарын дамыта отырып, өзіндік ой-пікірлерін, ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, ойын еркін жеткізуге бағытталған тапсырмалар қарастырылды. Сабақ нәтижесі бойынша білімалушылардың өз бетінше білім алу дағдылары, танымдық қабілеттері артқаны байқалды.

### Әдебиеттер:

1. Қасымбекова Д.А., Түрік К., Зұлпыхар З. Ақпараттық- коммуникативті технологияларды білім беру жүйесінде іске асыру// Абай атындағы ҚазНПУ-нің Хабаршысы. – 2019. –№2. –Б. 115–119.
2. [https://urok.pf/library/metaldar\\_men\\_jmalar\\_063727.html](https://urok.pf/library/metaldar_men_jmalar_063727.html)
3. М.Б.Усманова, Қ.Н.Сақариянова, Б.Н.Сахариева Химия: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық// Алматы: Атамұра. – 2019. –304 б.
4. <https://edupres.ru/prezentatsii-po-himii/10-klass/file/40352-metaldar-a-zhalpy-sipattama>
5. <https://testmoz.com/q/11538210>. Күпия сөзі: 123456788

ӘОЖ 372.8:57

## ӨРНЕКТІ ҚАРА-ШҮБАР ЖЫЛАННЫҢ – ELAPHE DIONE PALLAS, 1773 БИОЛОГИЯСЫ

Қаныбек Г.Қ. – М-150510 тобының магистранты

Ғылыми жетеші: Сартаева Х.М. – б.ғ.к., профессор м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

*Резюме.*

*В данной статье представлены результаты исследований географического распространения, мест обитания, морфометрии, активности, размножения и геохимического анализа неядовитой змеи узорчатого полоза, обитающей на территории Туркестанской области. Собранные научные исследования имеют значение для студентов на уроках зоологии*

Түркістан облысы Қазақстанның негізгі жазық бедерлі, яғни шөлді-далалы, шығысы таулы ландшафтты территориясы. Экологиялық және зоологиялық әдебиеттерде климаттық және антропогендік факторлар есепке алына отырып, Түркістан өңірінің бауырымен жорғалаушыларының экологиясын талдап зерттеуге арналған жұмыстар аз екендігін айта кету қажет.

Түркістан облысы бауырымен жорғалаушыларын топтастыру күрделілігі және таксономиялық алуантүрлілігіне жүргізілген талдаулар топтастырудағы таксономиялық қатынастардың құрылымын және осы топтастырулар ұйымдастырылуының сандық-сапалық сипатын анықтауға мүмкіндіктер береді. Жорғалаушыларының кең таралған (фондық) түрлердің популяциясының қазіргі таңдағы жағдайы анықталды, жорғалаушыларының фондық түрлерінің морфологиялық ерекшеліктері бойынша мәліметтер эволюциялық үрдістерді зерттеуде және систематика мен популяциялық биологияның сұрақтарын шешуде маңызы зор. Ең кең таралған түрлердің экологиясы бойынша алынған мәліметтер жеке түрлердің экологиялық ерекшеліктерімен қатар, олардың адам өмірі және табиғаттағы маңызын, әсіресе олардың экологиялық-геохимиялық ерекшеліктер мен жағдайын бағалауға мүмкіндіктер береді.

**Зерттеу әдістері.** Бірқатар бауырымен жорғалаушыларына экологиялық-фауналық сипаттама жасау мақсатында Түркістан облысының биоценозындағы басыңқы бауырымен жорғалаушылар түрлерін анықтау, олардың фондық түрлерінің морфологиялық ерекшеліктерін, маусымдық

динамикасына, қоректенудің экологиялық ерекшеліктеріне, бауырымен жорғалаушылардың түрлік байлығына, токсонмиялық алуантүрлілігіне және топтастырылу күрделілігіне баға беру бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуде далалық зерттеулер мен жинау жұмыстары 2018-2020 жылдар аралығында орындалды.

Далалық зерттеу және жинау жұмыстары Түркістан облысының Ордабасы, Түлкібас, Төлеби, Шардара аудандарында және Шымкент қаласының төңірегінде жүргізілді.

Бауырымен жорғалаушыларына экологиялық-фауналық зерттеулерге негіз болып Түркістан облысының оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс және орталық аймақтарында 2018-2020 жылдары жүргізілген далалық зерттеулер мен жинау жұмыстары табылады.

Түркістан облысында барлық жерлерде кездеседі. Усыз жылан. Жалпы 42 өрнекті қара шұбар жылан тіркеліп, оларға талдаулар жүргізілді. Оның ішінде, аталық даралар 22, аналық даралар 20. Кеудесінің ұзындығы аталықтарында 98 см, аналықтарында 110 см, ал құйрықтарының ұзындығы – 30 см. өрнекті жыланның түсі өте әдемі: 4 кең, көлденең, қоңыр немесе қоңырлау жолақтары бар қоңырлау, қызылдау немесе қоңыр реңді сұр түсті. Құрсағы сұрлау немесе сұр-сары түсті, бұрыс қоңыр немесе қара дақтары бар. Тіркелген өрнекті қара шұбар жаландардың қалқандары мен қабыршақтарына талдау жасау барысында анықталды: Көз ұсы қалқаны төмен жағынан екіге бөлінген, жақаралық және маңдай аралық қалқандарының ені олардың өздерінің биіктігінен ұзын. Маңдай алды қалқаны көз үсті қалқанымен жанасқан, бет сүйегі қалқаны трапеция тәрізді болып келеді. Көз алды қалқандары 2 немесе 3, жоғарғы ерін қалқаны – 8 (сирек 7 немесе 9), құйрық асты – 51-79, дене айналасында – 23-28 қабыршақты. Аталықтарында құрсақ өалқандары 171-202, ал аналықтарында 187 – 245. аналь қалқандары бөлшектенген. Денесінің бүйіріндегі қабыршақтары тегіс, ал арқасындағы - әлсіз қабырғалы және 2 апикальды саңылаулары болады.

**Таралуы.** Қазақстанның бірнеше табиғи белдеулерінде – дала мен шөлден қылқанжапырақты және аралас ормандарға дейін таралған. Түрлі биотоптарда таралған, мезофильді өсімдіктері бар аймақтарды ұнатады

Біздің қарастырған аймақтарда, өзен жайылмалары мен аңғарларында, тоғайлар мен қамыс арасында, альпілік шалғындарда және батпақтардың шетінде, сор мен тақырларда, құм төбелер мен күріш алқаптарында, бақшалар мен жүзімдіктерде, аршалар арасында және таудың тасты баурайларында да кездестірдік. Оларды теңіз деңгейінен 3565 м биік тауларда да тіркедік. Ағаш бұталарына жақсы өрмелейді және жерде де, ағашта да жылдам қозғалады. Суда жақсы жүзеді және сүнгиді. Зерттелген аймақтарда өрнекті қара шұбар жыланның тығыздығы 15 экз./га.

**Мекен ортасы.** Мекен ортасы ретінде тамыр астындағы, ағаштардың тамырға дейінгі белдеулеріндегі, ағаш діндеріндегі қуыстарды және топырақ жарықтарын пайдаланады.

**Белсенділігі.** 7 ай белсенді. Күндіз белсенділігі жоғары. Қысқы ұйқы қыркүйек-қарашадан басталып наурыз-сәуірге дейін жалғасады. Ең кеш қысқы ұйқыға кету 25 қарашада тіркелді (Ақсу елді-мекені), ал ең ерте ұйқыдан ояну 26 ақпанда (Шардара ауданы), ал таулы аудандарда 15 наурызда (Машат шатқалы) басталды.

**Мінез-қылық ерекшеліктері:**өзіне қауіп төнген кезде құйрығын улы жыландар сияқты құйрықтарының ұшын дірілдете алады. Адамның жақындауынан қашпайды, бақтарда, үй төбелері мен жер төлелерде де мекендейді.

**Қоректенуі:** Кемірушілер, құстар, кесірткелер, қосмекенділер, балықтар және насекомдармен қоректенеді. Каннибализм құбылысы да байқалды. Жемтігін басынан бастап жұтады. Құс жұмыртқасымен қоректенгенде, алдымен жұмыртқаны тұтастай жұтады да, сосын омыртқаның төменгі өсінділерінің көмегімен қауызын сындырады.

**Көбеюі:** Шағылысу сәуір-мамыр айларында байқалады, бірақ Ордабасы ауданында некелік кезең маусым айында да байқалды. Өрнекті қара шұбар жыланның жұмыртқаларын шіріген ағаш ұнтақтары арасынан, орман жамылғысы немесе көгерген шөптер арасынан таптық. Жұмыртқаларының саны 5-24 дейін жетеді. Жұмыртқаларының ұзындығы түрліше. Мысалы, Түлкібас ауданы Машат шатқалында ағаш шіріндісіне салынған 10 жұмыртқаның 5 ұзындығы 20-30 мм, 3 ұзындығы 16-28 мм, 2 жұмыртқаның ұзындығы 18-34 мм. Ұжымдық жұмыртқа басу да анықталды. Мысалы, Қаратөбе елді-мекенінде қызып кеткен шөп арасынан 95 жұмыртқадан тұратын ұжымдық жұмыртқа салу тіркелді. Бірақ олардың жартысынан ғана 1 айдан соң 42 жас жыландар шықты. Жұмыртқаның инкубациялық кезең шамамен 1 айға созылады. Бірақ, 2 апта ішінде жұмыртқалардан жас жыландардың шығуы тіркелді. Себебі, жұмыртқа аналық жұмыртқа жолында ұзағырақ болған. Жас жыландар шілде және қыркүйек айларында пайда бола бастайды. Олардың ол кезде ұзындығы – 22-35 см, салмағы 2,8-9,3 г жетеді. Біздің байқағанымыз, жас жыландарға қарағанда ересек жыландар қысқы ұйқыға ерте кетеді. Өрнекті қара шұбар жыланның жаулары – жыртқыш сүтқоректілер мен құстар (мысалы, дала бүркіті). Бірақ олардан бұл жыландар тез қозғала алатындығымен жасырынатын орындарға және ағаш бұталарына тығылып қалады.

#### Әдебиеттер

1. Сартаева Х.М., Қоразбекова Қ.Ж. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі герпетофаунаның биоалуантүрлілігі және экологиялық жағдайы. Шымкент, 2012, 150 бет.
2. Цукерман Г. А. Инновации в мировой педагогике. - Рига, «Эксперимент», 1998. - 180 с.
3. Чемвей Б., Кибос Дж.К., Илиева Э.. Влияние коллективного обучения на преподавание поэзии. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, том 6, №4, октябрь, 2005. - С. 26-34.
4. Чупрасова В. И. Современные технологии в образовании. – Владивосток, 2000. – 54 с.



## **ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨМІР СҰРУ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Әмірбек А. -1511-29 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Мырзалиева З.К.- г.ғ.к.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

*Резюме*

*В данной статье рассматривается качество жизни населения и связанные с ним проблемы*

Қазіргі өмір сүру жағдайына сәйкес, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша мәселелерді зерттеу барынша нақты аймақты қарастыруды қажет етеді. Аймақтағы өмір сүру сапасының динамикасына талдау жасау мен салыстыру жүргізу үшін қажетті жабдықтардың болуы, тиімді аймақтық элеуметтік-экономикалық саясат жүргізудің басты шарты болып саналады.

Бірақ, «өмір сүру сапасы» санатының танымалдылығына қарамастан, қазіргі уақытта оның диагностикасы үшін арнайы бірыңғай үлгідегі құрылымы мен стандартты құрамы бекітілмеген. Осыған сәйкес аймақтағы өмір сүру сапасын бағалаудың әдіснамасын дайындауға қатысты теориялық және эмпирикалық зерттеулер жүргізудің маңызы артады. Осындай маңызды теориялық және әдіснамалық мәселелердің шешімін табу үшін, біздің ойымызша, заманауи ғылыми зерттеу әдістерін қолдану -геоақпараттық технологиялар, жүйелік талдау, математикалық және картографиялық үлгілеу әдістерін қолданудың келешегі зор болмақ [1].

Жеке бірегей сипаты мен элеуметтік-экономикалық даму деңгейі қалыптасқан аймақ барынша кеңістіктік бейімделу жүйесімен сипатталады. Сондықтан аймақтық деңгейде тек болып жатқан өзгерістердің тиімділігін бағалап қана қоймай, сондай-ақ аймақтың болашақ дамуының ғылыми негізделген болжамдық мониторингін жүргізу қажет. Осы жағдайда барлық назар элеуметтік, ізгілік жағына аударылып, ал халықтың өмір сүру сапасы жалпы тұжырымдамалық ұғымда барынша мәнді, тіпті негізгі түсінікке айналуы мүмкін [2].

Халықтың өмір сүру сапасын және оның дамуын зерттеу кез келген иерархиялық деңгейдегі аумақ үшін аса маңызды. Қазіргі уақытта аймақтағы адамның белсенді әрекеттері әсерінен болатын үдерістердің әртүрлілігін зерттеу қажеттілігі артып келеді. Осы үдерістерді қадағалау арқылы аймақшілік аумақтық бірліктердің қызметтері мен дамуының басты заңдылықтарын, ерекшелігін және белгілі бір деңгейде, олардың әрқайсысының бірегейлігін, бастысы, аймақ халқының өмір сүру сапасының болашақ аймақтық даму мақсатындағы аумақтық жіктелуін анықтауға болады. Бұл жерде әртүрліліктегі бірлік ұраны құрылымды бола бастайды. «Жергілікті өзгешеліктер, артықшылықтарды және регионализмдерді органикалық, т.б. өндіріс үшін өзара толықтыру мүмкіндіктерін қолдану бар айырмашылықтарды жою, басу немесе бірыңғайлауға қарағанда барынша тиімді болмақ» [3].

Тұрақты әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында болашақ қоғамдық дамудың барынша көпнұсқалы сипатының артатынын ескеру қажет. Осыған байланысты аймақтың өмір сүру сапасының өзгеру үдерісін оның аумақтық жіктелу ұстанымында сценарийлік болжаудың маңызы артады, ал негізгі факторларға тәуелді, аймақтың әртүрлі даму нұсқаларын сипаттайтын болжам сценарийлерінің кешені біртұтас болжамды құрайды.

Халықтың өмір сүру сапасы және онымен байланысты мәселелер соңғы жылдардағы әлеуметтік – географиялық зерттеулердің басты бағыттарының бірі болып танылады. Әлеуметтік-экономикалық болмыстағы құбылыстар мен үдерістердің кең қамтылуынан «халықтың өмір сүру сапасы» ұғымы теориялық-әдіснамалық, әдістемелік жоспарда да барынша пікірталас туғызатын ұғымдардың бірі болып анықталады. Соңғы онжылдықта халықтың өмір сүру сапасы мәселесі, бір жағынан, саяси парадигмаға сәнді сипат берсе, екінші жағынан, жергілікті, аймақтық және жаһандық деңгейде халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін кешенді, әрі оның жеке құрамдастарын бағалауға арналған ауқымды жұмыстар саны пайда болды. Алайда, жалпы қазіргі заманауи география ғылымында алдымен кеңістіктік әркелкілік белгілерін жою мен адам мүмкіндіктерін арттыру тұрғысынан әлеуметтік-экономикалық даму басымдығына негізделген тәсілдер толық көрсетілмеген және аймақтағы халықтың өмір сүру сапасын және оның аумақтық өзгешеліктерін кешенді бағалаудың әдіснамасы мен әдістері толық құрастырылмаған [4].

Адам өмірінің көп жақтылығы оның «өмір сүру сапасы» түсінігінің және оны бағалау өлшемінің көп жақтылығын анықтайды. Ғылыми әдебиеттерде, географиялық мектеп аясында, өмір сүру сапасын үш топ факторлар арқылы анықтауға болады деп көрсетіледі, өмір сапасын қалыптастырушы құраушы жағдайлардың жиынтығы аймақтық деңгейде – экологиялық-географиялық (оның ішінде табиғи-климаттық, экологиялық жағдайдың ушығуы), әлеуметтік-географиялық (аумақтық қоныстану мен жаңа жерге орналастыру жүйелерін ұйымдастыру, әлеуметтік-демографиялық факторлар, халықтың денсаулық жағдайы) және әлеуметтік-экономикалық (сатып алу мүмкіндігінің деңгейі мен жан басына шаққандағы орташа табыс деңгейі, көлік қолжетімділігінің факторлары мен қамтамасыздандырылуы) анықталады [5].

Табиғи-климаттық факторлар адамның тамақтану қажеттіліктеріне, денсаулығын сақтауға және еңбек белсенділігіне, өмірлік іс әрекеттерде жағымсыз жағдайлардан қорғану жағдайына әсер етеді. Климаттың қолайсыздығы өлшемдеріне кеңістіктік талдау жасау барысында мынажайт анықталады: оның анықталуы үшін маңызды көрсеткіштер: ашық аспан астында жұмыс жасауды шектейтін және кедергі келтіретін кезеңдердің ұзақтығы; орташа температура  $-30^{\circ}\text{C}$  төмен күндер саны; қараша мен наурыз айлары аралығында ауа температурасының күрт өзгерісі (шамамен  $6^{\circ}\text{C}$ );  $8^{\circ}\text{C}$  жоғары қалыпты-эквивалентті-тиімді температура (ҚЭТТ) кезеңінің ұзақтығы; ауа температурасының  $10^{\circ}\text{C}$  астам орташа тәуліктік температурасы; жылу беру кезеңінің ұзақтығы.

Халықтың өмір сүру сапасын бағалаудың басты құрам бөлігіне *әлеуметтік - географиялық факторлар* жатады. Осы жағдайда өлшем ретінде аумақтың игерілу мен қоныстану деңгейі, заманауи халықтарды орналастыру үдерістері, аумақтық қоғамдық жүйелердің (АҚЖ) қалыптасуының толығыуы өлшемдері алынады. Сонымен қатар, қоғамның аумақтық ұйымдастырылуының барынша әмбебап көрсеткіштеріне халықтың тығыздығы, елді-мекендердің құрылымы мен тұрғындардың көптеп қоныстануы, қоныстанудың тығыздығы (елді-мекендердің аудан бірлігіне қатысты саны) жатады. Мұндай көрсеткіштер қоныстандырудың аумақтық жүйелерінің дамуы, онда өмір сүрудің қолайлылығы мен сапасы жайында, тура және жанама түсініктер береді.

Өмір сүру сапасын анықтауда *әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер* соңғы орынды алады. Бұл әрбір адамның өмір сүру әрекетінің әлеуметтік ортасын сипаттайтын басты белгілер. Оларға халықтың репродуктивті әлеуеті, әлеуметтік қажеттіліктер мен қысым, еңбекпен қамтамасыз етілуі, көші-қон тәртібі, болашақ демографиялық дамуы (туу, өлім-ғайып орынды алады. Бұл әрбір адамның өмір сүру әрекетінің әлеуметтік ортасын сипаттайтын басты белгілер. Оларға халықтың репродуктивті әлеуеті, әлеуметтік қаж Қазіргі адамның өмір сүру жағдайында оның өмір сүру сапасының басты көрсеткіштерінің бірі ретінде экологиялық факторлар мен олардың өлшемін анықтайтын көрсеткіштер есепке алынуда. Республикадағы қоршаған ортаның техногендік ластану деңгейі алдымен нақты ластаушы заттардың шекті рауалы концентрациясымен (ШРК) жұмыс орнындағы суда, топырақта, ауада, тамақтану өнімдерінде және басқада табиғи компоненттермен орталарда анықталады. Алайда осындай зерттеу жұмыстарының күрделілігі фактілік ақпараттар мен алынатын нәтижелердің нақтылығының төмендігіне сәйкес апатты жағдайға ұшыраудың шарасыздығымен қорытылады [6].

Келтірілген көрсеткіштер тізімі адамның өмір сүру ортасын сипаттайтын жанама өлшемдерге жатқызылады, себебі олар табиғи нысандардың (немесе жүйелердің) және олардың компоненттерінің экологиялық жағдайын сипаттамайды. Сонымен, халықтың өмір сүру сапасының деңгейін географиялық аспектіде зерттеу өте маңызды болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Касымов С.М., Надыров Ш.М. Пространственная организация территории и расселения населения Республики Казахстан до 2030 года. – Астана: АО «Институт экономических исследований», 2018. - Том 1. - 300с.
2. Зубаревич, Н.В. Социальное развитие регионов России: проблемы и тенденции переходного периода / Н.В. Зубаревич. – М.: Едиториал УРСС, 2013.– 264 с.
3. Маркович Д.Ж. Социальная экология и качество жизни. М.: Международ. независимый эколог.-полит. ун-т., 1998. – 265с.
4. Смирнова В.М. Пространственные аспекты качества жизни в первичных системах расселения /В.М. Смирнова // Расселение населения. –2019. – С.33-39
5. Валентей С., Нестеров, Н. Человеческий потенциал: новые измерители и новые ориентиры // Вопросы экономики. – 2018. - № 2. - С.90-102.
6. Нюсупова Г.Н., Калимурзина А.М. Географический анализ качества жизни населения Республики Казахстан. Вестник КазНТУ им. К.И. Сатпаева, ISSN 1680 – 9211 /№5 (105) сентябрь 2014 , 9с.

## СУДЫҢ ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТТЕРІ. СУДЫҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУ

Ходжанова Ж.Б, Тұрмахат Г.Қ. – 1505-39 тобының студенттері

Ғылыми жетекші: Тұрабай Н.Ә. – магистр оқытушы,

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

### *Резюме*

*Как мы все знаем, вода является очень важным минералом для жизни человека, животных и растений. Мы расскажем о значении воды для жизни, об особых свойствах воды, которых мы не знаем, о великой пользе воды в жизни человека. Мы расскажем о целебных свойствах водопада «Пещерное кольцо», о которых мы не знаем.*

*Мы также познакомим вас со свойствами Замзам Зам, самой чистой и полезной питьевой воды в мире.*

Су – тіршілік көзі. Ол түссіз, иіссіз, дәмсіз болады. Барлығы осы мөлдір сұйықтыққа байланысты. Бірақ күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған судың емдік қасиетін көпшілік біле бермейді. Су адамның шөлін немесе басқа тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдаланады.

Судың біз білмейтін басқа да қасиеттері бар: Мысал ретінде бірнешесін тиіп етіп айта өтсек болады. Мысалы: иммундық жүйені құрайтын сүйек кемігінің әртүрлі ауруларға төзімділігін арттырады. Су витаминдер мен минералдардың негізгі еріткіші болып табылады. Су ағзаның қажетті қоректік элементтердің сіңуін арттырады. Эритроциттердің тиімділігін арттырады. Жасушаларды оттегімен қамтамасыз етеді және қалдық газдарды өкпеге тасымалдайды. Улы қалдықтарды жинап, бауыр мен бүйрекке жеткізеді. Су буын қуыстарының негізгі майлаушысы болып табылады. Омыртқа дискілеріндегі соққыны су көпіршіктеріне айналдырады. Ішек жұмысын реттейді, майлауды қамтамасыз етеді. Дене температурасын реттейді. Су - ми функциялары үшін күш пен электр энергиясының көзі. Жүрек аурулары мен сал ауруынан қорғайды. Бұл мидан гормондарды шығару үшін қажет. Су адамның зейінін ашады және де стресс пен депрессияны жеңілдетеді, ұйқыны қалпына келтіреді, шаршауды басады, теріні жұмсартады.

Дүниедегі ең таза су – Зәмзәм суы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2004 жылғы мәліметі бойынша бұл су әлемдегі ішуге жарамды ең таза су болып табылады. Зәмзәм бұл Меккедегі құдық. Зәмзәм ерекше қасиеттер бар. Ол адамның ауырған жерге шипа береді, қуат береді. АҚШ-та жүргізілген сынақ нәтижесінде жер бетіндегі микроорганизмдер мен микроорганизмдер жоқ жалғыз таза су екені ғылыми түрде дәлелденді. Зәмзәм суының құрамында күкірті аз, құнарлы және басқа суларға қарағанда минералды заттар көп. Үйлену үшін ішкеннің қарны бар, үйленемін деп ішкеннің шөлі бар. Кәдімгі суыдан айырмашылығы оның құрамында кальций мен магний тұздары көп. Тағы бір ерекшелігі, зәмзәм суының құрамында түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұратын фтор бар. Тіршіліктегі судың дәмін бұзатын биологиялық құбылыстар

зәмзәм суына ешқандай әсер етпейді. Бұл да ғылыми дәлелденген және Алланың құдіреті.

Арыстан-баб кесененің сол жағында 14 ғасырда қазылған құдық бар. Тереңдігі 14 метр. Суы өте ащы. Сіз көп іше алмайсыз. Дәмі ішіп, жұтқандарға дұға еткен абзал. Бұл судың қандай киелі екені, бізге беймәлім қандай тылсым күштердің бары бір құдірет.

«Ақтас әулие» көзі көршілес екі таудың ортасында орналасқан. Бірі – Ата бұлақ, екіншісі – Ана бұлақ. Олардың арасындағы қашықтық 600 метрді құрайды. Құрамында отыздан астам химиялық элементтер бар делінген. Түсте ерлерге ананың бұлағы, әйелдерге әкенің бұлағы емделеді. Екі бұлақтың бастауы темір қоршаумен қоршалған, оның етегінде тас қоршау мен көл бар. Отырғандар жоғарыдан су ішіп, төменгі көлшікке жатуы керек. Содан кейін күн қайтадан шығады. Бұл сумен емдеу ескі жараларды емдейді деп саналады.

Жылаған ата туралы қызықты деректер бар. Үңгір мөлдір жартастың басында, бір жол кесіп өтетін биік тау беткейінде орналасқан. Үңгірден сағат сайын мөлдір судың ақ көбігі ағып тұрады. Бірақ сарқырамадан үнемі су ағыны болса, «жылаған атадан» су ақпайды. Және де тағы бір тылсымы бұл үңгірдің Құран оқыған кезде сарқырамадан судың тоқтаусыз ағуы. Бір қызығы, қисық, арам адам жақындаса, су тоқтайды дейді жергілікті тұрғындар. Судың дәмін татқан адам қайта-қайта ішкісі келеді екен. Бірақ суды ыдысқа құйып, қайнатып ішуге болмайды. Бұл орын алған кезде су бірден көзден жоғалады. Ұзынқұлақтан бұл үңгірдің құдіретін естіген геогтер сарқырама басына келіп: «Теңіз толқыны ғана болса керек» деп, зерттеу жүргізеді. Үңгірден атқылаған судың қайдан шыққанын анықтау үшін екі ай уақыт қажет болды. Бірақ бұл аралықта үңгірден су мүлде шықпады. Сонда таңғалған зерттеушілер: «Бұл шынында да Алла Тағаланың құдіреті ғой!» – деп пікір қалдырып кеткен екен.

Дәрігерлердің айтуынша, сумен емдеудің көптеген қарапайым тәсілдері бар. Мысалы, суды алдымен мұздатып, содан кейін ерітіп ішуге болады. Тек үстіңгі қабат төгілуі керек. Өйткені ауыр металдар су бетіне көтеріледі. Бұл суды адам күнде таңертең аш қарынға ішсе, емдік қасиеті зор. Адам ағзасы бірден жұмыс істей бастайды. Таза су ағзаға еніп, сұйық қанымызға әсер етіп, тазалық туралы ақпаратты тасымалдайды. Сонымен қатар, ол біздің денемізде сұйықтықтың пайда болуына ықпал етеді. Адам ағзасының 70% судан тұрады. Сондықтан денедегі судың құрамын өзгерту арқылы емдеуге әбден болады.

#### *Әдебиеттер*

1. Айғақ газеті басты бет Салтанат Тойболава
2. "Ана жасы" сайты Facebook әлеуметтік желісінен
3. Қазақстанның табиғат зоналары-С.Ә. Әбілмәжінова. « Алматы кітап» баспасы 2006ж.

## ЖОҒАРЫ САТЫДАҒЫ ӨСІМДІКТЕРДІҢ ӨСУ ПРОЦЕСТЕРІНЕ МУЗЫКАНЫҢ ӘСЕРІ

Жанатбекова А.Ж., Мауленкулова М.Д. – 1505-29 тобының студенттері

Ғылыми жетекші: Тұрабай Н.Ә. – магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### *Резюме*

*Целью работы было изучение влияния классической и рок-музыки на рост растений. В эксперименте использовался редька и ячмень посевной. В ходе проведения эксперимента нами регистрировалась всхожесть, морфометрические показатели и концентрация пигментов фотосинтеза и фенолов.*

Музыканың өсімдіктерге әсері мәселесі бойынша ұзақ уақыт бойы зерттеу жүргізілді. Адамдар музыканы ертеден практикалық іс-әрекетінде пайдаланған. Өткен ғасырдан бері музыка әуенімен өсімдіктерді өсіру ерекшеліктері белгілі болды. Бірақ барлық музыка өсімдіктердің өсуіне жақсы әсер ете бермейді. XX ғасырдың 70-жылдары Колорадо штатынан келген Дороти Ретеллек нәтижесі нағыз сенсацияға айналған эксперимент жүргізді. Ол классикалық музыка мен хард-рок музыкасының әуендерінде қарапайым бақша өсімдіктерін өсірді. Классикалық музыка естілген жерде өсімдіктер жақсы өсті, ал хард-рок естілген жерде барлық өсімдіктер тіршілігін жойды. Эксперимент нәтижесінде мәдени өсімдіктердің өсуі мен дамуына музыканың әсерін салыстыру қызығушылық тудырды, сондықтан біз өз тәжірибемізді жүргіздік. [1]

Ең алдымен, тұқымдар сүзгі қағазы салынған Петри табақшаларына орналастырылды. Әр табақшада 33 арпа тұқымы және 33 шомыр тұқымы болды. Тәжірибенің үш нұсқасы болды, әрқайсысында үш табақша бар. Күн сайын жарты сағат бойы өнген тұқымдармен зерттеу жүргізілді, қалған уақытта олар жылытылған балконда болды. Өнетін тұқымдар үш топқа бөлінді:

а) Бақылау – тұқымы бар табақшалар терезеден тасымалданып, дыбыссыз компьютердің жанына орналастырылды.

б) 1-нұсқа – Классикалық. Бірінші нұсқада шомыр мен арпа Чайковский «Жыл мезгілдері», музыка Моцарт пен Бетховен сынды классиктердің музыкасының ырғағымен өсірілді.

в) 2-нұсқа – Рок. Екінші нұсқада шомыр мен арпа Lumen, Three Days Grace, 7гасе сияқты рок-музыканың сүйемелдеуімен өсірілді.

Эксперимент екі аптаға созылды. Тұқымның өнуі өлшеніп, морфометриялық көрсеткіштер жазылды: ол үшін 2 аптадан кейін өсімдіктерде тамыр саны, тамырдың ұзындығы, өскіннің ұзындығы, жапырақтардың ұзындығы мен ені өлшенді. Тәжірибе соңында арпа мен шомыр жапырақтарындағы фотосинтез пигменттерінің концентрациясы және фенолдардың концентрациясы стандартты әдістер бойынша тіркелді [3].

Классикалық және рок-музыкамен жарты сағат бойы дыбысталған тұқымдардың өнуін есепке алған кезде бақылаудың барлық кезеңдерінде арпаның өнуі бақылаумен салыстырғанда жоғарылағаны анықталды.

Классикалық музыканың әсерінен тұқымның өнуі тәжірибенің басында ғана өсті. Бақылаудың барлық кезеңдерінде рок-музыканың әсері классикалық музыкаға қарағанда жоғары болды.

Кесте 1 – Музыка әсерінен шомырдың өсуі

Тәжірибе нұсқалары	1 күн	2 күн	3 күн	4 күн	5 күн	6 күн	7 күн	8 күн	9 күн
Бақылау	26,6±4,41	53,3±4,98	63,3±4,82	63,3±4,82	63,3±4,82	63,3±4,82	73,3±4,42	73,3±4,42	73,3±4,42
Классикалық музыка	20±4	60±4,89	76,6±4,23*	76,6±4,23*	83,3±3,73*	83,3±3,73*	83,3±3,73*	83,3±3,73*	83,3±3,73*
Рок-музыка	20±4	63,3±4,82*	73,3±4,42*	73,3±4,42*	73,3±4,42*●	73,3±4,42*●	73,3±4,42●	76,6±4,23	76,6±4,23

\*- бақылау және эксперименттік нұсқа арасындағы статистикалық маңызды айырмашылықтар

● - эксперимент нұсқалары арасындағы статистикалық маңызды айырмашылықтар



Сурет-3

Көрсеткіштер	Бақылау	Классикалық музыка	Рок-музыка
Тамыр саны, шт	5,2±0,12	6,8±0,19*	6,8±0,06*
Тамыр ұзындығы, см	12,6±0,23	14,6±0,21*	16,6±0,35*●
Өскін ұзындығы, см	11,4±0,09	14,1±0,50*	12,4±0,22*●
Жапырақ саны, шт	2,0±0,01	2,2±0,04*	2,0±0,01
Жапырақтың ұзындығы, см	8,5±0,08	11±0,34*	9,2±0,21*●
Жапырақтың ені, см	0,45±0,01	0,47±0,01	0,47±0,01

Классикалық музыканың әсерінен шомырдың морфометриялық көрсеткіштерін талдаған кезде, тамырлардың ұзындығы қысқарғаны көрсетілген (3-сурет). Рок-музыка әсерінен тамырлардың ұзындығы ұлғайып, жапырақтың ұзындығы қысқарды. Арпа мен шомырдың музыканың жанрына реакциясын салыстыра отырып, өсімдіктердің екі түрі де музыкалық өңдеуге жауап бергенін көруге болады.

Тәжірибеде арпа мен шомырдағы фенолдардың концентрациясы классикалық музыканың әсерінен өзгермейтіні анықталды. Рок-музыка әсерінен өсімдіктерде фенолдардың мөлшері бақылаумен салыстырғанда жоғарылады. Шомырда рок-музыка классикалық музыкамен салыстырғанда фенолдардың концентрациясын арттырды. [2]

Осылайша, зерттеулер нәтижесі:

1) Арпа және шомыр көшеттерінде классикалық музыка мен рок-музыка әсерінен тұқым өнгіштігінің жоғарылауы байқалды. Музыкалық дыбыспен тұқымның өнуі 3-15 пайызға артты.

2) Шомырда тамырдың ұзындығы мен жапырақтың ұзындығы өссе, арпада тамырдың ұзындығы, жапырақ, бүкіл өскін және жапырақ саны өсті. Өсімдік тамырларының ұзындығына музыка қатты әсер етті.

3) Арпада фотосинтез пигменттерінің концентрациясы жоғарыласа, шомырда азайған. Рок-музыка әсерінен өсімдіктерде фенолдық қосылыстардың мөлшері арта түсті. Арпа мен редис рок-музыкаға көбірек әсер етеді.

4) Шомыр рок-музыкадан гөрі классикалық музыканы жақсы көрді. Арпада рок-музыка күштірек әсер етті. Арпаға музыканың әсері шомырға қарағанда жоғары болды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Мухитдинов Н., Бегенов Ә., Айдосова С., М 73 Өсімдіктер морфологиясы мен анатомиясы /оқулық/ Алматы,2018. – 344 бет.
2. Жатқанбаев Ж., Ж 34 Өсімдіктер физиологиясы және биохимиясы негіздері: Оқулық. – Алматы, 2011. – 388б.
3. Б.М.Силыбаева, Ж.К.Байғана, Н.Ш.Карипбаева, В.В.Полевик, Ж 68 Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы: Оқу құралы – Алматы, 2012. – 615б.

ӘОЖ 591.1

### **ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕР**

**Айтуарқызы С., Бейсекұл А.Қ. 1505-29 студенті**

**Ғылыми жетекші: Тұрабай Н.Ә - магистр оқытушы.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент

#### ***Резюме***

*С помощью экстракта лекарственного растения можно добиться выхода различных биомасс бактериальных штаммов. Оптимальное количество экстракта, добавленного в бактериальную суспензию, варьируется в зависимости от окружающей среды и особенностей растущего объекта.*

Мындаған жылдар бойы адамзат адамның әртүрлі ауруларымен күресуге дәрілік өсімдіктерді пайдаланып келеді. Әрине ол әртүрлі мемлекеттерде әрқалай, әртүрлі дәрежеде пайдаланылады. Өркениетті елдерде дәрілік өсімдіктерді пайдаланудың өте бай тәжірибесі жинақталды. XX ғасырда ғылым мен техниканың дамуы нәтижесінде фармакологияда синтетикалық химияның дамуы көптеген ауруларды емдеуге пайдалануға болатын жасанды препараттарды өмірге әкелді. Соның нәтижесінде көптеген елдерде сол синтетикалық препараттарды пайдаланудың нәтижесінде дәрілік өсімдіктерге деген көзқарас өзгере бастады, яғни қызығушылық төмендеді. Бірақ та соңғы



жылдары дәрілік өсімдіктерге деген көзқарас өзгеріп, оларды кеңінен пайдалана бастады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өсімдіктерден алынған дәрілерге өте үлкен мән береді. Өйткені көптеген кедей мемлекеттер халықтарының дәріханалардан дәрілер сатып алуға қаражаттары жеткіліксіз. Сондықтан олар бұрынғыша емдеудің дәстүрлі әдістерін қолданады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бағасы бойынша дүниежүзі халқының 80 пайызы осындай жағдайда. Кейбір Азия мемлекеттерінде, нақтырақ айтқанда Жапония, Қытай, Индия бұрынғыша қазіргі заманғы медицина жетістіктерімен қатар халық емшілерінің емдерін кеңінен қабылдауда.

Соңғы жылдары дамыған елдерде ауырған адамдардың көбісі табиғи жолмен алынған дәрілерді кеңінен қолдана бастады. Мысалы, Жапонияда фармацевтикалық жолмен алынған дәрілер 15 есе өсті. Қытайда 1993 жылы өсімдіктерден алынған дәрілер сатудың жалпы бағасы 2,5 млрд.доллар болды.

Америка Құрама Штаттарында дәрігердің жазған рецептерінің 25%- ы өсімдік препараттары. Халықтың арасында сұрау жүргізгенде сол мәлімет берген адамдардың Голландияда және Бегияда-60%, Англияда-74% қосымша медицинаны халықтың пайдалануға мүмкіншілігі болуы керек деген.

Қазақстанды дәріханаларда сатылатын қымбат дәрілердің 70-90% шет елдерден әкелінген. Өз елімізде фармацевтикалық өндірісті дамыту үшін әрине көп уақыт және өте көп қаражат керек. Сондықтан мұндай жағдайда біздің еліміз үшін әрине дәрілік өсімдіктерден препараттарды алуды тезірек ұйымдастыру әлде қайда тиімдірек. Ол үшін медицинада дәрілік өсімдіктердің өздерін кеңірек пайдалану қажет. Соңғы жалдары осы мәселенің өзектілігін ескере отырып Қазақстан үкіметі Республикалық ғылыми техникалық бағдарламаларға көңіл бөліп қаржыландырып келеді. Кейбір институттардың, акционерлік қоғамдарының және жеке кәсіпкерлердің белсенділігі нәтижесінде соңғы жылдары дәрілік өсімдіктерден алынған шикі зат мөлшері айтарлықтай артты. Дәрілік өсімдіктерден алынатын препараттарды жасау жолындағы жұмыстардың ауқымы кеңеюде. Әрине бұл бағыттағы жұмыстардың табиғат үшін әсіресе кейбір дәрілік өсімдіктер үшін қауіпті жақтары да жоқ емес. Осыған байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы дәрілік өсімдіктермен жұмыс жасаудың нұсқауын жасады. Ол нұсқау барлық елдердің азаматтары үшін бұлжытпай орындалатын ереже болу керек. Сондықтан ДДСҰ-ң нұсқауын халыққа тезірек жеткізіп түсіндіру үшін Қазақстанда академик Н.Д.Беклемишевтің басшылығымен біраз маман ғалымдар Рахахимов К.Д., Сатыбалдиева Ж.А., Суходева Г.Н., Адекенов С.М., Тулемисова К.А. Қазақстан Республикасының Фармакологиялық Мемлекеттік комитетінің ұсынысымен және мақұлдауымен 1999 жылы «Дәрілік өсімдіктермен жұмыс жасаудың нұсқауы» деген арнайы жинақ кітап шығарды. Бұл жинақта дәрілік өсімдіктерді зерттеу байланысты халықаралық талаптар келтірілген.

Дәрілік өсімдік сығындысының көмегімен бактериялық штамдардың әр түрлі биомассасының шығуына қол жеткізуге болады. Бактериялық суспензияға қосылған экстракттың оңтайлы мөлшері қоршаған ортаға және өсіп келе жатқан

объектінің ерекшеліктеріне байланысты өзгереді. Бұл жұмыста алынған мәліметтерге сүйене отырып, біз таңдаған дәрілік өсімдіктер сығындылары *Escherichia coli* ішек таяқшасы културасының биологиялық белсенділігіне, өміршеңдігіне және өсуіне әсер етті деп есептеуге болады. Орындалған жұмыстың нәтижесінде *Escherichia coli* ішек таяқшасының өсуіне айқын әсер ететін дәрілік өсімдіктердің сығындылары анықталды: Оларға астыралар тұқымдасына жататын Дәрілік Календула, Ащы жусан және ерінгүлділер тұқымдасына жататын Бұрыш жалбыз, Кәдімгі жұпаргүл өсімдіктерінің сығындылары. Бұл өсімдіктерді фитомедицинаға негізделген дәрілік препараттарды әзірлеу кезінде осы деректерді ескеру қажет көптеген елдерде сол синтетикалық препараттарды пайдаланудың нәтижесінде дәрілік өсімдіктерге деген көзқарас өзгере бастады, яғни қызығушылық төмендеді. Бірақ та соңғы жылдары дәрілік өсімдіктерге деген көзқарас өзгеріп, оларды кеңінен пайдалана бастады.

Соңғы жылдары дамыған елдерде ауырған адамдардың көбісі табиғи жолмен алынған дәрілерді артық көре бастады.

#### Әдебиеттер

1. Айдарбаева Д.К. “Дәрілік өсімдіктердің пайдасы және оларды қорғау” - Алматы 2003, 128-132б
2. Айдарбаева Д.К. “Қазақстанның оңтүстігі мен шығысындағы өсімдік қорларының қазіргі жағдайы” (автореферат) - Алматы 2010, 51б
3. Кукенов М.К., Мусаев К.Л. “Жоңғар Алатауындағы дәрілік өсімдіктердің қоры” - 1993, 3-7б
4. Бетебаева Б.Б., Гемеджиева Н.Г., Кириенко В.А., Мусаева К.Л. “Қазақстан флорасындағы пайдалы өсімдіктер, оларды зерттеу деңгейімен игерілуі” - Алматы 2010, 55-58б
5. Тыныбеков Б. “Дәрілік өсімдіктер” - Алматы, 2-5б
6. Мухитдинов Н.М., Мамурова А.Т. “Дәрілік өсімдіктер” - Алматы 2013, 4-5б

ӘӨЖ 575

### «ҚОРҚОР (КАЛЬЯН) ҚҰРАМЫНЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ПАЙДАСЫ МЕН КЕЛТІРЕР ЗИЯНЫ»

Алпыс Ә.А. Бердібек Б.Н. 1505-29 студенттері

Ғылыми жетекші: Тұрабай Н.Ә - магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

#### Резюме:

*Коркор (кальян). Сегодня это главное увлечение Запада, которым с изумлением и энтузиазмом пользуется молодежь. В этой статье вы узнаете не только что такое кальян, но и его пользу и вред.*

Қорқор- яғни жалпақ тілге кальян атымен танымал бүгінгі қоғамның еліктейтін өзгеден келген ермегі десек қателеспеспіз. Қорқор- инголяциялық түтінді салқындатып, сүзуге мүмкіндік туғызатын түтікшелі темекі құралы. Бұл құралда сүзгінің ролін кальян шахтасы жасайды. Оның суық қабырғаларында әртүрлі қоспалар конденсацияланады және түтіннің құрамындағы заттардың

38% - на дейін тұндырылатын сұйықтық бар ыдыс. Түтікке (шахтаға) қосылған темекі ыдысына (чили́м) салынған, оның соңы су астына түседі. Су деңгейінен жоғары ыдыстан тағы бір түтік шығады, ол арқылы түтін ингаляциясы жасалады. Темекі шегу кезінде кальян ыдысында вакуум пайда болады, соның арқасында түтін сұйықтық арқылы көтеріліп, түтік арқылы темекі шегушінің өкпесіне енеді.Ең алғаш рет кальяндыҮндістанда ойлап тапқан болатын. Кейіннен жалғасы Индохинадан Мароккоға дейін мұсылман әлеміне тез таралды. Еуропада ол ХІХ ғасырда белгілі бір танымалдыққа ие болды. Ал, біздің Қазақстандай ғажапстанымызда 21 ғасырдың екінші ширегінде қатты белең алды.[1.126]

Қазіргі таңда қандай да бір кешкілік жастар жиналатын мекемеге кірсеңіз, қорқордың иісі мұңкіп, бұрыш-бұрышта түтінін аспанға айдап отырған жиналған қауымды көресіз. Алғашқыда көзге үйреншіксіз дүние, бүгінде жәй ет үйренген жағдай болды. Еркектер қауымын былай қойғанда, әйелдердің де мәз-мейрам болып қорқорды тартып отырғанын көруге болады. Тіпті дәммен иіске, талғам мен таңдауға арнайы қорқор мәзірі де бар. Ол, ол ма қорқор орталығы деп, әсемделіп, креативтілікпен мен мұңдалап тұратын ғимарттар саны да жетерлік.[3.366]Біздің зерттеп қараған соңғы мәліметтерге сүйенсек, елімізде қорқорды пайдалану, және де қорқор орталығын ашу саны бойынша:

1. Алматы
2. Нұрсұлтан
3. Шымкент
4. Тараз
5. Орал
6. Ақтөбе

өңірлері көш бастап тұр екен. Бұл қаншалықты дұрыс?Сіздің ойыңызша пайдасынан қарағанда зияны көп пе? Әлде керсінше? Қорқорға әуестік қалай туады? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.[3.426]

Қорқорды жүйелі тұтынушылар оның түбіне ешқашан кіріп, салынып кетпейміз,-деген сөзді алға тартады. Олардың пайымдауынша никотинге деген қызығушылыққа қарағанда, арасында ішке түтін жұту жақсырық көрінеді. Мысалға келтіретін болсақ: темекіні шеккенде түтін мен никотин және шайырды жұтқанда ондағы құрам адам организмінде 70 күн қанда айналып жүреді, ал, қорқор құрамындағы су мен сүт ағзаға аз мөлшерде ғана түтін өткізеді. Кальянды жақтаушылардан сұрасаң, ол миды тынықтырып, артық стресстен айықтырады. Одан туатын аурулар туралы сөзді тіпті білмейтіндей. Қорқорға әуес жандар, жәй ғана қызық үшін ауызға апарып көреді, көбінесе, сол себепті оны ережеге сай тарта алмауы мүмкін. Әдетте, оны жалғыз тартып отыратын адамды көрмейміз. Бір топ адам шоғырланып кезекпе-кезек ауызға апарады. Ал,енді гигиена мен тазалық қайда дерсіз. Кальянды тазалап, жуу жұмыстары болады,бірақ топпен пайдалану салдарынан одан пайда жоқ. Кальян арқылы пайда болатын немесе жұғатын аурулар: герпес яғни тері аурулары, гепатит ең қауіпті бауыр ауруы, туберкулез, тіпті жыныстық аурулар да жұғады деседі,-дәрігер мамандар. Кальяның қоспалары туралы еш жерде

арнайы көрсетілмеген, нұсқауы да жоқ, сол себепті белгісіз аурулар да жұқтыру ықтималдығы бар...[7]

Кальянның пайдасы бар ма?

Қорқордың пайдасы туралы мағлұматтар зиянынан қарағанда аз. Тыныс жолдарына жаттығу, тұмау кезінде ингольтор ретінде пайдаға асады екен. Түрлі шөптердің қайнатпасын бу арқылы түтікшемен сорып, мұрынға жібересіз. Бірақ мұндағы пайдасы кальянның өзі емес, ыдысынан болып тұр. Қорқордың иісі мен дәмі болады. Мұндай хош иісті микстер басында бөлме иісін жақсартуға арналған шөптерден жасалған екен. Кейіннен адамдар өздеріне ләззат сыйлау үшін тұтынуға көшкен. Мұндай микстердің құрамы әр түрлі шөптер мен синтетикалық заттардан тұрады. Оның әсері есірткі әсерінен кем түспейді деген болжам да бар. Синтетикалық заттар микстерге есірткі әсерін береді. Микс өндіріс ошағы-ол Голландия. Сол жерден шыққан микстер сыртқа экспортталады. Заңды түрде қарсылық жоқ болғандықтан, әлемге судай ағылып, жайылуда...

Бүгінгі қоғамның жастары түрлі микстерді пайдалануды әрі сәнге әрі әдетке айналдырған. Оны сатушылар денсаулыққа ешбір зияны жоқ екенін алға тартады. Оны зерттеуді енді ғана бастап келе жатқан мамандар оның құрамында адам организміне өте зиян JWH-018 есірткіге ұқсас зат бар екенін мәлімдеген болатын. Елімізде ол тауарды еркін саудалайды. Қорқорға ешбір шектеу жоқ. Иә, байқап отырғанымыздай қорқордың пайдасынан қарағанда зияны 90%. Жастарымыз естен кетіп, осы бір қорқорды ермек қылуы қиын жағдай. Десе де, шектеу қойылса, ең болмағанда норма енгізілсе дұрыс болар еді. Жастарымыздың жастана қорқор орталықтарын екінші үйі санауы сананы күйзелтеді. Саналы жастар сергелдеңге салынбай, зиянды заттардан аулақ болса, нұр үстіне нұр болар еді. Біздің баршамыздың ортақ үйіміз-ол Қазақстан. Өз елімізді өзгенің түгі кетпес зиянынан сақтайық,-деп өз ойымызды аяқтаймыз.

#### Әдебиеттер

1. Кальян // Большая российская энциклопедия. Том 12. — М., 2008. — С. 575.
2. Smoky desires: get the hookah up from several local lounges (недоступная ссылка). The Stanford Daily[en]. Дата обращения: 8 апреля 2008. Архивировано 22 августа 2006 года.
3. Beyond the Smoke, There is Solidarity Among Cultures (недоступная ссылка). Victoria Harben for Common Ground News Service. Дата обращения: 5 декабря 2008. Архивировано 22 июля 2011 года.
4. Metro Detroit's Hookah Scene. Terry Parris Jr for Metromode Media. Дата обращения: 27 декабря 2008. Архивировано 22 августа 2011 года.

**ТРАНСГЕНДІ ЖАНУАРЛАРДЫ АЛУ ӘДІСТЕРІ**

**Равшанбекова О. Э. Текебай А. Б. —1505-29 тобы**

**Ғылыми жетекші: Тұрабай Н. Ә. —магистр оқытушы,**

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,Шымкент**

**Резюме**

*В этом статье рассматривается как правильно надо взять трансгенных животных,ключевыми словами статьи является такие слова,как,<< рекомбинантные белки,трансгенные животные>>В этом статье описаны методы получения трансгенных животных. На сегодняшний день методы получения трансгенных сельскохозяйственных животных включают микроинъекцию ДНК в пронуклеус зиготы (DI) и ядерный перенос соматических клеток (SN), наиболее распространенным методом является микроинъекция ДНК в пронуклеус зиготы самца.*

Трансген бар ауылшаруашылық жануарларын алуға мүмкіндік беретін әдістерге бүгінде ДНҚ-ның пронуклеус зиготасына микроинъекциясын (МИ) және соматикалық жасуша ядроларының тасымалдануын (ЯТ) жатқызуға болады.Ең көп қолданылатын әдіс – зиготалардың аталық пронуклеусіне ДНҚ микроинъекциясы . Сызықтық ДНҚ ядроға енген кезде жасуша сызықтарының немесе тірі ағзалардың геномына интеграциялануы мүмкін.Бір геномдық аймақта инъекциялық құрылымның бірден бірнеше ондаған, тіпті жүздеген көшірмелері болуы мүмкін. Бұл технология алғаш рет тышқандарда сыналған және әзірге ол трансгенді жануарды алудың сенімді әдісі болып қала береді. Осы әдісті қолдану арқылы алғашқы ауылшаруашылық ТЖ-лары да алынды. Дегенмен, қазіргі уақытта МИ әдісі негізінен трансгенді тышқандарды, қояндарды және шошқаларды алады. Ірі жануарлардың репродуктивті циклі (физиологиялық жетілу уақытын және бастапқы трансгенді аталық өндіруші аналықтардың сүтімен рекомбинантты ақуызды алу қажеттілігін ескере отырып) аналық/еркек ешкілерде шамамен 0.9/2.3 жыл, шошқаларда 1.0/2.3 жыл, сиырларда 2.3/4.5 жыл. Бұл шектеулер бастапқы ТЖ алу құнын және осындай жұмысты ұйымдастыруға кететін уақытты арттырады.



**1-сурет.** Ядролық тасымалдау (жоғарғы бөлік) және ДНҚ-ны ядроға микроинъекциялау (төменгі бөлік) арқылы трансгенді жануарларды алу схемасы.1997 жылы соматикалық сүт безінің жасушасын ооцитке ядролық

тасымалдау (ЯТ) арқылы қой клоны алынды]. Бұл жетістік ауылшаруашылық ТЖ алудың өзіндік құнын төмендету және процедурасын жеңілдету мүмкіндігін ашты, өйткені бұл жағдайда жұмыстың көп бөлігі фермадан зертханаға ауыстырылады, онда соматикалық жасушалар трансфекцияланады және клондар жасалады. Содан кейін соматикалық жасуша ядросы аналық реципиенттерге трансплантацияланатын энуклеацияланған ооцитке енгізіледі. Ірі ауылшаруашылық жануарларының көп бөлігі соңғы уақытта ЯТ әдісімен алынды [1]. Алайда, бұл жағдайда трансферленген жасушалар антибиотикке төзімді маркерлік гендердің көмегімен таңдалады, бұл FDA және EMEA-да алынған рекомбинантты ақуыздарды сертификаттауды қиындатады. Мұндай іріктеудің тиімділігін арттыру үшін флуоресцентті ақуыздар көбінесе қосымша таңдау агенті ретінде қолданылады, мысалы, күшейтілген жасыл флуоресцентті ақуыз (eGFP). Сонымен қатар, таңдалған жасуша сызықтарының геномынан селекциялық маркерлерді алып тастау үшін, атап айтқанда, сайтқа тән рекомбиназаларға негізделген жүйелер қолданылады [6]. ЯТ-әдісінің кемшіліктеріне жатырышілік даму кезінде эмбриондардың өмір сүру деңгейінің төмендігі және туылған жануарлардың денсаулығының нашарлығы жатады [1]. Бұл соматикалық ядроның толық емес бағдарламалануымен түсіндіріледі. Нәтижесінде ауылшаруашылық ТЖ алу үшін ЯТ-әдісін қолдану бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі AgroResearch (Жаңа Зеландия) бұл әдістен бас тартты. Эмбриональды бағаналы (ЭБ) жасушаларын қолданатын сайтқа тән трансгенез технологиясы МИ және ЯТ әдістеріне балама бола алады [7]. Бұл әдісте трансген ЭБ жасушаларының геномына енеді, қажетті көшірмелер санының дұрыс интеграциясы бар клондар таңдалады, содан кейін трансгенді ES жасушалары бластоцист қуысына енгізіледі, ол қабылдаушы әйелге трансплантацияланады.

Қазіргі уақытта ТЖ алудың басқа әдістері салыстырмалы түрде сирек қолданылады. Сонымен, трансгенді қамтитын ретро вирустарды қолдана отырып, ТЖ-ды тиімді алуға болады [1]. Ол үшін қорғаныш қабығы жоқ зиготаларды лентивирустық бөлшектер қосылған ортада өсіреді, содан кейін оларды патронагтық аналықтарға ауыстырады. Лентивирус титріне байланысты трансгеннің бір көшірмеден бірнеше көшірмеге дейін интеграциясы жүреді және ұрпақтың 100% дерлік трансгенді болуы мүмкін [1].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Kues W.A., Niemann H. // *Prev. Vet. Med.* 2011. V. 102. P. 146–156.
2. Goldman I.L., Kadullin S.G., Razin S.V. // *Med. Sci. Monit.* 2004. V. 10. P. RA274–285.
3. Yang P., Wang J., Gong G., Sun X., Zhang R., Du Z., Liu Y., Li R., Ding F., Tang B., et al. // *PLoS One.* 2008. V. 3. P. E3453.
4. Whyte J.J., Prather R.S. // *Mol. Reprod. Dev.* 2011. V. 78. P. 879–891.
5. Honaramooz A., Yang Y. // *Vet. Med. Int.* 2010. Pii: 657860.
6. Garrels W., Mátés L., Holler S., Dalda A., Taylor U., Petersen B., Niemann H., Izsvák Z., Ivics Z., Kues W.A. // *PLoS One.* 2011. V. 6. P. E23573.

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ХИМИЯ ПӘНІНІҢ САПАЛЫҚ АНАЛИЗ КУРСЫН АРАЛАС ОҚЫТУ МАҢЫЗЫ**

**Раимқұл А.Б. Әбдіғапбар П.С.** - 112-18а студенті

**Әбдіғапбар П.С.** – 1504-11 оқу тобының магистрі

**Ғылыми жетекші: Мәдібекова Ғ.М.** – х.ғ.к., профессор м.а

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

### *Summary*

*In the article presents the results of conducting a lesson in analytical chemistry at school, with mixed learning using a demonstration experiment and the inverted class method.*

Аралас оқыту үрдісі ақпараттық технологияларды пайдалана отырып қашықтықтан және офлайн форматта сабақ жүргізу болып саналады [1]. Лекция сабақтары қашықтықтан ұйымдастырылып, офлайн форматта семинар, зертханалық сабақтар өткізіледі. Аралас оқытуды қашықтықтан білім беру жүйесінің жалғасы ретінде қарастыруға болады. Аралас оқыту форматында мұғалімнің рөлі өзгереді, алдын-ала тақырыпқа байланысты видеороликтер, слайдтар, виртуальды тәжірбиелер, электронды кітаптар дайындалады. Оқушылар да өз беттерінше мәліметтер, видеороликтер көру арқылы сабаққа дайындалады, ақпараттарды талдай отырып оқуға деген белсенділіктері, жауапкершіліктері артады. Аралас оқытуда мағлұматтарды оқушылар өздері зерделеп саралайды. Сабақты ұйымдастыруда аралас оқыту модельдері жетекшілікке алынады. Дамыған мемлекеттерде аралас оқытуды алты модель бойынша оқытады, олардың ішінде сұранысқа ие “Rotation” моделі. “Rotation” моделіне "автономды топ", "төңкерілген сынып" және "жұмыс аймақтарын өзгерту" модельдері кіреді [2]. Осы модельдің төңкерілген сынып әдісі сабақ өткізуде қолданылды. Төңкерілген сыныпта оқытушы ақпараттық технологиялар көмегімен алдын-ала дайындалған материалдарды ұсынады. Онлайн форматта жаңа сабақты меңгеруде ұсынылған видеороликтер, электронды оқулықтар арқылы үй тапсырмасын орындауда өз беттерінше үйренуге мүмкіндік алады, ал офлайн форматта оқытушы сол тақырыптарды талқылау барысында кейбір сұрақтарды түсіндіріп өтеді, оқушылармен бірге қорытындылайды [3].

Химия пәнін оқытуда демонстрациялық тәжірбиелер қолданылады. Демонстрациялық тәжірбиені мұғалім жүргізеді. Тәжірбиені шартты түрде үш әдіске жіктеп қарастырады. Біріншісі - иллюстрациялық әдіс, екіншісі - демонстрациялық әдісте эксперименттерді іс жүзінде көрсету, үшіншісі-бейне әдіс, жаңа ақпараттық-технологияларды қолдана отырып сабақ өту. Демонстрациялық тәжірбие жүргізілгенде стол үстінде артық аспап және бөгде заттар тұруына қатаң түрде тыйым салынады. Демонстрациялық тәжірбиеде ескеру қажет бірнеше ережелер ескеріледі, оларға жұмыс аймағының тазалығы,


тәжірбиенің дұрыс, барынша көрнекі түрде орындалуы жатады. Осы талаптарды ескере отырып “1 (IA) топ элементтері және олардың қосылыстары” тақырыбына демонстрациялық тәжірбиелер жүргізілді. Бұл сабақта төңкерілген сынып әдісін қолданылатындықтан жаңа тақырыпқа қатысты слайд және видеороликтер үй тапсырмасы ретінде ұсынылды. Үйге берілген тапсырманы тексеру үшін “миға шабуыл” әдісі қолданылып, бірнеше сұрақтар қойылды.

1. Сілтілік металдарға қандай элементтер жатады ?
2. Сілтілік металдардың химиялық, физикалық қасиеттер
3. Катиондардың сапалық реакциялары қандай ?
4.  $\text{Na}^+$  катионы қай салада қолданылады ?

Сұрақтарға берген жауаптарға сәйкес оқушылардың білім деңгейі анықталды.


Топтап оқыту тәсілін қолдану үшін әр-түрлі пішіндегі (жүрек, алма, төртбұрыш) стикерлер арқылы сынып үш топқа бөлінді. Топ бойынша “Боди-арт” әдісін пайдаланып жарыс ұйымдастырылды. Әр топтан үш оқушыдан шығарылды және олар сап түзей бір-бірінің артына тұрды, әр оқушыға қағаз таратылып, соңғы ойыншыға бір элемент берілді, соны оқушы ары қарай, келесі адамның артына сызу арқылы, бұл қандай элемент екенін анықтады. Оқушылар үйге берілген әдістемелік нұсқау бойынша катиондардың сапалық реакциясының жүру барысымен танысып келді. Сабақ барысында мультимедиялық технология арқылы эксперимент жұмыстырының видеороликтері арқылы  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$  катиондарының сапалық реакцияларына жасалған тәжірбиелер көрсетілді. Видеоролик көрсетілген соң, аммоний ионының сапалық реакцияларына демонстрациялық тәжірбиелер жүргізілді.

Тәжірбиелер жүру барысы:




Реакция жүру барысы: Бір пробирка алады оған аммоний тұзы ерітіндісінің 1 тамшысын тамызып үстіне 5-6 тамшы су мен 1-2 тамшы Несслер реактивін қосады. Тұнба түзілуі байқалады,  $\text{NH}_4^+$  иондарының концентрациясы төмен болған жағдай да ертінді қоңыр сары түске боялады.

2. Сілтілермен реакциясы.



Реакция жүру барысы: Пробиркаға 2-3 тамшы аммоний тұзының ерітіндісін және үстіне 3-4 тамшы  $\text{NaOH}$  немесе  $\text{KOH}$  ерітіндісін қосып қыздырғанда аммиак бөлінеді, реакция тез жүреді. Тәжірбие

аяқталғанан соң оқушылар түсінбеген сұрақтарына жауап алды. Тәжірбиені толық түсіну мақсатында жүргізілген сапалық реакцияларға қатысты сұрақтар қойылды:



1.  $2\text{KCl} +$



$2K^+ + Na^+ + [Co(NO_2)_6]^{3-} = K_2Na[Co(NO_2)_6] \downarrow$  реакция нәтижесінде қандай түсті тұнба түзіледі?

2.  $K^+$  иондарының анықталуына қандай катиондар кедергі жасайды?

3.  $K^+$  катионының концентрациясы жоғары болған кезде қандай өзгерістер болады?

Сұрақтарға жауап бере отырып тәжірбиені толық түсінді.

Әр топқа ребус қағаздары таратылып, белгілі бір уақыт ішінде оқушылар жауап берді. Сабақтың соңында Quizizz тест қосымшасы арқылы тапсырмалары беріліп, оқушыларға қорытынды баға қойылды. Берілген тапсырма бойынша 11 оқушы «5» алса, 7 оқушы «4», 2 оқушы «3» деген бағалар алды. Оқушылардың сабақ үлгерімі 90%-ды құрады.




Диаграмма-1.

Қорытындылай келе аралас оқытуда демонстрациялық тәжірбие және төңкерілген сынып модулін қолдана отырып ашық сабақ жүргізілді. Сабақ өту барысында мультимедиялық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылды. Аналитикалық химия сапалық анализ курсы бойынша бірінші топ элементтерінің сапалық реакцияларына алдын-ала түсірілген видеоролик көрсетіліп, іс –жүзінде демонстрациялық эксперимент жүргізіліп, тәжірбие жүру барысымен толық танысты. Сабақ өту барысында оқушыларды дұрыс бағалау үшін топтық және жеке тапсырмалар берілді. Қорытынды бағалау мақсатында, арнайы Quizizz тест бағдарламасын қолдана отырып сұрақтар, викториналар жасалып оқушылардың оқу үлгерімі анықталды.

#### Әдебиеттер:

1. Аверкова\_сборник\_по\_смешанного\_обучения\_2020.pdf
2. Аралас оқыту технологиясына кіріспе: Монография, Шымкент, 2022
3. Статъя “Смешанное обучение на практикуме по химии” Е.В.Нечитайлова учитель химии МБОУ лицея №1 г. Цимлянска Ростовской области, учитель РФ

## **«АНИОНДАРҒА САПАЛЫҚ АНАЛИЗ» ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗЫ**

**Хасимбекова У.М.** – 112-18а тобының студенті

**Кеңесбай А.Қ.** – 1504-11 оқу тобының магистрі

**Ғылыми жетекшісі: Мәдібекова Ғ.М.** – х.ғ.к., профессор м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

*Резюме*

*В статье приведена методика урока с использованием инновационных технологий по теме «качественный анализ анионов» в соответствии со школьной программой.*

Мектеп бағдарламасында химия пәнін оқытуда білімалушылар өзін қоршаған әлемінің химиялық бейнесі туралы түсініктерін қалыптастыратын барлық қажетті білімді алады. Химия ғылымын жетік меңгеру мақсатында зертханалық тәжірибелер жүргізіледі. Білімді өздігінен алуға бағыттау үшін оқытудың заманауи моделі саналатын әдістемелер қолданылды. Аралас оқыту - дәстүрлі және электрондық оқыту технологияларын біріктіру және өзара толықтыру негізінде құрылған, дәстүрлі оқу сабақтарының бір бөлігін электрондық оқытудың әртүрлі түрлерімен алмастыруды көздейтін модель. Химияны оқыту үшін ең оңтайлы, күндізгі және қашықтықтан оқытудың үйлесімін жүзеге асыратын модельдер: Төңкерілген сынып (Flipped Classroom), жұмыс аймағын ауыстыру (станция ротациясы), Автономды топ (Lab Rotation) және т. б. [1]. «Аниондарға сапалық анализ» тақырыбын оқыту үшін тиімді тәсіл ретінде төңкерілген сынып әдісі алынды.

Төңкерілген сынып - бұл оқыту стратегиясы, оқыту мазмұны сыныптан тыс, көбінесе интернетте өткізілетін аралас оқыту түрі. Төңкерілген сыныпта оқушылар онлайн режимінде лекцияларды көре алады, on-line дискуссияда сөйлесе алады және мұғалімнің жетекшілігімен аудиторияда зерттеу жүргізе алады [2].

Бейне дәрістер, электронды оқулықтар, фильмдер "төңкерілген сынып" технологиясының негізгі компоненті ретінде қарастырылады. Бейнежазбаның ұзақтығы 7-ден 15 минутқа дейін. Оқушылар фильмді жай көріп қана қоймай, оған тест, жоспар, кесте құрастыру қажет [2]. "Төңкерілген сынып" моделін жүзеге асырудың бірінші, өте маңызды кезеңі - сабаққа алдын-ала дайындық тапсырмалары жасалынып, оқушыларға интернет желісі арқылы тақырыптың теориялық бөлімі, зертханалық жұмыстың видеоролигі [3] жіберілді. Аралас оқытудың осы моделін сәтті жүзеге асыру үшін оқу процесін ұйымдастыруды жүзеге асыратын желілік ресурс болуы қажет. Сыныпқа әр түрлі сипаттағы тапсырмалар: видеороликті көру және оған сұрақтар қою, тренажердегі тапсырмаларды орындау және ұсынылған тест сұрақтарының қайсысы қиын болғаны жөнінде хабарлау.

"Төңкерілген сынып" әдісін қолдану нәтижесінде оқушылар сабақ барысында тақырыптың теориялық білімі негізінде, сыныпта берілген

тапсырмаларды орындады. Зертханалық жұмысты орындап, аниондардың сапалық реакцияларын түсінді.

Сабақты бастамас бұрын оқушыларға бағалау критерийі таныстырылып, сабақтың соңында дескрипторға сәйкес білім деңгейі анықталды:

- Аналитикалық химия жайлы түсінік қалыптасты;
- Галогенид иондар мен басқа аниондарды анықтау реакцияларын біледі.

Сабақ басында оқушылар таратылған түсті қима қағаздар арқылы 4 топқа біріктірілді. «Пікір-талас» оқыту технологиясына сүйеніп әр топқа жеке тақырып берілді.

1-топ	2-топ	3-топ	4-топ
Аналитикалық химия жайлы не білеміз?	Аналитикалық химияның экологияға тигізетін пайдасы мен зияны.	Аниондарға сапалық анализ жүргізудің маңызы.	Аниондардың адам өміріндегі маңызы.

Бұл әдіс тақырып жайлы өз ойларын қорғап, бір-бірін тыңдау, сұрақ қою арқылы өткен тақырыпты еске түсіруге көмектесті. Оқушылар аниондар жайлы білімін толықтырып, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастырып, шығармашылық қабілеті шындалды. Пікір таласқа қатысу арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдылары қалыптасты. Әдістің тәрбиелік мәні ескерілді. Оқушылардың өз ойларын тиянақты жете айта біліп, сахнада өздерін сабырлы ұстауды ескеріп, бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс жасауға дағдыланды, қарсыластарын тыңдай білуге тәрбиеленеді.

Оқушылармен кері байланыс жүргізу арқылы өздері үшін қиын болған сұрақтар ортаға салынып талқыланып отырды. Сыныпта слайд [4] арқылы қысқаша жалпы тақырып жайлы түсініктеме берілді.

Оқушылардың аниондар жайлы білімін тексеру мақсатында ойын технологиясы қолданылды. Бұл әдістеме сайыс түрінде компьютер, ноутбук, смартфондар арқылы өткізілді. Сабақта «Quizizz» викториналық ойыны қолданылды. Әдістің артықшылығы оқушының сабаққа ынтымақтан артырып, балалар арасында бәсекелестік туындату арқылы тақырыпқа тиянақты зейін қоюға көмектесті.



1-сурет. Тест нәтижесі

Ойын нәтижесі бойынша жоғары балл жинаған 5 оқушыға мұғалімнің көмегімен зертханалық жұмыс жасау мүмкіндігі берілді. Максималды балл жинаған оқушыларды іріктеп алу себебі, зертханалық тәжірибе жасау мүмкіндігі арқылы келесі сабаққа дайындалып келуге ынталандырады.

Теорияны практикамен ұштастыру арқылы білімін шыңдады. Өз қолдарымен жасап көру арқылы, көз алдында жасалынып жатқан тәжірибе көмегімен тақырыпты жетік меңгерді. Оқушылар тәжірибені бастамас бұрын қауіпсіздік ережелерімен танысты. Тәжірибенің жасалыну жолы түсіндірілді. Тәжірибе аяқталған соң оқушылармен жұмыс барысында туындаған сұрақтар талданып, мұғалімге баяндама жасады. Баяндама жасау арқылы оқушылар өз жеке пікірін ашық айтуға дағдыланып, жаңа ақпараттарды есте сақтады.



3-сурет



4-сурет



2-сурет

Сабақ соңында бүкіл сынып бағалауға қатысып, білім деңгейлері бағалау критерийлеріне сәйкес анықталды. Жетістік критерийлеріне сәйкес топтар бір-бірін өзара бағалады. Бағалауды оқушылармен жүргізудің артықшылығы таным деңгейін, сыни ойлау қабілеттерін, өз іс-әрекетіне жауапкершілігін арттыруға көмегін тигізеді. Сабақ барысында оқушылар ынтымақты түрде жұмыс жасауға дағдыланып, берілген сұраққа бірлесе жауап дайындады.

Қорытындылай келе, оқушылар инновациялық технологиялармен сабақ оқу барысында өз бетінше білім алуға әдеттенді. Оқушылар химиялық реактивтермен және зертханалық жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын дамытты. Өздері тәжірибе жасап, теорияны практикада қолдануды үйренді. Оқушылар жаңа технологиялар көмегімен:

- алынған және үйренген материалды бекітті;
- сабақта белсенділіктерін арттыруға септігін тигізді;
- жеке пікірін, берілген ақпаратпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырды

Мектепте химияны оқытуда интерактивті технологияларды қолдану оқушылардың ішкі мотивация деңгейін арттыруға, ғылыми ойлауын қалыптастыруға ықпал етті. Оқыту процесінде төңкерілген сынып әдісін қолдану барысында білімалушылардың сабаққа жауапкершіліктері артты.

#### Әдебиеттер:

1. Велединская С.Б., Дорофеева М.Ю. Смешанное обучение: секреты эффективности // Высшее образование сегодня. – 2014. – №8. – С. 8-13. 23
2. Abeysekera L., Dawson P. Motivation and cognitive load in the flipped classroom: definition, rationale and a call for research // Higher Education Research & Development. – 2015. – V. 34. – №1. – P. 1-14.
3. [..\Documents\Аниондарға сапалық реакциялар оқулық.pptx](#)
4. Слайд [..\Documents\Аниондарға сапалық анализ.pptx](#)

ӘОЖ

**ОҚУШЫЛАРҒА МАТЕМАТИКАДАН БІЛІМ БЕРУДЕ  
ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ,  
ҚАЗІРГІ ЖАЙ КҮЙІ ЖӘНЕ ДАМУЫ**

**Ибинова Яхшигул Пулатбекхужакызы – 7М1501-11 тобының магистранты**

E-mail: [ibinovaz@bk.ru](mailto:ibinovaz@bk.ru)

**Ғылыми жетекші: Ибрагимов Раскул - п.ғ.д., доцент**

E-mail: [raskul1953@mail.ru](mailto:raskul1953@mail.ru)

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

**Резюме**

*Автор статьи в своей работе стремится дать направление на творческое сопряжение себя, раскрывая природные возможности ученика, помогая каждому ученику раскрыть свою внутреннюю природу. Учит выбирать и использовать наиболее эффективные методы в формировании личности. Сегодня технологии консолидации, технологии развивающего обучения, технологии критического мышления, технологии модульного обучения и т. д. обучают учащихся с использованием новых технологий. Одна из новых технологий, которую должен освоить учитель с целью развития творческих способностей, умений и активности учащихся в соответствии с современными требованиями, – это популяризация метода проекта, обмен информацией с учителями и учащимися школы. В соответствии с этим кардинально обновляется школьное образование, расширяются цели деятельности учителя, помогая достичь больших перемен. Основная цель состоит в том, чтобы научить ученика учиться и использовать эти знания в умении решать реальные проблемы, когда он выходит из стен школы, и подготовить детей к большой жизни, мотивируя их видеть плоды своей работы.*

Адам бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашып, әр адамның өзін сезіне білуіне ішкі табиғатын ашуға көмектесетін, өзін шығармашылықпен ұштастыруға бағыт беру тікелей педагогқа байланысты. Сондықтан педагогтарға қойылып отырған талаптың жүгі де ауыр, міндеті де күшті.

Тұлға – дербес әрекет ететін субъект ретінде нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің жеке нысаны.

Ал, осы тұлғаны қалыптастыру әр педагогтың өз шеберлігіне байланысты. Жеке тұлғаны қалыптастыруда әдіс-тәсілдердің қай-қайсысы өз жемісін беріп жатса сол тиімді болмақ.

Қазіргі заман талаптарына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін, іскерлігін және белсенділігін дамыту мақсатында мұғалімнің меңгеруі тиіс жаңа технологиялардың бірі – жоба әдісі болмақ..

Қазіргі жана формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған негізгі проблемалар бар:

1. Баланы оқи білуге үйрету
2. Баланы ойлауға үйрету
3. Баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау

Осыған сай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер болып жатыр.

Білім мазмұны да оқушылардан өз бетінше білім алуға, оны практикада қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған, яғни оқушыларды зерттеу мен жоба жасауға мақсатты әрі жүйелі түрде бағыттау керек.

Сондықтан да жобалау технологиясын ұйымдастыру тақырына арналған бұл жұмыстың өзектілігі осында.

Жобалау технологиясы 19 ғасырдың 2-ші жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаған психолог және педагог, философ Джон Дьюи.

Дьюидің ілімін жалғастырушы – Колумбия университетінің жанындағы мұғалімдер колледжінің Уильям Херд Килпатриктің ойынша, бұл технологияның негізі – **балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау.**

Бірақ оның негізі, түпкі мақсаты қай кезде де оқушыны білім алуға және сол білімін мектеп қабырғасынан шыққанда нақты проблемаларды шеше білуде қолдануға үйрету болмақ.

Қазіргі таңда жобалық әдіс практикалық тапсырмаларды орындау барысында, жобаларды жоспарлау және орындау үрдісінде, білімі мен іскерлігін есепке алу кезінде ең тиімді оқу жүйесі ретінде қарастырылады.

Жобаларды жоспарлау және орындау үрдісінде әр түрлі іскерлікті қабылдайды: еңбекқорлыққа, өзіндік шешім қабылдауға, өздігінен білім алуға, жауапкершілікке, терең ойлауға, тапқырлыққа тәрбиеленеді.

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Егер оқушы жобасы тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса – ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады.

Әр түрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әр түрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт-бағдар бере алады.

Сонымен, жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынта, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Жобалық технологияны сабақтың түрлі кезеңдерінде қолдануға болады:

1. Сабақ бастапқы кезеңінде – проблемалық ситуация туғызу мақсатында
2. Белгілі бір тарау немесе тақырыпты бекіту бөлімінде – теорияны практикада қолдану мақсатында
3. Қортынды қайталау сабақтарында – оқушы білімін тереңдету, кеңейту мақсатында.

Жобамен жұмыс түрі:

1. Жеке
2. Топтық (топ жетекшісі мәліметтер қорын жинайды, партполио жасайды)

Жобалау кезеңдері:

I. Дайындық кезең:

- мұғалім оқушыға өмірлік тәжірибеден ситуацилар, құбылыстарға сілтеме береді
- дайын тақырыптар ұсынылады
- педагогикалық мақсаттарды мұғалім өзі анықтап, ұсынады
- жобалық іс-әрекет мақсаты күтілетін нәтижеге сәйкес бірлесіп анықталады
- жобаның нәтижесі туралы өз ойы немесе ғылыми тұжырымдамаға сүйене отырып оқушы өзі анықтайды

II. Құрылымдық кезең:

Мұғалім жобамен жұмыс жоспарын ұсынып, талқылауды ұйымдастырады.

- жоба міндеттерін шешуде қандай әдістерді қолдануға болатыны туралы талқылау ұйымдастырады
- әдіс-тәсілдердің тізімін беріп таңдатады:
- әдебиеттер көзін зерттеу, талдау.
- теориялық моделдеу, жүйелеу.
- сауалнамалар, интервью
- интернет, сұраныстары
- бақылау, эксперимент
- статистикалық өңдеу әдістері т.б.
- Жобаны орындаудың мүмкін болатын бірнеше нұсқаларын қарастыру және ең тиімді нұсқасын таңдауға кеңес береді

III. Жобаны жасақтау кезеңі:

- түрлі ақпараттарды жинау, талдау, жүйелеу
- зерттеулер, есептеулер жүргізу

IV. Қортындылау кезеңі:

Өз жобаларын қорғау: Сабақта, конференцияда, көрмеде.

Жобалау технологиясының негізінде – оқушылардың жұппен немесе топпен бірігіп дайындайтын шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру жатыр.

Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында математика сабақтарында жобалау технологиясын қолдану бағытында жұмыс жасап келемін.

Бұл технология әлемдік педагогикада жаңалық емес. Ағылшын тілінен аударғанда «**cooperative learning**» - **бірге үйрену** деген мағынаны білдіреді. Түсіндірме сөздікте оған төмендегідей анықтама беріледі:

**Жобалау технологиясы – оқушылардың жоспарлау және күрделене беретін тапсырмаларды орындау арқылы меңгеретін бөлімі.**

Жобалау әдісінің негізгі идеясы: оқушының нәтижеге бағытталған оқу – танымдық әрекеті. Нәтиже практикалық немесе теориялық маңызды проблемаланың шешімі болуы тиіс.

Мектепте математика пәнін оқыту барысында сыныптағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жоблау технологиясын қолдануға дайындық және оқушы ерекшеліктерін анықтау мақсатында төмендегідей сабақтар түрлерін және элементтерін қолдану тиімді деп есептеймін.

Сабақтың түрлері	Оқушының белсенділігін, ойлау қабілетін, ізденісі мен шығармашылығын қалыптастыру әдістері
Кіріспе Жаңа сабақ Аралас сабақ	Өткенді қайталау сұрақтарын талдау. Проблемалық ситуация туғызуға арналған сұрақтар Суретті, мәтінді карточкалар мен бақылау сұрақтары Кітаппен және таратпа материалдарымен жұмыс.
Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру сабақтары. Білімді есепке алу сабақтары	Топтық және жеке тапсырмаларды орындау. Кросворд, сөзжұмбақтар құрастыру, шешу. Деңгейлік тапсырмаларды орындау. Өзін - өзі тексеру жұмыстары.
Қайталау және қортынды жинақтау сабақтары	Тақырыптық бақылау жұмысы және тест. Шығармашылық жұмыстар өнімдерін қорғау. Қортынды сынақ жұмыстары

Математика сабақтарын өткізу кезінде әр түрлі деңгейде ұйымдастыру арқылы, жеке тапсырмалар беру арқылы, ойлау қабілеттерін және танып білу белсенділігін арттыру негізінде жүзеге асады.

Өз іс-тәжірибемде сабақ беру үрдісінде өзіндік жұмыстар көмегімен төмендегі талаптарды жүзеге асыруды мақсат тұтамын:

- Оқушылардың теориялық сауаттылығын арттыру
- Оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге үйрету
- Оқушыларды жекелей, жұппен, топпен жұмыстар жүргізуге баулу.
- Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Математика пәнін оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін төмендегі жұмыстарды үнемі жүргіземін:

- 5 сыныпта жаңа тақырыптар өткен кезде оқушылар өз ойлары бойынша түрлі тақырыптарға ребустар, аннаграмалар, сөзжұмбақтар салуды орындатамын.
- PASCAL, VISUALBASIC бағдарламалауды пайдаланып қосымша есептер программаларын құруды ұсынамын.
- Excel программасын пайдаланып жаңа материалдарды бекіту мақсатында өз сыныбының математика пәні бойынша тоқсандық, жылдық үлгерім кестелерін құрып, диаграммаларды тұрғызуды және тиісті салыстыруларды орындауды тапсырамын.
- PowerPoint бағдарламасын пайдаланып 6-шы және 7-ші сынып оқушыларын тақырыпты қорытындылау сабақтарында әр оқушыға өзін қызықтыратын мәселелер бойынша презентациялар көрмесін ұйымдастыруды алдын ала жоспарлаймын.

Сыныпта оқушылар бір бағдарламамен және бір оқулықпен оқығанмен, олардың материалдарды игеру деңгейі әртүрлі болады. Осы жағдайды ескере



отырып, оқушылардың қабілеті мен бейімділігін дамытуда білім дәрежесіне қарап деңгейлік тапсырмалар бойынша оқытудың маңызы зор.

#### Әдебиеттер:

1. «Білім әлемінде» журналы 2005 жыл №5
2. Дьюи ДЖ. «Школа и общество»(1925)- цит. По «Педагогическая логика. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе» / Спец. прилож. К журналу «Лицейское и гимназическое образование», вып. 4, 2033 – с14.
3. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / под ред. Е.С.Полат – М.:2000
4. Пахомова Н.Ю. Проектное обучение – что это? // Методист, №1, 2004-с.42
5. "Информатика негіздері" журналы 2009 жыл №6
6. "Қазақстан мектебі" журналы 2007 жыл № 5-6 № 12
7. Ясребцева Е.Н. "Как рождается проект" М. 1995г.
8. Монахов В.М. Проектирование и внедрение новых технологий обучения // Сов. Педагогика. – 1990. - №7.
9. Лебедев О.Е. Эффективное управление школей в современных условиях. – СПб,: Изд. КАРО, 2006. – С.96-254.
10. Қалиева С.Н. Қазіргі әлеуметтік жағдайларындағы жалпы білім беретін қазақ мектептерін басқаруды жетілдіру. - Қарағанды, 2008. – 6.78
11. Педагогика / под ред. Хмель Н.Д: курс лекция. Авторский коллектив

ӘОЖ 58(07)

### **ХАРА БАЛДЫРЛАР.БАЛДЫРЛАРДЫҢ ТАБИҒАТТАҒЫ ЖӘНЕ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ**

**Алишерова М. Қозтай А.Қ** – 1505-29 тобының студенті

**Ғылыми жетекші: Тұрабай Н.Ә.** – магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан


#### **Резюме**

*Харовые водоросли – одно из самых распространенных растений на сегодняшний день. Хара встречается в основном в жесткой пресной воде, богатой органическими веществами, кальцием и лишенной кислорода. Водоросли хара образуют устойчивый биоценоз в воде в течение вегетационного периода. Хара населена многими эпифитными микроорганизмами – водорослями, простейшими, бактериями. В народном хозяйстве водоросли – очень дешевое сырье, имеющее особое значение.*

Харалар - жоғары сатыда дамыған жасыл түсті тік өсетін балдырлар. Бұл балдырлар қазіргі уақытта кең тараған өсімдіктер қатарына жатады. Басқа балдырлардан басты айырмашылығы - архегониялы өсімдіктер сияқты көп клеткалы аналық жыныс органы оогонидің болуында .Сонымен бірге, денесі жоғарғы сатыдығы өсімдіктер сияқты сабаққа шоғырланып орналасқан белгілі бір мөлшерге дейін ғана өсе алатын «жапырақ» және «тамыр» сияқты түссіз көп клеткалы риозондатардан тұрады. Жалпы харалар көп клеткалы қабатты ,аса күрделі құрылымды өсімдік .Сабақ жоғарғы ұшынан үздіксіз ұзарып өсе

алады , ал буындағы «жапырақтары» белгілі мөлшерге дейін ғана өседі. Буын аралықтары ірі, ұзындығы бірнеше сантиметрге дейін жететін цилиндр пішінді (5см),көп ядролы бөлінуге қабілеті жоқ клеткалардан тұрады.[1]

Хара – тұщы су, таяз су қоймаларында, резервуарларда, көлдерде және баяу ағынды суларда болатын жасыл балдырлар,baltica - тұщы суда өседі, ал fragilis - ыстық бұлақтарда кездеседі. Хара пияз тәрізді иіс шығаруының себебі жиі күкірт қосылыстарының болуына байланысты. hatei топырақта өседі. puda және grovesii тауларда, wallichii және hydripitys жазықтарда кездеседі. Палеозой дәуірінен балдырлардың қазба қалдықтары табылды.



1 - сурет . Chara

А – жалпы пішіні ; Б – талломның бір бөлігі ; 1 – ризоиды ; 2 – түйнектер ; 3 – бүйірлік бұтақшалар ; 4 – орталық клетка ; 5 - шеткі клетка ; 6 - бір клеткалы тармақтар ; 7 – оогоний ; 8 – жұмыртқа клетка ; 9 – коронка ; - 10 – антеридий ; 11 – қалқан ; 12 – қалқан тұғыры ; 13 – сперматаген жіпшелері ; 14 – сперматозоидтар

Әр балдырлардың , оның тобының эволюциялық даму кезендері мен тіршілік ерекшеліктері біркелкі болмайды . Тіршілік кезенін кейде онтогенезбен ауыстырып жүреді . Тіршілік кезені дегеніміз балдырлардың алма - кезек жынысты және жыныссыз көбеюге қабілеттілігі .

Хара балдырлары қаптап өскен уақытта суда тұрақты биоценозын құрайды . Хараны көптеген эпифитті микроорганизмдер - балдырлар , карапайымдар , бактериялар мекендейді . Олар көптеген карапайым организмдерге керекті заттың қоры болып есептеледі . Олармен балықтар қоректенеді. Хара балдырлары бір уақытта улы заттар бөліп шығарады. Хара балдырлар крахмал мен май тамшыларына бай. Швейцария елдерінде органикалық тыңайтқыш ретінде пайдаланады . Шипалы лайдың құралуына қатысады . Хара балдырлары биофизикалық және физиологиялық процестерді зерттеуге өте ыңғайлы зерзат болып есептеледі .

Балдырлардың жиі тараған экологиялық топтары планктон, бентос және топырақ балдырлары болып бөлінеді. Барлық жағдайда балдырлар органикалық заттардың қорын тузуші организмдер болып есептеледі. Тропикалық суларда тіршілік ететін жасыл, қоңыр балдырлардың жұмсақ қабаттарын балықтар толық жеп, тек жеуге жарамайтын қатты извес телген қабықтары бар көк - жасыл балдырлардың түбірлерін ғана қалдырады. Балдырлар су жануарлар дүниесінің алғашқы қорегі және панасы. Фотосинтез процесі кезінде бөлініп шығатын оттегін су организмдері тыныс алу үшін пайдаланады.

Табиғи тазартқыштарды дұрыс пайдаланудың бір жолы-суды дұрыс пайдалану. Солардың бірі балдыр. Дүние жүзі - кемелері бір тәуліктің ішінде шамамен 14 мың тонна әр түрлі отын қалдықтарын шығарып отырады. Сөйтіп, суды ластайды. Кейінгі уақытты Киевтегі табиғи және жасанды талшық комбинатындағы ағып жатқан суды цинк тұздарының, күкіртті сутегінен, күкіртті көміртегінен және басқа улы зиянды заттардан тазарту үшін аздаған арзан тыңайтқыштар мен хлорелла балдырын жіберген. Судың тазалығын осы арқылы реттеп отырады.

Адам өмірінде өсімдіктердің маңызы орасан зор. Адамзаттың қызмет саласында өсімдіктің қолданбайтын жері жоқ. Халық шаруашылығы экономикасында балдырлар өте арзан шикі зат қоры, маңызы ерекше. Жапондықтар балдырды екі ғасыр бойы мәдени өсімдік ретінде өсіріп келеді. Олар қызыл балдырдан агар агар алады оны кондитер, мата, ка газ өндірістерінде, тері өңдеуде, жоғарғы сортты желім дайындауда кенінен қолданылады. Балдырлардың адам үшін ең пайдалы теңіз өнімдерінің бірі.

Теңіз балдырлары йодқа және басқа да маңызды минералдарға бай. Бұл барлық теңіз жануарлары үшін азық-түліктің негізгі көзі және осыған байланысты теңіз ең бай азық-түлік өндіру аймағы болып табылады. Қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі - халықты тамақпен қамтамасыз ету. Күнделікті азық - түліктің жетіс пеуінен дүние жүзі халқының 14% дан артығы аштық, жартылай аштық жағдайда тіршілік етеді. Жыл сайын табиғатта фотосинтез тез құбылысының нәтижесінде әлем бойынша түзілетін органикалық заттың 80 % -ы су өсімдігінің, оның ішінде балдырдың үлесіне тиеді. Олай болса, азық - түлік мәселесін шешудің, адам баласын тамақпен қамтамасыз етудің бірден - бір жолы - балдыр өнімін пайдалану.

#### **Әдебиеттер**

1. Өсімдіктер систематикасы. Төменгі сатыдағы өсімдіктер. оқу құралы/ Астана: Фолиант,2012 О. Абдрахманұлы 304-327 бет.

## **АЗОТТЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ӨСІМДІКТЕРГЕ ӘСЕРІ**

**Әбдіғаппар А.Е., Бегенова Ж.А., Мұхаметалы Ж.Е.-1505-39** тобының студенттері

**Ғылыми жетекші: Мамықова.Р.У** –б.ғ.к.доцент м.а

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### *Резюме*

*Удобрения – это органические и минеральные вещества, используемые для улучшения питания растений в почве. При правильном применении удобрений можно повысить урожайность и улучшить качество урожая.*

Неліктен өсімдіктерге азот тыңайтқышы қажет?

Азот- барлық органикалық қосылыста бола бермейді. Мысалы, қантта, талшықта, майда, крахмалда азот мүлде кездеспейді. Амин қышқылы мен ақуызда азот бар. Азот - нуклеин қышқылының маңызды құрамдас бөлігі және ақуыз синтезі мен тұқым қуалайтын деректердің көбеюіне жауап беретін кезкелген жасушаның басты құрамдас бөлігі (қайталануы - геномға ұқсас қосымша тұқым қуалайтын материалдың пайда болуы) Жер бетіндегі өсімдіктердің барлығында азот бар, және азоттың біршама бөлігі ең алғашқы жапырақ пышақтарында кездеседі. Гүлденудің аяқталуымен және аналық бездің пайда болуымен азот өсімдіктердің репродуктивті мүшелеріне ағып, онда ақуыздарды түзеді. Қалыпты азотты қоректендіру өнімділікті жоғарылатып қана қоймай, оның сапасын да жақсартады. Бұл белоктың пайыздық үлесін және құнды белоктардың негізін арттырады.(1)

Негізінде азотпен қамтамасыз етілген мәдени өсімдіктер жылдам өседі, олардың жапырақтары қараңғы жасыл түсті және үлкен мөлшермен ерекшеленеді. Керісінше, азоттың кездеспеуі өсімдіктің барлық мүшелерінің өсуіне кедергі келтіреді, жапырақтары ашық жасыл түсі (азотпен өсімдіктің әлсіз қамтамасыз етілуіне байланысты қалыптаспаған кішкентай хлорофил) бар және олар кішкентай. Дәнді дақылдар, ақуыздардың мөлшері тұқымдарда азаяды. Сондықтан, топырақта органикалық азот болмаған кезде, тыңайтқыштармен өсімдіктердің қалыпты азотты қоректенуін қамтамасыз ету қажеттілігі ауыл шаруашылығы үшін өте маңызды болып табылады.(2)

Азот тыңайтқышын қолдану және қолдану нормалары

Азотты тыңайтқышты қолдану кезінде барлық дерлік ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттырып отырады. Азотты тыңайтқыштар- көкөніс дақылдары, жеміс-жидек дақылдары, жеміс ағаштары, бұталар, жүзім, құлпынай, құлпынай, сәндік өсімдіктер, гүлдер (раушандар, пиондар, қызғалдақтар) үшін ауыл шаруашылығында және бау-бақшада қолданылады. Сондай-ақ кеңінен көгалдандыру үшін пайдаланылады. Бақтар мен бақшалар үшін картоп, көкөніс, жеміс-жидек және гүл егу үшін негізгі қолдануға арналған орташа доза 100 м<sup>2</sup> үшін 0,6-0,9 кг азот деп қарастырған жөн. Картоп, көкөніс және гүл егу үшін 100 м<sup>2</sup>-ге 0,15-0,2 кг азот, жеміс-жидек дақылдары үшін - 0,2 - 100 м<sup>2</sup> үшін 0,3 кг азот. Ерітінді дайындау үшін 15 г азотты 10 литрге су қабылдайды, ерітіндінің көлемі 10 л-ден артық.(3)



Азот атмосферадан жауын-шашынмен және атмосферадан азот түзеткіштерінің көмегімен кейбір атомдардан, бактериялардан, саңырауқұлақтардан және балдырлардан шығуы мүмкін. Бірақ бұл азот салыстырмалы түрде өте кішкентай болып табылады және ол ұзақ жылдар бойы жиналмаған және таза жерлерде жинақталу нәтижесінде азотты азықтандыруда маңызды рөл атқара алады. Тыңайтқыштарды дұрыс пайдалану арқылы ауыл шаруашылық өнімдерінің түсімі артады, өнім сапасы жақсарады. Елімізде өсірілетін сан алуан түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол, тұрақты және сапалы өнім алуда басқа да агротехникалық шаралармен қатар, тыңайтуды дұрыс ұйымдастырудың маңызы орасан зор. Ауыл шаруашылығы практикасында егіншілікті химияландыру, оны қарқынды дамытудың қуатты факторы екенін сенімді дәлелдеп берді. Мысалы, N тыңайтқышы астық дәніндегі белок мөлшерін арттырады, P тыңайтқышы зығыр талшығының сапасын және өнімділігін жақсартады. K тыңайтқышы қант қызылшасы тамырының қанттын, картоптың крахмал мөлшерін арттырады.

### Әдебиеттер

1. Топырақтану: оқулық / Ж.К.Қабышева. Алматы: Дәуір, 2013-135-139 беттер.
2. Топырақтың экологиялық мониторингі : оқулық / Мотузова Г.В, Безуглова О.С. Алматы : 2013- 72-75 беттер.
3. Өсімдіктер физиологиясы: оқулық / Сағатов К.С. Алматы : Ғылым баспасы, 2002 -88-92 беттер.

## МЕКТЕПТЕ МЕТАЛДАР ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ

Керімбай Ә.М. - 112-18а тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Мәдібекова Ғ.М. - х.ғ.к., профессор м.а  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

### *Резюме*

*В данной статье приведена методика применения мультимедийно - компьютерных технологий при проведении занятий по теме металлы. На качественные реакции ионов металлов сняты видеоролики, которые были использованы во время урока.*

Бүгінгі таңда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында цифрлық технологияларды пайдалану білім беру саласында кеңінен қолданылады [1]. Химия пәнін оқытуда аналитикалық химияның сапалық анализ курсының зертханалық жұмыстарын қолдану маңызды. Себебі, металл иондарының сапалық қасиеттеріне арналған реакцияларды жүргізіп, нәтижелерін талдау көрнекі түрде түсіндіруге ыңғайлы. Орта білім беру мекемелерінде химия пәнінен сабақ өтуде зертханалық тәжірибелерге алдын-ала видеоролик дайындап, оқушыларға итерактивті тақтаны қолданып көрсетуге болады. Ол видеороликті жасау үшін мультимедиа оқыту технологиясы пайдаланылады. Мультимедиялық технология - бұл бір уақытта бірнеше ақпараттық ортаны қолданатын компьютерлік технологиялар жиынтығы. Оған графика, мәтін, видео, фотосурет, анимация, дыбыстық эффектілерді пайдалану арқылы жасалады [2]. Бұл оқыту технология бағдарламаламасын пайдалануда видеоролик пен дыбыстық сүйемелдеу қолданылады. Олар оқушының бірнеше ақпараттық арналарына әсер етіп, сабақ өтілуі кезінде материалдарды игеру мен есте сақтауды жеңілдетеді. Соңғы жылдары мектеп бағдарламасына жаңартылған стандарттар енгізіліп, оқытудың жаңа технологиялары кеңінен қолданылады. Химияны зерттеуде зертханалық тәжірибелік жұмыстар жүргізу дағдыларын қалыптастыруға көп көңіл бөлінді [3].

Менделеев атындағы №15 мектеп - лицейінде практика өту барысында жаңа технологиялар негізінде сабақ өткізілді. Металл иондарының ( $\text{Ag}^+$ ,  $\text{Pb}^{2+}$ ,  $\text{Hg}_2^{2+}$ ) сапалық реакциялары тақырыбында өтілетін сабаққа видеоролик дайындалды. Түсірілген зертхана жұмысына арнап мектепте өткен іс-тәжірибе барысында металдар тақырыбында өтуде қолданылды. Ол тәжірибеде қышқыл - негіздік классификация негізінде II топ катиондарына топтық реагенттерінің әсері, реакция жүргізу жағдайлары көрсетілген. Осындай фарматтағы зертханалық тәжірибелік жұмысты пайдалану арқылы өткізілетін сабақта оқушылардың материалдарды есте сақтау мен игеруді жеңілдетеді. Сабақты ұйымдастыру кезінде тақырып бойынша қысқа мерзімді жоспар жасалынды. Сабақты ұйымдастыру сәтінен кейін оқушылар тақырыпқа байланысты I- топ «Күміс», II -топ «Қорғасын», III-топ «Сынап» үш топқа бөлінді. Топтық оқыту методикасын қолданып жаңа сабақты түсіндіруді бастамас бұрын оқушыларға «Есінде сақта» атты топтық жұмыс әдісі қолданылды. Осы «Есінде сақта» әдісі

бойынша оқушылардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіреді. Әрмен қарай сабақты компьютерлік технология бойынша жасалған слайтты [Ag, Pb, Hg металдар.pptx](#) интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ түсіндіріледі. Металдардың химиялық реакцияларын түсіндіру барысында, қышқыл - негіздік классификация негізінде II аналитикалық топ катиондарының сапалық анализ реакциялары қалай жасалатыны түсіндіріліп өтті. Сабақ түсіндіру барысында оқушыларға бағдарламаның демонстрациялық экраны арқылы металл иондарына жасалған видеоролик көрсетілді [..\Desktop\2\\_5233419479832074625.MOV](#) (1,2 сурет).




1 сурет

2 сурет.

Видеороликті көрсетіп болған соң дәстүрлі оқыту әдісінің элементтерін қолдана отырып, сабақ түсіндіру барысында оқушылар қаншалықты түсінгенін тапсырма арқылы анықтауға болады. Үш топ оқушыларына ортақ сөз жұмбақ тапсырмасы дайындалды. Тапсырма ішінде жаңа сабаққа негізделген сұрақтар құрастырылған. Осылайша сабақты қаншалықты мұқият тыңдағандары тапсырмаларға жауап беру барысында байқалады.

Сабақ мәресіне жеткен кезде дәстүрлі түрде бағалу кезеңінде, білімділікті сынауға арналған Quizizz.com компьютерлік қосымшасы арқылы бір нұсқалы тест алынды. Бұл қосымшаны қолдану кезінде сабақты дәстүрлі оқыту әдісінің элементтерін қолдана отырып, слайд, видеоролик көрсетіп өтілген сабақтың оң нәтиже көрсетуін және зертханалық жұмысты меңгеруін бақылау мақсатында пайдаланылды. Quizizz.com компьютерлік қосымшасы арқылы тест алу кезінде оқушылардың жеке деңгейлері анықталды.



3 сурет.

4 сурет.

Бұл ойынға барлық оқушы қатысып, экранда шыққан жауаптары ақылы бағаланды. Бұл бағдарламалық қосымшасы жылдамдыққа және дұрыс жауап берген оқушыларға жақсы балл береді. 13-оқушы өте жақсы «5», 5-оқушы жақсы «4», 7-оқушы қанағаттанарлық «3» деген бағалар алды.




Диаграмма-1.

Қорытындылай келе, аналитикалық химия пәнінің сапалық анализ курсы мектеп бағдарламасында металдар тақырыбында сабақ өтуде мультимедиялық оқыту, дәстүрлі оқыту технологияларын қолдану тиімді болды. Себебі, оқушыларға металл иондарының сапалық реакцияларына жасалған зертханалық тәжірибе видеороликті көрсету арықылы білім алушылардың танымдық деңгейі мен материалдарды оңай меңгеруін жақсартуды жеңілдетеді.

#### Әдебиеттер:

1. Ғ.М. Мәдібекова, Б.Ж. Муталиева, С.А. Сатыбалды, «Сапалық анализ пәнін қашықтықтан оқыту ерекшеліктері» Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №1(67), 2021 ж.
2. Мультимедийные технологии обработки и представления информации.  
<http://infdis.narod.ru/it/n13.htm>
3. Өнербаева З.О. «Химияны оқыту әдістері мен тәсілдері» Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №3 (49), 2016 ж.

ӘОЖ 372.854

## ҚЫШҚЫЛ-НЕГІЗДІК ТИТРЛЕУ ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жарылқасын Ә.С.-112-18а тобының студенті

Ғылыми жетекші: Мәдібекова Ғ.М.-х.ғ.к., профессор

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

#### Резюме

*Впервые при обучении химии в соответствии с программой средней школы проведено лабораторное занятие по кислотно-основному титрованию. В ходе урока были показаны виртуальные и демонстрационные эксперименты, а также составлен итоговый протокол полученных результатов. Для проверки и обобщения лабораторных навыков учащихся использовались тестовые задания и новый метод шесть шляп мышления.*

Мектеп бағдарламасына сай 11-сыныптың химия пәні оқулығында «Қышқыл және негіз ерітінділері» тақырыбында титрлеу әдісі аталып көрсетілген. Осы тақырыпты қорытындылау үшін қышқыл-негіздік титрлеу



зертханалық сабағы орта мектепте өткізілді. Сабақ кезінде виртуальды лаборатория және демонстрациялық эксперимент көрсетіліп, сабақ жоспары дайындалды.

Сабақ басында оқушылар 3 топқа бөлінді және белсенді қатысқан топтарға ұпай берілетіндігі айтылды. Топқа бөлінген соң оқушылармен зертханалық жұмыстың тақырыбын ашу мақсатында талқылау жүргізілді. Талдау кезінде сұрақтар қойылды:

1. Қышқыл-негіз ерітінділері қандай реакцияға негізделген.
2. Ерітінділердегі реагенттердің сандық құрамын анықтауда қандай әдістер қолданылады.
3. Медицинада қан талдау сараптамаларын жүргізуде қолданылатын әдіс [1].

Тақырып бойынша педагог дайындаған виртуальды лаборатория көрсетілді (1,2,3 суреттер).



Сурет 1. Виртуальды зертхана мәзірі



Сурет 2,3. Эксперимент жүргізу сәті



Виртуальды лаборатория бойынша оқушылар керекті құрал-жабдықтарды, реактивтер мен зертханалық жұмыстың орындалу ретін және эксперименттің жүргізілуімен танысты [2].

Виртуальды лабораториядан кейін оқушылар демонстрациялық эксперимент арқылы, көрсетілген виртуальды зертханалық жұмысты тәжірибе жүзінде жасап көрді (4 сурет).



Сурет 4. Сілті мөлшерін концентрациясы белгісіз ерітіндіден анықтау.

Алынған нәтижелерді және кестені оқушылар жеке түрде жұмыс дәптерлеріне толтырып, дұрыс нұсқасы тақтаға жазылды (5 сурет).



Сурет 5. Титрлеу қондырғысы

Орындалған зертханалық жұмыстың жүргізу дағдысын меңгергендігін анықтау мақсатында оқушыларға топ бойынша 3 нұсқа тест тапсырмалары берілді [3]. Әр топ өзіне берілген тест тапсырмаларын жасап, нәтижелері пайыздық өлшеммен анықталды (6, 7 сурет).



Сурет 6. Тест тапсыру барысы



Сурет 7. Тест нәтижесі

Сабақты қорытындылау үшін және білімалушыларды сергіту мақсатында «Ақылдың алты шляпасы» әдісі бойынша 3 топтан 2 оқушыдан шығып, түрлі-түсті шляпаларды таңдады (8 сурет). Таңдалған шляпаларда жасырылған атаулар мен сұрақтар болды:

1. Ақ шляпа киген оқушыға титриметриялық зертханалық жұмысы бойынша түйген ақпаратымен бөлісіп, титриметрияның заттың сандық мөлшерін анықтауға қолданатындығын айтып, ғалым деп атауға лайық екенін дәлелдеді.

2. Сары шляпа киген оқушыда титрлеу әдісінің тиімді жақтарын нақты көрсетіп, оптимист ретінде өзін көрсете білді.

3. Қызыл шляпа киген білімалушы сабақтан алған әсерімен бөлісіп, әдістің жасалуын суреттеп өтті.

4. Қара шляпа таңдаған оқушы титриметриялық әдісті сынап, барлық оқушыға орындауға қондырғының қойылмағандығын айтты, ұсыныстар жасады.

5. Жасыл шляпа киген оқушы сабақта қолданылған термин сөздерді атап көрсетіп, басқа да қоспаларды осы әдіспен анықтау мүмкіндігін шығармашылық түрде баяндады.

6. Көк шляпа киген оқушы сабақты қорытындылап, барлық оқушылардың ойларын, пікірлерін толықтырып отырды, оған жетекші деген рөл берілді.



Сурет 8. Алты шляпа әдісі

Сабақтың қорытындысы бойынша:

- алғаш рет орта мектепте жаңартылған бағдарлама негізінде қышқыл-негіздік титрлеу тақырыбында зертханалық сабақ өткізілді;

- дайындалған виртуальды зертханалық жұмыс сабақ барысында қолданылды;

- оқушылар алғаш рет эксперименттік титрлеу жұмыстарын орындауға мүмкіндік алды;

-сабақ «алты шляпа» әдісі арқылы қорытындыланып, тапсырылған тест нәтижелері талданды.

**Әдебиеттер:**

1. Ғ.М. Мәдібекова Көлемдік анализ. Электронды оқу құралы. ХҚТУ. Шымкент. 2007ж.
2. И.В.Роберт Новые информационные технологий в обучении. Перспективы использования // Образование и информатика. 1991. №4.
3. Қ.Қ. Шекеева. Аналитикалық химия. Оқу құралы. Алматы, Эвро 2014.

UDC 372.8:54

**APPLICATION OF GAME METHOD IN THE STUDY  
OF ORGANIC CHEMISTRY**

**Kalaubek S.M.**- student of group 112-28A

**Supervisor: Baymakhanova G.M.**- Ph.D. in Chemistry, Associate Professor  
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent

*Резюме*

*В статье рассматриваются преимущества игр в организации обучения органической химии в средней школе.*

Games are the most accessible type of activity, a way to process the impressions received from the external world. Games clearly characterize the student's thinking and imagination, his emotions, activities, the need to develop communication. Interesting games increase the mental activity of the child, he can solve more difficult problems than in the normal course. But this does not mean that the curriculum can be conducted only in the form of games. Games are only one of the methods, which can produce good results only in combination with other methods: observation, dialogue, independent work. While playing, children learn to apply their knowledge and skills in practice, using them in different conditions. Play is an independent activity in which children interact with their peers. They are united by a common goal, a common objective, and a common experience. Play experiences leave a deep imprint on the child's mind and contribute to the formation of good feelings, noble ambitions and skills for group life. Play is very important, it is closely related to classroom learning and daily life observation. It teaches them to solve play problems independently, to find the best way to implement a plan, to use their knowledge, to express it in words. Games often act as an excuse to spread new knowledge and broaden horizons.

Thus, play activity is a real problem in the learning process.

Games are given many different functions, both purely educational and educational, so it is necessary to determine more precisely the impact of games on students' development and to find its place in the educational and correctional system. It is most accurate to identify those aspects of students' psychological development and personality formation that develop primarily in play or are influenced only to a limited extent in other activities.

Қазақстанда білім беру саласы оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып дамытуды өзекті мәселе ретінде қарап, ресурстар мен технологиялардың қол жетімділігін қамтамасыз етуде. Химия пәнін жалпы орта білім беретін мектептерде, жоғары оқу орындарда оқыту мәселелері [1] авторлардың мақаласында қарастырылған. Онда, химия пәнінен толыққанды білім алу үшін оқушылардан химиялық тәжірибелерді орындауды, оны оқу үдерісінде үздіксіз қолдануы қажеттілігі айтылады. Химиялық тәжірибе немесе эксперимент ғылыми негізде жоспарланып, білім алушылар белгілі бір сыртқы жағдайларға байланысты қандай да бір табиғи құбылысты бақылайды, оны берілген шарттарға сәйкес сан мәрте қайталауға болады, демек, зерттеуші өзінің сезім мүшелері арқылы құбылыстың шынайылығына көз жеткізеді. Химиялық тәжірибелер аналитикалық химияның зертханалық сабақтарында қолданылады, бірінші аналитикалық топ катиондарының сапалық қасиеттерін зерттеу зертханалық тәжірибелер арқылы орындалады.

I-топ аналитикалық топ катиондарын  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{NH}_4^+$  катиондары құрайды. Бұл катиондардың тұздары, гидроксидтері суда жақсы ериді. Олар күшті негіздерге жатады:  $\text{NaOH}$ ,  $\text{KOH}$ , ал  $\text{NH}_4\text{OH}$  әлсіз негіз болып табылады. I-ші аналитикалық топ катиондарының тұздары көптеген жерлерде қолданылады. Атап айтатын болсақ,  $\text{KNO}_3$ ,  $\text{NaNO}_3$ , аммоний тұздары ауыл шаруашылық дақылдарының өнімін арттыруда, топырақтың құнарлығын жоғарылату үшін қолданылады.  $\text{NaCl}$  физиологиялық ерітінділер дайындауға,  $\text{Na}_2\text{SO}_4$  іш жүргізетін препарат ретінде пайдаланылады.  $\text{KI}$  қалқанша бездің іс әрекетін реттейді,  $\text{KBr}$  тыныштандыратын қасиеті бар.

***I-ші аналитикалық топ катиондарына сапалық реакциялар жүргізу***

<https://youtube.com/shorts/UxkGhCPK1HE?feature=share>

 **$\text{K}^+$  катионының реакциясы**

Шарап қышқылының немесе натрий гидротартратының әсері.

Бұл реагенттер ерітіндінің  $\text{pH}=5-7$  тең және  $\text{K}^+$  катионының концентрациясы жоғары болған кезде ақ кристалдық тұнба түзеді.



Реакция толық жүру үшін шыны таяқшамен пробирканың ішкі қабырғасын үйкелеу қажет.  $\text{NH}_4^+$  -иондары кедергі жасайды.

Р е а к ц и я н ы ң о р ы н д а л у ы. Калий ерітіндісінің 3-4 тамшысына шарап қышқылы немесе  $\text{NaHC}_4\text{H}_4\text{O}_6$  ерітіндісін қосып , араластыру қажет (сурет 1,2) .



Сурет 1. Калий ионына реагенттер.




Сурет 2. Түзілген тұнба

<https://youtube.com/shorts/gticU-s1rFE?feature=share>

### $\text{Na}^+$ -катионы сапалық реакциясы

Калий дигидроантимонатының әсері.

Натрий тұздары калий дигидроантимонатымен ақ кристалды тұнба түзеді.



Р е а к ц и я н ы ң о р ы н д а л у ы. Натрий тұзының ертіндісінің 4-5 тамшысына реагенттің 4-5 тамшысын қосады да, салқындатып, шыны таяқшамен пробирканың ішкі жақтарын үйкелейді, ақ тұнба түзілгені байқалады (сурет 3,4).



Сурет 3. Натрий ионына реагенттер.




Сурет 4. Түзілген тұнба.

<https://youtube.com/shorts/0k04JqjxgG4?feature=share>

### $\text{NH}_4^+$ -ионының реакциялары

1. Сілтілердің ( $\text{NaOH}$ ,  $\text{KOH}$ ) әсері.

Аммоний тұздарын сілтілермен қыздырғанда аммиак газ күйінде бөлінеді:




Реакция өте сезімтал. Түзілген  $\text{NH}_3$  аммиак газын бірнеше тәсілмен байқауға болады:

1) иісі бойынша, 2) қызыл лакмус қағазының көгеруі бойынша, 3)  $\text{HCl}$  ерітіндісімен суланған шыны таяқшаның жанында “түтін” түзілуінен байқау арқылы.

Р е а к ц и я н ы ң о р ы н д а л у ы. Аммоний тұзы ерітіндісінің пробиркада 2-3 тамшысына 3-4 тамшы  $\text{NaOH}$  немесе  $\text{KOH}$  ерітіндісін қосып қыздырады. Аммиактың бөлінгенін алдында көрсетілген тәсілдердің бірімен байқауға болады.

2. Несслер реактивінің әсері.

Несслер реактиві  $\text{K}_2[\text{HgI}_4] + \text{KOH}$  қоспасы, ол аммоний иондарымен қызыл-қоңыр (кірпіш-қызыл) тұнба түзеді.





Реакция аммоний иондарына ғана тән. Оның анықтауына калий, натрий иондары кедергі жасамайды.

**Р е а к ц и я н ы ң о р ы н д а л у ы.** Аммоний тұзы ерітіндісінің 1 тамшысына 5-6 тамшы су қосып 1-2 тамшы Несслер реактивін қосады. Тұнба түзілуін байқайды,  $\text{NH}_4^+$  иондарының концентрациясы өте төмен болған жағдайда ерітінді қызғылт-сары түске боялады. Реакцияны заттық шыныда орындауға да болады.



Сурет 5. Аммоний ионына реагенттер.



Сурет 6. Түзілген тұнба.

<https://youtube.com/shorts/E3nbzZBLzsE?feature=share>

Жұмыс барысында, I-ші аналитикалық топ катиондарына сапалық реакциялар жүргізілді.  $\text{K}^+$  катионы бейтарап ортада натрий гидротартратымен әрекеттесіп ақ тұнба түзеді.  $\text{Na}^+$  катионы калий дигидроантимонатымен әрекеттесіп, ақ кристалды тұнба түзеді.  $\text{NH}_4^+$  катионы Несслер реактивімен әрекеттесіп, қызыл-қоңыр тұнба түзілді. Бұл реакциялар жоғарыда тәжірибелік бөлімде көрсетілді. Бірінші топ катиондарының сапалық реакцияларына бірнеше тәжірибелер жасалады, ол тәжірибелер нәтижесінде аналитикалық эффект байқалады. Яғни, реакция барысында тұнба түзіледі, газ бөлінеді, ерітінділердің түсі өзгереді.

Осы тәжірибелік жаттығуларға алдын-ала видеороликтер түсірілді. Оқушылар видеороликтерді көре отырып, тәжірибенің қалай жасалатынымен танысады. Видеороликтерде тәжірибелік жұмыстың орындалу техникасы толықтай көрсетілген.

Химия пәнінен тәжірибелік жұмыстар жасау барлық мектепте қолжетімді бола бермейді. Арнайы зертханалық тәжірибе жасайтын кабинеттер қарастырылмаған. Жаңартылған бағдарлама бойынша мектеп оқулықтарына жаңа тақырыптар қосылып, тәжірибелік жаттығулар берілген. Мектепте өткен іс-тәжірибе барысында студенттер аналитикалық химия пәнінің оқу-зерттеу жұмыстары барысында дайындалған видеороликтер мен виртуалды зертханаларды тәжірибелік жұмыстарда жүргізуге қолданды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Тәжірибелер жүргізу арқылы оқушылардың химия пәніне қызығушылығын арттыру. Ж.Ә.Шоқыбаев, Қожағұлова Ж.Р., Қаражанова Д.А. Химия мектепте. №5 (95) . 176-179 б. Алматы, 2018.

ӘОЖ

## **ДӘРІЛІК ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫҢ САПАСЫН, ТИІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІН ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ.**

“Қазақстан тарихы және әлеуметтік қоғамдық пәндер” кафедрасы.

**Орынхан И.М.**, 2курс жалпы медицина факультеті, Шымкент қаласы, Қазақстан, iorynhan@gmail.com.

**Утегенов Б.Д.**, жетекші, аға оқытушы, Шымкент қаласы, Қазақстан, bakit@mail.ru.

Қазіргі кездегі денсаулық сақтау саласындағы дәрілік препараттардың қолданылуы пациенттердің өмірі сапасын көтеруге және көптеген ауру-сырқаулар кезіндегі өлім-жітімді төмендетуге мүмкіндік береді.

Жоғары биологиялық белсенділігі бар заманауи инновациялық дәрі-дәрмектік препараттарды клиникалық практикаға енгізу, халықтың химиялық және биологиялық белсенді заттарға деген өсе түскен сенсублизациясы препараттарды рациональды емес түрде пайдалану, полипрагмазия, медициналық қателіктер, фармацевтикалық нарықтағы дженериктердің ауқымды санының болуы фармакотерапия кезіндегі жағымсыз реакциялардың дженериктер дамуы қаупін жоғарылатты [1].

Қазіргі заманғы биотехнологиялық препараттар ашық көріністегі иммуногенділікке ие және әр алуан кері реакцияларды туындатады.

Қолда бар мәліметтер дженериктер ауруханаға жатқызудың жекелей себебі болатынын, қосымша терапияны талап ететінін және пациенттердің өлім-жітімінің себебі болып табылатынын көрсетеді.

Қазіргі кезде практикалық дәрілік құрал-жабдықтардың жоғары тиімді түрлерінің қолданылуы жағымсыз кері реакциялардың пайда болуына алып келеді. Жоғары тиімді жоғары емдік әлеуетінің қарама-қарсы жағы олардың қолданылуы кезіндегі пайда болатын кері әсерлер болып табылады. Сондықтан да дәрілік препараттардың қауіпсіздігі проблемасы барлық әлемде өзекті болып табылады. Дәрілік құралдардың жағымсыз кері әсерінен туындаған, денсаулықта болатын мәселелер кең таралған және шынайы мәселе болып табылады. Дәрілік препараттарды негізсіз тағайындау, оларды ауру-сырқауға жол беретін басқа да препараттармен өзара әрекеттестігінің ерекшеліктерін ескертетін қолдану асқынушылықтарға және тіпті өлім-жітімге де алып келуі мүмкін. Бұл COVID-19 пандемиясы кезінде өрескел қателіктерге де бой ұрғызғаны мәлім.

Әдебиеттік мәліметтерден нақтыланғаны дәрілік препараттардың қолданылуы кезіндегі асқынушылықтар (пневмония кезіндегі) [2,3]. Бүкіл әлемдегі пациенттердің өлім-жітімінің себептерінің алғашқы ондығына кірді. COVID-19 кезінде антибиотиктерді бақылаусыз түрде қолдану микроағзалардың қолданылған препаратқа деген тұрақтылығын туындатты. Бұл АҚШ-та және басқа да елдердегі дәрілік препараттардың жөнсіз қолданылуымен байланысты науқас үшін өлім-жітімнің дамуы қаупін ондаған есе жоғарылатты!

Соңғы жылдары барлық медициналық қауымдастықтың назары анельгетикалық құралдардың жүрек-қан тамырлары жүйесінің жағдайына жағымсыз, теріс

ықпал ету мәселесіне, яғни көтеретін препаратының операциядан кейінгі кезеңдегі қан кетушіліктің дамуына және оның қолданылуы кезіндегі кардиоваскулярлық асқынудың пайда болу қаупінің жоғарылауына мүмкін боларлық әсеріне ауған болатын[2.4].

Бірақта қазір осы жағымсыз әсерлердің өзі дәрігерлердің дозаларды сақтауы мен препараттарды қабылдаудың созылмалығын бақылау кезінде азаятынына жеткілікті дәлелдер бар[4].

Фармакоқадағалау туралы алғашқы түсінік 1961-жылы желтоқсанда маманданған медициналық lancef W.McBride басылымында дәрігердің басқа еңбегінде көрсетілді. Ол алғаш рет ұрықтың шынайы деформациясы мен жүктілік уақытында қолданылатын талидомид препараты арасындағы себептілік байланысын келтіреді[5].

1968-жылы дәрі-дәрмектерге деген жағымсыз реакциялар туралы әлемді хабарламаларды орталықтандыруға бағытталған ДДСҰ бағдарламасы қабылданды. Оның басты мақсаты-ерте мүмкін болатын сигналдарды анықтау болды. Осының салдарынан бұл бағдарлама бірқатар елдердегі жағымсыз реакцияларды тіркеу бойынша болатын фармакоқадағалаудың ұлттық орталықтарын құру мен ұйымдастыру есебінен айтарлықтай кеңейтілді. Бірақ COVID-19 туралы мәлімет ҚХР-да өз уақытында жалпылама жарияланбағандықтан да бұл пандемияға айналып кетті.

АҚШ-ДДСҰ-нан шығатынын мәлімдеді. Сонда да ДДСҰ препараттардың қауіпсіздігіне қатысты мәселелер бойынша эксперименттік қорытындыларды ұсынуда басты рөл алады.

“Фармакоқадағалау” терминін өткен ғасырдың 70-жылдардың ортасында “дәрілік құралдарды қолданумен төтенше байланысты кері әсерлер қауіпін бағалауға” мүмкіндік беретін іс-шараларды анықтау үшін француздық фармакологтар мен токсикологтар тобы ұсынды[6].

Фармакоқадағалау зияндылықтың үздіксіз және апатты әлеуетіне ие болатын дәрілік препараттардың ассортиментінің үздіксіз азаюы немесе ұлғаюы нәтижесінде болатын міндеттерді шешуде маңызды рөл алады. Бұл пандемияның Қазақстандағы пневмониялық түрінің көбеюі кезіндегі дәрі-дәрмектердің жеткіліксіздігі мәселесінде айқын көрініс берді.

Дәрі-дәрмек құралдарының қауіпсіздігі мониторингі медицинаның ғылыми-клиникалық үдемелі саласы болып табылып “дәрілік препараттардың қолданылуы кезіндегі кері реакциялар сирек туындайтын, дәрілік препараттардың үздіксіз ұлғаюының салдарынан пайда болатын міндеттерді шешуде үлкен рөл алады[1.4]. Бұл мониторинг клиникалық практика мен дәрі-дәрмектік құралдардың тұрақты бір бөлігі болуы тиіс.

Медициналық түрде қолдануға арналған дәрілік препараттардың қауіпсіздігі мониторингі клиникалық практиканың бір бөлігі және республика теориясында болатын дәрілік құралдардың болуы тиіс.

Айтарлықтай өлшемде медициналық-санитарлық көмектің сапасы фармакологиялық қадағалаудың қағидалары туралы клиникалық дәрігерлердің ақпараттануы дәрежесіне байланысты болады. Пациенттерге ұсынылатын

медициналық-санитарлық көмектің сапасын көтеру препараттардың қауіпсіздігі мәселесі бойынша маман дәрігерлерді дайындауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда дәрілік препараттардың қолданылуы үшін болатын фармакоқадағалауды медициналық және фармацевтикалық іс-әрекетті қадағалау мәселесі және “Дәрілік құралдардың, медициналық бағыттар мен медициналық техника өнімдерінің экспериментациясы ұлттық орталығы” республикалық мемлекеттің кәсіпорны іске асырады[7].

2011-жылдан бастап практик дәрігерлердің дәрілік препараттардың жағымсыз іс-әрекеттері мониторингінде бәсеке қалмауы үшін медициналық ұйымдардағы жағымсыз жағдайларды нақтылау бойынша жылдық статистикалық есеп беру жүргізіледі.

Бүгінгі күнде оның құрылымы жетілдірілген, бұл іс-әрекетті оңтайландыруға және қызметкерлерді кәсіби түрде жетілдіру мүмкіндігін кеңейтуге мүмкіндік береді және формулярлы жүйенің бөлігі ретінде дәрі препараттарын енгізу жүргізіледі.

#### **Әдебиеттер:**

1. Лешахова А.В., Лепяхин В.К., Бунятыян Н.Д., Переверзев А.П., Публикации коммунальный источник выявления неблагоприятных необычных реакций на лекарственные средства// Безотенъешь лекарств и фармаконадзор.-2008. №2. с.4-12
2. Лепяхан В.К., Романов Б.К., Торонова И.А., Анализ сообщений о нежелательных реакциях на лекарственные средства// ведомости НЦЭС МП-2012.-№1. с.22-25.
3. Хосева Е.Н., Морозова Т.Е., Ермеков Д.А., Ошорова С.Д. Вопросы контроля безопасности лекарственной терапии в широкой клинической практике: позиции пациентов и медрайонников.// Врач-асперант.-2013, №2.1(57)-с.203-212.
4. Машвеев А.В., Крашеннижимов А.Е., Егорова Е.П. Современный взгляд на эффективность и безопасность кошоноама// ЖЖ. Медицинское обозрение. 2018. №4. с.34-39
5. Mc BRIDE WG. 1961. Thalidomide and congenitae abnormalities, lancet. 278, 1358 10.1016/50140-6736/90927-8 [Cross Ref].
6. Begand B, Choslerie A., Haramburu F. 1994. Organization and results of drug vigilance in France. Rev Epidemiol Saute Publique. 42, 416-23 [PubMed].
7. Постановление Правительства Республики Казахстан от 2 октября 2002 года. №108/ САПП Республики Казахстан, 2002 г., №33, с.354.

УДК 535.345

## **ЕРІТІНДІДЕГІ ЕКІ КОМПОНЕНТТІ ҚОСПАНЫҢ ҚҰРАМЫН СПЕКТРОФОТОМЕТРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСІМЕН АНЫҚТАУ**

Әбутәліп А.Ә.–126-28 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Пазылбек С.А. –PhD., доцент м.а

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

*Резюме*

*Определяют оптическую плотность серии растворов перманганата калия при длинах волн 550 и 480 нм и дихромата калия при 480 нм.*

Молекулалық абсорбциялық фотометриялық талдау спектрофотометрияны, фотоколориметрияны және визуалды фотометрияны қамтиды. Фотоколориметриялық және спектрофотометриялық әдістерде сәулеленудің белгілі бір толқын ұзындығындағы жұтылуы ерітіндідегі зерттеліп талданатын заттың концентрациясының функциясы ретінде өлшенеді [1-3].

Боялған ерітінді қабаты арқылы өтетін монохроматикалық жарық ағынының қарқындылығының түсетін жарық ағынының қарқындылығына, боялған заттың концентрациясына және ерітінді қабатының қалыңдығына тәуелділігі жарықты жұтылуының негізгі заңы болып табылады, яғни фотометриялық талдау әдістерінің көпшілігінің негізінде жатқан Бугер-Ламберт-Бердің біріккен заңымен анықталатын болады [4]

$$I = I_0 * 10^{-kcl}$$

мұндағы  $k$  - табиғи заттың табиғатына, температураға, еріткішке және жарықтың толқын ұзындығына байланысты жарықтың жұтылу коэффициенті,  $c$  – ерітінді концентрациясы,  $l$ -жұтылу қабатының қалыңдығы болып саналады.

Жарық жұтудың негізгі заңы сақталған кезде  $d$  ерітіндісінің оптикалық тығыздығы жарық жұтудың молярлық коэффициентіне, жұтатын заттың концентрациясына және ерітінді қабатының қалыңдығына тура пропорционал болып табылады

$$D = \varepsilon_{\lambda} cl$$

Оптикалық тығыздықтың концентрацияға тәуелділігінің графикалық кескінінде (тұрақты  $l$  мәнімен) түзу сызық алынатын болады. Бұл түзу жарықтың еріткішпен жұтылуы мен жүйелік қателіктер болмаған координатаның бас нүктесі арқылы өтеді [5].

$I = I_0 * 10^{-\varepsilon_{\lambda} cl}$  және  $D = \varepsilon_{\lambda} cl$  теңдеулер монохроматты жарық үшін енгізілген, яғни белгілі бір толқын ұзындықтағы жарық болып саналады. Ол арнайы оптикалық құрылғылар болып саналатын монохроматордың көмегімен бөлініп алынады.

Кез-келген таңдалған толқын ұзындығы үшін аддитивті заңға сәйкес ерітіндінің жалпы жұтылуы былай өрнектеледі:

$$\sum D^{\lambda_i} = D^{\lambda_i}_{KMnO_4} + D^{\lambda_i}_{K_2Cr_2O_7}$$

Екі белгісіздікті есептеу үшін екі түрлі толқын ұзындығындағы ерітіндісінің жалпы оптикалық тығыздығын білдіретін екі теңдеу құру жеткілікті болады. Барынша қоспаның компоненттерінің жұтылу қабілеті әртүрлі болатын толқын ұзындығын таңда дұрыс болып есептеледі. Перманганат пен дихроматтың жұтылу спектрлері ішінара қабаттасады, сондықтан бірінші толқын ұзындығын  $\lambda_1 = 550$  нм таңдау керек, онда дихроматпен жарық жұтылмайды, ал екінші толқын ұзындығы  $\lambda_2 = 480$  нм, онда ерітіндінің екі компоненті де жарық жұтады. Онда теңдеулер жүйесі төмендегідей болады:

$$\lambda_1 = 550 \text{ нм кезінде: } \sum D^{\lambda_1} = D^{\lambda_1}_{KMnO_4} = \varepsilon^{\lambda_1}_{KMnO_4} C_{KMnO_4} l$$

$$\lambda_2 = 480 \text{ нм кезінде: } \sum D^{\lambda_2} = D^{\lambda_2}_{KMnO_4} = \varepsilon^{\lambda_2}_{KMnO_4} C_{KMnO_4} l + \varepsilon^{\lambda_2}_{K_2Cr_2O_7} C_{K_2Cr_2O_7} l$$

Бұл сызықтық теңдеулер жүйесін шешу үшін перманганаттың молярлық жұтылу коэффициенттері 550 және 480 нм, ал дихромат 480 нм, белгілі

концентрация компоненттерінің стандартты ерітінділерінің оптикалық тығыздығын өлшеу арқылы алдын-ала есептелінетін болады[6].

Калий дихроматы мен перманганатының құрамын анықтаудың екінші әдісі градуирлеу графигі арқылы жүзеге асады. Ол үшін 550 және 480 нм кезінде  $\text{KMnO}_4$  стандартты ерітінділер сериясының оптикалық тығыздығы және 480 нм кезінде  $\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7$  стандартты ерітінділер сериясының оптикалық тығыздығы анықталады. Алынған мәліметтерге сәйкес, перманганат пен дихроматтың стандартты ерітінділері үшін  $D - V_{\text{ст}}$  координаттарында градуирлеу графиктері сызылып тұрғызылады.

Ерітінділердің оптикалық тығыздығын өлшеу үшін қабаттың қалыңдығы  $l = 1,0$  см шыны кюветтері таңдалды. Кювет орнатқыш ұяшықтарына салыстыру ерітіндісі бар кювет (дистилденген су) және стандартты  $\text{KMnO}_4$ ,  $\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7$  ( $V_{\text{ст}} = 3,0; 6,0$  және  $9,0$  см<sup>3</sup>) ерітінділері бар 6 кювет рет-ретімен орнатылып,  $\lambda = 480$  нм мен  $\lambda = 550$  нм толқын ұзындықтары бойынша оптикалық тығыздығының мәндері алынып 1 деректер кестесіне енгізілді.

*а) Есептеу әдісі (молярлық коэффициент әдісі)*

$D_{\lambda} = \varepsilon_{\lambda} \cdot c \cdot l$  теңдеуі көмегімен екі стандартты ерітінділері, яғни перманганат пен дихроматтың ( $\varepsilon_{\lambda 1}(\text{KMnO}_4)$ ,  $\varepsilon_{\lambda 2}(\text{KMnO}_4)$ ,  $\varepsilon_{\lambda 1}(\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7)$ ) оптикалық тығыздығының өлшеу мәліметтері бойынша молярлық жұтылу коэффициенттерін есептеуге болады:

$$\varepsilon_{\lambda} = D_{\text{ст}} / C_{\text{ст}} \cdot l$$

Тиісті көлемдерге арналған стандартты ерітінділердегі перманганат пен дихромат (моль/дм<sup>3</sup>) концентрациялары мынадай теңдеу бойынша есептеледі:


$$C_{\text{ст}} = \frac{T \cdot V_{\text{ст}} \cdot 1000}{V_{\text{к}} \cdot M}, \text{ моль/дм}^3,$$

мұндағы  $T$ - калий перманганаты немесе дихроматының стандартты ерітінділерінің сәйкес келетін титрі (г/см<sup>3</sup>);  $V_{\text{ст}}$  – стандартты ерітінділердің көлемі, см<sup>3</sup>;  $M$  – тиісті компоненттердің молекулалық массасы, г/моль;  $V_{\text{к}}$  – фотометрлеуге арналған ерітінді дайындалатын өлшегіш колбаның көлемі (см<sup>3</sup>).

*Кесте 1. Ерітінділердің әртүрлі толқын ұзындығында өлшенген оптикалық тығыздық нәтижелері*

<b><math>\text{KMnO}_4</math> стандартты ерітінділері</b>			<b><math>\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7</math> стандартты ерітінділері</b>	
$V_{\text{ст}}, \text{см}^3$	480 нм	550 нм	$V_{\text{ст}}, \text{см}^3$	480 нм
3,0	0,0038	0,008	3,0	0,0035
6,0	0,023	0,054	6,0	0,0238
9,0	0,043	0,1	9,0	0,043
Х-Зерттелетін ерітінді	0,022	0,052	-	-

Әрі қарай, зерттелетін ерітіндідегі перманганат пен дихромат концентрациясын есептеулер жүргізіліп белгісіз концентрацияның  $C_{\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7} = (0,15 - 0,0177 \cdot 2,399 \cdot 1) / (0,0165 \cdot 1) = 0,1 / 0,0165 = 6,0$  екені анықталды.



2- сурет. Перманганат пен дихроматтың стандартты ерітінділерінің оптикалық тығыздығын өлшеу нәтижелері бойынша градуирлеу графиктері  
 б) Градуирлеу графиктерінің әдісі

Перманганат пен дихроматтың стандартты ерітінділерінің оптикалық тығыздығын өлшеу нәтижелері градуирлеу графиктері (2-сурет) бойынша перманганаттың ( $V_{\text{KMnO}_4}$ ) және дихроматтың ( $V_{\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7}$ ) стандартты ерітінділерінің зерттелетін ерітіндідегі құрамына сәйкес көлемі анықталып және компоненттердің массасы анықталды. Графиктен X ерітіндінің концентрациясының  $V_{\text{KMnO}_4} = V_{\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7} = 5,85 \text{ см}^3$  екенін көруге болады, енді ( $\text{KMnO}_4$ ) үшін  $T = 3,16 \cdot 10^{-4} \text{ г/см}^3$ , ( $\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7$ ) үшін  $T = 2,94 \cdot 10^{-3} \text{ г/см}^3$  болса, онда  $m_{\text{KMnO}_4} = 3,16 \cdot 10^{-4} \cdot 5,85 = 18,486 \cdot 10^{-4} \text{ г}$ ,  $m_{\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7} = 2,94 \cdot 10^{-3} \cdot 5,85 = 17,199 \cdot 10^{-3} \text{ г}$ .

Әдебиеттер

1. И.Я. Берштейн, Ю.Л. Каминский. Спектрофотометрический анализ в органической химии. Ленинград, «Химия», Ленинградское отделение, 2011.
2. З. Марченко. Фотометрическое определение элементов. Москва, «Мир», 2004.
3. Ю.С. Ляликов. Физико-химические методы анализа. Москва, «Химия», 1999.
4. У.Ф. Пиккернинг. Современная аналитическая химия. Москва, «Химия», 2014.
5. Г. Шарло. Методы аналитической химии. Москва, «Химия», 1997.
6. A. Ryer. Light measurement handbook. Newburyport, International Light, Inc., 2009

ӘОЖ 94 (575)

**ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ  
 ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР**

Тажигұл Г.М – 1602-19 тобының студенті

Орынбасар Балауса - Ө.Жәнібеков атындағы №19 жалпы орта білім беретін мектептің  
 7 сынып оқушысы

Ғылыми жетекшісі: Алдабергенова М.К доцент м.а. PhD

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

**Түйін**

Мақалада Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жайлы мәліметтер келтіріледі. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың мақсаты, барысы, салдары туралы деректер жинақталған. Сталиннің «астық майданын» ашуы мен ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың зардаптарын, ұжымдастырудың Қазақстанға әсері зерделенеді.

«Социалистік индустрияландырудың сталиндік жоспары» өзінің ауқымдылық сипатына орай өнеркәсіпке салынатын инвестиция көлемінің тепе-теңдігін халықтың тұрмыс деңгейі мен тұтыну және тіршілік сапасын айқындайтын саланы дамытуға жұмсалатын қаражатты қысқарту есебінен бұзып жіберді. Тек өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру саласын ғана ынталандырып, тұтыну бұйымдарын өндіруді естен шығару елде жаппай «тауарға деген мұқтаждықты» тудырды. Тұтыну тауарларына тапшылықтың әбден күшейіп тұрған жағдайында бюджеттің мүмкіндігі есептелмей жасалған «кұлаш-кұлаш» жоспарлар бағаның мүлдем шарықтап өсіп кетуіне әкеп соқтырды. БК(б)П ОК-нің 1928 жылғы шілдеде өткен пленумында сөйлеген сөзінде: «Кеше бізде не жөнінде айтыс болды? Бәрінен бұрын, қала мен ауыл арасындағы «қайшылық» туралы. Әңгіме шаруаның әлі де өнеркәсіп тауарларына бағаны артық төлейтіні және ауыл шаруашылығы өнімдерінен пайданы аз алатыны туралы болды. Әңгіме осы өнеркәсіп тауарларына төленетін артық төлемақы мен шаруаның өз өнімінен пайданы аз алуды, шаруа шаруашылығына салынатын шектен тыс салықты, былайша айтқанда, индустрияландыру пайдасына жұмсалатын «сыйды» міндетті түрде құртуға тиіспіз, алайда бүкіл еліміз үшін жұмыс істейтін индустриямызды, халық шаруашылығымызды социализмге сүйрейтін индустриямызды ақсатпайық десек, біз құрта алмайтын қосымша күн салығы туралы болды». Одан әрі ол кекесінмен былай деді: «Қайсыбіреулерге бұл ұнамады. Несі бар. Бұл әркімнің қалауына байланысты... Әрине, «шектен тыс салық», «қосымша салық» — жағымсыз сөздер, жүйкеге де қатты әсер етеді. Бірақ, мәселе, біріншіден, сөзде емес. Екіншіден, сөз шындыққа толық сай келеді».

Аталған себептер жинақтала келгенде 1927/28 жылдардағы астық дайындау дағдарысын тудырды. Бұл жағдай кеңестік тарихнамада «ауқатты және контрреволюциялық элементтердің пролетариат диктатурасын аштықпен тұншықтырғысы келген әрекеті, кулактардың астық ереуілі» ретінде біржақты бағаланды. Алайда, егер бұрынғы идеологиялық дағдының және қасаң таптық көзқарастың шырмауында қалмасақ, мұны басқаша, яғни ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің мемлекеттің күштеу саясатына, олардың тағы да бір «әскери-коммунистік» шараларының объектісі болуын қаламайтын балама, экономикалық өзіндік әрекеті ретінде қарастырған жөн.

Сталиннің өзі Сібірде «астық майданын» ашты, онда ол үш аптадай дерлік уақыт болды (1928 жылғы қаңтар-ақпан). Новосибирск, Барнаулдың, Рубцовск және Омбының (шамасы Қазақстанның Батыс Сібірмен шектес округтерінің партиялық басшылық өкілдері де қатысқан болуы керек) партия белсенділерін қатаң сынға ала отырып, ол ең қатал шаралар қолдануды талап етті, оның көпшілігіне осы кезге дейін де тең келері жоқ. Астық дайындау дағдарысының терендеу барысында ол бап өзінің қолданылу тұрғысынан алғанда елеулі түрде түзетілді және 1928 жылғы қаңтардан бастап ең алдымен астық өсірушілерге, «артық астығын мемлекеттік баға бойынша тапсырудан бас тартқандарға және алыпсатарларға қарсы» қолданылды. Осы «басты нәтижелердің» сыртында РКФСР КК-нің жаппай тұтқындау мен түрмеге қамаумен тұншыққан ауылдар,



адамды айуандықпен қанау мен жүгенсіздіктер кеңестік жүйеге қарсы шыққандар мен әкімшілік террорды сынап-мінеуге батылы барғандарға қатысты қолданылатын қанқұйлы 58-10-бабы тұрды.

Сөйтіп, 20-шы жылдардың аяқ шенінде бүкіл елдегі сияқты Қазақстанда да колхоздастыру науқаны басталды. Бұл шараның іске асырылуына шаруалардың тілегі мен ықыласы себеп болған жоқ, ол жоғарыдан берілген әмір, нұсқаулар негізінде жүргізілді. Қазақстанда колхоздастыруды 1932 жылдың көктеміне қарай аяқтау белгіленді. Шаруаларды күштеп ұжымдастырудың арқасында республикада колхоздар саны қауырт өсіп 1927 жылы 1072 болса, 1928 жылы - 2354, ал 1929 жылы - 4876-ға жетті. Бұлар колхоздастыру саясатын жүргізудегі жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін құрылған жасанды шаруашылықтар еді. Оларды құру барысында небір сұмдық зорлыққа, күштеуге жол берілді. Ол тұста қабылданған бірнеше қаулы-қарарлардың заңдылығын тексеру барысында Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Төралқа комиссиясының 1992 жылғы желтоқсанындағы қорытындылары жарияланды. Онда келтірілген деректер мен мағлұматтар колхоздастырудың қандай әдістермен жүргізілгені жөнінде толық түсінік береді. Бұл жағдай ауыл шаруашылығына қасіретті зардабын тигізді. Селодағы саясаттың ең басты шарты - әміршіл-әкімшіл террорға сүйенген экономикалық емес жарлықтар, шаруалар қауымын кооперациялау идеясын жаманатты қылып қоймай, оның пайдалы жақтарын да құртып жіберді. Ұлы бетбұрыс селолық құрылымдарды қатігез қаталдықпен аяусыз қиратып, қоғамның болашақта туатын проблемаларын біртіндеп әзірлей бастады. Колхоздастыру осындай ауыр жағдайда басталды да, оны басқару әкімшілік, зорлық, күштеу әдістерімен жүргізілді. Егер 1928 жылы Қазақстанда колхозға барлық шаруашылықтардың екі пайызы ғана кірсе, 1931 жылдың күзінде шаруаларды 70-тен 100 пайызға дейін колхоздастырған аудандардың саны 78-ге жетті. Бұл тұста өлкеде 122 аудан болатын. Шаруаларды ұжымдастыру кезінде ауыл-селоларда байкулактарды тап ретінде жою шаралары іске асырылды. Жергілікті орындарға жеткізілген нұсқау бойынша жойы-луға тиісті бай-кулак шаңырақтары барлық шаруашылықтың жалпы санының 3-5 пайызынан аспауы керек деп ескертілді. Бірақ, осыған қарамастан әміршіл-әкімшіл жүйенің асыра сілтеу әрекетімен тәркіге салынғандар саны кез келген жерде ең жоғарғы көрсеткішке жеткізілді. Нәтижесінде тек 1930-1931 жж. республикадан тыс жерге бай-кулак деп "жер аударылып" жіберілген шаруалар саны 6765 адамға жетті. Ондаған мың шаруалар тұрған округтерінен республика ішінде басқа жерлерге көшірілді. Ұжымдастыру мен отырықшыландыруды жүргізу үшін Қазақстан өлкелік партия комитеті жергілікті белсенділермен бірге кәсіпорындардан сегіз мың жұмысшыны тартты. Қорыта айтқанда, ашаршылықтан және онымен байланысты туған эпидемиялардың салдарынан, сондай-ақ өлім-жітімнің көп болуы, халықтың басқа республикаларға, Қытайға, Иранға, Монғолияға т.б. елдерге ауа көшуі нәтижесінде Қазақстан бірнеше миллиондаған адамдарынан айырылды. Қазақстанда жіберілген орны толмас қателіктер мен бұрмалаушылықтарды Мәскеудегі орталық аппарат жергілікті

басқару органдары айыпты деп, барлық бәлені соларға жапты. Әсіресе, күштеп ұжымдастыру мен қазақ көшпелі шаруашылықтарын еріксіз отырықшыландыру мәселелеріне айырықша назар аударылды. Бірақ, мұндай алғашқы қол жеткен табыстар орасан бүліншілікке ұшыраған республика өмірінің қоғамдық және экономикалық негіздерін қалпына келтіре алмады. Ұлы Отан соғысына дейін Қазақстаннан тыс ауа көшкен жүз мыңдаған қазақтар қайтып оралмады, өлкеде қырылған малдың орны толмады.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 752 бет, суретті, карталы. ISBN 978-601-282-055-3, т. 4 ISBN 978-601-282-026-3

2. Сельское хозяйство Союза ССР в 1926/27 ж. по данным налоговых сводок по единому сельхозналогу. М., 1928, 7-6.

3. Коллективизация сельского хозяйства Казахстана (1926-1941). Алма-Ата, 1967, ч. 1-2

4. 4. Талдыбаев Ж. Күшпен ұжымдастыру кесапаты 3 миллион қазақты жалмады. // Алматы Ақшамы. 1998. 29 мамыр.

ӘОЖ 372. 854

### **ТОТЫҒУ-ТОТЫҚСЫЗДАНУ ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ**

**Эрметова З. Ш., Ходжанова К. К.** – 1507-10а тобының студенттері

**Ғылыми жетекші: Мәдібекова Ғ.** – х.ғ.к, профессор м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

#### *Резюме*

*В статье рассмотрена методика применения интерактивных методов при изучении окислительно-восстановительных реакций.*

Соңғы жылдары оқыту үрдісіне жаңа әдіс-тәсілдер мен жаттығулар, рефлексия мен кері байланыс, тренингтер мен ойсергектер, ойын түрінде ұйымдастырылған тәсілдер енгізілуде.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы басты міндеттерінің бірі – білім алушыларға бағыт-бағдар беру. Білім беру орталықтарында оқыту үрдісін жақсартуға арналған жаңа технологиялар енгізілуде. Жаңа инновациялық әдіс тәсілдердің мақсаты оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге бағыттайды.

Химия-биология білім беру бағдарламасына сәйкес 2 курс студенттеріне Аналитикалық химия пәнінен «Тотығу-тотықсыздану реакциялары» тақырыбына арналған семинар сабақ өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты – тотығу-тотықсыздану реакцияларын толық меңгеріп, иондарды анықтау тәсілдерін талдауда оқытудың әртүрлі әдістемелерін қолдану.

Сабақ барысында алдымен студенттер топқа бөлініп, сабақ презентация және бейнероликтер [1] арқылы түсіндірілді. INSERT- әдісі «Түртіп алу жүйесі» және «Тілші» әдісі арқылы тақырып толық талқыланып, студенттер өзара пікір алмасу арқылы бір-бірін толықтырды. Одан әрі тақырыпты тереңірек түсініп әрі сабақты қызықты өткізу мақсатында сәйкестендіру,

артықты тап, puzzle ойындары ойнатылды. Тақырып бойынша есептер шығарылып, Kahoot программасы арқылы оқушыларға тест сұрақтары берілді. Сабақ соңында кері байланыс мақсатында “Бағдаршам” әдісі қолданылды.

*Кесте 1.* Оқытудың кейбір тәсілдерін қолданғанда мәліметтің 24 сағат ішінде есте сақталуы [2].

Тәсілдер	Есте сақталу мөлшері
Лекция	5%
Оқу (мәтін, кітапты оқу)	10%
Аудио- және видео құралдарды қолдану	15%
Көрсету ( <i>көрнекіліктер</i> )	30%
Пікірталас	50%
Практикалық іс-әрекеттер	75%
Үйренген білімді дереу қолдану, басқаларды үйрету	90%

Сабақты жүргізу барысында бірнеше әдістер қолданылды.

INSERT- әдісі «Түртіп алу жүйесі» - мәтінмен жұмыс кезінде қолданылады. Бұл әдісті пайдалану үшін мәтіннің талдануға ыңғайлы, білім алушының түсінігіне лайық, жете меңгере алатындай бірнеше мәліметтері болуы керек. Оқушы мәтінді оқу кезінде бірнеше белгілер қойып отырады. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады. Кесте толтырылады.


«!» - білемін

«-» - келіспеймін


«+» - мен үшін жаңа

«?» - таң қалдым, сұрақ туды

Оқып, белгілеп болғаннан кейін оқушы жеке отырып кестені мәліметтермен жоғарыдағы үлгі бойынша толтырады. Артынан жұппен, топпен талқылау өткізіледі.



а)



ә)



б)



в)

1-сурет. а) «Кезбе тілші» әдісі арқылы түсіндірмелі жұмыс; ә) «Сәйкестендіру» әдісі арқылы мәліметтерді есте сақтай алу көрсеткіші; б) «Артық сөзді тап» әдісі арқылы термин сөзді меңгеру ойын тәсілі; в) тақырыптық сөздік қорды арттыру мақсатындағы «Puzzle» ойын тәсілі.

Тақырып қорытындыланып, INSERT әдісінде жүйеленген сұрақ және туындаған мәселелер 1-а) суретіндегі «Кезбе тілші» әдісі арқылы қайта түсіндіріледі, білім алушы өз жауабын табады. Шарты: топ мүшелері 5 рөлге бөлінеді: көшбасшы, уақыт сақшысы, бақылаушы, хатшы, баяндамашы. Әр топ басшысы хаттардың біреуін таңдайды. Әр хатта оқытудағы жаңа әдіс - тәсілдер түсіндірмесімен берілген. Берілген мәтінді топта талқылап алған соң баяндамашы келесі топтарға, хаттың мәтінін постер арқылы баяндап береді. Мақсаты: студенттер бір-бірін тыңдауға, топпен жұмыс істей білуге, дағдыландыру.

Демалу ойындары әрі сабақта шаршаған кезде, әрі сабақты ойын арқылы шыңдау. Мысалы, сәйкестендіру; артықты тап ойындары; puzzle ойындары.

1-ә) суретіндегі «Сәйкестендіру» әдісі. Топтарға жаңа тақырыпты толық меңгерту мақсатында сәйкестендіру әдісін пайдалану арқылы тапсырмалар беріледі. Бұл әрі қызықты, әрі негізгі мәліметтерді есте сақтауға көмектеседі.

1-б) суретіндегі «Артық сөзді тап» әдісі [3]. Мұғалім оқушыларға бір қатар сөздер береді. Ойынның басты шарты – әр қатарда бір артық сөзді табу. Бұл ойынның тиімділігі-оқушылардың сабақты қаншалықты жақсы меңгергендігін, сабаққа қатысты термин сөздерді естерінде сақтап, дұрыс қолдана алуларын көрсетеді.

1-в) суретіндегі «Puzzle» ойын тәсілі. Бұл ойында білім алушы вертикаль және горизонталь бағытынан әріптер арқылы термин сөздерді табады. Ал бұл ойынның тиімділігі білім алушының жан-жақты ізденісін, сөздік қорын көрсетеді.

Рефлексия – «Бағдаршам» әдісі [4].

- ✚ Жасыл – мақсатқа қол жеткізілді, сенімді алға жүреді.
- ✚ Сары – біршама алға жылжу бар, кейбір мәселелер бойынша табысқа қол жеткізілді, алайда сенімсіздік бар, кеңес, көмек сұрайды.
- ✚ Қызыл – жетістікке қол жеткізбеді, абыржуда, сондықтан ол туралы мұғалімге мәлімдейді.



2-сурет. «Бағдаршам» әдісі арқылы кері байланыс жасау үлгісі.

Әлемдік ғаламдану процесінің жеделдеуімен байланысты егеменді еліміздің білім беру жүйесін модернизациялау бағытында ауқымды іс-шаралар жүргізіле бастады. Заман өзгерісіне қарай мектептерге қойылатын талап та ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс-тәсілдері де өзгерді. Сабақ жаңа технологияларды және тақырыпты жан-жақты ашуға көмектесетін түрлі әдістерді қолдана отырып өтілді. Сабақтың мақсаты білім алушыларға дұрыс бағыт бағдар беру болды. Өтілген материалдар практика жүзінде қолданылды.

#### Әдебиеттер:

1. <https://youtu.be/Se3F0RH0tvQ>
2. А. Маслоудың идеялары бойынша Н.Сандерстің кестесі
3. <https://multiurok.ru/files/artyg-yn-tap-didaktikalyk-oiyny.html>
4. <https://melimde.com/saba-tairibi-aupsizdik-erejesiisa-ashitia-jgiru-ou-masattari.html?page=56>

ӘОЖ 581.5(574)

### СЕКСЕУІЛ ТУЫСЫНЫҢ БИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.Ж. Әбдіжаппар С-МІҚ-9.02-21 тобының студенті

Ғылыми жетекші: З.С. Әбіш -х.ғ.м.

ОҚМА АҚ жанындағы медициналық колледжі

*Резюме*

*В статье приведены данные о биоэкологическое особенности рода саксаула в пустынных зонах Казахстана и их значение*

Бүгінгі күнге Қазақстан бойынша сексеуіл орман қорының көлемі 5,4 млн. Га болып отыр. Кейінгі 10 жылда сексеуіл екпе ағаштарының жалпы ауданы 591,2 мың гектарға көбейді.

Сексеуіл туысы өсімдіктер систематикасында жоғарғы сатыдағы, жабық тұқымдылар бөліміне кіретін қос жарнақтылар класы- алабұта (Chenopodiaceae) тұқымдастарға жатады.

Қазақстан жерінде сексеуіл барлық шөл және шөлейт далаларда өсіп, Қытайға дейін барады, Каспий теңізіне дейін барады. Солтүстікке қарай 49° бойлықта жатыр. Ол, Қызылқұм, Мойынқұм, Сары-Ишик-отырауға созылған, және Іле жағалауының құмдарында өседі. Аралда, Қарақұмда, Хоргас өзенінің жағалауындағы құмдарда кездеседі. Сексеуіл ықауымдастығы Бетпақдалада

кездеседі, Маңғыстауда, Зайсан бөгетінде және Шығыс Балқаш маңайында өседі.

Қоршаған ортаны қорғау проблемалары жыл сайын үдеп келе жатқаны бәрімізге белгілі. Елімізде соңғы жылдары табиғи ландшафтарды жүйесіз пайдалану етек алып отыр, сөйтіп жазық далалы, шөлді және таулы алқаптардың өсімдік байлығы жүдеп, тоза бастауда. Антропогендік факторлардың нәтижесінде бүгінгі таңда өсімдіктердің көпшілік түрлеріне жойылып кету қаупі төнуде. Сондықтан табиғи флораның нәсілдік қорын, алуан түрлілігін сақтап қалу - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мәселені шешу үшін жекелеген аймақтардың флорасын және жекелеген түрлерін, туыстарын, тұқымдастарын түгелдей зерттеу қажеттілігі өзінен-өзі түсінікті. Солардың қатарына Алабұта тұқымдастарының флорасын жатқызуға болады. Қазақстан жері қаншылықты ұланғайыр болса, оның қойнауындағы табиғи байлық та соншалықты мол, әрі алуан түрлі. Ұлан байтақ өлкенің қысы Сібірдің қақаған аязындай бет қарыса, жазы орта Азияның аптап ыстығындай ми қайнатады. Жер бедері бірде тайгаға ұқсаса, бірде шөлге ауысады. Қазақстандағы табиғи жайылымды қайта өңдеудің ең бір тиімді тәсілі - шөлейт жерлерге ыстыққа және шөлге төзімді, азықтық және ауылшаруашылыққа пайдалы әрі экологиялық түрлі факторларға тиімді өсімдік түрін енгізу болып табылады. Ондай өсімдікке ағаш тектес сексеуіл жатады.

Сексеуіл туысы - бұтақ тектес немесе ағаш тектес өсімдік. Биіктігі - 12 метрге дейін 100 жетеді. Азияның шөл және шөлейт далаларында сексеуілдің 10 шақты түрі кездеседі, 60-100 жылға дейін өмір сүреді. Сексеуілді ғалым Пондер *Salsola* деп атады, ал Лихтенштейн өзінің әріптесі Эверсман мырзаға саяхатқа барған жазбаларында *Tamarix* тегіне жатқызады. Сыртқы көрінісі жимолостқа ұқсайды, бірақ үлкен және жұмсақ ине тәрізді жапырағы бар.

Дәмі қышқылтым, ағаштың сыртқы қабаты сары-сұр болып келеді, ағаштың өзі өте мықты болады, морт сынады, отқа жақсы жанады, қызуы өте жоғары болып ұнамды иіс шығарады. Сексеуіл туысы құмды жерлерде бұтақ болады да, саздақта ағаш тектес болады. Оңтүстік өңірде сексеуіл өсімдігі құмды тоқтатуға қолданылады. Қазақстан аумағында кездесетін сексеуілдің үш түріне сипаттама:

Қара сексеуіл (*Haloxylon aphyllum* Iljin) - ірі бұтақты өсімдік, кейде оның биіктігі 7 метрге дейін жетеді және бұтақтары молынан жайылған болады. Орта Азияның шөл далаларында өседі. Құмдақ және саздақ сұр топырақта өткізгіштік қабілеті тереңдегі суларды сіңіріп алуына жәрдемдеседі (5-30м. тереңдіктен). Тақыр және тақыртектес сұр топырақтарда да кездеседі, бұл жерде бұтақтары аздау болады. Қара сексеуіл өзінің азықтық өнімділігінің арқасында, жайылымды қорғау үшін егілгенде жайылымдағы өсімдіктердің тамыр жүйелеріне жақсы әсер береді. Бұл сексеуілдің бұтақтарын түйелер ақ сексеуілдікіне қарағанда жақсы жейді, себебі азықтық қоры мол болады.

Қара сексеуілдің басқа өсімдіктен айырмашылығы, дінінің көлденең кесіндісі арқылы оның жасын анықтауға болмайды, себебі бір жылдың ішінде бірнеше сақина пайда болады (5 тен де көп), оларды жылдық сақина деп атауға

болмайды. Бұл айырмашылықты ғалым былайша түсіндіреді: сексеуіл дінгегінің майда тамыр талшықтарының өсу шамасы шектеулі болады да оларда әдеттегі камбий болмайды. Сексеуіл дінгегінің жуандауы бірнеше камбийлердің арқасында жүзеге асады. Олардың әрқайсысы сабақтың алғашқы құрылысы тәріздес ерекше аймақтар түзеді. Сексеуіл ағашы ирек, қисық болып келеді, серпімді емес, өте қатты болады. Сексеуіл ағашын шаппайды, сындырады. Қара сексеуіл құрылыс жұмысына жарамсыз болады, оны тек отын ретінде пайдалануға болады. Қара сексеуілдің құрғақ түрінің жылуы 4642 кал. Құрғақ сексеуіл қоры 50 т/га, болып жекеше экзemplярлар 0,5т. дейін жетеді. Қара сексеуілдің вегетациялық мерзімінің басталуы ауа райының климаттық жағдайына байланысты болады. Көктем ақпанның аяғында басталады, наурыздың бас кезінде вегетация басталады. Түйнек бүршіктерінің пайда болуы наурыз-сәуірде байқалады. Гүлдеу мерзімі сәуірде басталып 12-15 күнге созылып, айдың аяғында бітеді. Толық гүлдеген кезде ағаштың түрі, аталықтардың көбеюінен сарғыш түске енеді. Гүлдеп болғаннан соң ағаштың өсу органдарының қарқынды өсуі басталады, ассимиляциялық бұтақтардың өсуі және жалғайтын бұтақтардың жетілуі байқалады. Мамыр айында көп жылдық сабақтары өсуін бастайды. Жаздың ыстығында климаттық қаталдығына байланысты вегетативтік бұтақтарының көп мөлшерде мүшелерін жоғалтады. Жаз мезгілінде генеративтік сабақтарында айта қаларлықтан өзгерістер байқалмайды, тамыз айының 2-жартысынан бастап, бес қанатшадан тұратын тұқымның айналасы пайда бола бастайды. Тұқымдар қазан айының ортасында жетіледі. Сексеуілдің вегетациялық мерзімі қараша айының аяғы мен желтоқсанның бас кезінде аяқталады. Ол кезде сексеуілге суық ауа-райы әсер етеді. Бұл уақытта бір жылдық бұтақтар түсіп қалады. Қара сексеуілдің вегетациялық мерзімі 250-290 күнге созылады.

Ақ сексеуіл - (*Haloxylon persicum* Bunge ex Boiss) - бойы 1,5-2,5 метрге келетін, кейде 5 метрге дейін жететін ірі бұтақты өсімдік, шөл далада өседі. Жапырақтарында аздаған қабыршақтар болады. Көк өскін сабақтары азықтық болып саналады. Түйелер үшін жыл бойына тамаша азық болып табылады. Түйелер сексеуілдің 3 метрге дейінгі жерлеріндегі көк сабақтарын жей отырып өздеріне 12кг. азықтық қор жинайды. Қойлар үшін жерге түсіп қалған бұтақтары азық болады. Сексеуілдің құнарлығы жоғары; 100 кг. құрғақ азықта 52,3 азықтық бірлігінде 3,7 кг. қорытылатын ақуыз болады.

Зайсан сексеуілі - (*Holoxylon Ammodendron* Bge) - ағаш тектес, құмдар мен тұзды- 5-8, сорларда өеді. Түркістан аймағында, Зайсаннан Персияға дейінгі жерлерде өседі. Манғолияда да кездеседі. Дінгегі бұтақтардан тұрады, өте күшті, жайылып кеткен, бойы 5-8, кейде 10 метрге дейін жетеді. Гүлдері майда, көзге көрінбейді, қабыршақтардың үстіне орналасқан, олар бес бос жапырақтардан тұрады, гүл айналасынан және бес аталықтан бір аналықтан және 2-5 тілшеден тұрады. Сексеуілдің ағашы өте қатты болғанымен өте нәзік болады да тек отынға ғана жарайды. Сондықтан жергілікті жердегі түземдіктер үшін өте қажетті өсімдік. Бұларға қосымша сексеуілдің бұл аймаққа да қажеттігі зор, қалың орман болып өскен сексеуілдер құмды біріктіріп ұстап

тұрады. Сексеуілді отын ретінде көп пайдалану қажеттігінің артуы кейінгі кездерде майда құм шағылдардың сырғып оазистерді басып қалуына әкелуде. Сексеуіл өте жәй өсетін өсімдік, сондықтан шабылған сексеуілдің қайта көктеуі үлкен шаруа. Қазақстанда - Зайсан көлінің шығысында және Торайғыр тауының етегіндегі құмдақ және тастақ жерлерде өседі. Ауғанстанда, Персияда, Солтүстік тау Африкада және Испанияда сексеуілдің басқа түрлері өседі. Сонымен, сексеуіл бұтақты ағаштардың ішіндегі ең пайдалы түрі болып табылады. Жайылым қорғауға, құм тоқтатуға және жоғарғы түсімді көп жылдық жайылым жасауға өте тиімді.

Бүгінгі таңда сексеуіл орман қорының көлемі кейінгі 10 жылда сексеуіл екпе ағаштарының жалпы ауданы 591,2 мың гектарға көбейді. Бұл негізінен сексеуіл ормандары аумағында ағашы кесілген жерлерде сексеуілдің табиғи ұрықтануына көмектесу шаралары мен табиғи өздігінен жетілу барысына тұрақты тексеру, бақылау жұмыстарын жолға қойғандықтан болса, ормандану дәрежесін төмендеуіне жол бермеу мақсатында орман қоры жерлерінде сексеуіл тұқымдарын себу арқылы оның көлемін арттыру іске асады. Сексеуіл ормандарының молаюына Қазақстан Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі «Сексеуіл ормандарын сақтау туралы» қаулысы да әсер етуде, қаулы бойынша 1999-2000 жылдары сексеуіл ормандарын кесуге тыйым салынған.

Біздің зерттеулерімізде қара сексеуіл өсімдігінің азықтық және мәдени өсімдік ретіндегі басқа өсімдіктермен салыстырған кездегі ерекшеліктері көрсетіледі. Қара сексеуіл – бұл өсімдік ғасырдың басынан бастап - ақ құм тоқтату үшін темір жолдардың жағасына егілген және Орта Азия мен Қазақстанның ормандарына егіліп, кеңінен пайдаланылған. Жайылымды қорғап тұрады және экологиялық жағдайды өзгертеді, азықтық қорды сақтауға әсер етеді және табиғи ландшафты өзгертеді.

#### **Әдебиеттер**

1. Қоршаған ортаны қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңы. 1997 жылғы 15 шілдедегі № 160. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 1997ж. б 17-18.
2. Әметов Ә.Ә Ботаника. Алматы; Дәуір. 2005. 402 б
3. Аралбаев Н.К. Влияние антропогенного фактора на растительный покров Южного Казахстана. Государственный кадастр растений Южно-Казахстанской области. Государственный кадастр растений Южно- Казахстанской области. - Изд. Гылым, Алматы, 2002. -14 с.
4. Курочкина Л.Я. Растительность песчаных пустынь Казахстана. В кн.: Растительный покров Казахстана, Т.1. Алма-Ата, 1966, с. 191



## **СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП «АРОМАТТЫ КӨМІРСУТЕК БЕНЗОЛ» ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУ**

**Сапарбек Т. – 1507-19а тобының студенті**

**Ғылыми жетекші: Битемирова А.Е. – х.ғ.к., доцент**

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент**

### **Резюме:**

*В статье рассматривается одна из современных технологий содержания образования для повышения качества знаний учащихся за счет внедрения приемов критического мышления на уроках химии. Модель бензола предлагает способы использования методов критического мышления в химии.*

Мақаланың өзектілігі: Жалпы білім беретін мектеп әмбебап білімнің, іскерліктің, дағдылардың тұтас жүйесін, сондай-ақ білім алушылардың өзіндік қызметі мен жеке жауапкершілігінің тәжірибесін, яғни білім беру мазмұнының қазіргі заманғы сапасын айқындайтын түйінді құзыреттерді қалыптастыруы тиіс. Осы құзыреттіліктерді дамытуға мүмкіндік беретін білім беру саласындағы ең қызықты заманауи технологиялардың бірі - сыни ойлауды дамыту технологиясы. Ақыл-ойдың сыншылығы-бұл адамның өзінің және басқа адамдардың ойларын объективті бағалау, алға қойылған барлық ережелер мен қорытындыларды мұқият және жан-жақты тексеру қабілеті. Зерттеу нысаны химия сабағындағы оқу-тәрбие үдерісі болып табылады, ал зерттеу пәні: Ароматты көмірсутектер тақырыбындағы химия сабақтарында оқушылардың сыни ойлауын, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру және білім беру сапасын арттыру құралы ретінде.

Мақсатымыз сыни тұрғыдан ойлау технологиясын зерттеу, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру және білім беру сапасын арттыру құралы ретінде оқушылардың ойлау қабілетін дамыту (химия пәнін оқыту мысалында).

Іздену барысында 10А сыныбына сыни тұрғыдан ойлау әдістерін пайдаланып, ал 10Ә сыныбына дәстүрлі оқыту әдісін пайдаланып сабақ өтілді. 10А сыныбында жаңа сабақты топқа бөлу арқылы тақырыпты ашуға тырыстық. 3 топқа Бензол қатарының көмірсутектерінің формуласы жазылған таратпа қағаздар арқылы бөлеміз:

1. Бензол
2. Кумол
3. Толуол

«Ароматты көмірсутек - Бензол» тақырыбын түсіндіруден бастаймыз. Интерактивті тақтадан презентация көрсетіп, демонстрация ретінде бензол сақинасының макетін көрсету арқылы оқушылардың назарын сабаққа аударамыз.

Берілген материалды есте сақтау мақсатында «Елші» әдісін пайдаланып, оқушылардың білімін кеңейтуге болады.

«Елші» әдісі – үш топқа 3 түрлі мәтін беріледі. Әр топтан бір елші шығып, келесі топқа өз мәтінің түсіндіреді. Осылайша 3 топта барлық мәтінмен толық танысып шығады.

- 1) Ароматты көмірсутектердің номенклатурасы мен изомериясы
- 2) Ароматты көмірсутектердің химиялық қасиеттері

3) Ароматты көмірсутектердің физикалық қасиеттері мен қолданылуы

Келесі әдіс «Кубизм» деп аталады. Кубиктің көмегімен төмендегі тапсырламаларды бөлу:

Суретте	қандай?
Салыстыр	неге ұқсас, неге ұқсамайды?
Байланыстыр	бұл туралы ойлағаныңызды көзге елестетіңіз
Таңда	Неден жасалған? Неден тұрады? Не үшін?
Қолдан	бұнымен не жасауға болады?
Дәлелде	«ия», «жоқ» деп оған дәлел келтіру

Әр топ кубик бойынша Бензол және оның гомологтары тақырыбында жұмыс жасайды, тақырыпқа сәйкес әр оқушының жеке жауабы тыңдалады. Жазған мәліметтерін топта талқылайды, топтың атынан ортақ жауап дайындайды.

Сергіту сәті ретінде оқушыларға «Эксперименттер айдары» әдісі арқылы алкадиендер мен бензолға сапалық реакция жасап көрсетеміз. Ол үшін калий перманганаты мен бром суын алып 1 және 2 пробиркада тұрған алкадиендерге тамызып, 3 және 4 номерленген пробиркаға бензолды және оған дәл осылай калий перманганатын және бром суын тамызамыз. Эксперимент аяқталғаннан кейін оқушыларға проблемалық сұрақ қоямыз. «Не себепті алкадиендер мен бензол екі түрлі реакция берді?»

Оқушылардың жауабы тыңдалады.

Сабақты бекіту мақсатында оқушыларға «Quiz» ойынын ойнатамыз. Алынған білімнің қаншалықты деңгейде түсінгендерін анықтаймыз.

Рефлексия ретінде «СМС» әдісін алып, сабақтан не түсінгенің, түсіне алмағаның және не түсінгісі келетінің смс арқылы жазады.

Үй тапсырмасына Синквейн әдісімен кластер құрастыру беріледі.

Мысалы:


1. Көмірсутектер.
2. Ациклді, қаныққан.
3. Күйеді, галогенденеді, нитрленеді.
4. Отын және еріткіш ретінде қолданылады.
5. Алкан.

10 Ә сыныбында жаңа сабақты мұғалімнің баяндамасынан бастаймыз. Әрі қарай оқушылармен пікіралмасып, бекіту мақсатында оқушыларға сұрақтар қойылды.

Екі сыныптың тақырыпты қаншалықты түсінгенің анықтау үшін тест алынды. Қорытындысы келесідей болды:

	10 А	10 Ә
100-89%	9	3
88-63%	15	7

63-50%	3	17
49-0%	-	-



**Қорытынды:** сыни тұрғыдан ойлау-бұл жаңа сұрақтар қою, әртүрлі дәлелдер жасау, тәуелсіз ойластырылған шешімдер қабылдау мүмкіндігі.

Ақпаратпен жақсы жұмыс істеу үшін оқушылар практикалық ойлау дағдыларын игеруі керек. Бұл оларға идеялар негізінде ақпаратты тиімді сұрыптауға мүмкіндік береді, таңдалған ақпарат идеяларды түзетуге әкеледі және оларды практикалық формаларына айналдыруға болады.

Бұл кезеңнің мақсаты - бірнеше маңызды танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыру. Біріншіден, оқушыны белсенді болуға шақырады. Ол осы тақырып туралы не біледі. Бұл оқушыны өз білімін талдауға және тақырып туралы барлық егжей-тегжейлі ойлауға мәжбүр етеді. Бұл іс-әрекет арқылы оқушының өз білім деңгейін анықтайтындығы үлкен мәнге ие.

#### Әдебиеттер:

1. И.В.Муштавинская «Технология развития критического мышления»
2. С.Мирсеитова «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері»
3. Н.Қошқарбаев «Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары»

## ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Ушкенова Ә.Т., Есенгелді А.Ә. 1507-10а тобының студенттері.

Ғылыми жетекшісі: Мәдібекова Ғ.М. – х.ғ.к., профессор м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қаласы

*Резюме*

*В статье показана методика проведения качественных реакций катионов второй аналитической группы. Представлены результаты экспериментальных работ по проведению специфических реакций ионов.*

Химия пәні-заманауи мектептің басты пәндерінің бірі. Ол адамның рухани болмысын қалыптастырады және дамытады. Заманауи химия экологиялық, энергетикалық және т.б. мәселелерді шешу жолын таба білетін жаңашыл ұрпақты тәрбиелеп қалыптастырады.

Жаңа технологиялар арқылы жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеуметтендірудің маңызы зор. Оқытудың жаңа ақпараттық - коммуникациялық технологияларын меңгеру-қазіргі заман талабы.

Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: "Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелгі мектепке керегі білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім". Демек білім сапасын көтерудің негізгі тетігі-ұстаз, сондай-ақ, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық талпынысы, өз жұмысында заманға сай сабақ кезінде жаңа технологияларды қолдануы және қолданбалы курстар, факультативтік сабақтар да оқушылардың білім деңгейін көтеруге, дарынды балалармен жұмыс істеуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олимпиадаларға дайындауға шама береді [1].

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері химия пәні сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Заттардың құрамы мен құрылымын, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі жаңа заттар мен материалдар алуды, химиялық өзгерістердің заңдылықтары мен оларды басқарудың жолдарын зерттеу-мектепте химия пәнін оқытудағы негізгі мәселелер. Заттар әлемін (олардың құрамын, құрылымын, бір заттың басқа затқа айналуын) зерттей отырып, оқушылар практикалық қызмет үшін тиянақты білім алуы тиіс.

Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

-мультимедия (видео, аудио қондырғалары мен теледидарларды, электрондық оқулықтарды);

-зертханалық тәжірибелер;

-анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);

-интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Ақпараттық технологиялардың бірі-интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта

Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Білім алу мекемесінде ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Соның ішінде ең басты және негізгі қарастырылғаны және кеңінен қолданылатыны эксперименттік тәжірибелерді жүргізуге арналған зертханалардың болуы.

Жалпы болашақ мұғалім ретінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын және ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында бірнеше эксперименттік тәжірибелер жүргізілді. Жалпы мақсат: АКТ-мен жұмыс арқылы оқушыларға қызықты химиялық тәжірибелерді мұғалімнің жеке интернет желісі арқылы көрсету. Сюжеттер мен триггерлік суреттерді, видео материалдарды интерактивті тақтадан көрсетіп, оны талқылау.


Орыс психологы В.М.Снетков "жақсы сұрақ-кең ауқымды ойланып, барлық мүмкін жауаптарын іздестіруге бағыттайтын ойландыратын сұрақ" деген тұжырымға келеді [1]. Эксперименттік тәжірибелер аналитикалық химияның сапалық анализ курсына иондардың қасиеттерін анықтауда қолданылады.

Екінші аналитикалық топ катиондарының қасиеттері. Бұл катиондардың тұздарының барлығы дерлік суда нашар ериді. Бұл топ катиондарының тек нитраттары және күміс пен қорғасынның ацетаттары ғана жақсы ериді. Күміс пен сынаптың (I) гидроксидтері тұрақсыз қосылыс болып табылады, олар түзілген сәтте оксид пен суға ыдырайды. Қорғасынның гидроксиді амфотерлік қасиет көрсетеді. Екінші топ катиондарының тұздары гидролизге ұшырайды және олардың ерітінділері қышқылдық ортаны көрсетеді.

$Ag^+$ ,  $Pb^{2+}$ ,  $[Hg_2]^{2+}$  -катиондары хлорсутек қышқылымен әрекеттескенде, суда және сұйытылған қышқылдарда өте нашар еритін, ақ түсті ірімшік тәрізді тұнба түзеді.


#### 1. $Ag^+$ катионының реакциялары.

1-тәжірибе: HCl, NaCl әсері. Хлорсутек қышқылы және натрий хлориді күміс иондарымен ақ түсті тұнба түзеді (сурет 1):



Сурет 1. Күміс хлориді тұнбасы.

2-тәжірибе: KI әсері. Қышқылдарда ерімейтін ашық жасыл түсті AgI түзіледі (сурет 2):



Күміс иодиді тек KCN мен  $Na_2S_2O_3$  ерітінділерінде ериді:






Сурет 2. Күміс иодиді тұнбасы.

## 2. Pb<sup>2+</sup> катионының реакциялары


3-тәжірибе: KI әсері Калий иодиді Pb(II) ионымен сары түсті тұнба түзеді (сурет 3):



Сурет 3. Қорғасын иодидінің тұнбасы.

## 3. [Hg<sub>2</sub>]<sup>2+</sup> катионының реакциялары

4-тәжірибе: SnCl<sub>2</sub> әсері. Сынап(I) нитраты ерітіндісіне SnCl<sub>2</sub> ерітіндісін қосқан кезде алғашында тұнба Hg<sub>2</sub>Cl<sub>2</sub> түзіледі, содан соң ақ тұнба қараяды, себебі Hg<sub>2</sub><sup>2+</sup> дербес сынапқа дейін мына реакциялар бойынша тотықсызданады (сурет 4):



Сурет 4. Сынап хлоридінің тұнбасы.

Қорыта келе, сабақ өту барысында екінші аналитикалық топ катиондарының сапалық реакцияларының оқу-зерттеу жұмыстары барысында орындалған видеороликтері жасалды. Видеороликке әр ионның сапалық, спецификалық реакцияларының орындалуы түсірілді. Сабақ барысында, өзіндік жұмысқа дайындық кезінде қолданылды.

Әдебиеттер:

1. Шымкент қаласы білім басқармасының әдістемелік орталығы: "Педагогтың кәсіби дамуы: нәтижеге бағытталған білім беру" тақырыбындағы қалалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы II-том, 71-74 бет. Шымкент, 2021.
2. Тәжірибелер жүргізу арқылы оқушылардың химия пәніне қызығушылығын арттыру. Ж.Ә.Шоқыбаев, Қожағұлова Ж.Р., Қаражанова Д.А. Химия мектепте. №5 (95) . 176-179 б. Алматы, 2018.

## **ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА КВЕСТ ӘДІСІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП , ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТУ**

**Оңғарбек А.О. – 1507-19а тобының студенті**

**Ғылыми жетекші: Битемирова А.Е. – х.ғ.к., доцент**

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент**

### ***Резюме:***

*В этой статье я ищу ответ на вопрос: «Как повысить интерес учащихся к преподаванию химии?». Ответ: использование технологии «квест» с применением новых технологий в обучении. В статье я объяснила значение технологии «квест», объяснила ее значение, как ею пользоваться, как она влияет на учащихся, а также привела пример обучения с использованием квест-технологии.*

Танымдық белсенділікті актуализациялау тұрғысынан ең тиімдісі интерактивті оқыту технологиялары болып табылады, олардың бірі квест технологиясы.

"Квест" немесе "шытырман оқиғалы ойын" (ағыл. Quest-ізденіс, Adventure-шытырман оқиға) - қатысушыдан сюжетті алға жылжыту үшін ақыл-ой мәселелерін шешуді талап ететін ойындардың негізгі жанрларының бірі [1].

Педагогикалық ғылымдағы "квест" ұғымы зерттеу қызметінің арнайы ұйымдастырылған түрі ретінде анықталады, оны орындау үшін білім алушы аталған мекен-жайлар бойынша (іс жүзінде) ақпарат іздеуді жүзеге асырады, оған осы мекен-жайларды немесе басқа объектілерді, адамдарды немесе тапсырмаларды іздеу кіреді.

Квесттерді қолданудың өзектілігін бүгінде барлығы мойындайды. Өмір қазіргі балалардың жаңа ақпаратты өз бетінше алу және жүйелеу процесінде білімді жақсы меңгеретіндігін көрсетеді. Тапсырмаларды пайдалану ақпараттық қоғамның талаптарына жауап беретін жеке қасиеттерді тәрбиелеуге және дамытуға, балалардың қабілеттерін ашуға және дарындылығын қолдауға ықпал етеді. Білім беру квесттеріне жобалық қызметті жатқызуға болады[2].

Жобалық әдіс пен ойын технологиясының синтезіне негізделген квест-Жобалық іс-әрекет приключенияға немесе ойынға байланысты ұзақ мерзімді мақсатты іздеуден тұрады. Ол іске асырудың әртүрлі формаларына ие болуы мүмкін: білім беру веб-тапсырмалары; шытырман оқиғалар немесе ойын тапсырмалары; "тірі" тапсырмалар.

"Тірі" квесттер ерекше қызығушылық тудырады, белгілі бір проблемалық тапсырманы орындауға бағытталған, білім беру мақсаттарын жүзеге асырады, орын, объект, адамдар, ақпарат іздеумен байланысты сюжеттік, рөлдік ойын элементтері бар. Бұл ретте мақсатқа қол жеткізу үшін шекарасында орын ауыстыру жүргізілетін аумақтың ресурстары пайдаланылуы мүмкін.

Сабақта квест-жобаларды пайдалану сәтті әдіс болып табылады.

Квест технологиясының артықшылығы-оқытудың белсенді әдістерін қолдану. Квест-сабақ топтық және жеке жұмыс үшін арналуы мүмкін.

Осындай квест-жобамен жұмыс істеу барысында білім алушы нақты процестерді түсінеді, нақты жағдайларды өмір сүреді, құбылыстарға терең енуге, жаңа процестер мен объектілердің құрылысына қосылады.

Басқаша айтқанда, білім беру квесті-бұл оқу проблемасынан сюжеттік элементтермен, рөлдік ойын элементтерімен ерекшеленетін, кез-келген аумақтың ресурстары немесе ақпараттық ресурстар пайдаланылатын орындарды, объектілерді, адамдарды, ақпаратты табуға байланысты білім беру міндеттерін жүзеге асыратын мәселе.

Оқу тапсырмаларын мектептің әр түрлі кеңістігінде де, одан тыс жерлерде де ұйымдастыруға болады. Мысалы, жабық үй-жайдағы, сыныптағы квесттер; мұражайлардағы, ғимараттар ішіндегі, саябақтардағы квесттер; жергілікті жердегі квесттер (қалалық бағдарлау - "жүгіретін қала"); кэштер (геокэшинг) және бағдарлау элементтері (оның ішінде GPS) және өлкетану бар жергілікті квесттер; қалалар мен елді мекендерді үйлестіретін аралас нұсқалар қатысушылардың қозғалысы, ақпараттық технологияларды іздеу және пайдалану, сюжет және алдын - ала тапсырма-аңыз [3].

Сюжетке байланысты тапсырмалар болуы мүмкін:

- сызықтық, онда ойын тізбек бойынша құрылады: біртапсырманышешіп, қатысушыларбүкіл маршрут өткенгедейінбонустаралады;

- шабуылшылар, онда барлық ойыншылар негізгі тапсырманы және нүктелердің тізімін алады, бірақ сонымен бірге проблемаларды шешу жолдарын өздері тандайды;

- сақиналы, олар бірдей "сызықты" тапсырманы білдіреді, бірақ жабық шеңберде [5-6]. Командалар әртүрлі нүктелерден бастап, тапсырмаларды орындау арқылы мәреге жетеді.

Білім беру квестінің құрылымы мынадай болуы мүмкін:

- кіріспе (онда сюжет, рөлдер жазылады);
  - тапсырмалар (кезеңдер, сұрақтар, рөлдік тапсырмалар);
  - орындау тәртібі (бонустар, айыппұлдар);
  - бағалау (қорытындылар, сыйлықтар)
- Квестті дамытатын мұғалім мыналарды анықтауы керек:
- квесттің мақсаттары мен міндеттері;
  - квесттің сюжеті мен формасы, сценарий жазу;
  - қажетті кеңістік пен ресурстарды анықтаңыз;
  - көмекшілер, ұйымдастырушылар саны;
  - күнді тағайындау;
  - қатысушыларды қалай қызықтыруға болады.

Осылайша, интерактивті технологияның бір түрі ретінде білім беру тапсырмасы келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

Дамытушылық - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін, қиялын дамыту; зерттеу қызметінің дағдыларын, ақпаратпен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, эрудициясын, уәждемесін кеңейту;

Тәрбиелік-тапсырманы орындау үшін жеке жауапкершілікті тәрбиелеу, мәдени дәстүрлерді, тарихты, өлкетануды құрметтеуге тәрбиелеу және денсаулық сақтау.



Квест ойынын қалай құруға болады? Тек тапқырлық пен қиялды қосу керек. Кез-келген мұғалім өзінің ерекше ізденісінің сценарийін жаза алады. Ол сынып оқушыларының жас және жеке ерекшеліктерін, мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын ескере отырып жасалады және мұндай квест құндырақ болады.

Мен "Радиоактивті элемент - Уран" тақырыбын зерттеуде квест технологиясын қолдана отырып, химия сабағының нұсқасын ұсынамын.

Ұйымдастыру кезеңінде мұғалім оқушыларды квест сабағына шақырып, алдағы жұмыс жоспарымен таныстырады. Оқушылар командаларда жұмыс істеуі керек, бұл тиімді қарым-қатынас, бірлескен қызмет және ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сабақта әр оқушы бір команданың мүшесі болу дегеннің не екенін сезінуге мүмкіндігі бар.

Оқушыларға квест деген не екенін еске түсіру ұсынылады.

Квест (ағылшын тілінен quest-приключение іздеу) - бұл эрудиция, оқу және бір командада жұмыс істеу қабілеті.

Квест-сабақтың барлық қатысушылары алдын ала 3 командаға бөлінеді.

Ойын ережелері-тақтада қысқаша жобаланады:

-Барлық оқушылар-ұйымшыл, тату команда. Оқушылар уран элементіне, оның қасиеттерін түсінуге қатысты мәселелерде ақылды, тез ойлы, білімді екенін дәлелдеуі керек.

-Барлық қатысушылар ойынға белсенді қатысуы керек.

- Командада тапсырманы талқылау кезінде ұрысуға болмайды, бір-бірін тыңдау керек, теңгерімді шешім қабылдау керек.

- Қарсыластардың жауаптарын мұқият тыңдап, үзуге, күлуге болмайды.

Ең алдымен, оқушыларға Уран элементі туралы ақпарат беріледі. Келесі Ресейдің "Чернобыль" атты атомдық электростанциясының апаты туралы бейнеролик көрсетіледі. Енді, оқушылардың қиялын оятып, бәріміз уақытты кейін қайтарып осы Чернобыль атомдық электростанциясында болған апаттан 1 сағат бұрын уақытқа көшеміз. Сонымен, 1986 жыл, 25 сәуір, сағат түнгі 00:00, оқушылар атом электростанциясында. Атом электростанциясы 4 бөлімшеден тұрады. Оқушылар осы 1 бөлімшеден 4бөлімшеге өтіп, апаттан аман шығуы керек. Квест 3 кезеңнен тұратын болады, яғни әр кезеңде әр түрлі тапсырмалар беріледі.

Оқушыларға ақ халат кию және медициналық маска тағу ұсынылады.

Сабақ дабыл әуенімен басталады.

I-кезеңде оқушылар "КАНООТ" атты вертуалды ойын ойнап балл жинайды.

II-кезеңде оқушылар тест орындайды, әр команда команданың барлық мүшелерінің дұрыс орындауын қадағалайды. Тест нәтижесі бойынша, әр командаға әр түрлі кілт беріледі. Бұл кілт бонус қорапшасының кілті, қай топтың кілті тура келеді, сол команда бонус қорапшасын иеленеді.

III-кезеңде "мини ойын" ойнайды, яғни оқушыларға апаттық шығу схемасы беріледі және әр бөлімінде сұрақ немесе есеп болады, тапсырмаларды орындау арқылы балл жинайды.

Соңында қорытындыда әр команданың жинаған баллына қарай қорытындылап, көп балл жинаған команда бостандыққа шығады. Ал, қалған екі команда карантинге жатқызылады.

Квест бойынша орындалған тапсырмаларды қорғау барысында оқушы әр іс-қимыл, тапсырма, проблема бойынша бірнеше көзқарастар, тапсырмаларды шешудің бірнеше нұсқалары болуы мүмкін екенін түсінеді. Бала басқа көзқарастарды салыстыруға, қабылдауға үйренеді. Сыныпта квест технологиясын қолдану оқушылардың ақпараттық іс-әрекетке ықпал ететін ақпараттық құзыреттіліктерін, білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, өзін-өзі бағалауды және өзіне деген эмоционалды-позитивті көзқарасты, мақсатқа жетудегі табандылыққа тәрбиелейді, балалар шығармашылығының максималды тәуелсіздігін болжайды.

### Әдебиеттер

1. Быховский я.с. білім беру веб-квесттері // "білім берудегі ақпараттық технологиялар. Бұл-99". - <http://ito.bitpro.ru/1999>
2. А. В. Василенко [https://www.predmetnik.ru/conference\\_notes/69](https://www.predmetnik.ru/conference_notes/69)
3. Н. В. Николаева <http://mir-nauki.com/PDF/45PDMN315.pdf2002>, №7. - [http://vio.fio.ru/vio\\_07](http://vio.fio.ru/vio_07)
4. Романцова Ю. В., <http://festival.1september.ru/articles/513088/>
5. Осяк С. А., Султанбекова С. С., Захарова Т. В., білім беру квесті – заманауи интерактивті технология // ғылым мен білімнің заманауи мәселелері. – 2015. – № 1-2.;

ӘОЖ 372. 854

## ТЫҢАЙТҚЫШТАР ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДА СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

**Чимкатова Нилуфар** – 1504-19а тобының студенті

**Ғылыми жетекші: Мәдібекова Ғ.М.** – х.ғ.к., профессор м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### Резюме

*В статье описана методика обучения по технологии критического мышления. К занятию был разработан краткосрочный план по теме «Классификация минеральных удобрений и названия питательных веществ». Использована методика трехязычного обучения. Рассмотрены вопросы формирования речевых навыков употребления химических терминов на английском языке.*

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде өткізілетін сабақтарда инновациялық технологиялар қолдана отырып өткізіліп келеді. 9-сыныптарда "минералды тыңайтқыштардың жіктелуі және олардың құрамына кіретін қоректік элементтер" тақырыбында өткен сабаққа сыни ойлау технологиясы қолданылды.

Білімнің дайын күйде берілмейтіндігі сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы болып табылады. Бұл жобаның мақсаты - оқушылардың өз көзқарасы бойынша пайымдауы арқылы өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады [1]. Сыни ойлау технологиясын пайдалану жеке тұлғаның ойлау қабілетін дамытуға, эстетикалық тәрбие, коммуникативтік қабілеттерін шыңдауға, қолайлы шешім

қабылдай алуға, ең бастысы, білім сапасын арттыруға негіз болады. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі: «Әдеби үйірме» технологиясы қолданылды бұл әдіс- берілген мәтінді оқу, талдау жұмыстарын өткізгеннен кейін сыныпты топтарға бөлу болып табылады [2].

«Минералды тыңайтқыштар жіктелуі және олардың құрамына кіретін қоректік элементтер » тақырыбына қысқа мерзімді жоспар түзілді. Сабақ барысында ақпараттық коммуникативтік технологиялар қолданылды. Сабақты ашып алу үшін келесідей сұрақтар қойылды "миға шабуыл" әдісі қолданылды:

1. Өсімдіктерде қандай заттар бар?
2. Қандай органикалық заттарды білесіңдер?
3. Өсімдіктерде қандай бейорганикалық заттар кездеседі?
4. Қандай химиялық элементтер өсімдіктерде жиі кездеседі?

Қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы жаңа тақырыптың мазмұны ашылады. Ақпараттық коммуникативті технологиялар негізінде алдын ала дайындалған слайдтар, видеороликтер арқылы минералды тыңайтқыштардың жіктелуі және олардың құрамына кіретін қоректік элементтер туралы ақпараттар көрсетілді. Осы сабақ барысында көрсетілген презентацияда ағылшын тілінде және орыс тіліндегі терминдер қолданылды (кесте 1).

Кесте.1 Терминдер

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Фотосинтез	Фотосинтез	Photosynthesis
Азот тыңайтқышы	Азотное удобрение	Nitrogen Fertilizer
Карбамид	Мочевина	Urea
Сұйық тыңайтқыш	Жидкое удобрение	Liquid Fertilizer
Крахмал	Крахмал	Starch
Фосфорит	Фосфорит	Phosphorite
Микробиология	Микробиология	Microbiology
Суперфосфат	Суперфосфат	Superphosphate
Доломит	Доломит	Dolomite
Диаммофос	Диаммофос	Diammophos
Тыңайтқыш	Удобрение	Fertilizer

Жаңа тақырып түсіндірілгеннен соң «Әдеби үйірме» әдісі қолданылады бұл жерде оқушылар топтарға бөлініп жұмыс жүргізді. 1-топ «Сілтеме табушылар» деп аталды. Олар мәтіннің қызықты жерлерін табады. 2-топ «Сұрақ қоюшылар» тобы. Олар мәтіннің желісі бойынша топты ойландыратын, мәселелік сұрақтар қояды. 3-топ «Баяндаушылар» тобы. Бұл топ мәтін бойынша, өткен ой талқысы

туралы баяндама жасайды. 4-топ «Ізденушілер» тобы, қосымша ақпарат, мәлімет жинақтайды. 5-топ «Реттеушілер», ой талқысына қатысады, кезекпен сөйлейді, тәртіпті, бәрінің қатысуын қадағалайды. Бұл әдісті сабақта қолдану оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастырады. Сабақ қызықты етіп өткізу үшін сәйкестендіру әдісі қолданылды.

## Кесте 2. Сәйкестендіру

Аты	Формуласы
Калий нитраты	$KNO_3$
Фосфорит	$Ca_3(PO_4)_2$
Карбамид	$CO(NH_2)_2$
Поташ	$K_2CO_3$
Натрий нитраты	$NaNO_3$

Берілген сөздер мен формулаларды сәйкестендіру кезінде мынадай әдістер қолданылады (кесте 2): 1) құжаттамалық; 2) шолып қарау; 3) сынау. Бұл әдісте білім алушылар химиялық қосылыстардың аталуына сәйкес формулаларын есте сақтау қабілетін дамытады.

Дескриптор - берілген тыңайтқыштарды формуламен дұрыс сәйкестендіреді;

Тақырыпты бекіту кезеңінде минералды тыңайтқыштардағы қоректік заттардың құрамын қосылыс формуласы бойынша анықтауға арналған есепті шығарды.

Тапсырма. Натрий мен аммоний нитратындағы азот элементінің массалық үлесін (%) анықтау.

Натрий нитратының формуласы -  $NaNO_3$ , натрий нитратындағы азоттың массалық үлесі:

$$\omega(N) = \frac{Ar(N)}{Mr(NaNO_3)} \cdot 100\%,$$

$$\omega(N) = 14/85 \cdot 100\% = 16,5\%.$$

Аммоний нитратының формуласы  $NH_4NO_3$ , аммоний селитрасындағы азоттың массалық үлесі:

$$\omega(N) = \frac{2Ar(N)}{Mr(NH_4NO_3)} \cdot 100\%,$$

$$\omega(N) = 2 \cdot 14/80 \cdot 100\% = 35\%.$$

Сабақта өзіндік тапсырмалар орындалып талқыланды, оқушылар түсініксіз болған сұрақтарына жауап алып, кері байланыс орындалды. Өткізілген сабақ қорытындыланып, оқушылардың жұмыс нәтижелері бағаланды.

Қорыта айтқанда, "Минералды тыңайтқыштардың жіктелуі және олардың құрамына кіретін қоректік элементтер" тақырыбына қысқа мерзімді жоспар түзілді. Сабақта ақпараттық коммуникативтік технологиялар қолданылды.

Сыни ойлау технологиясының бір ерекшелігі - көп сөйлемейтін, белсенділігі төмен оқушылардың өз мүмкіндіктеріне қарай топтар бойынша сабаққа қатысуға қолайлылығында. Бұл технологияны пайдалану жеке тұлғаның ойлау қабілетін дамытуға, эстетикалық тәрбие, коммуникативтік қабілеттерін шыңдауға, қолайлы шешім қабылдай алуға, ең бастысы, білім сапасын арттыруға негіз болды. Нәтижесінде оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді; жұппен, топпен жұмыс істей отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылды, бірін-бірі оқытуға және дамытуға үйренеді, жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді, ойы сараланған, дарынды, шығармашыл тұлға қалыптасады.

#### Әдебиеттер:

1. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім-Образование -2006.
2. «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері » С. Мирсеитова, 2011 жыл.

ӘОЖ

## ӨСІМДІКТЕРДІ МИКРОКЛОНДЫҚ КӨБЕЙТУ КЕЗІНДЕГІ ӨСІМДІКТЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ

**Қонысбек Н.Е.** – М1505-11 тобының магистранты  
**Ғылыми жетекші: Утегенова Г.А.** – Phd доктор  
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті  
Биология кафедрасы

#### Резюме.

*Микроклональное размножение растений позволяет многое. Когда погода плохая, вы можете создать хорошую и удобную среду для растений и размножить растения. Технология выращивания растительных тканей обеспечивает не только массовое размножение элитных растений, но и средства размножения и регенерации новых растений из генетически модифицированных клеток. Эта технология улучшает культуру за счет создания соматоклональных и гаметоклонических вариантов.*

Ұлпа культурасы – жасушалардың, ұлпалардың, мүшелердің немесе бүкіл өсімдіктің *in vitro* жағдайында бақыланатын қоректік және қоршаған орта жағдайларында, көбінесе өсімдік клондарын алу үшін асептикалық культура. Алынған клондар таңдалған генотипке сәйкес келеді. Бақыланатын жағдайлар мәдениетті олардың өсуі мен көбеюіне қолайлы ортамен қамтамасыз етеді. Бұл шарттарға дұрыс қоректік заттармен қамтамасыз ету, орта рН, сәйкес температура және сәйкес газ және сұйық орта кіреді.

Өсімдік ұлпаларын өсіру технологиясы өсімдіктерді кең көлемде көбейту үшін кеңінен қолданылады. Өсімдік ұлпаларын өсіру әдістері зерттеу құралы ретінде қолданумен қатар, соңғы жылдары өсімдіктерді көбейту, ауруларды жою, өсімдіктерді жақсарту және қайталама метаболиттерді өндіру саласында үлкен өндірістік мәнге ие болды. Үздіксіз процесте жүздеген немесе мыңдаған қондырғыларды жасау үшін тіннің кішкене бөліктерін (эксплант

деп аталады) пайдалануға болады. Бір эксплантты жыл бойы маусым мен ауа райына қарамастан салыстырмалы түрде қысқа мерзімде және бақыланатын жағдайларда бірнеше мың өсімдікке көбейтуге болады. Қауіпті, жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін түрлер жоғары көбею жылдамдығына және бастапқы өсімдіктер саны мен аумаққа қойылатын талаптардың аздығына байланысты микрокөбейту арқылы сәтті өсіріледі және сақталады[1].

Сонымен қатар, өсімдік ұлпаларының культурасы сомаклондық және гаметоклондық нұсқаларды өндіру арқылы дақылдарды жақсартудың ең тиімді технологиясы болып саналады. Микрокөбейту технологиясы жоғары сапалы өсімдіктерді алу үшін үлкен әлеуетке ие, жақсы бейімделген жоғары өнімді генотиптердегі пайдалы нұсқаларды ауруға төзімділігі мен стресске төзімділігі жоғары. Каллус культурасының белгілі бір түрі сомаклондық вариация потенциалына байланысты ата-аналық өсімдіктерден ерекшеленетін тұқым қуалайтын белгілері бар клондарды шығарады, бұл коммерциялық маңызды жақсартылған сорттарды жасауға әкеледі. Өсімдіктерді микрокөбейту әдістерін қолдана отырып, өнеркәсіптік өсіру дәстүрлі тұқымдармен, кесінділермен, егумен, ауа қабаттарымен және т.б. арқылы көбейту әдістерімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие. Бұл вируссыз өсімдіктерге әкелетін жылдам көбею процестері.

Өсімдік ұлпасының культурасы асептикалық жағдайда экспланттан немесе тіпті бір өсімдік жасушасынан тұтас өсімдік шығарудан тұрады. Өсімдік биотехнологиясының бұл құрамдас бөлігі жасушаның тотипотенция құбылысына сүйенеді, бұл кез келген жеке жасушалардың мүшелерге тән барлық сараланған жасушаларды өндіру және тұтас өсімдікке регенерациялау қабілеті. Микрокөбейту өсімдік жасушаларының осы негізгі қасиетін салыстырмалы түрде қысқа уақыт аралығында элита генотиптерін үлкен масштабта жылдам жаппай көбейту үшін пайдаланады[2].

Қазіргі уақытта микрокөбейту ауыл шаруашылығында, бау-бақша шаруашылығында және өнеркәсіпте жыл бойына сау көшеттерді өндіру және өсімдік айналымын азайтуда айтарлықтай рөл атқарады (Суман, 2017). Бұл сонымен қатар өсімдіктердің генетикалық ресурстарын сақтау, егінді жақсарту және сомаклондық вариациядан жаңа сорттарды көбейту және генетикалық манипуляцияның негізгі технологиясы болып табылады. Дегенмен, бұл әдіс өсу мен даму процесінің әрбір дерлік кезеңінде химиялық дезинфекциялау құралдарын, сәйкес фитогормондардың өзгермелі концентрациясын, кейде антибиотиктерді, саңырауқұлақтарға қарсы, вирусқа қарсы препараттарды қолдануды талап етеді. Өсімдіктердің өсу реттегіштерінің (ӨӨР) кейбіреулері өте қымбат, сондықтан бұл технологияның таралуын және ауыл шаруашылығында оның табыстылығын шектейді[3].

Өсімдік ұлпаларын өсіру технологиясы. Микрокөбею - эксплант деп аталатын өсімдік сегментінен өсімдік материалын жаппай көбейтуге мүмкіндік беретін *in vitro* мәдениет әдісі. Эксплант өсімдіктің кез келген

бөлігінен, мысалы, жетілмеген эмбрионнан, тұқымнан, жапырақ бөлігінен, тамырдан немесе өркеннен, тозаңдан, тозаң дәнінен, аналық жасушадан, меристемадан немесе ұшынан тұруы мүмкін. Өсімдіктердің микрокөбеюі сонымен қатар экспланттарды пайдалану және оларда дифференцияланбаған немесе сараланған жасушаларды өсіру процесін білдіреді. Эксплант стерильді жағдайда жасанды қоректік ортамен толтырылған культуралық контейнерде өсіріледі. Өсімдік ұлпаларын өсіру технологиясы элиталық өсімдіктерді жаппай көбейтумен қатар, генетикалық түрлендірілген жасушалардан жаңа өсімдіктерді көбейту және регенерациялау құралдарын да қамтамасыз етеді. Бұл технология соматоклондық және гаметоклондық нұсқаларды жасау арқылы мәдениеттерді жақсартады[4].

Микрокөбейту процесін кезеңге бөлуге болады:

- 1- Кезең: Өсімдіктерді иммобилизациялау және алдын ала өңдеу, эксплант таңдау.
- 2- Кезең: Ұйымдастыру.
- 3- Кезең: Ұзару және көбею.
- 4- Кезең: Тамырлау.

Микрокөбею процесінің бұл төрт кезеңі әдетте табиғатта кездесетін микробтармен әрекеттесу мүмкіндігінсіз жоғары қорғалған ортада өтеді. Сондықтан қалпына келтірілген өсімдіктер тікелей егістік жағдайға көшкен кезде осал болады. Сонымен, симбиотикалық және симбиотикалық емес саңырауқұлақтар мен бактериялар сияқты пайдалы микробтармен өзара әрекеттесуді ескеру маңызды. Соңғы жылдары кейбір ғылыми жұмыстар *in vitro* көбею процесінде пайдалы микроорганизмдермен бұл байланысты қалпына келтіруге әрекеттенді. Бұл микроорганизмдер экспланттардың өсуіне оң әсер етіп, жылыжайда және дала жағдайында трансплантация соққысын сақтау арқылы жақсы өмір сүруді қамтамасыз ете алады[5].

Микрокөбейту процесінде қажет өсімдік өсу реттегіштері. Өсімдіктердің өсу реттегіштері - бұл өсімдіктерде белгілі бір ынталандыруға жауап ретінде синтезделген және өте төмен концентрацияда болатын органикалық қосылыстар. Бұл химиялық хабаршылар немесе сигнал молекулалары өсімдіктің өсуін, дамуын, көбеюін және қартаюын реттеуде және бақылауда маңызды рөл атқарады. Екінші жағынан, олар эмбриогенезден бастап өсімдік дамуының барлық аспектілерін бақылайды, орган өлшемін реттеу, патогендерден қорғаныс, стресске төзімділік.

ӨӨР өсу, даму және қоректік заттардың бөлінуіне делдалдық арқылы өсімдікке өзгертін ортаға бейімделуге мүмкіндік береді. Шығу тегі бойынша ӨӨР үш топқа бөлінеді: өсімдіктермен синтезделген, микробтық шығу тегі және синтетикалық қосылыстар[6].

#### Әдебиеттер:

1. Adesemoye, A. O., Obini, M., and Ugoji, E. O. (2008). Comparison of plant growth-promotion with *Pseudomonas aeruginosa* and *Bacillus subtilis* in three vegetables. *Braz. J. Microbiol.* 39, 423–426.

2. Akin-Idowu, P. E., Ibitoye, D. O., and Ademoyegun, O. T. (2009). Tissue culture as a plant production technique for horticultural crops. *Afr. J. Biotechnol.* 8, 3782–3788.
3. Al-Ani, L. K. T. (2019a). “Secondary metabolites of nonpathogenic *Fusarium* spp.; scope in agriculture” in *Secondary metabolites of plant growth promoting rhizomicroorganisms: Discovery and applications*. eds. H. B. Singh, C. Keswani, M. S. Reddy, E. S. Royano, and C. García-Estrada (Singapore: Springer), 59–76.
4. Al-Ani, L. K. T. (2019b). “Bioactive secondary metabolites of *Trichoderma* spp. for efficient management of phytopathogens” in *Secondary metabolites of plant growth promoting rhizomicroorganisms: Discovery and applications*. eds. H. B. Singh, C. Keswani, M. S. Reddy, E. S. Royano, and C. García-Estrada (Singapore: Springer), 125–143.
5. Al-Ani, L. K. T., and Mohammed, A. M. (2020). “Versatility of *Trichoderma* in plant disease management” in *Molecular aspects of plant beneficial microbes in agriculture*. eds. V. Sharma, R. Salwan, and L. K. T. Al-Ani (Cambridge: Elsevier Science), 159–168.
6. Ali, B., Sabri, A. N., Ljung, K., and Hasnain, S. (2009). Quantification of indole-3-acetic acid from plant associated *Bacillus* spp. and their phyto-stimulatory effect on *Vigna radiata* L. *World J. Microbiol. Biotechnol.* 25:519.

ӘОЖ

## **ҚАЗАҚСТАНДА ӨСЕТІН POLYGONUM L. ӨСІМДІКТЕРІНІҢ ЭФИР МАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАКТЕРИЯҒА ҚАРСЫ ЖӘНЕ САҢЫРАУҚҰЛАҚТАРҒА ҚАРСЫ БЕЛСЕНДІЛІГІ.**

**Қонысбек А.Е.** – М1505-11 тобының магистранты  
**Ғылыми жетекші: Утегенова Г.А.** – Phd доктор  
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті  
Биология кафедрасы

*Резюме.*

*В статье представлены результаты выделения и компонентного хроматографического анализа эфирных масел растений Polygonum L., выращенных в Казахстане на производственных объектах Казахстана. Представлены результаты изучения антибактериальной и противогрибковой активности выделенных соединений.*

Эфир майлары – құрамында эфир майы бар өсімдіктерден алынатын әртүрлі органикалық қосылыстардың сұйық көп компонентті қоспалары. Өсімдік эфир майлары жеке химиялық қосылыстардың – терпендер мен олардың туындыларының терпеноидтар, көмірсутектер, спирттер және т.б. күрделі және тұрақсыз химиялық құрамға ие. Эфир майлары суда ерімейді, бірақ спиртке, майда және басқа еріткіш материалдарда ериді.

Эфир майларын өндіру үшін пайдаланылатын эфир майы бар өсімдіктер жалбыз, бұта және ағаш эфир майы бар өсімдіктер сияқты жабайы өсетін де, мәдени де болуы мүмкін.

Эфир майлары құрамында эфир майы бар өсімдіктердің әртүрлі бөліктерінде әртүрлі жинақталады, олар көбінесе жапырақтарда, гүлдерде, тамырларда, жидектерде және тұқымдарда жиналады. Өсімдік тектес биоактивті заттар қабынуды кешенді емдеу мәселесін шешудің перспективалы құралдарының бірі болаалады. Әртүрлі өсімдіктерді емдік мақсатта қолдану ерте заманнан



белгілі. Қазіргі уақытта дәрілік заттардың синтетикалық химиясының қарқынды өсуіне қарамастан, табиғи фармакологиялық белсенді заттарды одан әрі зерттеу өзекті болып қала береді. Заманауи медицинада қолданылатын барлық дәрі-дәрмектің 40%-ға жуығы өсімдік шикізатынан алынуы осының дәлелі. Химиялық қосылыстардың басқа биологиялық белсенді топтарымен қатар фармакологиялық әсерінің кең спектрі бар эфир майлары медициналық тәжірибеде кең тарады [1-5].

Дәрілік өсімдіктердің негізгі артықшылығы - олардың ағзаға емдік әсерінің жұмсақтығы мен кеңдігі, тұрақты қолданғанның өзінде жанама әсерлер мен асқинулардың болмауы және пациенттердің жоғары төзімділігі. Сонымен қатар, медициналық өсімдіктер көбінесе табиғи биологиялық белсенді заттар мен дәрілік заттардың жалғыз және (немесе) экономикалық тиімді көзі болып табылады.

Осыған байланысты *Polygonum L.* өсімдіктері ерекше назар аударуды қажет етеді. Қазақстанда оның 44 түрі (8 эндемик) және тек 4 фармакопоялық түрі өседі. Басқа түрлері халық медицинасында кеңінен қолданылады, өнеркәсіптік игеруге жабайы өсімдіктердің 12 түрінің қоры жеткілікті, бірақ олар әлі ресми медицинада қолданылмайды [6].

*Polygonum L.* - тау бұталары, қияқ, бұталар, бір жылдық, көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Сабақтары тік, қиғаш, бұйра. Жапырақтары тегіс немесе өрескел. Гүлдері қос жынысты, 5-6 жапырақшадан тұрады. Тозандануы жәндіктер арқылы және көбінесе өздігінен тозандану жүреді. Жемісі өсіп келе жатқан периантпен қоршалған, пішіні үшбұрышты немесе линза тәрізді жаңғақ. Жемістер екі түрлі болып келеді: қысқа, жазда қара қоңыр, кеудешемен қоршалған, ал күзде жасыл-қоңыр, ұзартылған, тамырдан шығып тұратын, кейде жарты ай тәрізді. Жемістер желмен, құмырсқалармен және сумен таралады. Қымыздық (*Rimex acetosella*) және түйіршіктер сияқты арамшөптердің жемістері малдың, соның ішінде үй жануарларының, адамның аяқ киімдері мен көліктердің аяқтарына жабысып, балшықпен бірге таралады. Тау, қоңыржай және тропиктік аймақтарда таралған 300-ге жуық түрі бар. ТМД-да 150-ге жуық түрі бар. КСРО флорасында 124 түрі сипатталған. Гүлшоғырының төменгі бөлігінде *G. viviparous* (*P. viviparum*) вегетативті көбеюге арналған пиязшықтар орналасқан. Қымыздықтардың көптеген түрлерінің гүлдері желмен тозандануға бейімделген. Олар желдің екпінділерінен оңай тербеледі және үлкен қауырсын стигмалары шаңды жақсы ұстайды. [7].

Қарақұмық бал өсімдіктерінің ішінде бағалы: қарақұмық, жылан шаққан (*Polygonum bitorta*) және т.б. Қарақұмық балының дәмі нәзік, қою қоңыр түсті болады. Сондай-ақ қарақұмық құрамында бояғыш өсімдіктер де бар. Тау бояуы өсімдігі (*Polygonum tinctorium*) 4-5% индиго береді, ал түйін тамыры да көк бояу береді. Сәндік өсімдік ретінде көпжылдық Балжуан жорғасы (*P. baldshuanicum*) қолданылады. Қарақұмықтың емдік қасиеттері бұрыннан белгілі. Ежелден халық медицинасында мыналар қолданылады: құс саңғырығы (*Polygonum aviculare L.*), бүйрек түйнектері (*Polygonum persicaria*

L.), жылан немесе жылан саңырауқұлағы (*Polygonum bistorta* L.). Таулы тұқымның басқа түрлері халықтық медицинада және заманауи медицинада қолданылады[8].

*Polygonum* L. өсімдіктерінің ортақ қасиеті - қан тоқтататын (К витамині), қабынуға қарсы (флавоноидтар), тұтқыр (таниндер), қабықшаларды және сергітетін (полисахаридтер) әрекетімен ерекшеленеді. Олар антипиретикалық, диафоретикалық, тоник, несеп айдағыш, холеретикалық, микробқа қарсы, антисептикалық ретінде қолданылады. Сонымен қатар, олар шырышты қабаттардың қан кетуін азайту, қалыпты қан қысымын төмендету және жараның жазылуын тездету үшін қолданылады [9].

*Polygonum* L. майының қатысуымен бактерияға қарсы белсенділікті арттыру үшін эфир майларының скринингі үшін дискілік диффузия әдісі қолданылды. Бактериялық суспензия диаметрі 85 мм пластиналарға Мюллер-Хинтон агары бар стерильді мақта тампонын пайдаланып біркелкі микроб өсімін алу үшін үш бағытта таралады. Асептикалық жағдайда бос стерильді дискілер 5 мкл эфир майымен сіндірілген. Майды жақсы сіңіру үшін дискілер бөлме температурасында 5 минутқа қалдырылды, содан кейін егілген агар бетіне қойылды. Анықтамалық бақылау ретінде ципрофлоксацин (10 мкг/диск) бар стандартты диск пайдаланылды. Петри табақшалары майдың жақсырақ диффузиясы үшін бөлме температурасында 30 минутқа қалдырылды, содан кейін 370С инкубаторға 24 сағатқа қойылды. Инкубациялық кезеңнен кейін эфир майлары бар дискілердің айналасындағы тежелу аймақтарының диаметрлері өлшенді.[10].

Эфир майлары қоспалары бар дискілердің айналасындағы тежелу аймақтарының диаметрін бағаладық. Осы мақсатта 50 мкл *Polygonum* L. майын 50 мкл сәйкес екінші маймен араластыру арқылы стерильді эпендорф түтіктерінде эфир майларының қоспаларын дайындадық. Содан кейін қағаз дискілері эфир майларының 5 мкл тиісті қоспасымен сіндірілді.

Эфир майы қоспасын зерттеуге арналған дискілік диффузиялық талдаудың нәтижелері май қоспасының тәжірибелік тежелу аймағын индифферентті комбинациялық әсердің теориялық тежелу аймағының ауданымен салыстыру арқылы бағаланды (*Polygonum* L. майы + 1/2 үшін тежелу аймағының 1/2 бөлігі ретінде есептелген). Екінші май үшін тежелу аймағының 2 аймағы). Қолдану нәтижелері статистикалық өңдеуден өтті.[11]

#### Әдебиеттер:

1. A. E. Edris, *Phytother. Res.*, vol. 21, pp. 308-323, 2007.
2. M. M. Farag, *J. Drug Res.*, vol. 26, pp. 38-45, 2005.
3. F. Bakkali, *Food Chem. Toxicol.*, vol. 46, pp. 446-475, 2008.
4. S. Burt, *Int. J. Food Microbiol.*, vol. 94, pp. 223-253, 2004.
5. K. Takarada, R. Kimizuka, N. Takahashi, *Oral Microbiol. Immunol.*, vol. 19, pp. 61-65, 2002.
6. State Pharmacopoeia of the Republic of Kazakhstan, *Almaty: Silk Way*, 2008.

7. Еленевский А.Г. и др. высшая или земная ботаника: Сб. для шпилек. Высшее пед. учебник учреждений // А.Г. Еленевский, М.П. Соловьева, В.Н.Тихомиров – М.: Издательство «Академия Центр», 2000. – 432 с.
8. Хржановский В.Г. Курс общей ботаники (элементы систематики, экологии растений и географии). Три. для сельскохозяйственных вузов. - М., Высшая школа, 1976. - 480 с.
9. Гринкевич Н.И., Гринкевич И.А., Баландина В.А. Лекарственные растения: Справочник не допускается к использованию в учебном процессе. — М.: Высшая школа, 1991. — 125 с.
10. Губанов И.А., Киселёва К.В., Новиков В.С. Дикие полезные растения. - М.: Ред. МГУ, 1993. - 300 с.
11. R.A.Muzychkina, D.Yu.Korulkin, Methodology of research of natural metabolites, Almaty: MV-Print, 2012.

ӘОЖ 372.854

## **ЕКІНШІ АНАЛИТИКАЛЫҚ ТОП КАТИОНДАРЫНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ**

**Әлі С.М** – 1504-10 тобының студенті

**Ғылыми жетекшісі: Мәдібекова Ғ.М.** – х.ғ.к., профессор м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қаласы

### *Резюме*

*В статье представлена методика выполнения качественных реакций катионов второй аналитической группы. Процесс осаждения катионов был показан в заранее подготовленном видеоролике.*

Қазақстанда білім беру саласы оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып дамытуды өзекті мәселе ретінде қарап, ресурстар мен технологиялардың қол жетімділігін қамтамасыз етуде. Химия пәнін жалпы орта білім беретін мектептерде, жоғары оқу орындарда оқыту мәселелері [1] авторлардың мақаласында қарастырылған. Онда, химия пәнінен толыққанды білім алу үшін оқушылардан химиялық тәжірибелерді орындауды, оны оқу үдерісінде үздіксіз қолдануы қажеттілігі айтылады. Химиялық тәжірибе немесе эксперимент ғылыми негізде жоспарланып, білім алушылар белгілі бір сыртқы жағдайларға байланысты қандай да бір табиғи құбылысты бақылайды, оны берілген шарттарға сәйкес сан мәрте қайталауға болады, демек, зерттеуші өзінің сезім мүшелері арқылы құбылыстың шыңайылығына көз жеткізеді. Химиялық тәжірибелер аналитикалық химияның зертханалық сабақтарында қолданылады, екінші аналитикалық топ катиондарының сапалық қасиеттерін зерттеу зертханалық тәжірибелер арқылы орындалады.

**Күміс.** Күміс-жалтырауық жұмсақ жақсы созылғыш жылуды және электр тогын жақсы өткізетін ақ түсті металл. Сол жұмсақтығынан өзі жеке көп пайдаланылмайды. Оның құймасын түрлі бұйымдарды қасық, пышақ, түрлі ыдыстар, әшекей заттарды т.б. жасауға қолданады. Күміс заттарды сынама дейтін болады. Ол мың грамм құймадағы күмістің грамм мөлшерін көрсететін сан. **Сынап.** Сынап – сұйық металл, жылтырап тұрады, - 39 градуста қатты күйге көшеді. Қыздырғанда 0-100 градус арасында көлемі газдардай ұлғаяды. Сынап қалыпты температурада-ақ ұшып буға айналады. Буы улы. Сынап, ең көп таралған және қоршаған ортаның қауіпті органикалық ластағыштары.



Сурет 1. Бос күйіндегі сынап.

Сынап кең қолданылады, көп сынап күркіреуік сынап деп аталатын қопарылғыш зат жасауға жұмсалады, ол барлық оқтардың пистондарының құрамына кіреді; біраз сынап физикалық аспаптар - термометр, барометр, насостар т.б жасауға кетеді; сынап амальгама жасауға пайдаланылады Қорғасын. Қорғасын да қалайы сияқты ерте заманнан белгілі металл. Тіпті көп уақытқа дейін – алхимия дәуіріне дейін – қорғасын мен қалайы екі басқа металл екендігін білмейтін. Қорғасын жаратылыста түрлі қосылыстар құрамында болады. Қорғасын, уран мен ториймен басталатын радиоактивтік процестердің ең ақырғы тоқтайтын радиоактивті емес элементі. Торийден түзілген қорғасынның атомдық массасы 208, ураннан түзілген қорғасындікі 206; бұл қорғасынның екі түрлі изотопы.



Сурет 2. Бос күйіндегі қорғасын.


*Екінші аналитикалық топ катиондарына сапалық реакциялар жүргізу.*

$\text{Ag}^+$  катионының реакциясы.

<https://youtu.be/q4zNtqilydw>

<https://youtu.be/7lAZDVqhFrk>

$\text{K}_2\text{CrO}_4$  әсері.  $\text{Ag}^+$  катионы калий хроматымен бейтарап ортада әрекеттесіп, қызыл түсті күміс хроматы тұнбасын береді [1]:



Сурет 3. Күміс хроматының тұнбасы.



*Реакцияның орындалуы.* Күміс нитартының 2 тамшысына 2 тамшы калий хроматы тұнбасын ерітіндісін қосады, тұнбаның түзілгенін бақылайды.

- 1) Реакцины рН=6,5-7,5 аралығында тұруы қажет;
- 2) Күшті қышқылдық ортада, аммиак ерітіндісі қатысында тұнба түзілмейді. Сірке қышқылы қатысында- $\text{Ag}_2\text{Cr}_2\text{O}_7$ , күшті сілтілік ортада -  $\text{Ag}_2\text{O}$ , аммиак қатысында еріп комплексті қосылыс  $[\text{Ag}(\text{NH}_3)_2]_2\text{CrO}_4$  алынады;
- 3) Реакцияның жүруіне  $\text{Pb}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Bi}^{3+}$ ,  $\text{Hg}_2^{2+}$  иондары кедергі келтіреді.

$\text{Hg}^+$  -катионы сапалық реакциясы.

<https://youtube.com/shorts/IjYEM7ShAp8?feature=share>

Калий немесе натрий гидоксиді.  $\text{Hg}_2^{2+}$  ионымен әрекеттескенде қара түсті сынап оксиді түзіледі:





Сурет 4. Сынап оксидінің тұнбасы.

*Реакцияның орындалуы.* Сынап(I) тұзы ерітіндісінің 1-2 тамшысына 1-2 тамшы сілті ерітіндісін қосып, қара тұнба түзілгенін байқайды.

$\text{Pb}^+$  катионының реакциясы.

<https://youtu.be/dHCF49X0n6M>

KI әсері (формакопиялық реакция).  $\text{Pb}$  (II) ерітіндісі KI әрекеттескенде сары түсті тұнба түзіледі. Тұнба реактивтің артық мөлшерінде ериді:



Сурет 5.  $\text{K}_2[\text{PbI}_4]$  тұнбасы

*Реакцияның орындалуы.*  $\text{Pb}$  (II) тұзы ерітіндісінің 2-3 тамшысына сондай көлемде калий йодидін қосып сары түсті тұнбаның түзілуін байқау, егер тұнбаға бірнеше тамшы су және 1-2 тамшы 2н сірке қышқылын қосып қыздырса сары тұнба ериді, бірақ суығаннан кейін жарқыраған алтын тәрізді сары кристалдар түзілді.

Жұмыс барысында, II-ші аналитикалық топ катиондарына сапалық реакциялар жүргізілді. Екінші топ катиондарының сапалық реакцияларына бірнеше тәжірибелер жасалды, ол тәжірибелер нәтижесінде аналитикалық эффект байқалады. Дайындалған видеороликтерде тәжірибелік жұмыстың орындалу техникасы толықтай көрсетілген.

#### Әдебиеттер:

1. Крешков А.П. Основы аналитической химия. 1 том. 1976, “Химия”, Москва

ӘОЖ 504.75.06

## **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

**Рахматулла М.Д., Айтмахан Д.Т., – 1507-10а тобының студенттері**  
**Суебай Ардақ – №36 Қазыбек би атындағы жалпы орта мектебі, 7 “Ә” сыныбы**  
**Ғылыми жетекшісі: Мәдібекова Ғ.М. – х.ғ.к., профессор м.а.**  
**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент**

#### *Резюме*

*В статье представлены результаты изучения изменения состава воздуха и его загрязнения. Определена кислотность снеговой и дождевой воды. Определены рН почвы, сульфат-ионов, содержание нормальных карбонатов с добавлением хлороводородной кислоты.*

Адамның табиғатқа әсер етуінің артқаны соншалық, табиғи ортаны сақтау проблемасы адамның өзінің тіршілік ету проблемасымен ортақтасып жатыр. Сондықтан экологиялық проблемаларды шешудің саяси, экономикалық, идеологиялық және құқықтық құралдарын дайындау туралы мәселе тұр. Халықаралық құқықтың барлық негізгі қағидалары қоршаған ортаны қорғау және ұтымды пайдалану сферасындағы басты реттеуші болып табылады.

Әлемдік экологиялық проблемалар – әлемді тұтас қамтитын табиғи, табиғи-антропогендік немесе таза антропогендік құбылыстар. Аталған ғаламдық проблемалар өзара тығыз байланысты және барлығы іс жүзінде жердегі экологиялық дағдарыстың даму процесімен қалыптасады. Зор геосаяси проблеманың экологиялық қауіптілігінің мынадай көріністері бар: Табиғи экожүйенің бүлінуі, озон қабатының жұқаруы, атмосфераның, әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық түрлердің немесе әралуандылықтың азаюы және т.б.

Қазіргі уақытта ең негізгі әрі өзекті мәселелердің басында тұрғандығы. Себебі демографиялық жарылыс нәтижесінде адамдардың табиғаттан алатын ресурстары, яғни тұтынушы ретінде қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін табиғи негіздерді пайдалануы шектен тыс көбейіп кетті. Егер тарихқа үңілсек, 1930 жылғы адам саны 2 млрд адам болған, біздің уақытта жер бетіндегі адам саны 8 046 949 318 жеткендігі. Бұл көрсеткіш адамның саны өскен сайын табиғаттан алатыны және адамнан шығатын қалдықтың көп мөлшерде болуын көрсетеді. Енді адам табиғаттан өз өміріне қажетті ресурстарды алудан бөлек табиғатқа өте аз мөлшерде зиянды заттарды шығару мәселесі тұр. Себебі, экология күн өткен сайын нашарлап бара жатыр [1].



а)



ә)



б)

1 -сурет. а) “Нұрсәт” ш/а, 9:15 уақытындағы атмосфера бейнесі; ә) “Нұрсәт” ш/а, 12:20 уақытындағы атмосфера бейнесі; б) “Нұрсәт” ш/а, 17:30 уақытындағы атмосфера бейнесі.

Тәжірибе нәтижесінде атмосферадағы ауаның бір күндегі осындай өзгерістері, әр тәулік мезгіліндегі атмосфера ауа қабатына шығарылатын улы газдардың мөлшерінің әртүрлілігін көрсетеді. 1-а); ә); б) – суреттерінде атмосфераға таңғы 09:15 және кешкі 17:30 уақыттарында улы газдардың көп бөлінуі айқын байқалды.

Адамның өмір сүруіне керекті құнды дүниелердің негізі – ауа. Адам ауасыз максималды 50 секунд өмір сүре алады. Сонымен қатар біздің барлық тіршілік әрекеттеріміз ауамен тікелей байланысты. Қазіргі уақытта атмосфера көп қалдық шығаратын автокөліктер, атап айтқанда ҚР 2021 жылдың соңына қарай 3,8 млн жеңіл көлік тіркелген. Ал көліктердің 86,6%-ы ескі көліктер. Ескерте кеткен жөн, көліктердің максималды қолдану мерзімі 10 жыл [2].



а)



ә)

2 – сурет. а) қар суының рН-ы; ә) жаңбыр суының рН-ы.

2 -а) суретінде қар суының қышқылдылығын зерттелінді (17.11.2021ж.). Қар суларының рН ортасы 7-ден жоғары болуы тиіс, судың қышқылдығының жоғарылауынан су өсімдіктері өле бастайды,. Тәжірибенің нәтижесінде қар суының рН – 5 тең.

2-ә) суретінде жаңбыр суының қышқылдық қасиетін анықталды (18.01.2022ж.). Жалпы жаңбыр суларының рН ортасы 7-ден жоғары болуы тиіс рН=6 болғанда тұщы су асшаяндары өледі, . Жаңбыр суын жинақтап алынып, оның рН метр, лакмус қағазы арқылы анықталды. Тәжірибе нәтижесі: жаңбыр суының рН - 4,5 тең екендігін көреміз, яғни жаңбыр өз кезегінде қышқылдық қасиет көрсетіп тұр. Топырақ құнарсызданады.



а)




ә)



б)


3 – сурет. а) топырақтағы қалыпты карбонаттарды анықтау; ә) топырақтағы сульфат иондарын анықтау; б) топырақтың рН-ы.

3-а) суретінде карбонат иондары анықталды. Фарфор ыдысына 5г мөлшерде топырақ орналастырылған және 10% тұз ерітіндісінің 6-7 тамшы қосылды.



Тәжірибе нәтижесінде топырақ қайнайды. Топырақтың қайнауы топырақ құрамындағы  $\text{CO}_2$  газының бар екендігін көрсетеді. Фотосинтез процесіне сай топырақтың құрамындағы  $\text{CO}_2$  газының болуы тұрақтылықты білдіреді.

3-ә) суретінде сульфат иондары анықталды. 5 мл сүзіндіге концентрацияланған тұз қышқылының 2-3 тамшысын және барий хлоридінің 20% ерітіндісін 5-6 тамшысын қосылды.



Тәжірибе нәтижесінде барий сульфаты тұнбаға түскен болса, бұл сынамадағы топырақ қышқыл ортаға бейім. Себебі, күкірт окиді – қышқыл жаңбардың пайда болуына ықпал ететін негізгі ластаушы.

3-б) суретінде топырақтың рН ортасы анықталды. Ол үшін топырақтың 2 г-ын 35 мл дистилденген сумен араластырып, индикатор лакмус қағазымен топырақтың ортасын анықтаймыз. Топыраққа негізінен ең қолайлы орта рН-7 болуы тиіс. Тәжірибенің нәтижесінде топырақтың рН ортасы 5.5 дейін төмендегені анықталды.

Қорытындылай келе, ауа құрамындағы болып жатқан өзгерістер және ауаның ластану мөлшері зерттелді. Сондай – ақ қар суы мен жаңбыр суының қышқылдығы анықталды. Топырақтың құрамындағы қалыпты карбонаттарды  $\text{HCl}$  қосу арқылы және топырақтың рН ортасы,  $\text{SO}_4^{2-}$  иондарын анықтау реакциясы жүргізілді. Бұл реакциялар жоғарыда тәжірибелік бөлімде көрсетілді.

Мектепке дейінгі орындарда және мектепте, ЖОО экологиялық сананы қалыптастыру. Экологияға деген көзқарас дұрыс қалыптастыру үшін алдын ала оларға видеороликтер көрсетіп, қоршаған ортаның тазалығының пайдасын, сонымен қатар лас табиғат ортасының қаншалықты зиян екендігін түсіндіру. Экологиялық сана осы уақытқа дейін қалыптасқан, демек алдағы уақытта да қалыптасады.

#### Әдебиеттер:

2. Сырлыбекқызы С., Сейдалиева Л.Х., Қойбақова С.Е., ”Экологиялық мониторинг” – 2019, Алматы. ЖК “LP – Zhasulan”;
3. Бейсеева Г.Б., Қозыбаева Ф.Е., Өнербаева З.О., “Топырақ қасиеттерін далалық және зертханалық зерттеулер” – 2019, Алматы, ЖК “LP – Zhasulan”;
5. [1] <https://countrymeters.info/ru/World#:~:text=%D0%A1%D0%BE%D0%B3%D0%BB%D0%B0%D1%81%D0%BD%D0%BE%20%D0%BD%D0%B0%D1%88%D0%B5%D0%B9%20%D0%BE%D1%86%D0%B5%D0%BD%D0%BA%D0%B5%2C%20%D0%BD%D0%B0%20%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%B5%D1%86,%D0%BD%D0%B0%2096%20954%20665%20%D1%87%D0%B5%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D0%BA>
6. [2] <https://naryk.kz/news/qazaqstanda-eski-kolikter-kobeip-barady>



## ПЕСТИЦИДТЕРДІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РӨЛІ

Абдубек А.О., Укебай С.Н.-1504-10 тобының студенттері,

Төлепберген Асхат - №36 Қазыбек би атындағы жалпы орта мектеп, 9 «Ә» сынып оқушысы.

Ғылыми жетекшісі: Мәдібекова Ғ.М. – х.ғ.к., профессор м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

### *Summary*

*The article presents information on the use of pesticides in agriculture and in various greenhouses. The harmful properties of herbicides have been studied.*

Кешегі халық композиторлары Ақан, Біржан, Үкілі Ыбырай, Мәди, Мұхит, Естай, Жаяу Мұса мен Ғазиздердердің табиғи өнерін ұлттық операмызға арқау еткен тамаша дарын иелері Евгений Брусилловский, Мұқан Төлебаевтар десек, осы сапта қажырлылық көрсетіп, небір тамылжыған шығармаларын тыңдаушысына жеткізген өнер өкілі, белгілі композитор Латиф Хамиди (1906-1983) еді. Татар жерінде Кайбеиз ауданына қарасты Бували елді мекенінде дүниеге келген. 1920- 26 жылдары Ташкенттегі түрік-татар ағарту институтында дәріс алған Латиф дүниенің кілті оқуда екенін түсініп, 1924 - 31 жылдары Мәскеудегі музыка техникумында оқи жүріп мектепте музыка пәнінен сабақ береді. Ал 1933-36 жылдары қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы драма театрында көркемдік жетекші қызметін атқарды. 1936-38 жылдары Мәскеу консерваториясының жанынан ашылған татар опера студиясында оқиды. Латиф Хамидидің қазақ жастарымен араласуы кездейсоқ емес-тін. Ташкентте оқып жүрген жастар үнемі бас қосып, көркемөнерпаздар үйірмесінде өз өнерлерін шыңдайтын. Студент шағында Латиф өмірдегі өз бағытын таңдай білді. «Шығыс кештері» деп аталатын жастар орталығында әр ұлттың өкілдері жиналып өз өнерлерін ортаға салатын. Көп дауысты хорды Құрманбек басқаратын. Қазақ музыкасына деген қызығушылық осы кезде басталса, тағы бір оқиға Мәскеуде жүргенде өз әсерін тигізді. Бір күні үлкен мемлекет қайраткері Сейітқали Меңдекешевтің үйіне қонаққа барған еді. Алматыдан театр режиссеры Жұмат Шанин мен ақын Асқар Тоқмағамбетов келген екен. Содан қазақ халқының өнері мен әдебиеті жайлы көп сырласқан Латифке «Қазақстанға барып ұлттық өнеріне септігім тисе» деген ой келеді. Көп ұзамай оқуын бітірген ол Алматыға келіп, қазіргі Құрманғазы атындағы оркестрге дирижерлық етеді. Ән жанрына келгенде «Қазақ вальсі» қазақ музыкасының классикасы деуге болады. Бұнда халық әндерінің де ерекшеліктері қосылған. Жалпы қазақ жерінде вальс ән жанры түрінде қалыптасқан, олай дейтініміз халқымыз ән-әуенге тым жақын, содан да болар», - деген блатын. Латиф Хамиди аз уақыт радиокомитетте хор жетекшісі қызметін де атқарды. «Қазақ вальсі», «Бұлбұл» әндерін жазғанда Күләштің дауыс мүмкіндігіне лайықтап, әншімен ақылдаса отырып жазды. «Елде тыныштық орнасын, біз бұлбұлдай сайрап, өнерімізді өркендетейік, тыңдаушымызды қуантайық! - деп Күләш тілек білдірген соң осы бір әсем әндер көңіл қуанышына айналған-ды. Композитордың жаны сұлу, шығармалары табиғи әсемдігімен ерекше еді. Латиф Хамиди ұстаздық қызметпен музыка училищесінде, консерваторияда сабақ беріп жүргенде әннен алыстап кетті. Оның есесіне оркестрге, әртүрлі аспаптарға арнап көптеген шығармалар жазды. Қазақ радиосының әуе толқынынан насихаттады. Композитордың шығармашылық шыңы - «Абай» операсы еді. Бұл операны Ахмет Жұбанов екеуі бірігіп жазды. 1944 жылғы 19 сәуірде Ақсай демалыс үйінде жазылған бұл шығарма Абай әндерімен әрлендірілді[3]. Латиф Хамиди

Абай әндерін жазушы Мұхтар Әуезовтен үйренді. Мұқаң бұл операның ойдағыдай шығуына көп көмек беріп, басы-қасында болды. Латиф Абайдың ұлы ақындығымен қоса жаңашыл халық композиторы екенін, әнге жаңа екпін, леп қосып, халық әндерінен өзгеше әуен ойластырғанын түсінді. Сондай-ақ, Абайдың басқа ұлттардың да ән-әуенін тыңдап, ғибрат алғанын байқады. Алғаш Абай бейнесін тенор дауысты Қанабек Байсейітов орындаса, кейін баритон дауысты Ришад Абдуллин орындағанда мағынасы ашыла түсті. Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан композитор Рамазан Елебаевтың жарқын бейнесін сомдау мақсатымен тағы да Ахмет Жұбановпен бірігіп «Төлеген Тоқтаров» операсын жазды. Композитор 1946 жылы бір көріністі «Жамбыл мен Айкүміс» операсын жазса, 1949 жылы төрт көріністі «Жамбыл» операсын аяқтады. Либереттосын жазған Хамит Ерғалиев пен Шаяхмет Құсайынов еді. Латиф Хамидидің «Балбұлақ» опереттасы, симфониялық оркестрге арнап жазған «Татардың би» сюитасы, «Қобыланды» сюитасы мен «Амангелді» маршы, халық аспаптар оркестріне арнап жазған «Керуен», «Қордай», «Домбыра-прима аспабы мен оркестрге арналған концерті, камералық оркестрге арнап жазған «Қазақ тақырыбына сюита», «Полька», «Романс», «Дәулеткерей» күйі тақырыбына пьеса, ұйғыр биі, балаларға арнап жазған көптеген шығармалары біздің алтын қорымызда сақтаулы[4].

Қазақтың ұлттық музыкасын кәсіби деңгейге көтеріліп, қарқынды дамуына үлкен үлес қосқан татар халқының өкілі, Қазақстанның халық әртісі, ұлағатты ұстаз, белгілі композитор Латиф Хамидидің есімі өнер өлкесінде мәңгі жасай бермек.

#### **Әдебиеттер:**

- 1.Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Атамұра» баспасы.
- 2.Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна Ltd. ЖШС, 2005
- 3.Жұбанов. Ән-күй сапары. -Алматы, 1976.
- 4.Момынұлы П. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы. -А., 2002.І-том.

ӘОЖ (37.01.056)

## **АХМЕТ ЖҰБАНОВТЫҢ МУЗЫКАТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ЕҢБЕКТЕРІ**

**Қосалиева А.Н.** - 1403-11 тобының студенті

**Ғылыми жетекші: Исабекова Г.Т.** – магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

#### ***Резюме***

*В данной статье рассматривается творчества Ахмета Жубанова и его исследовательские труды в области музыковедение*

Қазақтың көрнекті композиторы, музыкатанушы, дирижері, Қазақ КСР Халық әртісі, Қазақ КСР ҒА академигі, профессоры Ахмет Қуанұлы Жұбановқа биыл 2022 жылдың сәуір күні (1906-1968) 116 жыл толады. Оның есімімен қазіргі қазақ композиторлық мектебінің пайда болуы, ұлттық оркестрлік,

опералық және камералық жанрлардың қалыптасуы байланысты. Ерекше әрі жарқын ұлттық композитор әлемге қазақ халық әндері мен күйлерінің сұлулығы мен ұлы рухани күшін ашты. Композитор оларды ынтамен жинап, "Ғасырлар жолдары" және "Бұлбұл ғасырлар" кітаптарында халық музыканттары туралы айтып берді. Құрманғазы данышпандарын тыңдармандардың кең ортасына ашып, күйші батырдың асқақ есімімен өзінің сүйікті екі ұрпағын: Қазақ халық аспаптар оркестрі және Алматы мемлекеттік консерваториясы деген атаумен атаған. Ахмет Қуанұлы Жұбанов 1906 жылы сәуір айының 29 күні, Қосуақтам шатқалында, Орал облысының Темір уезіндегі Темір-Уркачевск болыстығында (қазіргі Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы), орта шаруа семьясында дүниеге келді.

Болашақ композитордың әкесі Қуан ауылда ағартушы адам болған. Сонымен қатар, 1870 жылдан бастап Ақтөбе маңында тұрақты тұруға қоныстана бастаған Воронеж, Курск, Тамбов, Харьковтан келген орыс шаруаларымен сөйлесіп, орыс тілінде сөйлеуді және оқуды үйренді. Жұбановтың әкесі балаларына білім беруді армандаған. Жұбанов 1918 жылы Журын қаласында екі жылдық орыс мектебін бітіріп, мұғалімдерді даярлау курстарынан кейін Темір қаласында жұмыс істейді. Бірақ бір минутқа жас жігіт музыка туралы ұмытпайды, теория мен музыкалық сауаттылықты өз бетінше оқиды, әуесқой халық аспаптар оркестрінде ойнайды. Жұбановтың Ақтөбеде өткізген жылдары оның өмірінде ерекше маңызды болды. Мұнда ол Варшава консерваториясын бітірген соң, сол кездегі әйгілі скрипкашы Чернюкпен танысады. А.В.Затаевичтің сол кездегі шығарған "Қазақ халқының 1000 әні" кітабы Жұбановта үлкен әсер қалдырды. "Мен Затаевич жинаған әндер туралы және осы тінтуір тәрізді іздерді оқи алатын, дыбыстар жаза алатын және Затаевич сияқты музыка саласындағы маман болғысы келетін адам туралы көптеген түрлі аңыздарды білді.

Чернюк менің бұл тілегімді ыстық және шын жүректен қолдады. Қысқасы, А.В. Затаевичпен сырттай танысуым оның қазақ әндерінің жинағы арқылы менің алдағы тағдырымның бағытын тоқсан пайызға шешті", – деп еске алады Ахмет Жұбанов. 1932 жылы Ленинград консерваториясының тарихи-теориялық факультетінің түлегі, өнертану академиясының аспиранты Ахмет Жұбановты ұлттық музыкалық білім мен өнерді көтеру үшін Алматыға алып келеді. Алматы музыкалық-драма техникумының (қазіргі Алматы музыкалық колледжі) меңгерушісі болып тағайындалды. Алматы қаласында ол өз өмірінің басты арманын жүзеге асыра бастады. Әлемді қазақ даласының әсем музыкалық шығармаларымен – әндерімен, күйлерімен және аспаптарымен таныстырып және солардың негізінде қазақ халық аспаптар оркестрін құрды. Ол үшін жас музыкант техникумда оркестрлік диапазонның, сап пен дыбыстың талаптарына сәйкес қазақ халық аспаптарын жетілдіру және біріздендіру бойынша эксперименттік шеберхана ұйымдастырды. Жұбановтан шақырылған музыка шеберлері Махамбет Бөкейханов пен ағайынды Романенко домбыра, қобыз, сыбызғы және барабан-дауылпазды жетілдірумен айналысты. Жұбанов еңбектерінің нәтижелері туралы өзінің "Струны столетий" атты кітабында

былай деп жазған: "Республика Халық ағарту комиссариатының алқасында домбыраны көрсету қатысушылардың барлығын таң қалдырды.

Жұбанов техникум жанынан құрылған студенттік домбыра ансамблін 1934 жылы өткен тұңғыш бүкілқазақстандық халық таланттарының слетінде өз өнерін паш етті. Көп ұзамай ҚазЦИК Президиумы домбыра ансамблі негізінде Қазақ ұлттық аспаптар оркестрін құру туралы қаулы қабылдады. Осылайша әлемге әйгілі Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік халық аспаптар оркестрі дүниеге келді, оның дирижері және көркемдік жетекшісі болып Ахмет Жұбанов тағайындалды. Ұжымға Ұлттық репертуар жетіспеді, онда Ахмет Қуанұлы халық әндері мен күйлерінің үздік үлгілерін көрсеткісі келді. Осыған байланысты техникумда ол фольклор кабинетін ұйымдастырып, онда Құрманғазы, Дәулеткерей, Абул, Тәттімбет, Қазанғап, Ихлас, Сармалай, Сейтектің әндері мен күйлерін ноталық станға жазған, бұған дейін күйшілер мен әншілердің ауызша жадында ғана сақталған.

Жұбановтың шақыруы бойынша бұл жұмысқа талантты музыкатанушылар қосылды: оларға Ленинградтан шақырылған композитор Евгений Брусиловский, сондай-ақ Латиф Хамиди мен Борис Ерзакович қосылды. Композитор көп жылдар бойы Алматы мемлекеттік консерваториясының Қазақ халық аспаптары кафедрасын басқарды, онда қазақ халық музыкасының тарихы бойынша арнайы курс әзірледі. Кейіннен белгілі музыканттардың бірі-Ахмет Жұбановтың шәкірттері, Нұрғиса Тілендиев, Шамғон Қажығалиев, Рүстембек Омаров т.б. Қазақ кәсіби музыкасына үлкен үлес қоса отырып, ғылыми-зерттеу, музыкалық-қоғамдық, педагогикалық қызметін белсенді шығармашылықпен табысты үйлестірді.

Ол халық мойындаған түрлі жанрдағы көптеген шығармалардың авторы. Олардың ішінде симфониялық шығармалар мен опералар, камералық-аспаптық және хор шығармалары, әндер мен романстар, драмалық спектакльдер мен кинофильмдерге музыка бар. Жас композитор қазақ халық әндерін өңдеумен ғана шектелмеген. Ол қазақ халық аспаптар оркестріне орыс және шетел классик-композиторларының шығармаларын арнады. 1943 жылы Қазақ халық аспаптар оркестрі Глинканың "Руслан мен Людмила" операсынан Черномордың маршы, Жұбанов аспабында Шуберттің "музыкалық сәті" рөлін сомдады. Кейіннен Чайковскийдің "Шыңның ханымы", Римский-Корсаковтың "Патша қалыңдығы", Спендияровтың "Прелюдиялар" және "Қырым эскиздері" операсының үзінділерінің оркестрі құрылды. А.Жұбанов сондай-ақ оркестрге кеңестік кезеңдегі Коваль, Покрасс, Чишко, Ревуцкий және басқа да орыс және украин композиторларының аспаптық шығармаларын, әндері мен хорларына арнады. Осының барлығы оркестр музыканттарының орындаушылық шеберлігін арттыруға және жетілдіруге ықпал етті. Бұл ұжымның одан әрі өсуі, классик композиторлардың шығармашылығын кеңінен насихаттау Жұбановтың қызметі мен тәжірибесінен ажырамайды.

Оның дәстүрлері композиторлар мен дирижерлердің кейінгі ұрпақтарына үлгі болды. Жұбановтың композиторлық қызметі 1938-1940 жылдары екі бағытта дамыды – ол халық әндері мен күйлерін өңдеумен

айналысты және өз шығармаларын жазды. 1939 жылы Ғ.Мүсіреповтің "Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу" пьесасына музыка жазды. Композитор М.Ф.Гнесинмен бірге "Амангелді" фильмінің музыкасымен жұмыс істейді. Содан кейін ол М.Ақынжановтың "Исатай-Махамбет", М. Әуезовтің "Абай" драмалық спектакльдеріне музыка жазады. Осы жылдардағы елеулі туындылардың бірі-халық композиторының өмірі мен шығармашылығы туралы "Сары" музыкалық пьесасы. Жұбанов үлкен музыкалық шығармаларды жазуға үлкен шығармашылық ізденіспен келді, халық мұрасының қазынасынан оның ойынша оркестрде өз бояуларын жоғалтпай ең сәтті шырқалған шығармаларды жинақтады.

М. Әуезовтің "Абай" трагедиясына жазылған музыкасы, "Абай" симфониялық поэмасы осы тақырыпқа опера жазды. Жұбанов композитор Латиф Хамидимен 1944 жылы шығармашылық бірлескен авторлықта жазған "Абай" операсы осы жанрдағы қаламның алғашқы сынағасы және қазақ музыкасындағы жаңа сөз болды. Ахмет Жұбановтың бүкіл шығармашылық өмірін оның орасан зор еңбекке қабілеттілігі мен еңбексүйгіштігінің алдындағы тосын сый ретінде елестетуге жеткілікті. Ол ұлттық музыкалық мәдениетке арналған жүздеген ғылыми-зерттеу жұмыстарын, мақалалар мен көркем очерктер жазды. Жұбановтың "Струны столетий", "Соловьи столетий", "Құрманғазы", "Жизнь и творчество казахских народных композиторов", "Музыкальная культура казахского народа", "ан кюй сапар" ("Путешествие по песням и кюям") сияқты шығармаларын халық арасына кеңінен тараған кез келген зерттеушінің үй кітапханасында кездестіруге болады. Жұбановтың еңбектері әдеби жұмыс үшін бұрыннан қажетті дереккөзге айналды. Академик М.С.Сильченконың "Қазақ музыкалық мәдениетінің энциклопедиясы" деп аталған "Жүз жылдық бұлбұлдар" кітабы үшін Ахмет Жұбанов Қаз-КСРО-да Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды.

Композитор бұл өмірден кеткен соң, оның қызы Ғазиза Жұбанова бұл еңбекті аяқтау үшін қолына алады. Әуелі Х.Ерғалиевтің либреттосы мен А.Жұбановтың жинаған материалы бойынша Ғ.Жұбанова радио-опера жазады. 1986 жылы опера бүтіндей аяқталып, опера театрында қойылды. Бұл туындының авторлары бір әулеттен шыққан композиторлар – А.Жұбанов және Ғ.Жұбанов. А.Жұбановтың шығармашылығының Қазақстан мәдениетінің дамуындағы маңызы зор. Татар халқының композиторы Н.Жиганов былай деп жазған: «Егер, әр композитор А.Жұбанов тәрізді өз халқын сүйсе, онда ол, әр ұлттың мәдениетінің дамуына қосылған үлкен үлес болар еді. Оның бойына ғалымның ақылы мен қарапайым дала қазағының, тау гүлінің, қымыздың жұпар исі аңқып жан-жағына шапағатын шашып тұратын». А.Қ.Жұбанов қазақ ұлттық өнерінің дамуына қосқан үлесі үшін Қазақстанның мемлекеттік сыйлығына ие болды. Ленин орденімен, басқа да ордендер мен медальдармен марапатталған. Ахмет Жұбановтың есімі әрбір Қазақстандыққа таныс, ол музыкаға қатысы бар адамдарға ерекше жақын. Ахмет Жұбановтың қазақ музыка мәдениетіне сіңірген еңбегі зор.

Балалар – біздің қуанышымыз, үмітіміз, болашағымыз. Бүгінгі мектептің алдына қойылып отырғаны – жеткіншек ұрпаққа мәдени, еңбек, адамгершілік және эстетикалық тәрбие берудің сапасын арттыру. Білім алушыларға көркемдік білім беру мен музыкалық тәрбиені халықтың ұлттық мәдени мұрасымен байланыстыра отырып, айтарлықтай жақсартуы. Музыкалық тәрбиені беру арқылы әсемдік сезімін дамыту, көркемдік талғамын тәрбиелеу, өнер шығармаларын сүйіп туған табиғатын, оның байлығын қастерлеп, бағалай білуге қабілеттерін қалыптастыру. Сонымен жүргізілетін жұмыстың мәні аса зор дей келе болашақ жас ұрпақ үшін қажеттілігін мойындай отырып оқу жоспарларын енгізіп, нағыз қазақтың ұлы, дарынды, білімді, перзенттерін дайындауға тиіспіз деп ой түйіндеймін.

#### **Әдебиеттер:**

1. Жубанов Ахмет Куанович- Казахская энциклопедия
2. Ахмет Жубанов на unesco.kz
3. Педагог новой формации// Учитель Казахстана 2006

ӘОЖ 37.013

### **АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

**Кәдірбай Әміржан-106-18 тобының студенті**

**Ғылыми жетекші: Таубаева Р.К.** –аға оқытушы, ҚР Мәдениет саласының үздігі  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

#### **Резюме**

*В данной статье рассматривается роль народной музыки в формировании основ человеческой культуры*

Қоғамның негізгі бағыты білімді де дарынды балалар даярлау болса, ал мектептің негізгі көкейкесті мәселелерінің бірі білім мен қатар тәрбие беру, яғни адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру, адамгершілік мәдениеті жоғары деңгейдегі оқушылар тәрбиелеу. Жас ұрпақ бойына батылдық, әділдік, мейірім мен қайырымдылық, ізеттілік пен қамқорлық сезімдерін сіңіруді әр ұстаз, әр пәнде сабақпен ұштастыра жүргізуі қажет.

Адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың тиімді тәсілдеріне ұлттық педагогика элементтері де жатады. Қазіргі таңдағы қазақ педагогикасының міндеті - адам бойындағы жақсы қасиеттерді жас ұрпаққа үйрету, ұлтжанды, отансүйгіш, әдептілік, ар-намысы биік оқушылар тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбиенің көздері – фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге-өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық



адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттер, ізгілік сынды сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі бағыттары болады.

Қазақтан Республикасы білім беру жүйесінің даму динамикасы, адамгершілік - рухани білім беруде рухани идеал құндылықтарды, ұстаным мен мақсаттарды қалыптастыруды талап етеді. Адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғамға, отбасына, еңбекке, білімге, Отанға, жер бетіндегі бейбітшілікке қатынасын қалыптастырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Адам - ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті.

Адамгершілік тәрбиесі оқушыларды адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендіреді. Оқушылар оларды оқып үйренумен шектелмей, оқу, тәрбие, еңбек процесінде іске асырғанда адамгершілік олардың сеніміне айналады.

Халық ауыз әдебиетіндегі түрлі ертегілер, эпостық жырлардағы халық батырларының өмірлері, қазақтың тұрмыс-салт жырлары, еңбек пен шаруашылық, аңшылық туралы, әдет ғұрыпқа байланысты туған өлең-жырлар, той бастар, жар-жар, сыңсу, беташар, қоштасу, жоқтау, мақал-мәтелдер, жұмбақ айту, аңыз әңгімелер, батырлар жыры, жыраулар айтатын өсиет сөздер, ақындар қалдырған термелер, айтыс, қыз ұзату т. б. бұл қазақ тарихы. Тарихты үйрену арқылы халықтың дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын үйрену балаға ұлттық тәрбие береді, яғни ол тәрбие негізі.

Өнердің қай түрі болмасын - шешендік өнер, саз, көркем сурет және қолданбалы өнер баланың тәрбиесі үшін аса маңызды. Олар балалар мен жастардың ақыл - ойы мен сезіміне әсер етіп, музыкалық-эстетикалық ләззат берген және танымдық, тәрбиелік маңызға ие болған. Балалардың музыкалық тәжірибесі неғұрлым бай болған сайын, олардың дербес шығармашылық еңбегі жемісті бола түсетіні аян. Себебі көркем әсерлермен шебер байытып отыру балалардың шығармашылық қабілеттерін, олардың әсерлілік құралдарын іздестірудегі белсенділігін дамытуға жәрдемдеседі.

«Жалпы білім беретін мектептердегі музыкалық тәрбиенің басты міндеті- мектепте музыканы үйрету ғана емес, музыка арқылы оқушылардың ішкі дүниесіне, ең алдымен, адамгершілік қасиетіне әсер ету» деп белгілі композитор Д.М.Кабалевский айтқандай [1], мектепте ән сабағы тек оқу-тәрбие құралы деп түсінуге болмайды, сонымен қатар ол ұлттық дәстүрлі өнерді насихаттаушы ретінде жүру керек. Өйткені халық музыка дәстүрлері арқылы оқушылардың бойында жалпы адамгершілік қалыптармен гуманистік, моральдық, қайырымдылық, ізгілік, өзара түсінушілік, ізеттілік, кішіпейілділік, адалдық, сыпайылық тәрізді қасиеттерді сіңіріп, олардың өзара қарым - қатынас мәдениеті мен қоршаған орта мен қарым- қатынасына мән беруіміз керек. Осыларды ескере отырып, халық музыка дәстүрлері арқылы оқушылардың музыка пәнінде адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда және әр сабақпен ұштастыру, музыка пәні мұғалімінен ізденістерді талап етеді. Өйткені оқу мен тәрбие тығыз байланысты екені баршамызға мәлім. Халық музыка дәстүрлері арқылы оқушылардың сабақ барысында тәрбиелеуде өзіндік ерекшеліктері бар

күрделі үрдіс. Оқу үрдісіндегі тәрбие міндетін іске асырудағы қиындықтың бірі сыныптағы оқушылардың адамгершілік түсініктерінің әр түрлі болуында және де тәрбие күрделі үрдіс болғандықтан, бір сабақта баланы адалдыққа, қайырымдылыққа, батылдыққа, шындыққа тәрбиелеу мүмкін емес. Ол уақытты және мұғалімнен іздеп азықты, іскерлікті, біліктілікті қажет етеді.

XXI ғасырдағы тасқындаған толассыз ақпараттар, қоғамдағы күрделі өзгерістер аясында өмір сүріп жатқан жас ұрпақты тәрбиелеудің күрмеуі қиын күрделі мәселелері жеткілікті. Ғаламдану өріс алған қазіргі заманның тәрбие жүйесіне ұлттық тәрбиені дарыту одан да өзекті болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтап, уақыт тезінен өткен тәрбие тәжірибесінің ауқымды бір саласы - ата-бабадан мирас болып қалған музыкалық мұрамыз.

Музыка - халық тарихының шежіресі. Музыкада өмір, тіршілік құбылыстары, адамның күйініші, сүйініші, қуанышы мен қайғысы бейнеленеді. Қазақ халқының басынан өткен қилы замандар, тіршілігі мен тағдыры, салт-дәстүрі, өмір сүрген ортасы мен әдет-ғұрыптары музыка арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, тарих айнасына айналды. Халық дүниеге келген сәби қуанышынан бастап, адамзат тіршілігіндегі оқиғаларды, алуан түрлі ойларды ән-әуенмен жеткізе білген. Сондай-ақ тіршіліктің бүкіл тауқыметін, ауыртпалығын көтере жүріп, бесік тербеткен аналар да өздеріне әнді серік еткен.

Орта ғасырдың аса көрнекті ғалымы және философы Әбу-Насыр әл-Фараби «Музыканың адамға емдік қасиетін, жағымды әсерін сондай-ақ, оның адамның жан дүниесіне әсер ететін, тәрбиелік мәні зор» деп тұжырымдаған [2].

Қазақтың аса бай әрі өзіндік сипаттарымен ерекшеленетін музыкалық мұрамыз халқымыздың рухани дүниесінде айрықша орын алады. Қазақтың философиялық-эстетикалық тағылымы, көзқарасы, дүниетанымы, наным сенімі, мінез-құлқы, ой-арманы, көңіл-күйі, отаншыл-азаматтық сезімі, қиял-арман қайғы-қасіреті, ғашықтық сүйіспеншілігі мен батырлық қасиеттері, еркіндікті аңсаған жүрегі, қонақ жайлы кең пейілі және т.б. ұлттық сипаттары тамаша музыка тілімен бейнеленген.

Халқымыздың ұлы перзенті Абай Құнанбаевтың «Артыңа із қалдырғың келсе, кейінгі ұрпаққа адамгершілік нұрын сеп, білімге тәрбиеле, болашағымыз өз ұлт өнері мен мәдениетінің тұнығынан сусындап, тарихын терең түсінетін болсын» деген өсиеті де болашақ ұрпақты өнер-білім арқылы тәрбиелеудің қажеттілігі мен маңыздылығын дәлелдейді [3].

Қорыта айтатын болсақ музыка саласында халқымыздың өткеніне терең үңіліп, сол өнер қазынамызды оқушыларға белгілі бір жүйелі бағытта теориялық және іс-тәжірибеде қолдана білсек, оқушылардың рухани байлығын шығармашылық бағытта тәрбиелей аламыз:

- қазақ халық музыкасының шығу тарихы туралы мәлімет;
- қазақ халық музыкасының тәрбиелік мәнін ашып талдау арқылы;
- қазақ халық музыкасын жеткізуші өнер қайраткерлері туралы мәлімет;

Біз қазақ халқының ұлттық музыкасының шығу тарихы мен зерттелуі туралы оқушыларға мәліметтер бере отырып, қазақ халқының музыка өнерін білудің қаншалықты қажет екенін түсіндіріп, ұлттық музыкаға сүйіспеншілік көзқарас пен құрметтеу сезімін оятуымыз керек.

**Әдебиеттер:**

1. Кабалевский Д.М. «Воспитание ума и сердца» -М.,1984
2. Әбу Насыр Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. -Алматы, Арыс, 2009
3. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. -А., II том, 1994.

ӘӨЖ.391/393

**ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ  
ТАРИХЫ МЕН МАҢЫЗЫ**

**Гафур М.** – 1602-10 тобының студенті

**Ғылыми жетекші: Агулыкова У.А.** – аға оқытушы, магистр

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

***Резюме***

*В данной статье дан краткий обзор значению ювелирных изделий в древности и в средние века, а также рассматриваются особенности ювелирных украшений казахского народа.*

Күнделікті өмірде сәндік бұйымдарды таққан кезде олардың қашан, қалай және не мақсатта пайда болғандығы жайлы, тіпті адамзат баласы алдымен киім киді ме, жоқ әлде әшекейлерді тақты ма, деген сияқты сауалдар бізді толғандырды. Әшекей бұйымдардың шығу тарихы бірнеше мыңжылдықтарды қамтиды. 1891ж АҚШ-та Иллинойс штатында осыдан 260-320 млн жыл бұрын жасалынған ұзындығы 25см алтын шынжырдың табылуының өзі зергерлік бұйымдардың адамзат қоғамында көне заманда маңызды роль атқарғандығын білдіреді. Әрине әшекей бұйымдарды тағу діни сенім нанымдармен тығыз байланысты болды, адамдар асыл тастарды ерекше қасиетке ие деп, тұмар ретінде бойына тағатын. Ең қызығы әйелдерден бұрын ер кісілер өздерін әшекей бұйымдармен сәндей бастаған.

Ежелгі заманда тұлғаның таққан әшекей бұйымына қарай оның жасын, шыққан тегін, қай руға жататындығын анықтауға болатын еді. Яғни белгілі бір бұйымды кез келген адам таға алмайтын. Сырғалар бойтұмар ретінде қаралып, Орта Азия халықтарында нәресте қызға туылған соң көп ұзамай тағылса, жүзіктер оны таққан адамның қоғамда алатын орны мен билігін көрсететін. Ежелгі Мысырда мойынға тағатын алқалардың көкіректі жауып тұратындай етіп көлемді жасалуының басты мақсаты ең маңызды болып саналған дене мүшесі-жүректі қорғау еді. Қазіргі таңда асыл тасы бар, тек сән үшін тағылатын түйреуіштердің шығу тарихы тіпті қызық. Оларды ежелгі адамдар үстіне оранған жамылғысын бекіту қажеттілігінен ойлап тапқан.

Уақыт өте әшекей бұйымдарды бірте- бірте діни тұрғыдан гөрі, сәндік мақсатта қолдана бастады. Бірақ сонда да, зергерлік бұйымдардың сән беруден басқа да біз білмейтін құпия сырлары мол болған. Біздің мақсатымыз әр

бұйымды қандай жағдайда таққанын анықтап, астарлы мәнін ашу. Әлбетте ең алдымен қазақ халқының зергерлік өнерінің даму тарихы мен әшекей бұйымдарының ерекшеліктеріне қарастыруды жөн көрдік. Ертеден бері қазақ жерінде қыз-келіншектерді ажарландыра түсу үшін оларға арнап сан-алуан түрлі әшекей бұйымдар жасаған. Халық зергерлері көбінесе білезік, өңіржиек, сақина, сырға, түйреуіш, түйме, шашбау, жүзік сияқты адамдардың өз бойындағы әсемденетін заттарды жасады. Қазақ қыздарының таққан әшекей бұйымдарына қызыға, таң қалған орыс өнер зерттеушілері А.Л.Мелков пен А.Н.Четыркина «Адай әйелдері мен қыздарының кеудеге салынатын өңіржиек, алқалары, шашқа байланатын шашбаулары, күмістен түрлі әшекейлері жасалуы жағынан қолөнердің ғажайып туындысы»-деп мойындады. Қазақ халқында қалыптасқан дәстүр бойынша, қыздар мен әйелдердің әшекейсіз жіруі әдепсіздік болып саналған, өйткені әшекейді қаралы күнде ғана тақпайды. «Әшекейі жоқ әйел жапырағы жоқ ағашпен тең»-деген аталы сөз бар. Ұлы дала иелері қашанда-» әйел көркі шаш, шаштың көркі шолпы»-деп есептеген. Әр бойжеткенді бірінші шашына қарап бағалаған. Сондықтанда ата-аналар қызына шашқа қосатын, жалғайтын, кигізетін сияқты тәрбиелік мәні жоғары зергерлік әсем бұйымдарды таққызған. Шашқа тағатын әшекей бұйымдардың бірі-шашбау. Шашбау аты айтып тұрғандай «Шаштың бауы»-деген мағына береді. Шаштың ұшын бекіту үшін тағылатын бұйым. Шашбау тағып жүру шашы сирек қыздарға көп пайдасын тигізген, себебі шашпен қосып шашбауды бірге өру арқасында шаштары қалың көрінген. Әсем сәнді шолпыларды қыздар мен келіншектерге ғана таққызған, егде әйелдер қарапайымдау түрін таққан. Шолпыдағы шылдырлақтар бірін-біріне тиіп қоңыр үнді дауыс қалдырады Солайша қыз баланың әдебін білген. Қыз бала ер кісінің алдынан шолпысын сыңғырлатып өтсе тәрбиесіз деген, ал сыңғырлаған дауыс шықпас үшін қыз бала бойын тік ұстап жүру керек болаты ал бойын тік ұстаған қыз баланың омыртқалары мен басқада сүйектері тура тік өскен. Шолпы таққан қыздың басы ауырмайды шашы ұзын әрі сулу берік болып өседі, ерте шашы түспейді деп жорамалдаған. Шолпы тек сән үшін ғана емес тәрбиелелік жіне медициналық жағынанда пайдасы әбден зор. Мерекелік жағдайларға байланысты шекелік таққан. Шекелікті бас киім бауына немесе самай шашқа бекітіледі. Шекеліктер түрлі формада жасаған, тіпті иыққа дейін жетіп тұрған. Соған байланысты «Қыз ұялып тұр»-деген сөздің орнына «Шекелігі түсіп тұр»-деген сөз қалған.

Қазақ әйелдерінің әсем көркіне қосымша сән беріп, жарасымды тағылатын зергерлік бұйымдар түрі-Сырға. Сырғалардың түрлері көп. Солардың бірі Ай сырға. Бұл тылсым табиғат –Айдың қасиеттілігін бейнелеуге деген құштарлықтан туған. Қыз балаға сырғаны бетінді ажарлы етсін, тіл көзден сақтасын деген ниетпен таққызған. Тұмарды ата-әжелеріміз сәндік үшін және Құран сүрелері жазылған қағазды омырауға тағатын жұмыр түтікше тәрізді жасалған салпыншақ бойтұмар. Омырауға тағатын сәндік бұйым-Алқа. Көбінесе күмістен жасалған. Әйелдердің сән, әсемдік бұйымы. Өңіршені ерлер жейдесі мен әйелдер көйлегінің омырауына әсемдікпен қатар тіл көзден

сақтайды деп сенген .Өрнекпен безендірілген. Қолдың сәні-Білезік.Түрлері өте көп,қос білезік түрлі формада жасалынған..Білезік күмістен жасалған көбінесе,ал күміс тазалықтың белгісі болған.«Асың таза болсын десең,білезік тақ»-деп ата-бабаларымыз тауып айтқан. Жүзік.Жүзіктің түрлері көп таңба жүзік,құдағи жүзік,құс жүзік т.б.Таңба жүзікті көбінесе қазіргі тілмен айтқанда шпиондар таққан,таңба ретінде.Құдағи жүзік,аты айтып тұрғандай құдағилар бір-бірлеріне сый ретінде берген.Құс жүзік.Бұл жүзікті қыз балалар таққан.Жүзікке арабша Жаратушының есімдерін жазған.Құс жүзік деп аталуы өз себебі бар. жүзіктің пішіні құс тұмсықты етіп жасалған себебі «қазақ қыздары құстай еркін болсын»деген. Түйме.Еркісі мен айел кісі бірдей қолданатын бұйым. Түйреуіш.Сезім білдіру үшін қолданылатын бұйым.Яғни ер жігіттер көңіл берген қызына түйреуіш беру арқылы өз сезімін білдірген. Белбеу,аты айтып тұрғандай «белді буу» немесе «белді байлау» беген сөзден шыққан.Белбеуді түрлі әшекей бұымдармен жапсырмалау арқылы сәндеген.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының зергерлік өнерінде орын алған әрбір сәндік бұйымның эстетикалық пайдалы мәні мен бірден білінбейтін өзіндік функциялары мен тәрбиелік маңызы болған.

#### Әдебиеттер

- 1.За пределами вероятного.Тайное становится явным./ № 1(43) 2001г.
- 2.Сокровища мира / Под ред. Джанни Гуадалупи. – Астрель: АСТ, 2001.
- 3.Макаров Л.П. Ювелирные украшения. – М., 2001.
- 4.Анри де Моран. История декоративно-прикладного искусства. – М.: Искусство, 1982.
- 5.С. Нелюбов "Символика старинных перстней"
- 6.Б.С. Владимирский «Камни: тайны и таинства»
- 7.Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдары, «Фолиант» баспасы, Астана – 2008 ж.
- 8.С.Қасиманов Қазақ халқының колөнері.Алматы,1995ж.
- 9.Д.Шоқпарұлы, Д.Дәркембайұлы «Қазақтың қолданбалы өнері»Алматы,2007ж.

ӘӨЖ 378:786.8 (574)

## ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Смаилова М.С. – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Кененбаев С.Н. - аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

#### Резюме

*В данной статье рассматриваются методы воспитания подрастающего поколения посредством казахского традиционного музыкального искусства*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, даму және кәсіби тұрғыда жетілуі үшін жағдайлар жасау» [1] қажеттілігі айтылса, ал Қазақстан Республикасының заңы 1 бөлімінің 2–бабында «Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр–салтын оқып үйрену үшін жағдайлар жасалу қажет» [2] - деп атап көрсетіліп, халықтық мәдениеттің маңызына ерекше көңіл бөлінді. Мәдени- этникалық білім мен тәрбие беру мақсатын көздеген осындай мемлекеттік құжаттар аясында ұзақ

жылдар бойы ескерусіз келген халықтық музыкалық педагогикасы қайта жаңғырып, тәрбие саласында ерекше маңызға ие бола бастады. Мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік дамуы өз ұлтымызға тән рухани, мәдени өмірдің өркендеуімен үйлесім тауып, жас ұрпақты салт - дәстүрге, тілге, ұлттық өнерге, өз елінің және әлем халықтарының тарихын құрметтеуге тәрбиелеу жауапты да басты міндеттер ретінде жүзеге асырылуда. Ұлттық тәлім-тәрбие берудің нәтижелілігі мұғалімнің педагогикалық қызметінің дәрежесімен айқындалады. Сондықтан болашақ мектеп мұғалімдерін даярлау барысында халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәлім-тәрбие тәжірибесін тиімді пайдалану мәселесі басты назарға алынады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік - мәдени дамуының тұжырымдамасында «Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-мәдени даму жолы дегеніміз - ең алдымен адамзат қазыналарына баса назар аудару, прогресшіл халық дәстүрлері мен әдет-ғұрпының толымды түлеуі, гуманитарлық ғылымдарға, өнерге, халықтардың моральдық байлықтарына қайтып оралу, мәдениеттің барлық салаларында ұлттық даралықты сақтау, барлық ұлттық мәдениеттің қазыналары мен дербестігін мойындау» - деп атап көрсетілген болатын [3].

Қазақстанның мәдени дамуының бірден-бір себебі жасөспірімдерімізге білім мен ғылымды жан-жақты меңгертумен қатар, ұлттық мұрамызды қастерлеп, оның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табуына үлесімізді қосуымыз қажет. Осыған орай, мектеп оқушыларын ғылыми білімнің қоғамдық қажетті деңгейлерімен қамтамасыз ету, оларды отандық, ұлттық, әлемдік мәдениет арналарынан сусындату қазіргі заман педагогтарының басты міндеті боп саналады. Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық өнері - көшпелі өмір салтымен біте қайнасып, сан ғасырлар қойнауынан келе жатқан қайталанбас мол мәдени мұраларымыздың бірі. Жазу-сызусыз, ауызша ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әнкүйіміз ХХ ғасыр басында қоғам өміріндегі күрделі өзгерістер нәтижесінде жаңа даму жолына аяқ басты. Халықтың ән өнерінің асқан таланттары: Біржан Қожағұлов, Ақансері Қорамсаұлы, Мәди Бәпиев, Мұхит Мералиев, Жаяу Мұса Байжанов, Естай Беркімбаевтар еді. Бұлардың әншілік дәстүрін бері келе Кенен Әзірбаев, Иса Байзақов, Қосымжан Бабақов, Қуан Лекеров, Манарбек Ержанов, Ғарифулла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков т.б. әншілер, композиторлар, орындаушылар дамытты.

Әрбір халықтың өзімен бірге туындап, біте қайнасып келе жатқан киелі мұрасы бар. Адам жанының ішкі толқынысын, сезім шеруінің көпірін таңғажайып үн, әуен, ырғақпен жеткізе білетін қазақтың қара қобызы мен қоңыр домбырасы, сырлы сыбызғысы арқылы пайда болған күйлерді осындай мұра қатарына жатқызуға болады. Қазақтың арғы тегі мен түп-тұқиянына тереңдегісі келген жанның қай-қайсысы да осы музыка аспаптарына көз тоқтатпай өтпейді. Әсіресе, ұлттың рухани әлемі мен жан сұлулығы, ерлігі мен өрлігі, даралығы мен дарындылығын, дархандығы мен даналығын, сан алуан қасиет қабілетін осылардың үн төкпесіне таниды, сезінеді, тебіренеді, тәрбие көреді. [4]

Ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына дарытып, оның жан жүйесін оятуда, өнерге деген ынтасын арттыруда қазақтың қасиетті де, киелі қара домбырасының атқаратын рөлі ерекше. Ұлттық музыка аспабымыздың болашақ жас ұрпаққа дұрыс үйретілуі, саз өнерінің рухани мұра ретінде ел ішінде кең етек алуы жалпы ұлттық мүдде үшін аса қажет, күнделікті қолданыста тұрған ұлы мақсат болып табылады. Музыка ұлттық сананың қалыптасуына ықпал жасаумен қатар, жас жеткіншектің сезімталдығына, адамгершілік үрдісіне, рухани ұғымына да зор үлес қосатыны белгілі. Әсіресе, ұлттық саздың, ұлттық аспаптардың, күйші-сазгер, орындаушылардың өнерлері ең басты рухани бағдаршам болғаны керек-ақ. [5]

Халық арасында өте кең тараған домбыра аспабы - қазақ халқы үшін өте қастерлі дүниелерінің бірі. Оны белгілі ақын Қадыр Мырзәли: «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ -домбыра...» деген ойында тұтастай бір ұлттың өзіндік келбетін саз аспабы - домбырамен теңестірген терең философиялық көзқарасы жатыр. Қазақ домбырасыз, домбыра қазақсыз жартылай ұғым болмақ. Бұл - әлдеқашан дәлелденген факті. Міне, осындай көркемдік биік ұғым болып қалыптасқан домбыра, оның пайда болуы туралы түсінігімізді бүгінгі күнге дейін орта ғасырдан бастау алатын, қазақ арасында кең тараған. Домбыра - қазақтың жаны. Ол тар жол, тайғақ кешу жолдарын бастан өткерген қазақ тарихын парақтауға негіз бола алады. Ұлтымыздың болмысына куә болған әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне жан бітіріп, оның құнды қалпын сақтауға негіз болғанын көреміз. Күй тарту - тарихи аясы кең, тағлымы мол өнер. Тылсым табиғатпен біте қайнасып келген домбырадан төгілген күй мен аңыз қатар жүреді. Аңыз арқауында ақиқат бар. Сол аңыз арқылы домбыраның сүйемелдеуімен балалардың бойында ұлттық рух пен эстетикалық таным қалыптастыру басты міндет болып табылады.

Қазақ халқының ешкімге ұқсамайтын бітімі мен болмысын ажалайтын ұлттық қадір-қасиеті аз емес. Соның бірегейі есте жоқ ерте замандарда туып, қалыптасып, дамып жетіліп, бүгінгі күннің қажетіне жарап отырған күй өнері. Күй қай дәуірде де халық өмірінің айнасында дидарының табиғатынан айнымаған өнер. Күй сипатына, түрлеріне, мезгіліне қарай айыра білуге, олардың мазмұнына көтерілген әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсінуге тәрбиелеу арқылы естіген күйлерін шынай сезіммен қабылдап, бағалай білу қабілеттерін қалыптастыра отырып, күйшінің өзіне тән орындаушылық ерекшеліктеріне тоқталып, оқушылардың көркемдік талғамын жетілдіру. Күйшілердің ішкі рухани байлығымен сырт пошыманың өзара үйлесімдігін атап көрсетіп, олардың сахнада жүріс-тұрысы, тартымды киім - киісі, көпшілік алдында өзін-өзі ұстай білу мәдениетін үлгі-өнеге ету арқылы жас жеткіншектердің, оқушылардың этикалық және эстетикалық тәрбие берудегі рөлі орасан зор. Қазақта неше мың күй болса, оның қосарлана айтылатын сонша аңыз әңгімесі бар. Қобыз, домбыра, сыбызғы, жетіген, шаңқобыз, сазсырнай сияқты музыкалық аспаптарымызда тартылатын мың сан күйдің бірде-бірі себепсіз шықпаған. Бұл аңыз әңгімелер тартылатын күйдің музыкалық мән-мағынасына, әуендік ерекшелігін, иірім қағыстарын дұрыс

түсінуге себепші болуымен бірге, халқымыздың тарихи-әлеуметтік өмірінен мол мағлұмат береді. Күй аңыздары өзінің нақтылығымен, шынайы өмірді арқау етуімен халық тарихының ең бір жанды шежіресі болып табылады. Яғни, күй аызы тарихнаманың құнарлы бір арнасы екеніне күмән жоқ. Күй аызы белгілі бір күйді тудырған орта мен жағдай туралы бағалы ақпарат беріп қана қоймайды, күй аызының ақпараттық ауқымы мен қасиеті[6]

Қазақтың дәстүрлі күйшілік өнері қазіргі кезде еуропалық-классикалық музыкамен ұштасты. Компьютерлік технологияның көмегімен қобыз, домбыра, сыбызғы сияқты музыкалық аспаптарымыздың ғажайып үні мен бай мүмкіндіктеріне көптеген шетелдік тыңдарман-көрермендеріміз сүйсіне қол соқты. Бұл аспаптарды меңгертуде кәсіби білім беретін жоғары оқу орындары мен арнаулы музыкалық колледждер және бастауыш білім беретін музыка мектептері қызмет етуде. Ал, сирек болса да бүгінде халық арасында тартылып жүрген шертер, жетіген, қылқобыз, шіңкілдек, сазсырнай, шаңқобыз, адырна сынды ұлттық аспаптар және ұрып ойналатын шыңдауыл, дауылпаз, асатаяқ, қоңыраулы асатаяқ, жыланбас, мүйіз, тұяқтас, сақпан сияқты аспаптарда екіншісі бірі ойнай бермейді. «Китаб әл-мусики әл-кабир» (Музыканың ұлы кітабы) деп аталатын еңбегі арқылы бүкіл әлем ғалымдарын мойындатқан, Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби музыканың теориясы мен тарихын зерттеумен қатар музыкалық аспаптарды да зерттеп, жік-жікке бөліп берген еді. Ол кейбір музыкалық аспаптардың жаңа түрлерін өзі ойлап тауып, жасап шығарған. Ал, қазақтың музыкалық фольклорын жинауды өзінің алдына мақсат етіп қойған ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов халықтық күйлер мен музыка аспаптарын ұмыт қалдырмай, келешекке жеткізу қажеттігін айтады. Көне музыкалық аспаптарды тауып, зерттеп, қазіргі заманауи талаптарға сай етіп өңдеген, сол аспаптарда ойналатын, ұмытылып бара жатқан күйлерді нотаға түсірген Әлкей Марғұлан, Болат Сарыбаев, Уәли Бекенов, Жарқын Шәкәрімдер және шеберлер Имануил Романенко, Қамар Қасымов, Арыстан Ермеков, Оразғазы Бейсенбаевтардың сіңірген еңбектері орасан зор. Халық Қаһарманы, асқан домбырашы, дарынды композитор Нұрғиса Тілендиев өзінің төл перзенті фольклорлық-этнографиялық «Отырар сазы» ансамблінің құрамына көне музыкалық аспаптардың барлық түрлерін қосып, еліміздің алыс түкпірлеріндегі шағын елді-мекендерге дейін қалдырмай жиі аралап, концерт қойып шығатын еді. Ондағы мақсаты, кейінгі ұрпақты бабалардан қалған мол мұралармен таныстырып, оларды жоғалтпай, одан әрі жетілдіріп, рухани азық етуді аманат етіп тапсыру болатын. [7]

Қорыта айтқанда, қазақ халқының басты бір ерекшелігі ол тәрбиелік қасиеті. Қазақ халқының бүкіл салт-санасы, әдет-ғұрпы, мақал-мәтелдері, ертегі, жыр-термелері, ойын-сауығы, жұмбақтары мен жаңылтпаштары айналып келгенде тәрбиелік мәселеге тіреледі. Олар адамгершілікке, көпшілдікке, азаматтыққа баулыған. Қазақтың халық әндері жоғары тәрбиелік мүмкіндіктерімен, азаматтық идеяларының өркениеттілігімен, болмысын әсерлі бейнелеуімен, көркемдік айырмашылығымен болашақ ұрпақтың назарын өзіне аударады. Қазақтың түбі терең тылсым тарихы, бүкіл болмыс бітімі домбыра



пернесінде хаттаулы. Қазақ отбасында тәрбиеленіп, өсіп келе жатқан әрбір ұрпақ домбырадан төгілген күйден нәр алып, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерді бойына қалыптастыра білсе, онда біздің дәстүрлі музыкалық өнеріміз биік тұғырдан көрінеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы»//Қазақстан мұғалімі
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы»//Қазақстан мұғалімі
3. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасы. Алматы
4. Майгельдиева Ш.М., Байулов Г.Б.//Жастарға ұлттық тәрбие арқылы музыкалық педагогика негізінде тәрбие берудің мүмкіндіктері// III ХҒТК, «Современная наука и инновации», Болашақ, г. Кызылорда, Казахстан, № 20.1 (79.1) 2014ж
5. Қоңыратбай Т. Музыка өнері. – Алматы: «Өлке», 2009.
6. Мерғалиев Т., Бүркіт С., Дүйсен О. Қазақ күйлерінің тарихы. – Алматы, 2000.
7. Ахметова Н.К., Самтырова К.Ж.//Қоғам Тәрбие Оқыту Адамгершілік Отбасы Дәстүр Таным Ақын Музыка//Вестник Казахстано-Американского Свободного Университета(KZ), 2014, Оскемен

ӘОЖ

### **ЕЖЕЛГІ ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫМЕН МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМІ**

**Төреханова Т.М** - 7М01403-11 тобының студенті

**Ғылыми жетекші:** Д жоламанова Г.Д. – ө.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

#### ***Резюме***

*Музыка-неотъемлемая часть жизни, она отражает внутренний мир человека, наполняет его радостью и печалью, корни уходят в древность, а ветви опираются на современность.*

Музыка адамның ішкі әлеміне қатты әсер етеді. Ол рахат әкелуі мүмкін немесе, керісінше, қатты психикалық алаңдаушылық тудыруы мүмкін, тыңдаушыны ойлануға және оның алдында өмірдің белгісіз жақтарын ашуға итермелейді. Музыка соншалықты күрделі сезімдерді білдіруге берілген, сондықтан оларды кейде сөзбен сипаттау мүмкін емес.

Саналы адам қауымы осыдан 160 000 жыл бұрын Африкада қалыптасып, осыдан 50 000 жыл бұрын басқа да тіршілікке ықпал құрлықтарға тараған деп санайтын болсақ, адамзаттың пайда болуымен музыканың да бір қарапайым түрлері да сол алғашқы қауымда адаммен бірге пайда болған. Ең алғашқы музыкалық аспап - сырнай. Б.з.б. 35-40 мыңжылдық деп болжамдалған көне мүсіндердің қасында табылған.

Музыка функционалды түрде, биологиялық өмір сүру үшін адамға қажет емес оның адамзат тарихындағы пайда болуы мен тұрақты дамуын музыкалық сананың қалыптасуымен түсіндіруге болады Музыкалық сананың пайда болуының алғышарттары: дене, ландшафт, болмыстың мистицизмі, коммуникативтілік, экспрессивтілік, гедонизм Дене-адам денесінің мағынасы кездейсоқ емес, сонымен қатар ырғақты қозғалыстар жасайтын дыбыстар шығару қабілеті.

Ландшафт-музыкалық сананың адам психикасына музыканың белгілі бір түріне бағыттайтын табиғатпен тәуелділігі жазық ландшафт – тегіс әуезді қозғалыстың басым болуы, тау – дыбыстың тез оралуына бағдарлайды.

Мистицизм (сиқыр ) музыканың адам мен құдай күштері және кәсіби әлем мен қасиетті әлем арасындағы байланыстырушы буын ретіндегі рөлін анықтайды.

Музыканың коммуникативті функциясы негізгі емес, сонымен бірге айқын көрінеді.

Музыканың гедонизмі, яғни адамға рахат әкелу мүмкіндігі психиканың дамуындағы оның өсіп келе жатқан рөлін анықтайды.

Музыканың экспрессивті функциясын музыкалық сананы қалыптастырудың маңызды шарты деп санауға болады, өйткені музыка адамның эмоционалды өмірінің артықтығын бейтараптандыруға қабілетті. Музыка эмоцияны тікелей білдіретін вербальды емес құбылыс ретінде эмоционалды разрядқа және шамадан тыс психикалық стрессті жеңілдетуге ықпал етеді.

Ежелгі мәдениет ең алдымен діни мәселелерді шешуге бағынышты болды. Діни міндеттер музыкаға да жүктелді. Көптеген елдерде музыканттар храмдардың діни қызметкерлер болған. Қандай да бір аспапта ойнау қабілеті ең жоғары, Құдайдың сыйы болып саналды. Музыканы орындауда импровизация үлкен рөл атқарды ал импровизация қабілеті музыканттың Құдайға деген ең жақын қарым-қатынасы ретінде қабылданды. Ежелгі заманда музыка кәсіби өнер ретінде дамыды. Сол кезде музыкалық аспаптардың негізгі топтары пайда болды: соқпалы, ішекті және үрмелі; жеке және хормен ән айтудың түрлері туды; музыкалық жанрлар мен ладтар туралы алғашқы идеялар пайда болды. Адамдардың алғашқы қоныстану орындарында ежелгі Шығыстың төрт ірі өркениеті дамыды: Египет, Шумер державасы (өзенаралық), Ежелгі Қытай және Ежелгі Үндістан. Алғашқы кезеңнің қарабайыр қамыс құбырларынан басқа алғашқы музыкалық аспаптар ойлап табылды: саз және ағаш үрмелі (Египет, өзенаралық, Қытай); перкуссиялық және қарабайыр Ішекті (Үндістан). Өркениеттің дамуымен, діннің қалыптасуымен, бастапқы мораль мен этикамен қоғамның музыкалық санасы дамиды. Аспаптық музыка, сондай-ақ мифологиялық тақырыптарда ұзақ ән аңыздары пайда болады.

Осы кезеңде (б.з. д. III – II мыңжылдықта ) алғашқы музыкалық және білім беру мекемелері пайда болды: Үндістанда Шива мен Ганешке арналған ғибадатханаларда ғибадатханалық музыкалық аспаптарда ойнауды үйрететін және кәсіби бишілерді дайындайтын мектептер болды.

Ежелгі Грецияның музыкасы мен өмірінің рөлі ерекше болды. Онда дамыған музыкалық фольклор, халық-ән жанрлары болды. Музыка жасау да кең таралған, бұл кезде музыканы жасаушылар мен оның орындаушылары – бір уақытта ақындар, композиторлар, әншілер және музыкалық аспапта аккомпаниаторлар ретінде өнер көрсеткен Аспаптарда музыка ойнау дамыды, олардың ішінде лира, кифара және авлос ең көп таралды. Біздің дәуірімізге

дейінгі II ғасырда механик Ктесебий гидравлос – су ағзасын, органның алыс ата-бабасын жасады.

Ежелгі дәуірде аспаптық нотацияның алғашқы үлгілері пайда болды, музыка теориясының негіздері тұжырымдалды (лад, ырғақ, әуен, модуляция, музыкалық форма, музыкалық аспаптар туралы ілім). Музыка саласындағы алғашқы жалпыланған педагогикалық теориялар құрылды: Лизандердің басшылығымен кәсіби кифародия мектебі, полимнект басқарған Кіші Азиялық авлевтика мектебі. Хор мәдениеті дамыды.

Музыка ежелгі грек философиясында маңызды орынға ие. Алғашқы ілімдердің бірі-пифагоризмде «дыбыстық сфералар» адам жанымен үйлеседі, адамның сыртқы әлеммен үйлесімділігін орнатуға және ауруларды емдеуге ықпал етеді деп айтылды. Осылайша, ежелгі грек философиясында музыкалық психологияның негіздері қаланды. Ежелгі Грецияда Музыка теориясы мен музыка психологиясының негіздері, сондай-ақ жалпы және кәсіби музыкалық білімнің бастауы қаланды.

Ежелгі Римде музыкаға деген көзқарастар ұзақ уақыт бойы татуласқан философиялық ілімдерге әсер етті: стоицизм, эпикуреизм, скептицизм. I ғасырда. е. кеш эллиндік дәстүрлердің әсерінен Платон мен Аристотельдің идеялары, соның ішінде музыка туралы идеялар дами бастады. Жалпы алғанда, ежелгі Римдегі музыка өнері ойын-сауық және ойын-сауық сипатына ие болды және негізінен ауқымды театрландырылған іс-шаралар түрінде жұмыс істеді. Сол дәуірге музыканттар – әншілер мен аспапшылардың алғашқы кәсіби конкурстары кіреді. Император Неронның қамқорлығымен белгілі "грек жарыстары", онда ол өзі әнші және кифаред ретінде өнер көрсетті.

Тәрбиедегі музыканың рөлі Ежелгі Қытайда да үлкен болды. Музыка қытай мәдениетінің элементі ретінде діни және философиялық ілімдердің әсерінен дамыды: буддизм, конфуцийизм, индуизм. Конфуцийшілдік Қытайдың қоғамдық өміріне үлкен әсер етті, оған сәйкес қоғамның барлық элементтерінің қатаң иерархиясы мен бағыныштылығы қажет болды. Бұл дүниетаным кейіннен қытайлардың менталитетін қалыптастыруға қатты әсер етті. Музыкада бұл философия семантикалық детерминизммен сипатталатын пентатоникалық фреймдермен дәл көрсетілген. Пентатоника белгілеген психикалық жағдай ретінде алдын-ала белгілеу тек музыкалық тәрбиемен ғана емес, ежелгі Қытайдағы қоғамның саяси өмірімен де қатар жүрді. Ежелгі қытай философтары мен мұғалімдері музыканың мүмкіндіктерін адамдардың психикасына әсер ету үшін толық пайдаланды деп айтуға болады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Герцман Е. Антикалық музыкалық ойлау. Л., 1986.
2. Грубер р. и. Ежелгі әлемнің музыкалық мәдениеті. Л., 1937.
3. Музыкалық педагогиканың негіздері: Оқу құралы. Екатеринбург, 1993.
4. Музыкалық білім беру теориясы мен тарихы. Пәннің жұмыс бағдарламасы. Саратов 2016 Денисова Н.И.
5. Музыкалық өнерге кіріспе. 2012
6. Абдуллин Э.Б музыканы оқытудың теориясы мен әдістемесі // Музыкалық білім: Методолого-методическая Дюсембинова Р. К. Музыкалық білім беру педагогикасы. 2006

## ЖАС ҰРПАҚҚА ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР АРҚЫЛЫ МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Джиеналиева С.- К106-17 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Кененбаев С. Н - аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### *Резюме*

*В данной статье рассматриваются способы воспитания подрастающего поколения через национальные традиции*

Әрбір жеке ұлт өзін ұлт ретінде танытып, ұрпағына ұлттық дәстүрлер арқылы тәрбие беру арқылы ғана ұлттық болмысын сақтап қала алатыны хақ. Ал жас ұрпаққа ұлттық дәстүрлер арқылы тәрбие берудің қайнар көзі – фольклорлық аспаптарды үйретіп-дәріптеу арқылы рухани байлығымызды насихаттау.

Қазіргі кездегі білім мен тәрбие беруді халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен ұлттық өнерін қадір тұтатын, эстетикалық танымы жоғары, рухани бай, шығармашыл тұлға тәрбиелеуге бағытталған оқыту бағдарламалары қажет. Мұндай бағдарламалар пәнді жүргізетін мамандарға теориялық, практикалық тұрғыда шеберлігін арттыруға көмегі зор.

Қазіргі заманда өз оқушыларымызды жан-жақты терең білім алуына, ол білімдерін келешекте өздігінен қажет болатын іскерліктер жүйесімен қамтамасыз етуге, танымдық қызығушылығы мен қабілетін дамытуға, өздігінше шығармашылық тұрғыдан ойлайтын тұлға ретінде тәрбиелеуіміз тиіс. Оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру негізінде халықтың ауызекі өнері, жұмбақ, жаңылтпаш, ұлттық ойындар, ән-күй тыңдату, өнер қайраткерлерінің шығармаларымен, музыкалық аспаптармен таныстыру мақсаты көзделеді. Музыкалық-эстетикалық тәрбиенің қалыптасып, дамуына халық композиторларының шығармашылығы ерекше орын алады. Халық композиторларының күйлері ұлы оқиғаларды, өмір шындығын, қазақ жерінде болған айтыс-тартысты, жорықтарды, той-думанды, елдің тұрмыс-тіршілік салтын суреттеген[1].

Қазақтың қол өнерінің өмірге келуі халықпен, көшпелі өмір мен тығыз байланысты 17-18 ғасырда тігіншілік, етікшілік пайда болған. Сауда саттық дамыған кезде әр халықтың өнері араласып ұлттық құрақ түрлері пайда болды. Құрақ дегеніміз ерте заманнан келе жатқан өнер Каирдің «Булат» мұражайында қарақұйрық терісінен құрап тігілген өрнектер әлі күнге дейін сақталған, ал Токио мұражайының бірінде Майома Эдонің 1569-1867 асыл тастар мен түрлі маталардың қиындыларынан құрап тігілген киімі әлі күнге дейін сақталған, демек құрақтар тек кедейлер емес, байдың ханның үйінде де одан жамылғы көрпелер, киімдер тігіп киген. Ғасырлар бойы уақыт елегінен өтіп ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ұлттық қолөнер бабалардан қалған мәден мұрамыздың ең асыл құнды қазынасының бірі. Ол келер ұрпақ тәрбиесінде баланың ой санасына жаңа заман талаптарымен үндесе тарап ақыл-ойды асқарға, қиялды-қияға жетелейтін киелі мұра.[2]

Құрақ құрау бұл нағыз өнер, мата қалдықтарын үнемдеп тігудің ерекше түрі. Бұл құрақ елі бүкіл елге белгілі өнердің бірі болып табылады. Құрақ құрау көптеген халықтарға бұрыннан белгілі өнер.

Мақаламызда құрақ түрінің жаңаша технологияда орындалатын Синель технологиясының жасалу жолдарын негісінде сөз қозғайтын боламыз. Бұл құрақтың бір түрі. Осы әдіспен киімде жөндеу жұмыстарын орындауға болады. Мысалы: джинсы немесе басқа тығыз маталардағы сызаттарды өңдеуге. Сондай-ақ оны киімге немесе сөмкелерде, жастықтарды және тағы басқа да сәндік мата ретінде пайдалануға болады. [3]

**Синель техникасымен құрақтау:** Синельді тігудің өте оңай, болып көрінетін көптеген нұсқаралы бар. Синель техникасы тоқылған жолақтар жиынтығына еліктеу болып табылады. Алдыңғы жағы негізге тігілген түрлі-түсті жолақтарға ұқсайды. Бірақ бұл әсер тікелей тігудің көмегімен емес, осы техниканың кері көмегімен жасалады. Арнайы әдістерді қолдана отырып, джинсы немесе бөз матасына ұқсайтын бірнеше матаны үйлестіре, біркелкі жолақтар тігіп орындалады.

**Синельді орындаудың негізгі бөлігі:** Өнімнің мақсатына негізделген төменгі қабат тығыз матадан да, жұқа матадан да, жасаулы мүмкін.

Қабаттарды дұрыс орналастыру өте маңызды өйткені олардың мақсаты тек үстіңгі қабаттың пайда болуына көмектесу ғана емес, сонымен қатар матаның көлемі мен құрылымын беру.

Санына қарай қабаттар әртүрлі бірнеше болуы мүмкін, көбінесе 2-ден 6-ға дейін. Бұл қабаттар үшін жұқа және тығыз маталарды қолдануға болады.

Бұл қабаттардың түсі үстіңгі жағына байланысты таңдалады. Көбінесе бұл монофорниялық екі жақты маталар. Маталардың барлығының бір түсте және

эртүрлі рендерде боялған ретінде пайдалануға болады. Оларды ашық түстен, қанық түске дейін ретке келтіру керек. Егер сіз, матаға түстерді қалай таңдау керектігін білмесеңіз, үстіңгі негізгі түсінен бастаңыз.

Бұл техникада тәжірибе болмаған жағдайда, қажетті нәтижеге бірден қол жеткізу қиын. Сондықтан, бастау үшін мата түсі мен мөлшерімен және үстіңгі қабатпен тәжірибе жасай отырып, үлгілердің аз саны бойынша идеяларыңызды қайталау қажет.

Жібек немесе жібек матасына ұқсас жеңіл матаны таңдасаңыз жақсы нәтижеге қол жеткізе аласыз. Сондай-ақ, кесілгеннен кейін жақсы үлпілдек болатын және бір-бірімен жақсы араласатын маталарды алған дұрыс. Ешбір жағдайда, қатты сетінейтін матаны таңдауға болмайды. Бұндай мата синельдің барлық сұлулығын бұзады.

Матаның түрі, ең алдымен, қабаттардың ретіне байланысты, яғни сіздің жеке қалауыңызға байланысты. Неғұрлым көп қабат жасасаңыз, мата соғұрлым ауыр және өрескел болады. Қалың ауыр маталардан (сурет1 көрсетілген) тұрмыстық бұйымдарды кілемшелер, төсек жапқыштарды жасауға болады.



Сурет 1 Синель техникасында орындалған тұрмыстық бұйымдар

Синель техникасында құрақ түрін орындауға қажетті құрал-жабдықтар Роликті пышақтар, сызғыштар және арнай щеткалар. Егер сізде, заттар болмаса орнына қайшы пайдалануға болады.

Матаны тігуді бастар алдында маталарды жуып кептіру қажет. Өйткені кейбер маталар шуйды.

Тігін машинасында тігісті орындау алдында, тігіс адымын ең қысқа ұзындаққа немесе үш есе күшейтетін тігіспен тігіңіз.

Мата бетіне сызықтарды 45 немесе 30 градус бұрышпен тігіңіз, барлық сызықтарды бір-біріне параллель және бірдей 1 см-2см-ге дейін қашықтықта сызып алу керек.

Синель техникасында бұйымды әзірлеу үшін қажетті материалдар: Мата, жіп, сызғыш. Маталарды тігу алдында оларды бумен үтіктеп алу қажет. Төменгі қабат басқаларға қарағанда 2-5 см аз болады. Негізді төмен қаратып, қалғанын жоғары қаратып қойып шыққанан соң, синель қабаттарын дәл жіптің бағытына қарай бүктеп 45 градус бұрышты табуып бормен белгілейсіз. 2 сантиметрден артық болмағаны дұрыс.

Тігін машинасын баяу жылдамдыққа орнатып, (бұл қабаттардың біркелкі ілгерілеуін қамтамасыз етеді) барлық қабаттарды сызықтар бойымен тігіңіз. Көлемді қосу үшін қабаттарды тігістер арасында қайшымен кесіңіз. Төменгі қабатты кесуге болмайды! Енді матаны жуып және қабаттарды үлпілдету қажет. Сурет 2 көрсетілгендей Жуылған матаны көлденең күйде құрғатады. Құрғаған Синель құрағын үлпілдетуге болады. Тіпті щеткамен, тіпті тарақпен,



тіпті қолдарыңызбен үлгілетіңіз ең бастысы синель мүмкіндігінше жұмсақ болуы қажет. Синель техникасындағы құрақтан сөмкелер, жастықтар және пальтолар, джинсы шалбарлар, кілемшелер қалаған бұйымыңызды жасауға болады.



Сурет 2 Синель технологиясында орындалған киім үлгілері мен аксессуарлар

Мақаламызда айтылған ойлар бойынша халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапалы жаңаша әдіспен оларды ілгері дамыта беруіміз керек. Халық өмірімен тұрмысы мен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең өнер. Қолнер өзіне тән әлемі, қоршаған ортасы, өзіндік күші бар, ол ешқандай өтпелі құндылықтарға бағынбайды. Өзіне деген тыныштық пен сенім бізге белгілі бір дағдылар мен икемдерге жеткізеді.

Олай болса келешек өскелең маман өзінің күнкөріс тіршілігіне тігін бұйымдарын орындауда тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күн тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап өмірде, сән-салтанатта құра біледі. Бұдан білім алушы студенттер халық шығармашылығының қандай түрі болса да, халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық өмірімен, қоғамдық тарихымен, күнкөрісімен, кәсібімен тығыз байланысты екендігін көреді.

#### Әдебиеттер

1. Бакирова Г.А «Оқытудың инновациялық технологиялары негізінде болашақ кәсіптік білім оқытушысының арнайы іскерлігі мен дағдысын қалыптастырудың педагогикалық шарттары»
2. Интернет – журнал «Просвещение» Қазақстан: новый формат- Культура Казахстана: национальное возрождение <https://agartu.com/>

ӘОЖ 378.14

### «ДАЛА ҮНІ» АТТЫ ЭНОСТИЛЬДЕГІ ӘЙЕЛДЕР КИІМІНЕ СИПАТТАМА

Әкімжан А.- 2101-19к тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Мыңбаева Н.Қ-магистр, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

*В статье рассматривается описание женской одежды в этностиле. Изучена история казахской степи при разработке комплекта одежды "Степной голос".*

Еліміздің ғылымы мен білім беру жүйесінің алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі мемлекет үшін Қазақстанның гүлденуіне, өсіп-өркендеуіне өз

үлестерін қосатын білімді, ғылымды игеретін, қабілетті жастарды тәрбиелеу болып отыр. Мемлекет басшылары болашақта қазақ елінің көсегесін көгертіп, ғылымын көркейтер деген үмітпен жас дарындарға үлкен назар аударуда.

Қазақ халқының қолөнерін дамыту жалпы шығармашылық үрдістің пайда болуына шарт түзуден басталатыны белгілі. Қазақ қолөнерін үдерісті зерттеуші ғалымдары Қасиманов С.[1], Ортаев Б.Т. [2], Шырынбаева Г.Қ., [3] Жолдасбекова С.А. [4] оның туындап қалыптасуы, даму жолын қарастырады.

Қазіргі уақытта көптеген қазақ қолөнері өте танымал болып келеді. Киімнің сән дизайнерлері өз жұмыстарында киіз басу техникасы, жіпті өру, түрлі кілем, алаша қолданады, қазақтың ұлттық киімдерін тігу, киімді ұлттық нақыштағы кестелермен безендіреді. Зергерлер қазақтың ою-өрнегімен жаңа топтамалар жасайды. Бедерлі былғары өрнектері бар түрлі аксессуарлар сәнге айналдырады.

Этникалық стиль тартымдылық пен бостандықты көрсету үшін танымал. Бұл үрдіс басқалармен теңдестірілмейді, өйткені ол анық анықтамалармен ерекшеленеді, сонымен бірге әр түрлі ұлттар мәдениетін-этникалық топты қамтиды.

Қазақ даласы-ұлы Түркі елінің қара шаңырағы, осы айтылған сөзге терең мән беретін болсақ. «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалада *Қазақ ұлтты мен Түркі ұлттының* ежелден бауырластық пен достықтың символы екендігіне дәлел. Географиялық жағынан қарастырсақта Қазақ даласы Түркі елдерінің орталығында орналасқан, тарихы мен салт дәстүрлерін сонау ғасырдан-ғасырға жоғалтпастан жалғастырып, қастерлеп құрметтеп келе жатқан «Түркі» тектес халықтардың бірі «Қазақ» ұлтты деп мақтана айта аламыз.

Осы орайда Қазақ даласының өткенінен сыр шертетін, ақиқатты үнсіз дәлелдейтін, сол кездегі дала үнін, күні бүгінге дейін жеткізген қазақтың ұлттық киімдеріне көз жүргірттер болсақ ақиқатты айқын көретініміз сөзсіз.

Мақаламыздың тақырыбына сай «Дала үні» атты этностильдегі әйел киіміне сипаттама беретін болсақ: танымал бағыттың негізгі айырмашылығы - ұлттық костюмнің тән ерекшеліктері бар розарийлік ерекшеліктер. Мұнда ежелгі тайпалар мен халықтар түпнұсқалық ерекшеліктерін жиі көрсетпей, бұрынғы идеялар алынған. Костюмді жасау үшін бағытты тұтастай немесе оның жеке элементтерін пайдалануға болады. Этникалық стиль бірнеше негізгі суб-стильдерге бөлінеді. Әрқайсысы туралы көбірек білейік: этно-африкалық стиль, этно-үнділік стиль, этно елінің, азиялық этно стиль, орыс этникасы. [4]

*Этникалық стильдегі киім жиынтығы*-Киімнің бұл түрі ең маңызды болып табылады. Этно-стильдегі көйлектер әйелдікке, нәзіктікке және жайлылыққа тамаша үйлеседі. Жібек, мақта, зығыр сияқты табиғи маталар жеңілдік береді және еркін түс-түссіздікті жояды. Дизайнды бірнеше әшекей мен басып шығаруға болады. Жіп, мойын және манжеттердің шетінде ұлттық ою-өрнектің болуы немесе фурнитура арқылы толтырылады.

Әр ұлттың өз тарихы бар. Көптеген адамдар үшін дизайнер мамандығы оңай көрінгенімен, бұл саланың өзіндік қиындықтары мен ерекшеліктері бар,

шыдамдылық пен төзімділікті сынға салатын бұл мамандықта «жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген мақалды ұстанбасаң, жасап жатқан жұмысың толығымен құртылуы мүмкін. Қай дәуірде болмасын бұл саланың өз шеберлері болған. Қазақ халқының өткеніне үңілер болсақ қоржын, киіз алаша сынды түрлі қол өнер бұйымдарын көре аламыз, бұл сол дәуірдегі мал шаруашылығымен айналысқанның бір дәлелі бола алады.[1] Түрлі махаббат эпостары мен жырларынан Қазақ қыздарына берген теңеуінен сол кезеңдегі қыздардың сәнді әрі, өз жасына сай ерекшеленгеніне, тіпті шаштарындағы шашбаудың күмістен жасалғанына қарап «Қазақ халқы бай әрі, бейбіт тұрғаны» екені бізге мәлім. 1931-33 жылдардағы болған қайғылы ашаршылық суреттерінен, біз қазақ ұлттының хал-жағдайын бірден түсінеміз себебі жыртық жамау, лас жалаңаяқ болғанымен қазақ әйелдерінің орамалын, жамылғысын тастамағанынан, ары мен намысын бәрінен жоғары қойғаны бәріміздің басымызды игізерлік жайт. Осыдан ақ дала үнінің қазақ киімімен үндесіп жатқанын көре аламыз.

Қазіргі уақытта шет ел стильдеріне еліктеймін деп көптеген азаматтар мен азаматшалар өзінің табиғи болмысын жоғалтуда, араға қанша жылдар салып, қазақ ұлттық киімдері, тек мерекелер мен арнайы жиындарда киілетін болған. Қазіргі таңда отандық дизайнерлер қазақи нақыштармен, өзгертулер арқасында заманауи стильдегі қазақ ұлттық киімдерін көпшілік назарына ұсынуда.

Заманауи стильдегі Қазақ ұлттық киімдеріне деген сұраныс қазіргі таңда күннен-күнге артып келеді бұл біздің үлкен жетістігіміз деп айта аламыз.

Бірақ кейбір дизайнерлердің, сауатсыздығы мен жауапсыздығының кесірінен қазақ ұлттық ою өрнектері мән мағынасын жоғалтуда. Оған мысал: сан ғасырдан жалғасып, өткен өмірімізден сыр шертетін, зерттеліп қалыптасқан ою-өрнектерді, түсі мен түрін қазақ болмысына жат өзгертулермен бұрмалаушылық нәтижесінен туған кейбір дизайнер сымақтардың жұмыстары себеп болып отыр, сонымен қатар ер адам киіміне арналған оюды әйел адам киіміне, балақта тұратын оюды бас киімге, бас киімдегі оюды киім етегіне қою арқылы сауатсыздығын көрсетуде. Ою-өрнекті өзгерту немесе қасиетін төмендету өткенімізді өзгертумен пара-пар, өздеріңіз білетіндей ою-өрнектің қадір қасиетін сақтай отыра, мата бетіне талғаммен түсіру тек нағыз шебердің қолынан келмек.

Әр бір дизайнер ұлттық киім тігер кезде, тек қана шығармашылық қиялына ерік бермей, шығармашылық дарынын қазақ болмысының өткенімен және бүгінгімен ұштастыра білуі тиіс. Қазақ халқы киім киер алдында түстеріне де мән берген. Қазақ ұлтты көшпелі халық болғандықтан көбінесе дала түстес яғни сары, қоңыр, жасыл, қызыл т.б түсті киімдерді көп қолданған тек әйел адам жесір қалған кезде бастарына қанық түстен орамал таққан.

Дизайнерлік мамандық адам зат пайда болғаннан бастап келе жатқан сала. Бірақ жылдан жылға атауымен тармағы өзгеруде. Тігіншілікпен суретшілікті ұштастырған бұл- мамандық нағыз қол өнер шеберлерінен бастау

алар алтын ұясы. Қазақ ұлттық киімін тігер алдын, ұлтымыздың өткенін толығымен танып алуымыз керек, осымен киімнің түсін, түрін, қолданылатын оюды, киілетін жеріне қарай және кәзіргі заман талабына сай етіп киімнің эскизін сызып аламыз. Эскиз сызу үшін де адам денесінің пропорциясын анықтап алып, кейбір қағидаларды ескере отырып бұйымның эскизін сызамыз. Мата таңдау, матаны пішу, тігу, соңғы әрлеу жұмыстары, оюлар мен тастарын жабыстыру секілді әр түрлі күрделі операциялардан өткеннен кейін ғана бұйымымыз дайын болады. Түрлі көзжауын алатын ұлттық этно-стильді киімнің сан алуан түрінің дамуы, дизайн мамандығы қаншалықты болашағы бар пайдалы мамандық екенін көре аламыз.

Қорыта айтқанда «Дала үні» атты этно стильді ұлттық киім топтамасы қазақ даласындағы сонау дәуірден дәуірге, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, қазақ халқының тұрмыс тіршілігінен сол кездегі дала үнінен хабар шертеді. Болашақ дизайнер мамандығының қыр сыры, қиындығымен ерекшелігі, нағыз дизайнерлердің неге мән беру керектігін айтып тұрғандай.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1995. – 87 б.
2. Ортаев Б.Т. Болашақ еңбек пәні мұғалімдерін оқушыларды қолөнерге баулуда политехникалық бағыттылықты жүзеге асыруға даярлаудың дидактикалық шарттары. 13.00.01. п.ғ.к. автореф. – Шымкент, 2002. – 26б.
3. Шырынбаева Г.Қ. Дәстүрлі қолөнер негізінде жоғарғы сынып оқушыларының эстетикалық мәдениетін қалыптастыру: дисс...пед.ғыл.канд. - Астана, 2008.
4. Жолдасбекова С.А. Костюм композициясы / Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 225 б.

IDN { 8020+809.434.2 }

### **PHYSICAL CULTURE AND SPORTS TERMS' DEFINITIONS**

**Darmenova A.M.**, student of the group № 1402-41

**Scientific supervisor: Barysova N.T.**-senior-teacher, SKSPU, Shymkent

#### ***Түйін***

*Бұл мақалада дене шынықтыру және спорт терминдері қаралады.*

Sport (short for the original Old French de sport - "game", "entertainment") is the activity of people (athletes) organized according to certain rules, consisting in comparing their physical and intellectual abilities. Sport is a specific kind of physical and intellectual activity performed for the purpose of competition, as well as purposeful preparation for them by warming up, training. In combination with rest, striving to improve physical health. Sport is designed to improve the physical and mental characteristics of a person.

Sport is sometimes rightly called the "phenomenon of the XX century". Due to its comprehensive, universal nature, sport is not only a highly professional human activity, it is part of the cultural, political, and economic life of a certain country. Sport is an integral part of the tradition and self-consciousness of the people, because the human factor, special attention to a particular person is extremely important in

sports. The phenomenon of sports is in the focus of attention of specialists in various scientific fields, including linguists, who are attracted by the language of sports and its terminology.

Sports terminology is an integral part of the professional language of athletes, coaches, judges is the language of the media. The language of sports is characterized by a number of specific features - simplicity, a wide range of users, dynamism, a weak limitation from the general literary vocabulary, the evaluative nature of names, the presence of a significant number of synonyms and proximity to technical terminology. The most numerous group consists of highly specialized terms used only in certain sports. Professionalism, jargon and nomenclature designations are grouped around sports terminology

### **Meaning of the word**

The definition of "sport" appeared in Russian quite a long time ago. It's no secret that it is an analogue of the English word sport. However, very few people know that it was changed in a foreign language. Originally, the British spoke disport, which in translation meant "play", "entertainment".

If we talk about today's definition of sports in Russian, this word denotes playing competition activity and preparation for it. It is quite logical. The sport itself is based on the use of physical exercises, and its main goal is to achieve better results in one or another industry. In addition, this word implies the disclosure of the athletic potential of a person, an increase in motor activity.

In simple terms, the definition of sport will be a competition, specialization, entertainment and focus on high achievements. That is, for many years the meaning of this concept has not changed, innovations have touched only the list of cultures that are related to sports.

### **Kinds of sports**

According to the Federal Law of the Russian Federation, the definition of a sport a separate sphere of social relations, based on special rules. In this environment of employment, certain sports equipment or equipment that do not require the use of personal protective equipment is used.

Again, in simple terms, the sport is its specific direction.

There are a huge number of types of sporting events. Consider the main sports:

- Game individual (badminton, tennis, squash, golf, chess and others).
- Cyclic (bicycle, swimming, speed skating).
- Game command (basketball, football, paintball, hockey, etc.).
- Combat sports (boxing, aikido, fencing, capoeira).
- Power (bodybuilding, weightlifting, armwrestling).
- Difficult coordination (figure skating, trampoline jumping and gymnastics).
- Extreme (bokeh, kiting, basijumping, snowboarding, kayaking and others).
- Technical (aeronautics, rally, archery, control of drones).
- Applied (yachting, sailing and horse riding).
- Also today there is cheerleading, zorbing and eSports. All these directions can be attributed to the definition of "sport".

### **The origin of sport**

This trend appeared long before our era. The very first competitions were held in ancient Babylon. Then such sports competitions were timed to worship the gods. The patron of Babylon was Marduk, so in his honor, and sometimes very bloody competitions were held.

A few centuries later, Greece opened the first olympiad. It is believed that it was the Greeks who came up with the definition of sport. Initially, they competed only in archery, fencing, chariot races, wrestling on belts and throwing copies.

### **Physical culture and sports: definitions are different**

These concepts are very often confused. In fact, sport implies a competitive moment. An athlete or gymnast will always compare his results with the achievements of an opponent. The same applies to the Olympic Games - this is a sporting event. The winner gets a medal, and the loser goes to improve his skills.

If it speaks of physical culture, then in it there is no competition component. It is aimed solely at improving health and improving one's body. A person running through the park in sneakers is not necessarily an athlete. However, he follows his health and wants his body to be beautiful. Accordingly, he engages in physical culture.

### **Goals and objectives of mass sports**

As can be seen from the foregoing, the word "sport" is very many-sided. It does not imply specific activities. Knowing the definition and concepts of sports, it will also be useful to learn about such phenomenon as mass competitions.

The tasks of such events fully coincide with the goals of physical culture. Mass sport is a great opportunity for a huge number of people to normalize their health and physical fitness. In this type of exercise, there is also no competitive component. The main goal and task is to strengthen one's health, but at the same time leading oneself to nervous exhaustion. This implies proper nutrition, good sleep and rest.

**Taekwondo** (TKD) is one of the martial arts and combat sports, which is gaining popularity around the world. In order to prescribe a specific training program, which can elucidate the metabolic demands during the competition, it is paramount to investigate the physiological responses of different forms of competitions (i.e., poomsae and combat). Moreover, it is important to know the physiological stresses associated with a variety of training forms to better orient the training program for enhanced physical performance. Thus, the objective of the present chapter is to present and explain the physiological responses of both specific forms of training and competition, and then to recommend practical applications for the prescription of TKD training programs.

**tae kwon do**, (Korean: "art of kicking and punching") Korean art of unarmed combat that is based on the earlier form of Korean self-defense known as *tae kyon* and on karate. The name *tae kwon do* was officially adopted for this martial art in 1955 after that name had been submitted by the South Korean general Choi Hong-Hi, the principal founder of tae kwon do.

Tae kwon do is characterized by the extensive use of high standing and jump kicks as well as punches and is practiced for sport, self-defense, and spiritual development. Training in tae kwon do is carried out by learning individual techniques of kicking, punching, and blocking, which are practiced in combined series of techniques in traditional sets known as hyung. (Proficiency in the graded series of hyung determines rank in the lower grades.) Students also practice basic sparring combinations (id-bo tueryon, “one-step sparring”); these are short, set sequences of attack and counter practiced between partners, after which the students may practice free sparring as opponents. In sparring, blows are stopped just short of contact. Tae kwon do is practiced as a sport by awarding points to correctly executed techniques during free sparring or by judging the quality of performed *hyung*. Tae kwon do became an Olympic medal sport at the 2000 Sydney Games.

#### References:

1. “Explanatory Dictionary of sports terms” compiled by F.P. Suslov, Moscow, 2018
2. Таэквондо. Теория и методика. Том.1. Спортивное единоборство, 2007.
3. Ю.К. Гавердовский, Теория и методика спортивной гимнастики. Учебник. Том 1, 978-5-00129-107-7, 2021

ӘОЖ 371-057.874

## ҚАЗАҚ ӨНЕРІНДЕГІ МУЗЫКА ҚАЙРАТКЕРІ КОНСТАНТИН КИРИЛЛОВИЧ ОШЛАКОВТЫҢ БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА ҚАЛДЫРҒАН МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Асқар А.А. 1403-11 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Ахметова Ж.О. магистр, аға оқытушы  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

#### Резюме

*Музыкальное наследие музыкального деятеля казахского искусства Ошлакова  
Константина Кирилловича для будущих поколений*



Константин Кириллович Ошлаков 5.11.1916 - 25.8.1987 жылдар аралығында Томск губерниясының Зырянов ауылында дүниеге келді. Константин Кириллович Ошлаков - кеңестік баяншы, педагог, композитор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі (1961). Қазақстандағы аккордеоншылардың кәсіби орындаушылық мектебінің негізін қалаушы.

Ол шаруа отбасында дүниеге келген. Толық емес мектепті бітірді, 13 жасынан еңбек етті. 1932 жылдан - Шыңғыстай ОЖҚ-ның волонтеры. 1933 жылы мамырда кезекшілік кезінде ол қатты соққыға ұшырады, Томск госпиталінде және көз аурулары институтында емделгеніне қарамастан көру қабілетінен айырылды[1].

Константин Кириллович өз шығармаларында қазақтың халық әндері, билері мен күйлерінің жүз алпыс түрлерін, үш жүзден астам транскрипциясын жариялады. Оның музыкалық шығармалары – қиялдары, марштары мен әндері ең алдымен әуезділігімен, гармоникалық тілінің байлығымен, композициялық толықтығымен ерекшеленеді. Олардың ішінде драмалық әрекетке терең мағына беретін интригаменде ерекшеленіп тұрады.

Өткен ғасырдың қырқыншы жылдарынан бастап Қазақстанда өзінің даму жолын бастаған кәсіби баяндық орындаушылық өнерді осы көрнекті музыка қайраткерінсіз елестету мүмкін емес. Үздік орындаушы- әдіскер, сазгер, ұстаз, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырушы және түймелік баян орындау әдістемесінің авторы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, Қ.Қ. Ошлаков еліміздің сол кездегі Кеңес Одағының музыкалық біліміне орасан зор үлес қосты. Ошлаковтың туындылары Ресейден, Украинадан және Беларусьтан келген көптеген танымал орындаушылардың репертуарына сән берді[2].

Жас жігерлі музыкант аз уақыттың ішінде Сібірге танымал орындаушы - 1940 жылы Қазақстанға шақырылып, Республика бойынша турлармен саяхаттап, К.К. Ошлаков қазақтың халық әуендерін зерттеп, күйлер мен аккордеонға арналған әндердің алғашқы өңдеулерінің авторы болды. Көп ұзамай ол Қазақстанға кеңінен танымал болды.

Ошлаковпен қазақтың атақты композиторлары – Мұқан Төлебаев, Ахмет Жұбанов, Латыф Хамиди, Евгений Брусиловский жұмыс істей бастады. Олар жас орындаушыға өз туындыларымен бөлісті. Міне, оның репертуарында Л.Хамидидің «Қазақ вальсі», А.Жұбановтың «Тәжік билері», «Гвардия Алға» операсы, Е.Брусиловскийдің «Қазақ маршы», М.Төлебаевтың «Біржан» операсы, Ақан Сері, Тәтімбет, Дәулеткерей, Дина Нұрпейісова, өткен ғасырлардағы қазақтың белгілі ақындарымен жұмыс жасады. Константин Кирилловичті Л.Хамиди және Б.Байқадамовпен ұзақ шығармашылық достық байланыстырды. Ошлаков Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында түймелік аккордеон сыныбын, содан кейін музыка факультетін ашты, бұл 1961 жылы болды.

Константин Кириллович Ошлаков бүкіл өмірін баянды сахна өнеріне арнады, соңына дейін өз ісінің патриоты, болашақ пен бүгінгінің әншісі болды.



Маэстроның қолында түймелі аккордеон дыбыстық гүл шоғырының жаңа қырларымен жарқырап, шынымен де қазақша ән айта бастады.

Ал 1941 жылы бүкіл ел Екінші дүниежүзілік соғысқа ұшыраған кезде Константин Кириллович Ошлаков өзі сияқты көзі көрмейтін болашағынан айырылғандай көрінген бұл адамдар үшін қысқа мерзімде жаңа мамандықты игеріп, жаңа өмірдің бар екендігімен, сол арқылы өмір сүруден, жүруден қорықпайды. Константин Кириллович бұл бақытсыздарға кәсіп, яғни өздерін лайықты тамақтандыру мүмкіндігін ғана емес, сонымен бірге олардың болашағына, өз күшіне деген сенімін берді.

Мұндай жұмыстар олардың педагогикалық және әдістемелік әлеуетін арттыруға мүмкіндік берді. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйретудің кешенді әдістемесінің бірінші ғылыми-әдістемелік негіздемесі, бұл жағдайда түймелі баян пайда болады. Музыка мектебінде Ошлаков халық аспаптарының сыныптарын ұйымдастыруды жалғастыруда сынып ашады, онда ол кәсіби музыканттар үйірмесінде кеңінен танымал болған Қазақстандағы алғашқы аккордеон оркестрін құрады. Содан кейін өзі басқарған орыс халық аспаптар оркестрі пайда болады. Бірнеше жылдан кейін Ошлаков студенттік оркестрді басқаруды өзінің жас студенті Анатолий Канунниковке береді.

1943 жылы алғашқы Қазақстандық баяншылар оркестрі пайда болды, ол концерттік алаңдарда және жараланған жауынгерлердің алдындағы госпитальдарда сәтті өнер көрсетті. Шамамен сол уақытта Константин Кириллович зағип адамдармен жұмыс тәжірибесіне негізделген "музыкалық аспаптарда ойнауды кешенді оқыту" ғылыми-әдістемелік жұмысына кіріседі, бірақ болашақта Музыкалық білімнің орта буынының студенттерімен ғана емес, сонымен қатар жоғары музыкалық-педагогикалық мекемелерде де кеңінен қолданылады. К. Ошлаковтың оқушылары тамаша базалық музыкалық дайындық алып, республиканың түрлі қалаларында кәсіби музыкалық білім ұйымдастырды, орта және жоғары оқу орындарында Баян және аккордеон сыныптарын ашты. Константин Кириллович, Алматы мемлекеттік консерваториясын бітіргеннен кейін. Құрманғазы, 1957 жылы баян сыныбының ашылуын және оның қабырғасында болуын талап етіп, бұрынғы оқушысын, енді сбм түлегін педагог ретінде ұсынды [3].

Атындағы Мәскеу мемлекеттік музыкалық-педагогикалық институты. Гнесиндер, Федор Легкунец. Баян бүкіл республика бойынша кең етек алды. Оның барлық аймақтарында халық бөлімшесі бар музыкалық мектептер ашыла бастады. Алғашқы орыс халық аспаптар бөлімі Алматы музыкалық училищесінде ашылды. П. И. Чайковский Константином Кирилловичем Ошлаковым. Ол орыс халық аспаптарының алғашқы оркестрін ұйымдастырды. Константин Кириллович әрқашан шәкірттері туралы алаңдады. Осылайша, кейіннен ол өзінің түлектерінің бірі, ал қазір Алматы консерваториясының студенті Анатолий Канунниковты музыкалық училищедегі студенттік оркестрді басқаруға шақырады. А. в. Канунников қайтыс болғанға дейін қырық жылдан астам уақыт бойы бұл оркестрді басқарды, ол біздің қаламыздың мақтанышы болды.

1965 жылы К.Ошлаков композитор Б. Байқадамовпен бірге алдымен баян сыныбын, содан кейін әйелдер мемлекеттік педагогикалық институтының музыка факультетін ашады. Атақты маэстромен бірге оқыған осы университеттің қабырғасынан көптеген танымал музыканттар шықты. Бұл алғашқы қазақстандық дирижер-әйел Р.К. Садыкова, белгілі теоретик Л.С.Быкова, А.Ш.Исагулова.

Константин Кириллович Ошлаков титаникалық жұмысының жиырма жылын "Баян ойнау мектебінің" төрт томдық цикліне арнады. Бұл Кеңес Одағындағы Музыкалық білім берудің бастауыш, орта және жоғары буын жағдайындағы баяншылардың кәсіби дайындығының мәнін егжей-тегжейлі көрсететін жалғыз әдістемелік құрал болды. Константин Кириллович 25 жылы 1987 тамызда гол соққан жоқ. Отбасымен бірге өлгенде, ол шәкірттері туралы ойлануды тоқтатпады және келесі күні оларды қайтадан көруге үміттенді.

Бірақ тағдыр басқаша шешілді, үлкен адамның жүрегі соғуды тоқтатты. Жас народник — музыканттарға Қазақстанның баянды мәдениетін толық әрі байсалды зерделеуді тілегім келеді, оның қалыптасуында Константин Кириллович Ошлаков маңызды рөл атқарды. Қазақстанның кәсіби баянды орындауы мен музыкалық өнерінің тарихына Константин Кириллович Ошлаков тамаша баяншы-виртуоз, көрнекті педагог ретінде ғана емес, сонымен қатар ғалым, әдіскер, зерттеуші, түрлі халық ансамбльдері мен оркестрлерінің қажымас ұйымдастырушысы ретінде де енді[4].

Қортыта келе, П.И. Чайковский және Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында Константин Кириллович көптеген шәкірттер тәрбиелеп, оның тынымсыз еңбегінің ізбасарлары болды. Іргелі маманданған олар түймелік аккордеон мәдениетінің көрнекті насихатшылары болды.

Константин Кириллович Ошлаков 1987 жылы 25 тамызда дүниеден өтті. Ол өмірінің 71-ші жылында жүрек талмасынан, үйде, әйелі мен балаларының ортасында, соңғы минутқа дейін шәкірттерін ойлап, ертеңгі күнді қайта көреміз деген үмітпен өмірден өтті. Маған Константин Кирилловичтің шәкірті болу бақыты бұйырды, мен бұл ұлы музыкант пен тамаша тұлғаны ризашылықпен еске аламын, - деп ғылыми жұмысымды қорытындылағым келеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998ж.
2. Педагогика. Жалпы редакция басқарған. Кудлярова А. Алматы 2004ж.
3. Музыка пәнінің оқыту әлістемесі. Жумалиева, Сүлейменова. Астана. Фелмант 2008ж.
4. Алғашқы баян үйрену мектебі. Ә.Нуримов.

## ОҚУШЫЛАРДЫ ӨНЕРГЕ БАУЛУДА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

**Жолдасбекова К.Ж.** - Саз әдебиет пәнінің мұғалімі  
№2 Балалар саз мектебі, Шымкент

**Смаилова М.С.** - педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### *Резюме*

*В данной статье рассматриваются эффективные методы вовлечения школьников в искусство.*

*Музыка тыңдатпайынша, тәрбие беру, балалық шақтың өзінде адамның сүйіп тыңдайтын ән-күйлерінсіз тәрбие беру деген менің басыма қонбайтын нәрсе”, – деп В. В. Сухомлинский тәрбие саласында музыканың алатын орнын ерекше бағалап өз пікірін осылай айтады.*

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, экономиканың қарқынды дамуы үшін қазіргі нарық қатынасы талаптарына жауап бере алатын, сыни ойлана алатын, шығармашыл адамдар қажет. Әрине, ең алдымен алға үлкен мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолында азды-кемді кедергілердің болатыны да белгілі [1].

Дарын мен талант бұл адамның өзінің ерігінсіз ішкі жан дүниесінен шығады. Бала бір ғана сабақтан дарынды болуы мүмкін, немесе керісінше мысалы: математика сабағынан өте дарынды оқушы химия пәнінен төмен болуы мүмкін. Кейде оқушының сабаққа деген ынтасы өте төмен болғанымен, ол баланың өнерге деген қабілеті ерекше байқалып тұрады. Жайқалып тұрған гүлдердің барлығының иісі бірдей сияқты. Бірақ сол иістің де өзі әртүрлі болады. Оқушылар да тура сол сияқты әрқайсысының талабы әртүрлі болады. Баланың дарынын, талантын анықтай алмайсың тек оның ішкі жан дүниесіне үңіле қарап, оны әрі қарай дамытсаң ғана шын дарынды көруге болады. Әрине баланың талантын, дарынын байқайтын үйінде ата-ана болса, мектеп қабырғасында ұстаз. Ата-анамен ұстаз арасында тығыз байланыс болғанда ғана баланың бойындағы ерекше қабілетті байқап, одан әрі жетілдіре түсетіні анық. Ата-аналар балаларының музыкаға көзқарасын: олардың ән салғанды және дыбыстармен эксперимент жасауды қалай жақсы көретінін, музыкалық аспаптар мен музыка тыңдауға қызығушылық танытатындығын басқалардан бұрын байқайды. Осының барлығы ата-аналарды балаларын музыка мектептеріне беруге итермелейді.

Мектептегі оқушыларға берілетін тәрбие саласының бірі – музыкалық тәрбие. Музыкалық тәрбиенің негізгі мәні, мақсаты сапалық жағынан жеке адамның жан дүниесінің үйлесім қалыптасуын және рухани байлығын дамыту болып табылады. Музыкалық тәрбие беру де мұғалімнің алдына негізгі үш міндет қойылады.

- музыкалық әртүрлі іс-әрекеттер арқылы оқушының сезімін ояту;
- музыканы сезім арқылы саналы түсінуге баулу;

– музыкалық шығарманы өз шамасына қарай орындай білуге үйретуде орындаушылық дағдыны меңгерту.

Қазіргі жас буын музыка пәнінің мұғалімі оқушылармен жұмыс жасау барысында танымал отандық және шетелдік прогресшіл қайраткерлердің ұсынған жаппай музыкалық білім беру идеясына сүйене отырып, оның мазмұнын жаңартуға тырысады. Музыка арқылы бала тәрбиелік және білімділік қасиеттерді бойына сіңіреді. Ол баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның моральдық бейнесін қалыптастырады. Музыка баланың жеке басының адамгершілік сезімдерін дамыту үшін қажет, сондықтан мектептерде музыка пәні белгілі бір жүйелі бағытпен жұмыс істейді. Оқушылармен өткізілетін музыка сабақтары шығармашылық күш оятып, әдемілікке деген құштарлығын арттырады. Әсіресе, ғасырдан ғасырға, атадан балаға жалғасын тауып, келе жатқан аса бағалы ән -күйлер, терме, жыр, қисса, толғаулар мектеп жасындағы балалардың ұлттық мәдениетін көтеру мақсатындағы жақсы бағыт – бағдар деп есептеймін.

Музыка - адамзаттың рухани азығы, жан серігі және өзінің көркемдігі, нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың жақсы мінезқұлықтарының қалыптасуына септігін тигізеді. Жасөспірімдерді музыка әлемін түсініп қабылдауға, талғампаздығын тәрбиелеуге, эмоциялық сезімталдығына қалыптастыруда білімді, мәдениетті болып өсуіне әсер етуде музыка сабағының алатын орны ерекше. Баланың бойында музыкалық қабілет жас кезінен басталады. Мектеп жасына жеткен бала психологиялық түйсіну мен музыканы көз алдына елестетуді біршама меңгеріп шығады. Оның бойында музыкаға деген өзіндік ой саналық және сезімдік тұрғыдағы қарым-қатынас қалыптасады. Сонымен бірге әуен-саз, өлшем-ырғақ жүйесін есіту тәжірибесі қалыптасып, есте сақтап қалу қабілеті де жинақталады. Баланы музыка тыңдауға, тыңдай отырып оны сапалы түрде қабылдауға баулу музыкалық тәрбие беру жұмысындағы міндеттердің бірі. Өйткені ол оқушының музыкалық мәдениеттілігін қалыптастырудың алғы шарты болып есептеледі.

Музыка мектептерінде оқушылар музыка сабағында алған білімін кеңейтіп, орындау дағдыларын тереңірек меңгеруге мүмкіндік алады. Мектептегі бір сағаттық музыка сабағы оқушылардың музыкалық бейімділігін жете дамыта алмайды. Сондықтан сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық жұмыстарға қатысуы арқылы олардың қабілетін дамытуға мүмкіндік туады. Бұл жұмыстардың қай түрі болсын, оқушының музыка сабағынан алған білімін толықтыруы тиіс. Сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық-көпшілік жұмыстар оқушыларды барынша көбірек қамтуды, олардың танымын кеңейтіп, музыка өнеріне деген көзқарасын қалыптастыруды мақсат етеді. Осы мақсатқа жету үшін, баланың жас ерекшелігін ескере отырып, оны қызықтыратындай тақырып пен музыкалық материал таңдап алғаны жөн. Ұйымдастыру алдында біршама дайындық әңгіме жүргізіледі. Ұлы Абай өмір шындығын дәл бейнелеу жөнінде поэзия мен музыканың рөлін былайша суреттеді: әсемдік сыры, биік мұратталғандары, көркем шарттары, шығармадағы дарындылық пен шеберлік ән мен күйді орындаудағы дәстүрлер, т.б. мәселелерді көтере келіп,

эстетикалық тәрбиенің негізгі өлшемдеріне ғылыми талдаулар жасады. Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл Фараби «Музыкалық идея оны жүзеге асыратындай әрекет ету қабілетінсіз іске аспайды, музыканы көп тыңдау, жаттығу түрлерін бір-бірімен салыстыру, әуенді талдау, әрбір тонның дыбыстық әсерін мұқият есептей білу арқылы музыкалық қабілетті дамытуға болатындығын айта келіп, тәрбиелеу барысында тәжірибе жинақтаудың рөлі зор екенін атап көрсетеді», т.б. өзгерісін бақылап, сезінуге үйретеді. Оқушы эстетикалық сезім мен эмоциялық көңіл күй арқылы қоршаған ортаны әсерлене сезінеді. Оқушы өз жауабын жолдастарының жауаптарымен салыстыра отырып, пікірінің дұрыстығына немесе жаңсақтығына көз жеткізеді. Сол арқылы оның музыка жөніндегі ойы мен талғамы қалыптасады. Музыка шығарманы талдау әңгімелесу әдісі арқылы жүргізіледі. Көркемдік құралын, көркем бейнелердің жасалу жолдарын сабақтың тақырыбы ретінде алынған белгілі бір мәселе төңірегінде талдау оқушы танымын кеңейтіп, сөздік қорының молаюына жол ашады.

Музыка мектебіндегі дарынды балалар арасынан музыкалылықты анықтаудың бір шарты педагогтің мотивациясы болып табылады. Үнемі өздігінен жетілуге ұмтылудың, ересектер тарапынан қатаң талакерліктің, қабілеттерін ашудың немесе, керісінше, оқушының басқа оқушылар секілді еместігін үнемі есіне салып отырудың арқасында тіпті ең талантты баланың өзінің оқуға деген қызығушылығы төмендеп, өзіне ерекше назар аудармау үшін оның топтан ерекшеленбеу тілегі туындауы мүмкін. Бұл жағдайда біз баланың өміріндегі осы сәтті байқау үшін бар күш-жігерімізді жұмсауымыз қажет. Баланың сезімтал жан дүниесін түсіне және қабылдай алатын, оның талпыныстары мен қызығушылықтарын байқайтын, және өзі шығармашылық тұлға және оқушы үшін үлгі болып табылатын тікелей педагогтің өзі де сәтті оқудың кепілі болып табылады. Мұғалімнің ролі зор. Ол тәлімгер де, жетекші де, көмекші де бола алады. Мұғалім музыка мектебі оқушысының әлі ашылмаған шығармашылық әлеуетін байқайтын басқа жағдай да бар.

Музыка- адам өмірінің жан серігі, музыканы сүймейтін адамды кездестіру мүмкін емес, өйткені ол баршаға қажет,оның тілі кім-кімге де түсінікті. Міне, сондықтан музыка мектебінің мұғалімдерінің міндеті-шәкірттерін музыка өнерінің сарқылмас қазынасының ең асылдарын ала білуге тәрбиелеу. Осы негізде айтылған академик А.Жұбановтың «Гимнастика денені қалай түзесе, музыка да адам жанын солай түзейді» деген нақыл сөзі оқушылардың эстетикалық,рухани байлығын кеңейтіп,қанаттандыру керек екенін дәлелдейді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Музыка әлемінде (Республикалық ғылыми-әдістемелік,педагогикалық журнал) № 6(6) 2004
2. Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. Алматы., 1990
3. Мелдебекова У.И. Бастауыш сынып оқушыларына музыка арқылы эстетикалық тәрбие беру: дис. пед. ғыл. канд. – Түркістан, 2008. – 32 б.
4. Рысбекова Р.М. – Қазақ халық музыкасы арқылы бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру. – Алматы, 2007. – 30 б.

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ

Бисенбаев.А.Ғ. - 1403-19 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Досбағанбетова А.Т.-ҚР мәдениет саласының үздігі, доцент м.а.  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### *Summary*

*In the creative study of music Farabi left along with various works « Great book about music»*

Ұлы ғалым, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логик, музыка зерттеушісі Әл-Фараби Әбунасыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби Оңтүстік Қазақстан өлкесінің көне Фараби, кейіннен Отырар қаласы, Шәуілдір ауылында дүниеге келген. 20жасына дейін сонда оқып, тәрбиеленеді де өсе келе Шығыс елдерін аралап білімі мен ғылымын дамытады. Солардың ішінде араб халифатының саяси-мәдени орталығы Бағдатта, Кайрде, Алеппода, Дамаскіде болып көптеген ғылыми зерттеулер жасайды. Шам шахарында көптеген жылдар бойы тұрып ғылыми салаларды игереді. Фараби бабамыздың асыл ғылыми шығармашылығы дүние жүзі мәдениеті мен ғылыми жаналықтарына Шығыстың Аристотелі деп танылған. Болашақ ұрпаққа қалдырған ғылыми мұрасы, 160-қа жуық трактаты біздің заманымызға жетіп келіп қазіргі заманымыз жастары үшін ұлы мұра.

Әл-Фарабидің еңбектерінің ішіндегі ең шоқтығы биігі ол-музыка саласы. Негізінен алғанда, Фарабидің өзі -асқан музыкант, аспапта шебер орындаушы болған. Ол жайлы ел арасында мынадай бір аңыз -әңгіме бар:

Шығыс патшаларының бірінің сарайында той-думан қызып, бек-патша, бай-манап, қожа-молдалар жиналып үлкен жиын-тамаша құрып жатқан көрінеді. Оған Фараби де қатысады. Бірақ шарап ішіп елірген қауым Фарабиге ілтипат жасамайды. Шыдамаған Әбунасыр бір шетке шығып, домбырасын қолға алып, аса бір мұңды күй орындайды. Оның мұңдылығы сонша жұрттың бәрі ойын-сауықты тастай салып, уайымға беріліп егіліп жылайды. Енді бір сәт аса бір қуанышты, көңілді күйді ойнай жөнелгенде әлгі жұрт еңселерін бірден көтеріп, балаша билеп, жын қаққандай сақылдап ойнап кетеді. Мұнан соң Фараби бір түрлі жаймашуақ, бір сарынды қоңыр ырғақты күй ойнағанда отырғандар музыка әуеніне елітіп, бірі қалмай ұйықтап қалады. Оларды ұйықтатып тастап Фараби жайына жүріп кеткен екен[1].

Музыка зерттеу саласында Фараби әр алуан шығармаларымен қатар «Музыка туралы үлкен кітап» атты көлемді еңбек қалдырды. Бұл жұмыс музыкалық дыбыстың сипаты мен құрылымынан бастап, музыканың поэзиямен байланысына дейінгі музыканың эстетикалық – теориялық принциптерін шешуге бағытталғын. Музыка зерттеу саласындағы еңбектерінде Фараби музыканың адамға емдік қасиетін, жағымды әсерін жан-жақты дәлелдеді[2].

Фараби жалаң орындаушы ғана емес, аса ұлы музыка зерттеушісі, асқан теоритик болған. Оның «Музыканың ұлы кітабы» деп аталатын көлемді шығармасын бүкіл музыка тарихшылары бірауыздан музыка теориясы жайлы жазылған үлкен еңбектердің қатарына қосуы тегін емес. Мәселен, француздың көрнекті музыка зерттеушісі, осы еңбекті 1930-35 жылдары француз тілдеріне

аударған Р.Эрланже: «...Фарабидің бұл салада кейіннен араб тілінде жазған авторлардан айырмашылығы жер мен көктей» десе , ағылшынның қазіргі музыка зерттеушісі Г.Фармер : «Музыканың ұлы кітабы» Фарабиді орта ғасырлардағы музыка жөнінде жазған ең үлкен автор болды деген пікірімізді дәлелдеп отыр» деп жазған.

Фарабидің пікірінше, музыканың ғылыми іргетасы тәжірибе-бақылау мен физика-математика ғылымдарының қағидаларынан тұрады, ал оның негізгі мақсаты мен адамның эстетикалық мұқтаждығын қанағаттандыруға тиісті, оның бір ұшы поэзияға тіреледі, өйткені поэтикалық тіл мен музыка тілі бір-біріне етене болып қабысқан кезде музыканың әсерлігі мен эффектісі күшейе түседі, яғни музыка ғылым ретінде математикаға жақын тұрса, өнер ретінде поэзияға туыстас.

Кейбір деректерге қарағанда Фараби шығарған әндер осы күнгі Иран, Ирак, Түрік және басқа да Шығыс елдерінде орындалады. Оның өзі жасаған «Канун», «Уд», «Қыпшақ» деп аталған аспаптары болған сияқты. Фарабидің музыка теориясына арнап бірнеше еңбек жазғаны баршамызға мәлім. «Музыканың ұлы кітабы», «Музыка жайлы талдау», «Бірғақтардың классификациясы», «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдардың энциклопедиясы» атты туындыларында музыка ғылымын талдауға арналған тараулар бар. Ғылым музыка ғылымының шығуын материалистік тұрғыдан түсіндіреді[3].

Фараби музыка ілімін жасауда сөз жоқ ертедегі грек оқымыстылары Пифагор, Аристотель, Евклид, Аристоксен, Птоломейдің еңбектеріне сүйенеді. Алайда Фараби бұл авторлардың идеяларын сын көзбен қарап, логикалық сарапқа салып, ғылымның жаңа жетістіктері негізінде қайта талдап шығады. Олардың дұрыс-бұрыс жерлерін дәл басады. Сондықтан да Фараби бұл салада гректерден көп озық кеткен. Мәселен, ежелгі грек ғұламалары аспаптарды зерттеуді тіпті қолға алмаған. Ал, Фараби музыкалық аспаптарды зерттеуді тыңнан бастап, математика мен физиканы жетік білгені сонша , олардың музыка іліміндегі мүлт кеткен жерлерін дәл тауып түзетеді, дамытады. «Мен тек музыка ғылымын бағалаушы ғана емеспін, музыка өнерін бағалаушыдамын, сондықтан да ертедегі гректерге қарағанда, көбірек зерттеуіме, ізденуіме мүмкіндігім болды» деп жазды. Фараби Шығыстың ғылымы мен өнері ескі грек ғылымы мен өнерінің жай ғана көшірмесі болды деп кемітетін буржуазия ниеттес оқымыстылары бұған не дер екен.

Фарабидің музыка саласында жазған «Музыканың ұлы кітабы» атты трактаты құрғақ музыкалық шығарма емес, бүкіл орта ғасырлық ғылымдардың сындарлы ескерткіші. Мұнда ғылымның философиялық мәселелері мол қамтылған, музыканың тәжірибелік және теориялық негізін қалап, музыкалық аспаптарды қалай жүзеге асыру жолдарын көрсетіп береді. Нақтылы айтқанда , Фараби теориялық ғылым жасаудың үш шартын қойып, осы шарттар негізінде музыка теориясын өз бетінше жаңадан жасап шығады. «Музыканың ұлы кітабы»: музыка ғылымына кіріспе, музыка ғылымының негіздері, музыкалық аспаптар, музыкалық композиция атты үлкен –үлкен тараулардан тұрады.

Бұл еңбек ІҮ ғасырда –ақ латын тіліне аударылып, Европада музыка ғылымының дамуына үлкен әсер етті. Мәселен, бұл еңбекте музыканың теориясы мен практикасында қазір қолданып жүрген он екі жарты тондық музыкалық жүйенің бастамасы бар.

«Музыканың ұлы кітабының» бірінші тарауында мелодия, музыкаға бейімділік, практикалық және теориялық музыка, музыканың шығуы, музыкалық білім беру, музыкалық өнер, сезім және ақыл қорытындысы, бастапқы , негізгі принциптер, музыкадағы табиғи нәрселер жайлы айтылады.

Екінші тарауында музыка ғылымының негіздері жайлы баяндаса, үшінші тарауында музыкалық аспаптар жайлы айтылады. Ал төртінші тарауында ырғақ, фонема және фраза, тондар жайлы айтылады.

Фараби бұл еңбекті замандастарының өтініші бойынша жазған, оның себебі жайлы былай дейді:

«Сен ежелден келе жатқан байырғы музыка өнерін білгің келіп, түсінікті әрі жеңіл , жұрттың көдесіне жарайтын кітап жазуды өтінген едің... Сол тапсырманды осы уақытқа дейін орындай алмай келдім. Себебі бұл мәселе жөнінде жазған ертедегі ғалымдардың еңбектерін тегіс, мұқият қарап шығуға тура келді.

Мен қарап шыққан еңбектерде бұл өнердің кейбір жақтары мүлде ескрүсіз қалған сияқты. Көпшілік кітаптарда музыка мәселесі , әсіресе, оның теориясы бір-біріне байланыссыз жазылған. Алайда бұл кемшіліктер ертедегі ғалымдар қабілетінің нашарлығынан кетті. Ал енді олардың музыка жөнінде жазған еңбектері не жоғалып кеткен немесе арабшаға нашар аударылған болуы керек. Бұл мәселенің олқы болып отырғанын мен осылай түсіндіре аламын. Міне, сол себептен мен сенің тілегіңді орындауды өзіме борыш санап, осы кітапты жаздым.»

Музыка зерттеушісі Әбунасыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фарабидің әлем өнеріндегі басты жаңалығы музыканың теориясын жасағандығында. Себебі осы уақытқа дейін музыка зерттеушілерінің сөзіне сүйенер болсақ, «Әл-Фараби жасаған музыкалық теория нақты әрі айқын[4].»

#### Әдебиеттер:

1. К.Кенжетаев. «Асылдар мен ардақтылар» Алматы. Өнер-2002.
2. Ә.Төлебаев. «Өнер үрдісі»
3. М.Ахметова. «Ән өнері және уақыт» Алматы. Өнер-1993.
4. П.Момынов. «Қазақ музыкасының тарихы.» 1



## ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абильдаева А.И. – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### *Резюме*

*В статье рассматриваются проблемы музыкального воспитания детей в развитии современного общества*

Адамның рухани іс-әрекетінің басқа түрлері сияқты музыка да адамға өзін түсінуге, Әлемнің сұлулығын көруге және өмірдің мәнін түсінуге үйрену үшін берілген дүниені тану құралы болып табылады. Роберт Шуманн: «Музыка – сезім тілі» деген. Бірақ музыка сезімді білдіруді тек Қайта өрлеу дәуірінің аяғында, 16-17 ғасырлар тоғысында ғана үйрене бастады. Адам өзін ойлауға, сезінуге, жасампаздыққа қабілетті тұлға ретінде сезінген, зайырлы өнердің өркендеп, операның дүниеге келген кезі еді. Адамның құмарлық-эффекттерін көрсету 18 ғасырда музыка өнерінің басты міндетіне айналды, ал романтизм дәуірінде сезімдер мен сезімдер әлемі композиторлардың тақырыптарды, бейнелерді, тіпті құралдарды іздеуде жүгінетін негізгі салаға айналды. білдіру.

Сезім, дыбыс, айналадағы өмірдің, қозғалыстың нобайы... Бірақ ой әлемі музыкаға бағынбай ма? Бетховен: «Әрбір нағыз музыкалық шығарманың идеясы бар», - деді. Әйгілі Бесінші симфониясында айтылған ойды автордың өзі былайша тұжырымдаған: «Қараңғыдан жарыққа, күрес арқылы жеңіске». Әдеби бағдарлама, опера либреттосы, поэтикалық эпиграф немесе авторлық түсініктеме болсын, сөздің музыкаға идеяны жүзеге асыруға көмектесуі міндетті емес. Біз Чайковскийдің 6-шы симфониясының бағдарламасын білмейміз, ол, композитордың өзі айтқандай, оның қиялында болған, Чайковскийдің бейнелі және нақтылайтын үзінді тұжырымдарын өте аз біледі. идеологиялық мазмұны эсселер. Дегенмен, бұл музыканың өмір мен өлім туралы, адам рухының шатасуы, кетудің қайғылы болмай қоймайтындығын түсіну туралы екеніне ешкім күмәндануы екіталай.

Бастауыш сыныптағы музыка сабағында оқушылар балаларға арнайы жазылған музыкамен қатар, таза балалар музыкалық репертуарынан шығатын шығармалармен – күрделі классикалық өнер туындыларымен кездеседі. Мектеп оқушыларын ұлы өнердің рухани атмосферасына енгізу, оларды орыс, кеңестік және шетелдік музыкалық шығармашылық үлгілерімен кеңірек таныстыру – жалпы білім беретін мектепте музыка сабағының жаңа жүйесін орнату бағдарламасы. Сонымен бірге мектеп оқушыларының музыкалық классиктердің шығармаларын эмоционалды түрде бағыттау және бір мезгілде рефлексияға, мағыналы қабылдауға негізделген қабілеті мектеп оқушыларының музыкалық дамуының маңызды нәтижелерін, олардың мәдениетінің қалыптасу кезеңдерін сипаттайды [1].

Бірақ ойланайық: неге жеті, сегіз, тоғыз жастағы балалардың ұлы музыкалық өнер туындыларын қабылдау қабілеті бар? Шынында да, оқытудың нақты жағдайларын есепке алмай, қарастырылып жатқан мәселені қарастырған

кезде, бұл ұпайға күмән туындауы мүмкін. Дегенмен, қазіргі педагогика мұғалімді оқушының эмоционалдық және интеллектуалдық әлеуетін белсендірудің тұтас жүйесімен қаруландыру арқылы қол жетімсіздік мәселесін едәуір дәрежеде жоюға қабілетті. Мұның бәрі музыкалық таным процесі өтетін формада. Педагогикалық форманың мүмкіндіктері белгілі психологтар Брунер, В.В.Давыдов және т.б. дұрыс атап көрсеткендей, таң қалдырарлықтай кең және көп қырлы.

Классикалық музыканы кіші жастағы студенттердің қабылдауының «мүмкін еместігін» жеңуге көмектесетін «сиқырлы делдалдар» қандай? Қысқаша айтқанда, оларды анықтауға болады: диалектикалық байланыстар - музыка мен балаларды қамтитын көп жақты дидактикалық байланыстар. Байланыстар дәйекті, ретроспективті және перспективалық, байланыстар қарама-қарсы, әртүрлі музыкалық шығармалардың байланыстары бір-біріне жақын, балалық шақ тәжірибесі туралы музыка байланыстары. Бір сөзбен айтқанда, байланыстардың кең әрі байлығы сонша, біртұтас жүйеге салынғанда, өнерді қабылдаудың қалыпты, педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылмаған жағдайда жас тыңдаушы кіретін байланыстар санымен салыстыруға келмейтін болып шығады.

Бұл ұстанымды бағдарлама материалымен суреттейік. 1-ші сыныпта оқушылар Чайковскийдің, Бетховеннің, Шопеннің, Прокофьевтің, Дунаевскийдің, Хачатуряның Таорческімен және басқа да ірі суретшілердің шығармаларымен кездеседі. Балалардың өз өнерін қандай сапада, қандай дәйектілікпен және қандай контексте меңгергені маңызды. Чайковскийдің кіші мектеп оқушыларына гейді ашатын жұмысы үлкен симфониялық полотнолар туралы емес, олардың үні бойынша «ересектерге» емес, шығармалардың драматургиясына, бірақ ән әуеніне арналған. билер, марштар, оларда композитор балаларға мүмкіндігінше қашықтықта жақын болады. «Щелкунчиктен» марш, «Ұйқыдағы арудан» вальс, «Аққу көлі» биі; Балалар кейінірек 4-ші симфонияның кеңейтілген финалының тілінде оқыған орыс халық әні «Далада болды қайың» орындалу бұл кішкентай мектеп оқушыларын Чайковский шығармашылығымен таныстырудағы алғашқы қадамдар. Дегенмен, бұл нағыз Чайковскиймен («бейімделген», жасанды жеңілдетілгенімен емес) – оның ақындық сұлулығымен, асқақ руханилығымен және сонымен бірге орыс әнімен танысу.

Музыканы оқыту жалпы педагогикалық принциптерге негізделуі мүмкін және болуы керек. Олар бай оқу тәжірибесін көрсетеді. Музыкалық білім беру балалардың бойында қалыптасуы қажет білім, білік, дағдының белгілі бір көлемін қамтиды [2].

#### **Әдебиеттер:**

1. Порфирева А.Л. Музыкалық классика және қазіргі заман. М., 2002 ж
2. Султанова, Н.К. Мектеп жасына дейінгі балаларға музыка пәнінен тақырыптық күнтізбелік жоспар: оқу-әдістемелік құрал / Н.К. Султанова, Семей: Интеллект, 2013.- 248б.

## **МУЗЫКАНЫҢ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Абильдаева А.И. – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы**  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### *Резюме*

*В статье рассматриваются воспитательные и образовательные возможности музыки*

Тәрбие – қоғам талабына сай тұлғаның қалыптасуы мен дамуын мақсатты түрде басқару процесі. Тәрбиенің мақсаттылығы тәрбиенің алға қойған мақсатымен анықталады.

Тәрбиенің жалпы мақсаты – өз өмірінде жалпыадамзаттық (намыс, ар-ождан, адамдық ар-намыс, әділеттілік) және мәдени-ұлттық (еңбек, бостандық сүю, т. құндылықтар).

Тәрбие процесінің әртүрлі анықтамалары бар. Себебі, тәрбиенің кең және жалпы ұғым екендігі соншалық, арнайы нақтылауларсыз қандай тәрбие туралы сөз болып отырғанын түсіну мүмкін емес.

Біріншіден, сөздің кең және тар мағынасында білім берудің айырмашылығы бар. Кең әлеуметтік мағынада бұл жинақталған тәжірибені аға ұрпақтан жас ұрпаққа берудің ажырамас процесі. Тәжірибе деп адамзатқа белгілі білім, білік, ойлау құралдары, тұлғааралық және қоғамдық қатынастар – адамның даму процесінде жасалған барлық нәрсе түсініледі.

Тар мағынада тәрбие белгілі бір оқу орнында немесе отбасында болатын процесс ретінде қарастырылады. Ғылым білім мен тәрбиені жүзеге асыруға жан-жақты көмектеседі. Ол арқылы тексерілген және сенімді ақпарат арқылы әлемді тануға бағыт-бағдар бар. Ғылым – қоғамдағы өмірді бастауға, мамандық бойынша білім алуға қажетті негіз [1].

Өнер арқылы бала қоршаған дүниенің көркем бейнесін қалыптастыра алады. Бұл болмысқа, прогреске эстетикалық қатынасты тудырады, жеке тұлғаның әртүрлі аспектілерде толық қалыптасуына көмектеседі: рухани, азаматтық, адамгершілік.

Білім мен тәрбие дін арқылы жүзеге асады. Бұл тәсіл кейбір құбылыстарды ғылыми дәлелдерді қолданбай түсіндіру қажет болғанда өзекті болады. Қазіргі уақытта белгілі діндердің көпшілігі өлімнен кейінгі өмір туралы айтады және белгілі бір адамдардың оған қалай және қандай дәрежеде жететінін түсіндіреді. Дін адамның дүниетанымын қалыптастыруға көмектесетіндіктен тәрбие үшін маңызды.

Ол еріксіз баланың санасына сіңіп, жадында сақталады. Өкінішке орай бұл балаға теріс әсер беріп жатады. Осыны ата-аналар түсінбейтіні қынжылтады. Ішінде бала отырған кейбір көліктерден шыққан дыбыстың күштілігі сондай, сыртта кетіп бара жатқан адамның құлағына ауыр тиеді. Рок музыканың, кез келген ауыр музыканың дүңкілі баланың есту аппаратына, жүрек соғысына қатты әсер етіп жатқанын ата-аналар түсінсе ғой. Баланың мазасыздануына, мінез-құлқына да мұндай музыка қатты әсер ететініні сөзсіз.

Музыкалық тәрбиенің негізгі міндеттерінің кешенді шешімі - жүйелілік және реттілік, бірізділік, қайталау сияқты негізгі педагогикалық принциптерге сүйене отырып, келесі әдіс-тәсілдер мен жұмыс түрлерін қолданамын: мерекелік іс-шаралар, ойын-сауық, ата-аналар жиналысы, әңгімелесу, музыканы мәнерлі орындау, көркем сөз, қимылды көрсету, образды теңеу, ойын, мақал-мәтел, шығармашылық тапсырмалар, импровизация.

Ата-аналарға тағы бір айтып өтетін жәйт – баланың музыка оқу қызметі, музыка іс әрекеті, ертеңгіліктер кезіндегі психологиялық ішкі жан дүниесі туралы. Кейбір ата-ана «Менің балам неге тақпақ айтпады, неге рөл ойнамады?», - деп реніштерін білдіріп жатады. Менің ұстаздық тәжірибемде байқағаным-кейбір балалар іс-әрекетке қатысқаннан гөрі сырттай бақылағанды ұнатады. Ол – бала ештеңе үйренбей жатыр, болып жатқан іс-әрекетке бейжайлығы деп түсіну дұрыс емес. Әдетте мұндай балалардың ой-қиялы бай болады.

Олар көрген, сезгенін ішке түйіп, уақыты келгенде ғана ашылады. Ондай баланы дәл қазір айт, дәл қазір қатыс деп қыстап, асықтыруға болмайды деп есептеймін. Мұндай әрекет керісінше әсер етуі ықтимал. Сондықтан ұстаз да, ата-ана да сабырлық танытып, балаға ішкі тәжірибе жинауға, уақыты келгенде ашылуына мүмкіндік беруі керек. Музыка оқу – қызметінің рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі зор ықпалы туралы ойымды Аристотельдің мына сөздерімен қорытындылағым келеді: «Музыка – жанның этикалық жағына белгілі бір әсер етуге қабілетті және музыканың осындай қасиеттері болғандықтан, оны жастарға білім беру пәндерінің қатарына қосу керек. Музыка адамгершілікті арттырады» [1].

#### Әдебиеттер:

1. Р.Қ. Дүйсембинова «Музыкалық білім беру педогогикасы». - Талдықорған, 2006 ж.
2. Мелдебекова У.И. Бастауыш сынып оқушыларына музыка арқылы эстетикалық тәрбие беру: дис. пед. ғыл. канд. – Түркістан, 2008. – 32 б.

ӘОЖ 37.013

## СЫНЫПТАН ТЫС ҰЙМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Смаилова М.С. – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Кененбаев С.Н. - аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

#### Резюме

*В данной статье рассматриваются роль и содержание современной внеурочной деятельности в воспитании детей.*

Қазіргі жалпы білім беретін мектептегі оқытудың мазмұны мен құрылымы өзгеріп отырған кезеңде сыныптан тыс тәрбие жұмысының алар орны ерекше. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы-тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің

басшылығымен ұйымдастырылған және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі.

Сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны - оқушының теориялық білімін кеңейтіп, толықтыра түседі және оқушылардың жеке қабілетін дамыта түседі. Оқушылардың сыныптағы және сыныптан тыс әрекеттерінің кірігуі қоршаған орта туралы біртұтас түсінік қалыптастыруға, теория мен практика арасындағы байланысты қамтамасыз етуге, оқу-тәрбие үрдісін құруда және оқушы тұлғасын қалыптастыруда үйлесімдікке жетуге, мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің педагогикалық шеберліктерін жетілдіруге, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастықтың дамуына ықпал етеді.

Қазіргі кезде оқыту мен тәрбие беру үдерісінде сабақтан басқа сыныптан тыс жұмыстардың орны ерекше. Білім мазмұнын әлемдік оқыту жүйесіне теңестіру, сонымен бірге қазақ халқының ұлттық ерекшелігіне кере оқытудың маңызы артуда. Сыныптан тыс жұмыстарды мазмұнды жүйелі жүргізу арқылы осы жұмыстар жөнінде оқушылармен үнемі пікірлесіп, ақылдасып, келісе отырып, оқушылардың жеке істер жүргізуіне, еркін ұсыныстар айтуына шек қойылмауы керек. [1]

Біздің дәуірімізде мектеп жастарын тәрбиелеу жолында мектеп өмірінің мектептегі әрбір сабақтың, соның ішінде ән- музыканың, сабақтан тыс көркемөнер үйірмелерін жүргізудің маңызы ерекше болып отыр. Музыкалық тәрбиенің, оның ішінде сыныптан тыс жұмыс жүргізудің мақсаты жастарды білімді, жоғары саналы, өнерлі, жан- жақты етіп тәрбиелеу болып отыр. Бұл орайда балалар мен жасөспірімдер арасындағы музыкалық тәрбие жұмысын жетілдіру мәселесіне зор көңіл бөлінеді.

Сыныптан тыс жүгізілетін музыкалық жұмыстардың оқушылардың өз қалауымен, олардың белгілі бір өнер түріне бейімділігін ескере отырып ұйымдастырады. Осы мақсатта алуан түрлі үйірмелер, қоғамдар, студиялар құрылуда. Олардың ішіндегі музыкалық тәрбие беруде әсіресе көркемөнерпаздар үйірмелері (хор ұжымдары, ансамбльдер, би, драма, фольклорлық оркестрлер, жеке ән айту т.б.) ерекше орын алады.

**Бүгінгі таңда оқушылардың музыкалық - эстетикалық тәрбие мәселесі Қазақстан ғылым педагогтары А.Нұғманова, М.Момынов, С.Ұзақбаев, Ж.Өтемісов, М.Балтабаев т.б еңбектеріне елеулі орын алған.**

Музыкалық тәрбие- ұзақ, күрделі әрі сан қырлы процесс. Ол ең алдымен балалардың мектепке дейінгі мекемелерінде басталады. Ал жалпы білім беретін мектепте тікелей ықпал ету- музыка, өнер, эстетика жөніндегі факультативтер, сабақтан тыс уақыттағы көркемөнер үйірмесі арқылы тәрбие беруді жалғастыра түседі. Жыл өткен сайын ортаңғы және жоғарғы сыныптарда балалардың жас ерекшеліктері сараланып, музыка сабағында, әр түрлі елдерде өмір сүрген композитор шығармашылығымен, түрлі музыкалық аспаптармен танысады. Жоғарғы сыныптарда эстетика, бейнелеу өнері, музыка және өнер циклының басқа салалары жөнінде қосымша сабақтар енгізу музыкалық тәрбие беруге шексіз мүмкіндік береді. Сондай- ақ сыныптан тыс жүгізілетін музыка мен эстетика жөніндегі арнаулы сынып

сағаттарының алуан түрлі тақырыптары оқушыларға жан- жақты тәрбие беруге көмектеседі.

Оқушылар тәрбиесін жаңа деңгейге көтерудің тағы бір тиімді тәсілдері лекция- концерттер жүргізу, факультативтік курстар жүргізу. Факультативті курстарды, әсіресе , қазақ ұлттық өнер саласына, мысалы : айтыс, әншілік, жыр- терме және т.б. өнерлерден ұйымдастырған жөн. Лекция- концерт оқушыларды өнердің сан қилы салаларымен, сазгер шығармашылығымен жеке аспапта оындаушы әнші күйшілердің өнер жолдарымен жеке таныстыруға мүмкіндік береді. Сондай ақ музыка сабағынан алған мағлұматтар мен тыңдаған музыкаларымен әрі қарай терең игеруге жағдай жасайды. Қандай тақырып болмасын оның тыңдаушыларға нәзік сезіммен, әдемі мақаммен, өте дәмді де тартымды жеткізе білу-лектордан өте білімділікті, тапқырлықты талап етеді. міне сондықтанда болашақ музыка мұғалімінің институт қабырғасында жүрген кезден ақ бұл өнерге дайындаудың маңызы зор. [2]

Қазіргі таңда оқушыларға отандық және дүниежүзілік мәдениеттің үлгілері арқылы эстетикалық тәрбие берудің маңызы ерекше. Эстетика мен музыка тәрбиесінің ортақ мәселелері, адамды табиғат пен өмірдегі әсемдікті қабылдап бағалауға және түсінуге тәрбиелейді. Көңіл көтеру кештерін дұрыс ұйымдастыру-оқушыларды тәрбиелеудің бірден-бір тиімді жолы, соның бір саласы музыкалық театр ұйымдастыру. Ол үшін балаларды музыкалық спектакльдердің теориясымен практикасымен таныстыру, режиссура негіздерін игерту қажет. Ал мектепте халық аспаптар оркестр жұмысын ұйымдастыру кезеңінде қойылатын басты талап репертуар таңдау. Репертуар бүгінгі өмір деңгейіне сай терең мазмұнда, көркемдік педагогикалық талапты қанағаттандырарлықтай дәрежеде және оқушылардың жас ерекшеліктеріне, аспапта ойнау мүмкіндіктеріне сәйкес болуға тиіс. Демек, жетекші оркестрде ойналатын әрбір репертуарға творчестволық тұрғыдан келіп оның идеялық эстетикалық мәнін көркемдік ерекшелігін дұрыс ашып таныта білгенде ғана оқушылардың музыканы терең сезініп, дұрыс түсіне білу қабілетін ескергені жөн.

Музыкалы мейрамдар мен кештерге қатысушы оқушының музыкалық қабілетін одан әрі дамытуға, әлем туралы білімін тереңдетіп, биік мәдениетке тәрбиелейді. Баланы ұйымдасқан түрде концертке, театрға, түрлі мәдени мекемелерге, музейлерге апару олардың өмірге деген көзқарастарын кеңейтіп, өнерге деген құмарлығын арттырады. Одан басқа оқушымен еңбек, әншілерді кездестіруге немесе олар туралы әңгіме, баяндамаларды әрдайым ұйымдастырып тұрудың мәні зор. Өнерпаздық қабілеттері ұшталып, арман қиялдарына қанат бітеді. Сондықтан жалпы білім беретін қазақ мектептерінде оқушыларды дәстүрімен, өнер атты әлемнің шоқтығы биік жұлдыздары шығармашылығымен таныстыру, олардың ой- пікірін оқу тәрбие ісінің тірегін айналдыру- бүгінгі күннің өзекті мәселесі деуімізге әбден болады. [3]

Сондықтан өскелең ұрпаққа музыкалық тәрбие берудегі біздің алдымыздағы ең басты міндет- оқушыларға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиені айтарлықтай толық, өнер шығармалырының , туған табиғаттың сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиетін қалыптастыру. Осы мақсатта әрбір оқу пәнінің, әсіресе, зор танымдық және тәрбиелік күші бар әдебиет, музыка өнерінің эстетикалық мүмкіндіктерін жақсы пайдалану қажет.

Қорытындылай келе айтарымыз, оқыту барысында оқушылардың сыныпта алған білімін дамытып, оны ары қарай жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Сыныптан тыс жұмыстардың оқушылардың белсенділігін арттыруда, өзіндік көзқарасының қалыптасуында, білімін жетілдіруде бірден – бір маңызды тәрбие құралы екендігін көріп отырмыз. Сыныптан тыс жұмыстарды дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушылар бойында ұйымдастырушылық, белсенділік дамиды. Бағалы моральдық қасиеттер қалыптасады. Сыныптан тыс оқытуды жүйелі түрде ұйымдастыру, адам тәрбиесіне айтарлықтай үлес қоса алатыны сөзсіз.

#### Әдебиеттер:

1. Момынұлы П. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы. -А., 2002.І-том.
2. М.Балтабаев, Б.Өтемұратова «Елім-ай».-Алматы: «Атамекен» 1993.
- 3.Майгельдиева Ш.М., Байулов Г.Б.//Жастарға ұлттық тәрбие арқылы музыкалық педагогика негізінде тәрбие берудің мүмкіндіктері// III ХҒТК, «Современная наука и инновации», Болашақ, г. Кызылорда, Казахстан, № 20.1 (79.1) 2014ж

ӘӨЖ 378:786.8 (574)

## ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Смаилова М.С. – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Кененбаев С.Н. - аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

#### *Резюме*

*В данной статье рассматриваются методы воспитания подрастающего поколения посредством казахского традиционного музыкального искусства*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, даму және кәсіби тұрғыда жетілуі үшін жағдайлар жасау» [1] қажеттілігі айтылса, ал Қазақстан Республикасының заңы 1 бөлімінің 2–бабында «Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр–салтын оқып үйрену үшін жағдайлар жасалу қажет» [2] - деп атап көрсетіліп, халықтық мәдениеттің маңызына ерекше көңіл бөлінді. Мәдени- этникалық білім мен тәрбие беру мақсатын көздеген осындай мемлекеттік құжаттар аясында ұзақ жылдар бойы ескерусіз келген халықтық музыкалық педагогикасы қайта жаңғырып, тәрбие саласында ерекше маңызға ие бола бастады. Мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік дамуы өз ұлтымызға тән рухани, мәдени

өмірдің өркендеуімен үйлесім тауып, жас ұрпақты салт - дәстүрге, тілге, ұлттық өнерге, өз елінің және әлем халықтарының тарихын құрметтеуге тәрбиелеу жауапты да басты міндеттер ретінде жүзеге асырылуда. Ұлттық тәлім-тәрбие берудің нәтижелілігі мұғалімнің педагогикалық қызметінің дәрежесімен айқындалады. Сондықтан болашақ мектеп мұғалімдерін даярлау барысында халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәлім-тәрбие тәжірбиесін тиімді пайдалану мәселесі басты назарға алынады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік - мәдени дамуының тұжырымдамасында «Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-мәдени даму жолы дегеніміз - ең алдымен адамзат қазыналарына баса назар аудару, прогресшіл халық дәстүрлері мен әдет-ғұрпының толымды түлеуі, гуманитарлық ғылымдарға, өнерге, халықтардың моральдық байлықтарына қайтып оралу, мәдениеттің барлық салаларында ұлттық даралықты сақтау, барлық ұлттық мәдениеттің қазыналары мен дербестігін мойындау» - деп атап көрсетілген болатын [3].

Қазақстанның мәдени дамуының бірден-бір себебі жасөспірімдерімізге білім мен ғылымды жан-жақты меңгертумен қатар, ұлттық мұрамызды қастерлеп, оның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табуына үлесімізді қосуымыз қажет. Осыған орай, мектеп оқушыларын ғылыми білімнің қоғамдық қажетті деңгейлерімен қамтамасыз ету, оларды отандық, ұлттық, әлемдік мәдениет арналарынан сусындату қазіргі заман педагогтарының басты міндеті боп саналады. Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық өнері - көшпелі өмір салтымен біте қайнасып, сан ғасырлар қойнауынан келе жатқан қайталанбас мол мәдени мұраларымыздың бірі. Жазу-сызусыз, ауызша ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әңкүйіміз ХХ ғасыр басында қоғам өміріндегі күрделі өзгерістер нәтижесінде жаңа даму жолына аяқ басты. Халықтың ән өнерінің асқан таланттары: Біржан Қожағұлов, Ақансері Қорамсаұлы, Мәди Бәпиев, Мұхит Мералиев, Жаяу Мұса Байжанов, Естай Беркімбаевтар еді. Бұлардың әншілік дәстүрін бері келе Кенен Әзірбаев, Иса Байзақов, Қосымжан Бабақов, Қуан Лекеров, Манарбек Ержанов, Ғарифулла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков т.б. әншілер, композиторлар, орындаушылар дамытты.

Әрбір халықтың өзімен бірге туындап, біте қайнасып келе жатқан киелі мұрасы бар. Адам жанының ішкі толқынысын, сезім шеруінің көпірін таңғажайып үн, әуен, ырғақпен жеткізе білетін қазақтың қара қобызы мен қоңыр домбырасы, сырлы сыбызғысы арқылы пайда болған күйлерді осындай мұра қатарына жатқызуға болады. Қазақтың арғы тегі мен түп-тұқиянына тереңдегісі келген жанның қай-қайсысы да осы музыка аспаптарына көз тоқтатпай өтпейді. Әсіресе, ұлттың рухани әлемі мен жан сұлулығы, ерлігі мен өрлігі, даралығы мен дарындылығын, дархандығы мен даналығын, сан алуан қасиет қабілетін осылардың үн төкпесіне таниды, сезінеді, тебіренеді, тәрбие көреді. [4]

Ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына дарытып, оның жан жүйесін оятуда, өнерге деген ынтасын арттыруда қазақтың қасиетті де, киелі қара домбырасының атқаратын рөлі ерекше. Ұлттық музыка



аспабымыздың болашақ жас ұрпаққа дұрыс үйретілуі, саз өнерінің рухани мұра ретінде ел ішінде кең етек алуы жалпы ұлттық мүдде үшін аса қажет, күнделікті қолданыста тұрған ұлы мақсат болып табылады. Музыка ұлттық сананың қалыптасуына ықпал жасаумен қатар, жас жеткіншектің сезімталдығына, адамгершілік үрдісіне, рухани ұғымына да зор үлес қосатыны белгілі. Әсіресе, ұлттық саздың, ұлттық аспаптардың, күйші-сазгер, орындаушылардың өнерлері ең басты рухани бағдаршам болғаны керек-ақ. [5]

Халық арасында өте кең тараған домбыра аспабы - қазақ халқы үшін өте қастерлі дүниелерінің бірі. Оны белгілі ақын Қадыр Мырзәли: «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ -домбыра...» деген ойында тұтастай бір ұлттың өзіндік келбетін саз аспабы - домбырамен теңестірген терең философиялық көзқарасы жатыр. Қазақ домбырасыз, домбыра қазақсыз жартылай ұғым болмақ. Бұл - әлдеқашан дәлелденген факті. Міне, осындай көркемдік биік ұғым болып қалыптасқан домбыра, оның пайда болуы туралы түсінігімізді бүгінгі күнге дейін орта ғасырдан бастау алатын, қазақ арасында кең тараған. Домбыра - қазақтың жаны. Ол тар жол, тайғақ кешу жолдарын бастан өткерген қазақ тарихын парақтауға негіз бола алады. Ұлтымыздың болмысына куә болған әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне жан бітіріп, оның құнды қалпын сақтауға негіз болғанын көреміз. Күй тарту - тарихи аясы кең, тағлымы мол өнер. Тылсым табиғатпен біте қайнасып келген домбырадан төгілген күй мен аңыз қатар жүреді. Аңыз арқауында ақиқат бар. Сол аңыз арқылы домбыраның сүйемелдеуімен балалардың бойында ұлттық рух пен эстетикалық таным қалыптастыру басты міндет болып табылады.

Қазақ халқының ешкімге ұқсамайтын бітімі мен болмысын ажалайтын ұлттық қадір-қасиеті аз емес. Соның бірегейі есте жоқ ерте замандарда туып, қалыптасып, дамып жетіліп, бүгінгі күннің қажетіне жарап отырған күй өнері. Күй қай дәуірде де халық өмірінің айнасында дидарының табиғатынан айнымаған өнер. Күй сипатына, түрлеріне, мезгіліне қарай айыра білуге, олардың мазмұнына көтерілген әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсінуге тәрбиелеу арқылы естіген күйлерін шынай сезіммен қабылдап, бағалай білу қабілеттерін қалыптастыра отырып, күйшінің өзіне тән орындаушылық ерекшеліктеріне тоқталып, оқушылардың көркемдік талғамын жетілдіру. Күйшілердің ішкі рухани байлығымен сырт пошымның өзара үйлесімдігін атап көрсетіп, олардың сахнада жүріс-тұрысы, тартымды киім - киісі, көпшілік алдында өзін-өзі ұстай білу мәдениетін үлгі-өнеге ету арқылы жас жеткіншектердің, оқушылардың этикалық және эстетикалық тәрбие берудегі рөлі орасан зор. Қазақта неше мың күй болса, оның қосарлана айтылатын сонша аңыз әңгімесі бар. Қобыз, домбыра, сыбызғы, жетіген, шаңқобыз, сазсырнай сияқты музыкалық аспаптарымызда тартылатын мың сан күйдің бірде-бірі себепсіз шықпаған. Бұл аңыз әңгімелер тартылатын күйдің музыкалық мән-мағынасына, әуендік ерекшелігін, иірім қағыстарын дұрыс түсінуге себепші болуымен бірге, халқымыздың тарихи-әлеуметтік өмірінен мол мағлұмат береді. Күй аңыздары өзінің нақтылығымен, шынайы өмірді арқау етуімен халық тарихының ең бір жанды шежіресі болып табылады. Яғни,

күй аңызы тарихнаманың құнарлы бір арнасы екеніне күмән жоқ. Күй аңызы белгілі бір күйді тудырған орта мен жағдай туралы бағалы ақпарат беріп қана қоймайды, күй аңызының ақпараттық ауқымы мен қасиеті [6]

Қазақтың дәстүрлі күйшілік өнері қазіргі кезде еуропалық-классикалық музыкамен ұштасты. Компьютерлік технологияның көмегімен қобыз, домбыра, сыбызғы сияқты музыкалық аспаптарымыздың ғажайып үні мен бай мүмкіндіктеріне көптеген шетелдік тыңдарман-көрермендеріміз сүйсіне қол соқты. Бұл аспаптарды меңгертуде кәсіби білім беретін жоғары оқу орындары мен арнаулы музыкалық колледждер және бастауыш білім беретін музыка мектептері қызмет етуде. Ал, сирек болса да бүгінде халық арасында тартылып жүрген шертер, жетіген, қылқобыз, шіңкілдек, сазсырнай, шаңқобыз, адырна сынды ұлттық аспаптар және ұрып ойналатын шыңдауыл, дауылпаз, асатаяқ, қоңыраулы асатаяқ, жыланбас, мүйіз, тұяқтас, сақпан сияқты аспаптарда екіншісі бірі ойнай бермейді. «Китаб әл-мусики әл-кабир» (Музыканың ұлы кітабы) деп аталатын еңбегі арқылы бүкіл әлем ғалымдарын мойындатқан, Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби музыканың теориясы мен тарихын зерттеумен қатар музыкалық аспаптарды да зерттеп, жік-жікке бөліп берген еді. Ол кейбір музыкалық аспаптардың жаңа түрлерін өзі ойлап тауып, жасап шығарған. Ал, қазақтың музыкалық фольклорын жинауды өзінің алдына мақсат етіп қойған ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов халықтық күйлер мен музыка аспаптарын ұмыт қалдырмай, келешекке жеткізу қажеттігін айтады. Көне музыкалық аспаптарды тауып, зерттеп, қазіргі заманауи талаптарға сай етіп өндеген, сол аспаптарда ойналатын, ұмытылып бара жатқан күйлерді нотаға түсірген Әлкей Марғұлан, Болат Сарыбаев, Уәли Бекенов, Жарқын Шәкәрімдер және шеберлер Имануил Романенко, Қамар Қасымов, Арыстан Ермеков, Оразғазы Бейсенбаевтардың сіңірген еңбектері орасан зор. Халық Қаһарманы, асқан домбырашы, дарынды композитор Нұрғиса Тілендиев өзінің төл перзенті фольклорлық-этнографиялық «Отырар сазы» ансамблінің құрамына көне музыкалық аспаптардың барлық түрлерін қосып, еліміздің алыс түкпірлеріндегі шағын елді-мекендерге дейін қалдырмай жиі аралап, концерт қойып шығатын еді. Ондағы мақсаты, кейінгі ұрпақты бабалардан қалған мол мұралармен таныстырып, оларды жоғалтпай, одан әрі жетілдіріп, рухани азық етуді аманат етіп тапсыру болатын. [7]

Қорыта айтқанда, қазақ халқының басты бір ерекшелігі ол тәрбиелік қасиеті. Қазақ халқының бүкіл салт-санасы, әдет-ғұрпы, мақал-мәтелдері, ертегі, жыр-термелері, ойын-сауығы, жұмбақтары мен жаңылтпаштары айналып келгенде тәрбиелік мәселеге тіреледі. Олар адамгершілікке, көпшілдікке, азаматтыққа баулыған. Қазақтың халық әндері жоғары тәрбиелік мүмкіндіктерімен, азаматтық идеяларының өркениеттілігімен, болмысын әсерлі бейнелеуімен, көркемдік айырмашылығымен болашақ ұрпақтың назарын өзіне аударады. Қазақтың түбі терең тылсым тарихы, бүкіл болмыс бітімі домбыра пернесінде хаттаулы. Қазақ отбасында тәрбиеленіп, өсіп келе жатқан әрбір ұрпақ домбырадан төгілген күйден нәр алып, эстетикалық, адамгершілік

қасиеттерді бойына қалыптастыра білсе, онда біздің дәстүрлі музыкалық өнеріміз биік тұғырдан көрінеді.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы»//Қазақстан мұғалімі
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы»//Қазақстан мұғалімі
3. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасы. Алматы
4. Майгельдиева Ш.М., Байулов Г.Б.//Жастарға ұлттық тәрбие арқылы музыкалық педагогика негізінде тәрбие берудің мүмкіндіктері// III ХҒТК, «Современная наука и инновации», Болашақ, г. Кызылорда, Казахстан, № 20.1 (79.1) 2014ж
5. Қоңыратбай Т. Музыка өнері. – Алматы: «Өлке», 2009.
6. Мерғалиев Т., Бүркіт С., Дүйсен О. Қазақ күйлерінің тарихы. – Алматы, 2000.
7. Ахметова Н.К., Самтырова К.Ж.//Қоғам Тәрбие Оқыту Адамгершілік Отбасы Дәстүр Таным Ақын Музыка//Вестник Казахстанско-Американского Свободного Университета(KZ), 2014, Оскемен

ӘОЖ 37.04-053

### ЗАМАНАУИ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ МОДЕЛІ

Балабекова А.А. – магистр, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

#### *Summary*

*The article discusses the ways of using musical-rhythmic movements in music lessons.*

Бұл күнде өз халқының болашағы үшін күрескен, саналы да білімді азаматтарымыз, қазақ жастарын тұңғыш өнер мен білімге үндеген таңдаулы ұлдарының бірі – Ыбырай Алтынсаринді әр уақытта да есте ұстайды.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұралары ұлттық педагогика ғылымының алтын қорына қосылған елеулі үлес болып табылады [1].

Жақсы музыка мұғалімі ең алдымен, өз жұмысының ерекшеліктерін, қиыншылықтарын терең білу жөн. Оның музыкалық-педагогикалық қызметінің негізінде ән айту, аспапта ойнау, дирижерлік іскерліктері жатыр. Сонымен бірге, оқушылардың ішкі жан-дүниесін ұға білетін психолог, еңбек процесін шебер ұйымдастыра алатын қабілеті болуы тиіс. Музыка мұғалімі әр уақытта өзіне де, өзгеге де қатаң талап қойып, оқушыларға үлгілі болуы керек.

Кез-келген мамандықтың өзіндік ерекшеліктері болатын музыка мұғалімінің де өзіне тән «құпиясы» бар. Музыка мұғалімі әрдайым шығармашылық ізденісте жүреді. Өйткені, ол оқу-тәрбиелік жұмыстарын жүргізе отырып, балалардың көзқарастарын, сенім-нанымдарын, талғамдарын қалыптастырады. Ол тек жан-жақты дамыған білімді, өз пәнін жақсы меңгерген маман иесі болып қана қоймай, жеке тұлға болуы тиіс. Музыка өнері арқылы балаларды тәрбиелеуде, оның дүниетанымының, көзқарасының, түсінігінің мәнділігі қажет. Бұл мамандықты қалаған мұғалім әрдайым өзінің музыкалық қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін жетілдіре түсуі тиіс. Мұғалімнің музыкалық аспапта орындауы, даусымен еркін ән салуы сабақтың қызықты, әрі әсерлі, мазмұнды өтуіне себебін тигізеді. Әсіресе, қажет болған

жағдайда кез-келген тактіні, музыкалық сөйлемді қайта қайталауға ыңғайлы болады. Сонымен қатар балалардың өздерінің орындауға қызығушылығын арттырады. Музыка мұғалімі кез-келген сауатты музыкант ретінде музыкалық әдебиетті, музыканың тарихын, музыка тілінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын талдай білуі тиіс.

Сонымен қатар, музыка мұғалімі «Музыка» пәніне арналған бағдарламалардың барлық түрлерімен танысып, оларға талдау жасап, оның ішіндегі қажеттілігін іс-жүзінде қолданып, өмір талабына сай шығармашылық

Мұғалім шығармашылығы, оның ұстаздық шеберлігі, тапқырлығы мектеп табалдырығынан алғаш аттаған күннен бастап қалыптаса бастайды. Өз ісінің білгірі, шебер педагог болу үшін мұғалім өзінің бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерді дұрыс бағалап, өзін-өзі тәрбиелеуге міндетті.

Музыка мұғалімі тек музыка пәнінен сабақ беретін маман емес, ол оқушыларды жан-жақты тәрбиелейтін өнегелі ұстаз болып саналады. Ол өзінің күнделікті жұмысында педагогикалық, психологиялық, дидактикалық принцип негіздерінен қолдана отырып, оқушыларды жалаң ән музыкаға үйрету міндетін іске асырумен шектелмей, оларды өнегелік негізге бағыттайтын тәрбиемен айналысады.

Сол себептенде, музыка сабағын беретін мұғалімнің бүгінгі ғылыми-әдістемелік жетістіктермен қаруланып, сабақты жан-жақты етіп жоспарлап өтуінің мәні зор. Осы айтылған мақсаттарды біртіндеп іске асыру үшін, мектеп мұғалімінің қолындағы бағдарламаға сәйкес музыка сабағын өткізуде әдістемелік кеңестерді еске ала отырып, сабақты ұйымдастырудың, жаңа формаларымен әдістерін пайдалану қажеттілікке айналады.

Қазіргі күнде мұғалімнің алдында оқушыларды өз заманымызға сай, мәдени талғамы зор, музыкадан сусындаған, музыкалы талғамы оянған жан-жақты жарасымды жандар тәрбиелеу міндеті тұр. Музыка өнерінің келешегі біздің бірлесе отырып бәтуалы жұмыс жасауға байланысты. Музыка оқытушылары қазір музыканың оқыту ісінде жаңа, жетілген әдістер тау керек деген қорытындыға келеді. Өткен ғасырларда музыкалық тәрбиеге көңіл бөлу мен демалысты неғұрлым жақсы өткізуге бағытталатын.

Музыка тәрбиесін ұйымдастыратын негізгі тұлға музыка мұғалімі, ұстазы, оқытушысы болғандықтан – ол өзінің музыканы таңдап алған мамандығының шебері болуға ұмтылатын, музыканы әдіс-тәсілдерімен қаруланған музыканы аспапты меңгерген өнер иесі болу керек. Мұғалімнің аса сезімталдықпен айтқан әні, әңгімесі балаларды музыканы қалай болса солай тыңдай салуға емес, оны саналы түрде қабылдауға тәрбиелейді [2].

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби: «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер–білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» – деген еді. Осы бір қасиетті мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше. Демек, білім сапасын көтерудің негізгі

тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі. Жаңа қоғам кеңістігінде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. ХХІ ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры деп аталатыны мәлім. Сондықтан қазіргі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүріп, жаңа дәуір жаналықтарымен суарылып отыруға тиісті. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу үшін, мұғалім – қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік–экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан–жақты білімдарлығы, тұтас дүниетанымы болуы қажет. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан–жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл жағдайда мұғалімнің терең біліктілігі қажет. Қазіргі заман талабына сай ойшыл, ғылыми-әдістемелік біліммен терең қаруланған, педагогика мен психологияны жетік меңгерген шебер мұғалім қажет.

Білім сапасы - мұғалімдер қызметінің сапасы. Оқушыларға нені үйрету керек екенін мемлекеттік стандарттар, бағдармалар белгілейді. Ал, «қалай оқыту керек?» деген сұраққа жауапты тек мұғалімнің кәсіби даярлығынан, өз ісін жоспарлай, өзінің нақты мақсаттарын болжап, көре алуынан, баланың әрекетін ұйымдастыра алатын шеберлігінен іздеу керек. Қазіргі заманда әлемдік оқу үрдісінің өзегі инновациялық технологиялар екені мәлім. Әлемнің бірнеше елінен сынақтан өткізілген жаңаша оқытудың модульдік, дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау, деңгейлі саралап оқыту және т.б. технологиялардың стратегияларын мұғалім өз шығармашылығы, ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне орай іріктеп қолдануды талап етеді. Ақпараттық, оқытудың инновациялық технологиялары арқылы барлық балалар мен жастарға бірдей білім беруге және ол әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін, өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндіктерін береді [3].

Қорыта айтқанда, егеменді еліміздің, тәуелсіз мемлекетіміздің жарқын болашағы болып табылатын жас ұрпаққа жаңа заман талабына сай білім беру педагог қауымның мойнына міндеттелген ауыр жүк. Сондықтан да педагогтардың кәсіби дамуы мен олардың жаңа мүмкіндіктеріне жасалатын жағдайлар бір сәтке де толастамауы тиіс және өз біліктілігін арттыру мақсатында мұғалімдердің де тынымсыз еңбек етуі қажет. Себебі, оқушының тұлға ретінде дамуы мен жетілу процесінің шыңдалуына ықпал ететін педагогтардың кәсіби өсуі мен олардың жаңа талаптарға сай әдістемелік дайындығы бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Өйткені, қазіргі білім беру жүйесінде инновациялық өзгерістер болуда және бұл өзгерістердің талаптары да күшейе түсуде. Сондықтан қазіргі заман мұғалімі

білім беру жүйесіндегі барлық, жан-жақты өзгерістер мен жаңалықтарды қабылдай білуі керек.

#### **Әдебиеттер:**

1. Мұқанова Б., Төлеубекова Р. Педагогика. Алматы, 2003.
2. Мұғалімнің кәсіби дамуы. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Астана, 2012.
3. Білімдегі жаңалықтар. Ақпаратты-әдістемелік журнал. №1,2007

ӘӨЖ 371.001.895-057

### **ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ**

**Балабекова А.А.** – магистр, аға оқытушы

**Досқара А.** – 2-курс М1403-10 оқу тобының магистранты

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

#### **Резюме**

*В статье рассматриваются традиционные и интерактивные методы обучения.*

«Білім игеру процесінің басты тұлғасы – үйренуші» деген ұстаным бүгінгі күнгі «білім» ұғымының жаңа мағынасы мен түсінігі, жаңашыл таным философиясы мен оның идеяларын ұстанатын біліми жобалар мен технологиялардың басты идеясы. Бұл идея Болонья процесінің негізгі қағидаларына сәйкес келеді. Қазіргі күні еліміздің жоғары оқу орындары өзінің дамуы мен ертеңгі болашағын Болонья процесімен байланыстырады. Таным әрекеттерін ұйымдастырудың арнаулы әдістемесі ретінде интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесіне қатысушылардың (үйренуші мен үйренушілердің) тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «interactiv» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «act» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді, яғни интербелсенді әдістер - үйренуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқу/оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер [1].

Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал «интербелсенді оқу» дегеніміз өзара қарым-қатынасқа (коммуникацияға) негізделген оқу/оқыту, диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші - өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «пікірлесу», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

1. Барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау.
2. Әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.
3. Үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру.

Интербелсенді оқу/оқыту – әрекетпен және әрекет арқылы оқу/оқыту, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» [2].

Дәстүрлі оқытуда ұстаз өзіне мәлім ақиқатты жария қылып, шәкірттерінен өзінің айтқанына ғана иланып, соларды қайталап беруді талап етеді. Мұндай ұстаздың пікірі де біржақты болады: ол басқа көзқарастарды тіпті де қарастырмайды, оның қолданатын әдістері мен тәсілдері жұпыны: өз ұстанымдарын шәкірттеріне сөз арқылы жеткізе білетіндігіне кәміл сенеді, «Мен айтып берсем – оқушы түсінеді» деген қарапайым дидактикалық қағиданы ұстанады.

Алайда мұндай түсінік бүгінгі күні тіпті де ескіріп кеткен. Баяғы патриархалдық заманда емес пе сөздің маңызды да, қасиетті құрал болғаны? Ол кездерде сөзге иланған, сенген, сөзді силаған, сөзге тоқтаған. Ғалымдар тіпті қасиетті кітаптардың алғашында жазылмай, тек ауызша түрде халыққа таратылғанын (мәселен, Таурат мың жыл бойы - біздің дәуірімізге дейінгі Х-ғасырдан І-ғасырға дейін қағаз бетіне түсірілген деп есептелінеді) жазудың қасиеті жоқ, ал сөздің құдіреті (сакралдығы) бар деген сеніммен байланыстырады.

Алысқа бармай-ақ қояйық, қазақ қоғамында да сөз құдіретті деп қабылданған емес пе еді?! Бір ауыз сөз жауларды бітімге келтірген (Қаз дауысты Қазыбектің жоңғар ханына айтқан сөзі), ел ішінде бірлік орнатқан (Бұқар жыраудың керейлерді тоқтатқаны), ел жақсыларын пендешілік әрекеттерден тоқтатқан (бала Сырымның екі рудың көсеміне «Ет сасыса тұз себем, тұз сасыса не себем?» деген дуалы сөздері). «Айтқан сөз – атылған оқ» деген қағиданы ұстанған аталарымыз.

Ал қазіргі күні сөз өзінің бұрынғы қадірін жоғалтқан, бүгінгі қоғам - сөзден әбден жалыққан, айтылған сөздің жауапкершілігін сезінбейтін қауым. Бүгінде сөз – арзан. Сол себепті да сөйлей саламыз, уәдешіліміз, айтқан сөздерімізге еш жауап бермейміз, оқытуда да сөзді үйретудің негізгі құралына айналдырғанбыз. Алайда сөздің нәтижелігі шамалы: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын». Шәкірттеріміз де сөзге онша да илана қоймайды. Көп жағдайда сөзіміз айтылған жерде қалып қояды, немесе оқушылардың бір құлағына кіріп, екінші құлағынан шығып кетеді [3].

Интербелсенді оқу/оқыту үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды. Сондықтан да интербелсенді оқу/оқыту оқу процесінің тиімділігі мен нәтижелігін үйренушілердің есте сақтау дәрежесімен өлшемей, олардың әрекеттерімен бағалайды, тек әрекет арқылы ғана үйрену ықтимал.

#### **Әдебиеттер:**

1. Нағымжанова Қ.М. Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар: Оқу құралы - Өскемен, 2005
2. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар- Алматы, 2006.

3. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008

ӘӨЖ 37+784-057.874

## **СЫНЫПТАН ТЫС ЭСТРАДАЛЫҚ ВОКАЛ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ**

**Ернишева А.А.** – 2-курс 1403-10 тобының студенті

**Ғылыми жетекшісі: Балабекова А.А.** – магистр, аға оқытушы  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### *Резюме*

*В статье рассматриваются способы проведения внеклассной работы по эстраднему вокалу.*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Балалар үйірмесі» қызметін қайта қалпына келтірген жөн. Онда жастарымыз қолөнердің және шығармашылықтың бастапқы негіздерімен танысар еді» деген болатын.

Сыныптан тыс үйірме жұмыстарында оқушылардың қабілеті, икемі, дарыны, жеке ынтасы негізінде ұйымдастырылады және бірнеше салаға бөлінеді. Үйірме жұмыстарының тиімді өтуіне көбіне көп шеберхананың материалдық-техникалық базасы мен мұғалімнің әдіскерлік жағдайдағы сапалы даярлығы өте маңызды. Дайындықсыз өтілетін сабақтарға оқушының қызығушылығы бірінші күннен-ақ төмендеп кетеді. Осыдан жасалатын қорытынды және мұғалімге қойылатын басты талап жан-жақты талап [1].

Сыныптан тыс жұмыстың түрін екіге бөліп қарайды: көпшілік және жалпы. Тәрбиенің міндеттерін шешу үшін сыныптан тыс жұмыстың жалпы түрлерін пайдаланады. Тәрбиенің белгілі бір бағытының өзіндік ерекшелігін бейнелейтін сыныптан тыс жұмыстың арнайы түрін анықтайды. Педагогика ғылымында сыныптан тыс жұмыстардың түрлерін топқа бөлу айқын қалыптасқан жоқ. Дегенмен, мектеп тәжірибесінде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру түрлерінің жүйесі айқын көрінеді.

Сыныптан тыс жұмыстардың жалпы түріне үйірме жұмысы жатады. Үйірме жұмысы балаларды пәндік, техникалық, спорттық секцияларға біріктіреді. Үйірме жұмыстарының мақсаты – оқушыны ғылым мен техника әлеміне енгізу, жасампаздық қабілеттері мен дарындарын дамыту, оқушылардың тәжірибелік білігі мен дағдыларын қалыптастыру, үйірме жұмыстарында алған білімдерін сабақтарда пайдалануға үйрету. Үйірме жұмыстары оқушылардың әр түрлі және кездейсоқ қызығуына да жауап беруі керек. Үйірме жұмысы жеке пән негізіндегі білім ғана емес, білімнің сан алуан аясын қамтиды.

Барлық үйірмелерде де балалардың белсенді тобы, бастаушылары болады. Үйірме арнайы жоспармен жұмыс істейді. Ол жоспарда сыныптардың оқу бағдарламалары, балалардың қызығуы, жалпы дамуы еске алынады. Үйірме жұмысының ұзақтығы 30-40 минуттай болғаны дұрыс дей келе, ең кемінде



айына бір рет өткені жөн. Нәтижеге жету үшін жұмысты мұқият дайындау керек. Әдетте оқушылардың бәрі үйірме жұмысына қатысқылары келеді. Мұғалім әрқайсысына тапсырма тауып беріп, ұжымдық іске, қызығуына қарай балалар тобына қосуы керек. Оқушыларды әсіресе, аға ұрпақ өкілдерімен байланыстыратын үйірмелердің жұмысы ерекше қызықтырады. Музыкалық, хореографиялық, хор, драма, қуыршақ театры үйірмелері де ерекше орын алады. Мектептерде бұл үйірмелер әрдайым бола бермейді. Оны ұйымдастыруға мұғалім, ата-ана, жұртшылық, қамқоршы өндіріс орны жастары өкілдерін, жоғары сынып оқушыларын тартқаны жөн [2].

Эстрадалық вокал үйірмесінің мақсаты – білім алушының тұлғасын кешенді дамыту, әншілік қызмет дағдыларын қалыптастыру, арнайы вокалдық дағдыларды жетілдіру, әншілік дауыстың негізгі қасиеттерімен дыбыстық аппараттың қызметін үйлестіру және есту дағдыларын дамыту.

Үйірменің ерекшелігі балалардың ән айту бойынша білім, білік және дағдыларды, шығармашылық қызмет тәжірибесін, жеке және ансамбльде орындау тәсілдерін меңгеруіне жалпы дамытушылық бағыты болып табылады. Педагог оқу міндеттерін белгілеудегі икемділік, әр баланы оқыту стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері есебінен әр білім алушыға жеке тәсілмен келуді іске асыруға жағдай жасайды.

Үйірме білім алушының музыкалық сауаттың қажетті деңгейіне сәйкес вокалдық ән айтуға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдыларды меңгеруі, шығармашылық қызметі тәжірибесін алуы, әлем халықтарының рухани және мәдени құндылықтарын меңгеруі, музыкалық білім алуы және музыкалық мәдениетке араласуы, музыка өнері саласындағы негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын әрі қарай меңгерулеріне ықпал ететін білім, білік және дағдылар кешенін қалыптастыруға ықпал ететін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Білім алушыға қажетті орындаушылық дағдыларды және біліктерді үйрету мазмұны, сипаты және стилі жағынан түрлі көркемдік шығармалармен жұмыс істеу процесінде іске асырылады, ал музыкалық тәрбие беру халық музыкасын, қазақстандық, орыс және шетел композиторларының шығармашылығын үйретуге негізделеді. Үйірмеде білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттеріне қол жеткізуге бағытталған.

Педагогтің оқу жұмыс бағдарламасы әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылады және білім беру ұйымының басшысы оқу жылы басталғанға дейін бекітеді. Педагог оқу жұмыс бағдарламасы негізінде әр білім алушыға арналған оқытудың жеке жоспарын құрады. Жеке жоспар білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуының үйлесімді процесін сипаттайды. Білім алушының жеке жоспары репертуарлық кең үрдісті, халық, классикалық және композиторлық техниканың элементтері бар заманауи музыканы енгізу арқылы репертуарды жаңартуды және байытуды көрсетеді. Оқу процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, білім алушының музыкалық-орындаушылық қабілеттерінің табысты және жан-жақты дамуы толығымен

алғанда жұмыстың мұқият жоспарлануына, репертуардың дұрыс іріктелуіне тікелей байланысты болады. Педагог әрбір білім алушының музыкалық қажеттіліктерін және дарындылық ерекшелігін ескеріп, әрқайсысына жеке репертуарлық стратегия әзірлейді. Педагог музыкалық шығармалардың жеке репертуарлық тізбесін қалыптастырады, шығармаларды жүйеге келтіреді және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады. Репертуарлық тізбе қазақ, орыс, шетел музыкасы, көркемдік деңгейі жоғары заманауи композиторлардың балалар мен жасөспірімдерге арналған пьесаларын, мультифильмдерден, балаларға арналған кинофильмдерден алынған танымал әндерді, халық музыкасын қамтиды. Жеке жоспардың міндетті тараулары: вокализдермен, гаммалармен, артикуляциялық, тыныс алу жаттығулармен жұмыс, классикалық және заманауи авторлардың пьесаларын, халық әндерін орындау, халық әндерінің және билерінің өңдеулері, ансамбльдің құрамында жұмыс істеу, ноталарды парақтан оқу және тасымалдау дағдылары [3].

Сонымен, оқушылардың бос уақытын пайдалану үшін, ең алдымен олардың қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататынын, қабілетін зерттеп біліп, сыныптан тыс жұмыс жоспарын жасағанда ескеру керек. Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс үйірме жұмыстары. Қазақстандағы үйірме жұмыстарын жандандыру мен оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруда эстрадалық вокал үйірмесін қолға алып, сауатты жүргізу – біздің міндетіміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дүйсембінова Р.Қ. Музыкалық білім беру педагогикасы. -Талдықорған, 2006.
2. Меңдаяқова Қ.М., Қарамолдаева Г.Ж. Мектепте музыка тәрбиесін беру әдістемесі. - Алматы, Әл-Фараби., 1997.-132б.
3. Сапарғалиева Г.Г. Жеке ән салу. -Алматы, 2019. -360б.

ӘӨЖ 373.5.78.01(574)

### **МУЗЫКА САБАҒЫНДА МУЗЫКАЛЫҚ-ЫРҒАҚТЫҚ ҚИМЫЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘСІЛДЕРІ**

**Тиншик Н.Е.** – 3-курс 1403-19 тобының студенті

**Ғылыми жетекші:** Балабекова А.А. – магистр, аға оқытушы  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

#### *Summary*

*The article discusses the ways of using musical-rhythmic movements in music lessons.*

Қазіргі заманда, яғни технологияның дамыған заманында орнымызда қозғалмай жұмыс жасау мүмкіндігі мол. Бірақ оның да пайдасыз жақтары бар екені бәрімізге мәлім. Себебі мектеп жасындағы балалардың арасында омыртқаның қисаюуы, жалпақтабандылық, балалардың қозғалысқа ынтасының жоғалуы, артық салмақтылық т.б. сияқты аурулар көптеп кездесуде.

Сондықтан да мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту мақсатында мектеп, мектептен тыс мекемелердегі би бөлімдерінде ырғақты би сабақтары өскелең ағзаның толық дұрыс дамуына көп ықпал тигізетіні анық. Яғни, музыкалық ырғақты қимылдар әсемдікпен қатар баланың бұлшық еттерінің дамуы мен дене сымбатының дұрыс өсуіне тигізер әсері мол. Дені сау баланың көңіл-күйі де жақсы болатыны анық яғни, баланың өз-өзіне сенімділігі мен ерекшелігін сезіну жеке тұлға ретінде қалыптасуына маңызды рөл атқарады. Дәлірек айтар болсақ, бала өсіп дамиды сонымен қатар әуенге сай ырғақты би қозғалыстарына деген қажеттіліктері ұлғаяды.

Сабақ барысындағы ырғақты қимыл – бала үшін қозғалыс арқылы өз-өздерін көрсетудің тәсілі болып табылады. Ал, қазіргі заманғы музыка әуені кең қозғалыстығымен көңілді динамикасымен балаларға жақын. Ырғақты қимылы тек ептілік әдемілік, шығармашылық мүсін ғана емес, баланы жігерлендіреді. Музыка сабағында тек қана ән үйретіліп қана қоймай ырғақтық қимылдар арқылы денсаулықтары нығайып, ой-өрістері дамиды. Бұлшық ет күштері жақсарып, икемділік, төзімділік қабілеттері дамиды және дене бітімдері түзеліп, сымбаттылыққа тәрбиеленеді, әдемілікке деген құштарлықтары артады, яғни ырғақтық қимыл баланың ішкі барлық ағзаларына әсер етеді. Мысалы ішкі рухани жағдайы өзгеріп, мазасыздықты басып, қандағы кортизол деңгейін жақсартып, жалпақтабандылық, омыртқа қисаю ауруларының алдын алады сонымен қоса балалардың зияткерлік деңгейінің артуына, оның ойлау жылдамдығына ықпалын тигізе отыра есте сақтау қабілеттерін жақсартады.

Ырғақтық қимылмен айналысу арқа, іш және аяқ бұлшық еттерін нығайтады әрі бүкіл ағзадағы және буындар мен омыртқадағы қан айналымын, сондай-ақ зат алмасу процесін жақсартады. Сонымен қатар қимыл-қозғалыстың үйлесімділігін арттырып, дене бітімін жетілдіруге, тыныс алу жүйесін жаттықтыруға көмектеседі. Музыкалық-ырғақтық іс-әрекет ырғақ сабақ жұмысының мазмұны болады да, оның нәтижесінде оқушылар музыкаға қосылып, қозғалыс арқылы өзін, яғни «мен» дегенді көрсетеді. Күрделі емес музыкалық формаларды меңгеруі, музыкамен әртүрлі қозғалыстарды – жүгіру, секіру оқушылардың қозғалыс дағдыларын, кеңістік бағдарын және қозғалыс тепе-теңдігін жақсартуға көмектеседі.

Ырғақ – оқушының эмоционалдық қалпын және тәртібін қалпына келтірудің жақсы құралы болып келеді. Ырғақтық қимылдар баланың қозғалыс координациясының дамуына көмектеседі. Оқушылар қолдың, бастың, дененің және аяқтың қозғалыстарының үндесуін үйренуін және оларды синхронды орындауға тырысуына сабағымда басты назарға аламын. Музыка ырғағымен қимылдар физикалық дамуындағы ауытқуларды ғана түзете қоймай, сонымен қатар барлық психикалық процестердің жетілуіне көмектеседі. Бойымызды тазалап, қан айналымымызды жақсарту, біздің ойлау қабілетімізбен санамызға оң әсер береді. Сонымен қатар саулықты, салауатты өмір сүруді іске асыратын тәсілдің бірі.

**«Адам денесінің жетілуі — оның денсаулығы, егер дені сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер сау болмаса, онда денді сауықтыру**

керек» - деп Әл-Фараби бабамыз айтып кеткендей балалардың денсаулығы мықты болу үшін түлі қимылдармен айналысу керек. Сондықтан мектеп жасындағы балаларға ырғақ қимылдарды үйрету мен баулу маңызды.

Ырғақтық қимылды оқушыларға үйретерде де ақпаратты технологияны қолдану керек. Себебі оқушыларды жалықтырып алмас үшін жаңа қимыл мен қозғалыстарды үйрету керек. Ол үшін интернет желілерінен ырғақ би қимылдарын қарап немесе видеосын түсіріп алып соны көрсету арқылы оқушыларды қызықтырып отыру керек. Интернет материалдарына қарап отырсақ баланың, жалпы адамның денсаулығын нығайтатын және әр түрлі аурулардың алдын алуға көмектесетін жаттығу түрлері көп кездеседі [1].

Би терапиясының адам өміріне, оның ішінде адамның денсаулығына тигізер әсері көп. Қиындықтарға мойымай, бимен айналысып, өзіміздің өмірдегі ең керемет жан екенімізді сезінеміз. Сондықтанда мектеп жасындағы оқушылардан бастап ең болмағанда ырғақ биімен шұғылдану керек. Би сыныптарында осы ырғақ биінің бағдарламасына сүйене отырып, оқушыларды баулу мамандардың міндеті болып есептеледі.

Осы бағытта музыка сабақтарында балалардың бұлшықеттерін жетілдіруге арналған жаттығулармен қатар дене-бітімдерінің сымбатты болып қалыптасуына арналған жаттығуларға көп мән беру керек. Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған қолды айналдыру, шынтақты бүгіп, жіберу, сегіздік жасау, қолды арқада біріктіру. Бұл жаттығуларды жасағанда оқушылардың қол буындарының жұмыс жасау қабілеттері артады. Бас пен омыртқаға арналған жаттығуларға: қандай жұмыс болмасын мезгіл-мезгіл тұрып, аяқты нық басып, басты артқа шалқайтады, оңға, кейін солға әртүрлі бағытта айналдырады [2].

Басты міндет – оқыту мен тәрбиелеу. Өз пікірінде көрнекті педагог В.Сухомлинский «Өнер- өнегелі , ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» деп тәрбие үрдісінде өнерге аса көңіл аудару қажеттілігін қысқа да түсінікті түрде атап көрсетті. Сырлы да сазды әуендерді бүгінгі күн әуендерімен, классикалық музыкамен ұштастыра, шығармашылықпен тақырыпты аша түсіп, оқушыларды музыка әлеміне қызықтыра білу музыка мұғалімінің өз ісінде шеберлігін талап етеді. Оқуға ынтасы барды да, ынтасыздарды да, тәртіптілер мен тәртіпсіздерді де музыка әлеміне қызықтырып, оқушылардың рухани бейнесі, танымын қалыптастыра отырып, қоғамның саналы азаматы етіп шығару ұстаздардың басты мақсаты. Ырғақты би қимылдары, сабақтың тақырыбына байланысты суреттер салу көбінесе 1-2 сыныптарда қолданылады. 2-сыныптан бастап берілген тақырыпқа суырып-салмалық ойнайды. 1-сыныпта жұмбақтар шешсе, келесі сыныптарда ребустар шешеді, берілген тақырыпқа шығармалар жазады. «Ізденгіш тапсырмалар», «проблемалық ситуациялар» тудыратын сабақтар оқушыларға алған біліміне тиянақтылықпен қарауға үйретеді. Жергілікті жердің жағдайына және өмір сүріп жатқан жердің еркшеліктеріне

байланысты, ұлттық дәстүрлеріне сәйкес мұғалім білім беру ережелерін ескере отырып, сабақтың мазмұнына түрлі өзгерістер енгізуіне болады [3].

Қорыта айтар болсақ, заманымыздың болашағы – жас ұрпақтың ой-өрісін, рухани байлығын, ырғақты би арқылы бүлдіршіндеріміздің денсаулығын нығайтып әсемдікке және де би қозғалыстарын көркем мәнерлі орындауы мен эстетикалық құндылыққа тәрбиелеу, жылдан-жылға жандандыру – музыка пәні мұғалімдерінің, яғни біздің абройлы міндетіміз деп ойлаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Токпанов А.Т. Бүгінгі күнге дейін. Жалын, 1976.
2. Байсерке М.Б. Сахна және актер. Ана тілі. 1993.
3. Гиппиус С. Актерский тренинг. Гимнастика чувств. М. 2009.

ӘОЖ:78.18.41.01

### ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МУЗЫКА САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Досбағанбетова А. Т.- ҚР Мәдениет саласының үздігі  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

#### *Summary*

*This article discusses effective ways to use new technologies in music lessons*

Бүгінгі таңда қоғамымыздың жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қойған жоқ. Оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – сыныптық сабақ жүйесі екені бәрімізге мәлім. Сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрінен басқа, дәстүрлі емес сабақтар түрлері де пайда болуда. Олар көбінесе оқытудың жаңаша әдістеріне негізделіп құрылуда. Бүгінде оқыту жұмысын осылай ұйымдастыру мен әдістің жаңалығы басқа ұстаздардың жаңа жағдайға байланысты оқу-тәрбие процесін шығармашылықпен пайдаланудың негізгі өлшеміне айналуда. Оқытудың жаңа инновациялық әдістері мен пәнге байланысты жаңа технологияларды пайдалануға итермелейді. Қазақстан Республикасында жаңа инновациялық технологиялардың негізінде білім беруді ақпараттандыру саласындағы зерттеу жұмыстары Б. Б. Баймұханов, Е. Ы. Бидайбеков, Д. М. Жүсібалиева, Ж. А. Қараев, Г. З. Қазиев, С. С. Құнанбаева, Г. Қ. Нұрғалиева және өзге де ғалымдардың ғылыми мектептерінде белсенді түрде жүргізіліп келеді[1].

Қазіргі таңда білім беруді ақпараттандырудың бірінші жеделдетілген үрдісі ретінде педагогикалық кадрлар дайындығының барлық жүйесін дәстүрлі маман дайындау саласының бай арсеналын сақтай отырып, сондай-ақ оған интеграцияланған ыңғаймен келе отырып, жаңа инновациялық технологияларға көшіру міндеті көзделіп отыр. Білім берудегі инновациялық үрдістер бүгінгі таңда уақыттың басты талабы ретінде қоғамдық дамудың құрамдас бөлігі болып табылады. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне бағдар алуының басты өзегі – өскелең ұрпақтың жаңа білімге деген құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, олардың танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру және

жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру. Ол да болса, жоғары білім беру жүйесінің Болон процесінің идеяларын толықтай қабылдап, өз жұмысының мазмұнын осы үрдіспен байланыстырумен ерекшеленеді. Оның басты идеясы – оқу нәтижелерін жоспарлау, құрастыру, яғни жоғары оқу орындарының, оның ішінде әрбір оқытушының, әр пәннің міндеті болып танылуда.

Теориялық білімді игерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімімен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады, осы бағыттарда сабақты түрлендіріп ақпараттық технологияларды пайдалана отырып сабақты жаңаша түрде ұйымдастыру қажет. Интерактивтік тақатмен жұмыс, мультимедиялық көрніспен, жаңаша тапсырмалар арқылы сабақты түрлендіре отырып өткізуді дәстүрге айналдырду керек. Жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беріп, олардың бойына туған өлкесіне, халқына деген адамгершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін сіңіруде ұлттық музыка мәдениетінің алатын орны ерекше екендігі белгілі [2].

Халқымыздың осы мақсатын қайта жандандыру мақсатында балаларды қабілетіне қарай, - жыраулық өнерге, терме айтуға, шешендікке тапқырлыққа, айтыс өнеріне үйретуде - ән – саз пәнінің алатын орны орасан зор. Олай болса, оқытумен тәрбиелеудің ой елігінен өтетін әдіс-тәсілдерін жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып білім сапасы арттады. Әр мұғалімнің оқытуға, үйретудегі өз тұғынамасы болу қажет. Музыка пәнінде жаңа әдістерді пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады.

Сондай әдіс-тәсілдердің бірі ретінде қазіргі уақытта білім беру жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер оқыту үрдісін озық технологиялармен қамтып жетілдіруді талап етеді. Осы тұрғыда оқытудың жаңа технологияларын жете меңгеріп, оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктеріне орай орынды қолданудың мәні ерекше. Жаңа технологияны жетік меңгеру сонымен қатар, музыка мұғалімінің кәсіби шеберлігін дамыту, оның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Болашақ музыка маманының өз пәніне кәсіби дайындық жүйесінің екі міндетінің: музыка мұғалімінің кәсіби қызметінің бұрыннан қалыптасқан тәжірибелерін игеруіне жағдай жасау және

келешекті алдын-алуды қамтамасыз ету арасында қарама-қайшылық айқындалады.

Білім беруді модернизациялаудың объективті қажеттілігі мен оқытушы кадрлардың жағдай арасында, сондай-ақ мұғалімдерді жаңа сапалы деңгейде даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, яғни, музыка мұғалімінің кәсіби шеберлігін дамытуын қажет етеді. Бұл, жаңа технологияны музыка сабағында пайдалану барысында, музыка мұғалімінің тұлғалық бағыттылық, сапалы білім беру, кәсіби біліктілігін, жұмысқа, оқытатын пәніне кәсіби тұрғыдан қарауды қажет етеді. сем де көркем музыкалық әлемнің тылсым құбылыстарын терең түсінуде бірден-бір тиімді көмек көрсететін білім берудегі инновациялық технологияның мүмкіндігі зор десек, білімдегі инновациялық үрдістің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайда болатын – теориялық та, практикалық та жаңалықтарды пайдалану болып табылады. Мұнда білім жүйесіндегі инновация білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолданылып отырған педагогикалық жүйені тарату мен енгізу; білім беру жүйесінің мақсатын, мазмұнын, әдісін, түрлері мен басқа да құрамдас бөліктерін көздейтін жүйелі сипаттағы білім мен тәрбие беруді жүзеге асырады.

Бүгінгі білім беру саласындағы инновациялық технологияның техникалық жаңалықтарының ішіндегі айрықша орын алатын интерактивті тақталар, олар педагогтардың оқу үрдісін көрнекі, анық етеді, сондай-ақ кері байланысты сапалы жүзеге асырады. Интерактивті тақта барлық курсты оқыту үшін таптырмайтын құрал, бұл визуалды ресурс оқытушының жаңа материалдарды білім алушыларға өте тартымды, әсерлі және тез жеткізуіне көмектеседі. Бұл тақта ақпараттарды әртүрлі мультимедиялық ресурстардың көмегімен жеткізуге мүмкіндік береді: қиын мәселелерді жеңіл түсіндіріп, кестелерді, музыкалық туындыларды тыңдатуда ұтымды да өте ыңғайлы.[3].

Қазіргі кезеңде Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа талаптарға лайықты музыкалық білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Бұл үрдіс оқу-тәрбие үрдісінің музыка - педагогикалық теориясы мен іс-тәжірибесін мәнді өзгерістермен халықаралық білім беру деңгейіне жетуді көздейді, сапа менеджменті жүйесімен байқалады. Музыкалық білім беру жаңа тәсілдеме, педагогикадағы озық, жаңа технологияларды, жаңалықтарды зерделеп, жетілдіріп, түрлендіріп, дамытып жүзеге асырылуын, жауапкершілігін алға қояды. Музыкалық білім беру мазмұны өмірдің барлық салаларының дамуымен жаңа халықаралық деңгейге сай болу талаптарымен білім мазмұны сапасының артуы заңдылық, салыстырмалы түрде озық ойларды, технологияны зерделеп шығармашылықпен, тәжірибенегізінде музыка - педагогикалық инновациялық технологияның жетілуі жаңабелеске көтеріледі. Бүгінгі таңда мектеп мұғаліміне қойылатын талаптар артып қана қойған жоқ, түбегейлі өзгерді.

#### **Әдебиеттер**

1. Омар Е. Жаңа педагогикалық технологиялар. Алматы,- 2003.
2. Аяғанова Л. Жаңа педагогикалық технология – сабақта//Бастауыш мектеп. №4-2003.

ӘОЖ 7.68

## ҚАЗАҚ КҮЙЛЕРІНІҢ ТӘРБЕЛІК МАҢЫЗЫ

Махмудов А.Қ. - 1403-10 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Досбағанбетова А.Т.-ҚР мәдениет саласының үздігі, доцент м.а.  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### Резюме

*В данной статье рассматривается воспитательное значение казахских кюев на уроках музыки*

Көпғасырлық тарихы бар халық музыкасының терең бір арнасы –күй өнері. Ата-бабаларымыз күй өнері саласында мәңгі өлмес рухани мұра жасап, кейінгі ұрпаққа сарқылмас қазына қалдырды. Аңызымен баяндалып тартылатын бұл күйлер заман өзгергенде сахналық үлгіде сирек орындалды. Себебі, кеңес заманында шаттықты жырлайтын, қоғамды насихаттайтын концерттік күйлер, шығармалар орындалатын болды. Дәстүрлі өнер өз болмысында қарапайым түрде ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса отырып, жас буынның талпынысына орай, өзінің баяу дамуымен біздің заманымызға да жетті. Бір ғажабы осы бір қасиетті өнердің дамуына, насихатталуына қоғам тарапынан, өкілетті мамандар тарапынан аса үлкен қамқорлық бола қойған жоқ және де кәсіби өнердің қасында дәстүрлі өнер көркемөнер деңгейінде саналды. Дей тұрғанмен, көп дауысты оркестрге музыка жазып жүрген композиторларымыз үнемі жеке домбыраға күй шығаруды да жалғастырып отырды. Бұл ретте дәстүрлі өнердің ең бір басты ерекшелігі- жеке адамның қайғы-қасіретін, қуаныш сезімдерін дәл жеткізе алатындығын айта кетуіміз шарт. Яғни, бүгінгі таңдағы бағыттың кәсіби музыка өнері мен дәстүрлі музыка мәдениетін бітістіріп тұрған негізгі шарт оның түп-тамыры, табиғаты, өнер бастауы бір екендігінде[1].

Кең байтақ қазақ даласында жүздеген жылдар бойы көшпелі өмір салтын басынан өткеріп, сол өмір салтқа лайық төлтума мәдениет қалыптастырған көшпелілер феноменінің жалпы адамзаттық цивилизацияда алар өзіндік орны бар. Тәңірлік дінді тірек еткен, дәлірек айтсақ, тәңірлік наным-сенімі қоршаған ортаны рухани игеруге мұрындық болған, жыл құсына ілесеі байлық бойынша көшіп қонуды өмір сүрудің тәсіліне айналдырған көшпенділердің ХХ ғасырға дейін жеткен ең соңғы тұяғы – қазақ халқы. Көшпелілік қазақ халқының өмір салты ғана емес, ұлттық болмысын қалыптастырушы Дж. Дрэзердің сөзі еске түседі «ұлттық типті әлдекім біржолата белгілеп берген деп ойлаудың мүлде қисыны жоқ, ал оның қалпының тұрақты болып көрінетіні себебі өзін қоршаған ортаға, өзіне ықпал ететін ортаға әлдеқашан бейімделіп болғандығының нәтижесі. Жағдайды өзгертсең-ақ болды, сол сәттен бастап тип те өзгере бастайды»[2].

Кешегі түркі тайпаларының болмысы тек қана өмір салтымен дараланып қоймайды, сол өмір салтпен кіндіктес төлтума мәдениетімен де дараланады.



Бұл орайда, көшпелілердің ең алдымен сөз өнері мәдени-рухани құбылыс ретінде ден қойғызады. Егер, «XX ғасыр табалдырығын аттағанға дейін қазақ халқына ең мол рухани жұбаныш болған өнер түрлері қайсы?» деген сұрақ қойылар болса, онда алдымен сөз өнері, музыкалық өнері және қол өнері тілге оралар еді. Шынында да, халқымыз рухани сұраныстың жүгін үйіп-төгіп осынау үш арнаға тендеген сияқты.

Көшпелілер үшін өнер тек қана рухани-эстетикалық ләззат беріп қоймаған, сонымен бірге ел қамы, халық тағдырына қатысты істерге қолқанат болып, саяси-әлеуметтік мәселелерді шешудің құралы да бола білген. Қорқыттан бастап Құрманғазыға дейін таза өнер үшін өнер тудырамын деп шабыт тұғырына отырмаған, өзіміздің үлкенді-кішілі мың сан құбылыстарға құдірет өнер тілімен араласып отырған.

Өнер – көшпелілер өмірінің реттеушісі. Сондықтан дала тұрғындары «өнер алды-қызыл тіл» деп, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешсе, туғаннан өлгенге дейін ажырамас серігі ән мен күй болып, бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінген. Рухани қазынамыздың ішінен біз музыкалық мұрамызға ден қойып, оның ішінде күй жанрын арнайы әңгіме арқауы етпекшіміз. Осы уақытқа дейін қазақ музыкасының, дәлірек айтсақ, қазақтың музыкалық фольклорының бір ғана қырына баса назар аударылып келгенін аңғаруға болады. Ол ән-күйшілеріміздің таза музыкалық туынды ретіндегі қасиеттері еді.

Яғни, ән-күйлеріміздің әуендік, сарындық ерекшеліктеріне көбірек мән беріліп келді. Ең талдап саз еттік дегенде, сол ән-күйлердің жанрлық сипаты, ішкі құрылыс бітімі, орындалу ерекшеліктері тілге тиек болды.

Алайда, аса бай музыкалық фольклорымыздың екінші қыры, мейлінше мәнді қыры назардан тыс қалғандай. Ол – ән-күйімізді халықтың тарихи-әлеуметтік болмысымен теңдестіре қарау мәселесі. Т.Қоңыратбаевтың жазуынша «күй-қазақтың аспапты музыкасы, адамның белгілі бір сезім сәті. Ол сезімнің қуанышты немесе мұңды немесе қайғылы болуы да мүмкін»-дейді [3].

Қазақ күйлерінің тарихи пайда болу, даму жолдары, күйдің өмір шындығын бейнелеудегі өзіндік ерекшеліктері, қазақ күйлерінің сөз өнері мен міндесіп жататын синкретті сипаты және әрбір күйдің қосарлана айтылатын тарихи-шежірелік әңгімелері сияқты қасиеттері – күй өнерінің көркемдік эстетикалық мәнін саралап түсінудің бірден бір кілті. Кеңес дәуіріндегі: «Музыканың тілі ортақ, музыка – интернациональдық өнер, жақсы музыка кез келген ұлтқа түсінікті» деп келетін пікір ұшқарылау айтылған. Нағыз төлтума музыканың тілі сөйлеу тіліне қарағанда ұлттық болмысына көп жақын.

Тарих зобалаңына тап болып, сырт күштің экспансиясына ұшыраған ұлттың алдымен өмір салты ассимиляцияға ұшырайды. Сонан соң тұрмыс-тіршілігі, киген киімі, моральдық-этикалық нормалары сырттан ықпал еткен өктем күшке мойын ұсынып еліктейді. Бұл этностар тарихында мың сан рет дәлелденген ақиқат. Демек, ұлттық қасиет пен ұлттық тілді бойына ең мол сіңірген рухани құбылыс деп музыканы айтуға негіз мол. Музыканың тілі сөйлеу тілінен мүлде бөлек. Бәлкім, сөйлеу тіліне, яғни сөзге қарағанда сезімді

бейнелеу мүмкіндігі молдау болар. Себебі, музыканың тіліне белгілі бір этностық биопсихологиялық болмысымен біте қайнасқан символдық, емеуріндік қасиеттер бел алып жатады [4].

Сондықтан, белгілі бір ұлттың музыкалық мәдениетін танып түсіну үшін сырт бітіміне ғана деп қою жеткіліксіз. Бұл қасиетте, бейнелей айтсақ, ару қыздың түрлі түсті фотосын қызықтағандай ғана деңгейде, яғни, музыканың ұлттық тілін түсінбей, қасаң нота жазба бойынша бағалау, жаңағы ару қыздың қылық-қасиетін фотосы бойынша бағалағанмен бара-бар. Музыканы ұлттық таным-түсінікпен тыңдау, бағалағанмен семантикасын ұлттық сезім тілімен жору арқылы ғана оның шынайы парқын бажайлауға болады. Сөз жоқ, мұндай толғам-талаптық кез-келген музыкалық туындының тарихи тегін тектеуді, дүниеге келу себептерін білуді, синкретті қасиеттерін саралап тануды қажет етеді.

Кез келген өнер туындысының тарихи тегі тектелмесе, оның көркемдік қадір-қасиетінің жартылай жұмбақ күйінде қалатыны өз алдына, сонымен бірге ондай өнердің рухани шапағаты да жартылай болып, болашағы бедеулікке ұрынады. Сондықтан да жалпы рухани мұра атаулыны, оның ішінде музыкалық фольклоры да халықтың өткен өмірімен сабақтастыра зерделеп, тарихи-элеуметтік аспектіде саралап отырудың маңызы айрықша.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Жұбанов. Қ.Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болу жөнінен. Алматы 1990.
- 2.Бекенов. У Мұрамыз бен мұратымыз /Қазақ әдебиеті. 1987. 21 шілде 96. (19)
- 3.Қоңыратбаев. Т.Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы., 1991.
- 4.Ерзакович Б.Г. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. – Алматы., 1986.

ӘОЖ 7.68

## **МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Досбағанбетова Р.Т.** - Музыка пәні мұғалімі, педагог зерттеуші  
№ 13 Мукими атындағы жалпы орта мектебі, Шымкент

### ***Резюме***

*В данной статье рассматриваются пути формирования музыкальной культуры учащихся на уроках музыки*

Жас ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан-жақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты тұлға етіп тәрбиелеуде мектептің, оның шебер ұстаз - жетекшінің атқарар жүгі мол. Бүгінде білім саласында көптеген өзгерістер, жаңалықтар енгізіліп, авторлық бағдарламалар, әдістемелік жинақтар шығармашылық ізденіспен дамып келеді. Бәрінен де жас ұрпаққа рухани дүниені дұрыс танытатын, адамдықтың, әлемдік мәдениеттің шырқау шыңына бағдарлайтын музыка пәні мұғалімінің орны бөлек. Музыка мұғалімі өз бойына өнердің сан қырын сіңірген сөйлеу мәдениеті, кәсіби-педагогикалық, музыкалық орындаушылық дайындығы жоғары қабілетті, іскер, ізденімпаз

маман болуы тиіс. Бәрімізге аян, музыка балалардың қиялын, талғамын, мәдениетін, өнерге деген сүйіспеншілігін дамытады. Музыка пәнімен байланыста берілетін тәрбие шаралары мазмұны мен көркемдігі арқылы оқушылардың идеялық көзқарасын, қоғамға, Отанға деген сезімдерін қалыптастырады, өмір құбылыстарын дұрыс түсініп, қабылдауға жәрдемдеседі. Жалпы музыкалық білім беру жүйесі жас ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан-жақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты болып өсу үшін, ең жоғары мүмкіндіктерді қолдануды мақсат тұтады [ 1].

Музыка өнердің басқа түрлері сияқты, өмір шындығын дәл бейнелеп байыта түседі, оқушыларға рухани нәр береді, яғни біздің еркімізден тыс, өздеріміз байқамай қалатын сәттерде де, ол әрқайсымыздың жан дүниемізді, ойларымызды, сана-сезімдерімізді нұрландыра көркейте байыта түседі.

Музыка мұғалімі – мектептердегі оқушылардың бойына музыка мәдениетін қалыптастырушы маман. Бұл пән шығармашылық ізденімпаздықты талап ететін күрделі жұмыс. Мектептегі оқушы ән-күймен үнемі қатынаста болып (музыка тыңдап), онымен қатар өмір сүрген де ғана музыкалық тәрбие өз мақсатына жете алады. Егер оқушы сабақта ғана музыкамен қатысты болумен шектеліп қалмай, онда музыкалық тәрбие жұмысындағы музыканың ролі тиісінше бағаланып, мектептің күнделікті өмірінде музыка мәдениетінің қалыптасуына үйірмелер, мектепте ұйымдастырылған концерттер, кештер елеулі орын алуы тиіс.

Оқушылар әр түрлі жанрдағы музыканың қай түрін, қандай формасын ұнататынын немесе музыка әуенімен ырғала қозғалуға әуестігін, ән айтуға, күй тартуға талпынатынын, музыка тыңдау арқылы көз алдына бейнелі сурет кескінін елестете әсерленуден ләззат алатынын өз қалауы бойынша таңдай алады. Сөйтіп, музыка пәні арқылы әр оқушының өзіндік дара шығармашылық бағыт-бағдары айқындалады.

Бүкіл өмірінде сақталынып қалатындай музыканың адамдарға әсері ерте жастан қалыптасуы тиіс. Музыкалық іс-әрекеттің барлық нысандары ол балалардың музыкалық тәжірибесі белсенді түрде музыканы қабылдауы, олардың шығармашылық қабілеттерін білімдері мен дағдылары – осылардың барлығы да оқушының музыкалық мәдениетінің дамуының алғы шарттары. Музыкалық қабілетті дамыту, бұл адамның бойында рухани қажеттіліктерді, оның адамгершілік түсініктерін, зерделілігін, идеялық-эмоционалдық тәрбиені дамыту және тіршілік құбылыстарының эстетикалық бағасын қалыптастыру. Музыкалық тәрбие беруде басты мақсат оқушылар музыкалық мәдениетін қалыптастыру ал оның негізі, тірегі әрине де музыканы қабылдау қабілеті, ол барлық музыкалық іс-әрекеттер барысында жүзеге асады. Соған қарамастан музыканы қабылдау әрекеті басқаша айтсақ, музыка сабағындағы жеке дара музыканы тыңдау іс-әрекеті. Сол себепті, оны әдістемелік әдебиеттерде тыңдау әрекеті – деп қарастырылады. «тыңдау – қабылдау» әрекеті дегеніміз тыңдалған музыкалық шығарманы орындау, түсіну мен дыбыстаудың көркем бейнесін елестете алу немесе сезу қабілеті.

Музыка сабақтарында және оның барлық элементтерінде музыкалық іс-әрекеттер байланысы ерекше көрініс табуға тиісті. Міне, сондықтан да музыка сабақтарында педагогика мен музыкалық іс-әрекеттер одағын жүзеге асыру тәсілдерін жүзеге асыру мұғалімнің аса маңызды әдістемелік міндеттеріне айналады [ 2].

Музыкалық білімнің заманауи тәжірибесі мен теориясында сабақ «мұғалімнің педагогикалық туындысы» ретінде жиі қарастырылады (М.Н.Скаткина және тағы басқалар). Осыған байланысты музыка сабағы жайында мұғалімнің «музыкалық – педагогикалық туындысы» ретінде айтуға болады. Өйткені мұндай туындылар – оның педагог ретіндегі ғана емес, онымен қоса көп салалы музыкант ретіндегі шығармашылығының нәтижесі екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Мұғалімнің музыкалық-педагогикалық ұстанымы, оның музыкаға, музыкалық қызығушылықтар шеңберіне, құндылықтар жүйесіне көзқарасы, музыкалық іс-әрекеттердің барлық түрлеріндегі музыкамен қатынасындағы көпқырлы тәжірибесі.2

Жалпы музыкалық білім жүйесіндегі музыкалық сабақтарда оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыратын жеке музыкалық іс-әрекеттері төрт негізгі түрлермен берілген:

- музыкалық-тыңдаушылық;
- музыкалық-орындаушылық іс-әрекет оның екі түрімен хормен ән айту және музыкалық аспаптарда ойнау;
- музыкалық-қабылдаушылық іс-әрекет;
- музыканы шығару мен импровизация түріндегі музыкалық-композициялық шығармашылық.

Оқушыларға әлемдік деңгейде, өркениетті негізде музыкалық білім-тәрбие беру маңызды мәселеге айналып отыр. Сондықтан оқушыларға оқушылардың алатын білім мен тәрбиесінің сапалығын жетілдіруде олардың музыкалық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми негіздері үлкен рөл атқарады. Балалар – біздің қуанышымыз, үмітіміз, болашағымыз [ 3].

Бүгінгі мектептің алдына қойылып отырғаны – жеткіншек ұрпаққа мәдени, еңбек, адамгершілік және эстетикалық тәрбие берудің сапасын арттыру. Оқушыларға көркемдік білім беру мен музыкалық тәрбиені халықтың ұлттық мәдени мұрасымен байланыстыра отырып, айтарлықтай жақсартуы. Музыкалық тәрбиені беру арқылы әсемдік сезімін дамыту, көркемдік талғамын тәрбиелеу, өнер шығармаларын сүйіп туған табиғатын, оның байлығын қастерлеп, бағалай білуге қабілеттерін қалыптастыру. Сонымен жүргізілетін жұмыстың мәні аса зор дей келе болашақ жас ұрпақ үшін қажеттілігін мойындай отырып оқу жоспарларын енгізіп, нағыз қазақтың ұлы, дарынды, білімді, перзенттерін дайындауға тиіспіз деп ой түйіндеймін.

#### Әдебиеттер:

- 1.Сағынтаева П., Шәкірбаева А., Бастауыш кластарға музыка тәрбие беру әдістемесі. – Алматы, 1996.
- 2.П.Момынұлы, Музыкалы-эстетикалық тәрбие, Алматы 2000 ж
3. Балабеков Е. Қазақтың музыкалық фольклоры: Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 157 б.

## **МУЗЫКА САБАҒЫНЫҢ БІРТҰТАСТЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Исабекова Г.Т. магистр оқытушы**

**Досқара А.Т. ОҚМПУ, магистрант**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

### ***Резюме***

*В данной статье рассматривается важность единства музыкальных уроков*

Жасөспірімдердің эстетикалық талғамын қанағаттандыра отырып, олардың музыка өнері жөніндегі түсінігін кеңейтуде, ой- өрісін дамытуда заман талабына сай құрылған музыка сабағының маңызы зор. Мектептегі музыка сабағы оқушыларды әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезінуге, одан рухани ляззат, әсер алуға, өмір жайлы ой толғауға, ізгілікті мұрат мақсаттарға жетелеп, өнегелі істерге баулиды. Осы маңызды міндеттерді орындау үшін баланың бойындағы қабілетті дамыту керек. Ал жалпы музыкалық қабілетті дамыту үшін музыка пәнінің мұғалімі «сегіз қырлы-бір сырлы» болуы қажет. Ол - әнші, музыкант, актер, әдебиетші, тарихшы – қысқасы, ғылымның әр саласынан хабардар болғанда ғана, бүгінгі күн талабына сай ұстаз бола алады. Міне, осындай ұстаз дайындау мақсатында педагогикалық оқу орындарындағы музыкалық білім мамандығының маңызы зор [1].

Музыка пәні мектептегі сабақ кестесімен дәстүрлі сабақ типі бойынша өтіп, сабақтың құрылымын, формасын сақтап отырады. Музыка сабағының негізгі бөлімдері:

- Ұйымдастыру
- Өткенді қайталау
- Жаңа тақырыппен жұмыс
- Сабақты бекіту, пысықтау
- Сабақты қорытындылау
- Шығармашылық тапсырмалардан тұрады.

Осы бөлімдердің өздерінде музыка сабағының өзіндік ерекшелігіне байланысты іс-әрекеттер мен жұмыстар жүргізіледі. Музыка сабағын ұйымдастыру мен оның мазмұнына жататын басты да маңызды мәселелердің қатарына музыка сабағының тұтастығы негізін жүзеге асыруды да жатқызуға болады. Д.Б. Кабалевскийдің тұжырымдамасына сәйкес, сабақ тұтастығына қол жеткізуді жорамалдайтын өзектің негізі-оның тақырыбы болып табылады. Д.Б. Кабалевский атап көрсеткендей, музыкалық өнерді тұтастай түсінудегі музыканы жанды түрде қабылдаудың маңызы аса зор. Оқушылар музыканы тыңдауды сабақтың тұтастай уақыты барысында үйренуге міндетті. Л.В. Школярдың пікірінше, «Баланы шығармашылық үрдіске алдын ала дайындау бағдары да сабақтың тұтастығына қол жеткізу тәсілдерінің бірі болып саналады. Осындай алдын ала дайындауға қол жеткізу автормен ұсынылған көркемдік – шығармашылық үрдісін үлгілеудің әдісіне жағдай туғызады. Автордың ойынша, оның әрекетінің арқасында «оқушы өзі өзге адамдар үшін

өнер туындысын қайтадан жасаушы ретіндегі шығарушы – суретші, шығарушы – ақын, шығарушы – сазгер орнына қойылады [2].

Сабақты осылайша ұйымдастыру кезінде оқушы өзінің іс-әрекетінің мағынасына жетуге дайын тұрады және ынталанады, оның өзінде «онда өзінің сол немесе басқа бір құбылысты көруі мен естуін ненің жақсы бейнеде мәнерлеп жеткізе алатындығын табуға және де таңдау, сәйкестендіру, салыстыру қажеттіліктерін сезіну пайда болады. Сонымен қатар бұл жерде осы әдісті музыкалық іс-әрекеттердің кез келген түріне қолдануға болатындығын ескертеді.

Музыкалық білім теориясында музыка сабағының тұтастығына қол жеткізудің көп жағдайда мұғалімнің оған өзіне сабақты «бір демде» өткізуге және сол арқылы сабақтың сезімдік драматургиясын орындауға көмектесетін өзінің шеберлігін, өзінің кәсібилігін, өзінің жан дүниесін қаншалықты деңгейге көтере алатындығына байланысты екендігі де айтылған. Осыған байланысты оқу пәні ретіндегі сабақтың барлық мектеп пәндеріне қойылатын негізгі талаптарға жауап беруге міндеттілігін де есте ұстау қажетті. Сонымен бірге білім алушылардың музыканы өнер ретінде жүзеге асыруға арналған бағытына сәйкес «қайта қайталауларды» жорамалдайды. Бұл өз кезегінде мұғалімінің оқу үрдісін ұйымдастыру мен оның мазмұнындағы музыка сабағының өнер сабағы ретіндегі ерекшелігін есепке алуын қажетсінеді [3].

Балалар музыкамен қатынаста өнермен қатынас деңгейіне дейін жақындауға егер мұндай қатынас тәжірибесі олар үшін дағдылы әрі қажетті болған жағдайда ғана мүмкіндік ала алады. Ал, бұдан түйетініміз, тұтастай алғандағы музыка сабақтарында және оның барлық элементтерінде музыканың өнер ретіндегі ерекшеліктері көрініс табуға тиісті. Міне, сондықтан да музыка сабақтарында педагогика мен музыкалық өнердің одағын жүзеге асыру тәсілдерін Мұндай одақтың қажеттілігін педагог – музыканттардың барлығы бірдей мойындайды. Сонымен бірге музыкалық білімнің заманауи тәжірибесі мен теориясында сабақты музыкалық – педагогикалық туынды ретінде жасауда режиссура маңызды міндет атқарады. Соңғы жылдары көркемдік жиынтықтағы оқу пәндерінде «педагогикалық режиссура», «сабақтың режиссерлік қызметі», «сабақ режиссурасы», «мұғалім мінез-құлқының режиссурасы» сынды ұғымдар айтылып жүр. Бұл ұғымдардың барлығы педагогикалық техниканың режиссура арасындағы жанасулардың көптеген нүктелері жайында дәлелдейді [4].

Сонымен бірге педагогикалық режиссураны қолданылған формалар немесе аяқталған дидактикалық жиынтық ауқымындағы педагогикалық үрдістің белгілі көркемдік бірлігіне иелік ететін үйлесімді тұтастықты жасау өнері ретінде қарастыру ұсынылады. Режиссураны жүзеге асыру «материалды талқыға салу» бойынша бір біріне ұқсамайтын нақты өткізіліп отырған сабақтағы аталған ойды жүзеге асыру. Ниет-бейне бұл–мұғалімнің қиялында туындаған сабақ туралы көркемдік – педагогикалық жинақталған түсінік. Онда сабақ туралы тек жалып және барынша маңызды түсініктер байқалады. Сондай-ақ, бұл-оның негізінде мұғалім өзінің сабағын музыкалық-педагогикалық туынды ретінде жасайтын бастапқы «материалдың» өзі [5]. Жүзеге асыру –

бейнесінде ой – бейнеге тән барлық ерекшеліктер сақталып қана қоймайды, олар төмендегі түрлерде нақтыланады:

- нақты музыкалық материалда;
- әдістемелік тәсілдер мен әдістерді іріктеуде;
- іріктелген музыкалық материалды сол немесе басқа бір музыкалық туындымен қатынастағы балалардың мүмкін болатын әсерлерін көрсетумен сәйкестендіруде;
- қатынас пен іс-әрекет түрлері мен формаларының арақатынасында;
- сабақтың шарықтау шегі, мағыналық және сезімдік шарықтау шегін анықтау мен сезімдік жағдайлардың ауысуында;
- мағыналық кезеңдердің реттілігінде;
- оқушылардың музыкалық оқу іс-әрекеттері түрлерінің әрқайсысындағы белсенділік деңгейі мен оның белсенділігін пайдалану тетіктерінде;
- мұғалімнің өзі мен оның оқушылармен өзара қатынасының стильдері мен сипатындағы әртістіктің нақты көріністерінде.

Осылардың нәтижесінде олардың өздермен жасалған музыкалық-педагогикалық туынды ретіндегі сабақты мұғалімнің естуі және авторлық көруі белгілі түрде түзіледі. Сабақтың музыкалық – педагогикалық композициясы бірінші кезекте мазмұн мен формалар бірлігінен тұрады. Сонымен бірге мұнда сабақтың тұтас құрылымымен бірге оның әр бөлігі, сондай-ақ [6], олардың өзара байланысы туралы айтылып отыр.

#### **Әдебиеттер**

1. Ж. Б. Қоянбаев, Р. М. Қоянбаев Педагогика. Астана-1998
2. М. Жұмабаев Педагогика Алматы Рауан -1992
3. С. Ш. Әбенбаев Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы Дарын -2004
4. Р.К. Дүйсембінова Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған, 2006
5. Э. Б. Абдуллин, Е. В. Николаева Музыка мұғалімінің музыкалық- педагогикалық технологиялары Москва- 2005
6. Сағынтаев П., Шәкірбаева А. Бастауыш сыныптарда музыкалық тәрбие әдістері. Алматы: Рауан, 1996

## МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИТТІ ДАМУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ РОЛІ

Исабекова Г.Т. магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

### *Резюме*

*В данной статье рассматривается роль учителя в развитии музыкальной культуры*

*Музыка-жалғыз өнер,  
адамның жүрегіне терең ену,  
жандардың тәжірибесін не бейнелей алады"  
Стендаль*

Жоғарғы оқу орындарында болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру мақсатында оқу-тәрбие процесінің мазмұнын жаңғырту қажеттілігі айқындалды. Осы орайда, қарым-қатынас мәдениеті проблемаларын зерттеу әлеуметтік және мәдени дағдарыспен бірдей көтеріліп отырған өзекті мәселелердің бірі екені белгілі. Жалпы болашақ мамандарда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі "мәдениет", "қарым-қатынас". "қарым-қатынас мәдениеті", ұғымдарының бірлігі мен ерекшеліктерін қарастырумен тығыз байланысты. Жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру және дамыту үшін оның ғылыми әдебиеттерде қайнар көздерін, түпкі нәтижелерін анықтау қажет екені байқалды. Яғни психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қарым-қатынас мәдениетінің мәні және құрылымы ашып көрсетілуі тиіс [1]. Философиялық сөздікте "мәдениет - сана мен болмыста адамзаттың әлеуметтік мазмұнына қарай адамның әлеуметтік индивид ретінде дамуы; оның таным, қарым-қатынас, іс-әрекет субъектісі ретінде өмір сүру әдісі; жекелік, шығармашылық, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық жетілуі" деп көрсетілген. Қарым-қатынас адамда шындықтың объектісін танып білудің нәтижелерін, қатынасын психикалық ерекшелік ретінде түсінуге мүмкіндік береді [2].

Білім беру ұйымдарында музыка өнерін түсінуге үйрету қиын, бірақ менің ойымша, біздің басты мақсатымыз-музыканы сүйуге үйрету, рухани нәзік адамды тәрбиелеу, қазіргі әлемдегі осындай әр түрлі ақпарат ағынынан тек сыртқы ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманға сай таба білу және жауап бере алу адамның жүрегі. Бұл баланың өзін эмоционалды түрде білдіруге, өзіндік ерекшелігін көрсетуге, қарым-қатынас қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндігі бар мектептегі жалғыз пән. Сабақта ұжымда сөйлесуге, эмоцияларын басқаруға, басқа пікірді тыңдауға және қабылдауға, ойлауға және өмірден ләззат алуға үйренеді. Ең бастысы, музыка баланың жан дүниесін байытады, оны жоғары моральдық мазмұнмен толтырады.

Менің ойымша, қазіргі музыка мұғалімінің міндеті-жоғары музыкалық мәдениеттің кеңістігін тарылту және оның бұқаралық санаға әсер ету дәрежесін төмендету жағдайында баланың көкжиегін кеңейту болып табылады. Сабақта шығармашылық атмосфера құру жағдайында, балалар армандауға, балалар музыкалық аспаптарында ойнауға, бір нәрсені аяқтауға мүмкіндік болған кезде



қол жеткізуге болады. Менің ойымша Музыка мұғалімі баланы сабақтан тыс уақытта музыкамен сөйлесуге, бәріне шығармашылықпен қарауға итермелеу керек. Өйткені, қазір бастамашыл, шығармашылық және мобильді адамдар сұранысқа ие. Музыка сабағы өмірдің осы талаптарына толық сәйкес келеді. Мен өз жұмысымда жас балалардың тыңдалған музыка туралы өз әсерлерін еркін білдіретіндігін, олар биде және музыкалық аспаптарда ойнауда импровизацияны жақсы көретінін байқадым [3].

Балалардың жасына қарай бұл қабілет біртіндеп жоғалады, олар қатты, инертті, немқұрайды болады, өйткені олар аз оқиды, концерттерде сирек кездеседі, бір-бірімен аз байланысады. Біздің міндетіміз-ойлауға, сезінуге, эмоционалды өзін-өзі көрсетуге, терең тәжірибеге деген қажеттілікті сақтауға, "жанды жұмыс істеуге", өнерді өмірдің қажетті бөлігіне айналдыруға үйрету. ГЭФ талаптарына сәйкес сабақты ұйымдастырудың әдіснамалық негізі-инновациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін жүйелі-белсенді төмендегідей тәсілдер бар:

1. Дамыта оқыту технологиясы. Қандай да бір жағдай анықталды. Диалог-әңгіме түрінде мұғалім мен оқушылар өздерінің білімі мен дағдыларын қолдана отырып, оны қалай жеңуге болатындығын талқылайды, музыка әлемінде бұрын белгісіз болған жаңа нәрсені ашады.

2. Ойын технологиясы. Ойын шығармашылықты жақсы ынталандырады. Ойын әдістерінің ішінде мен қолданамын: музыкалық бұрылыстарды, балалар әндерін сахналау, есту қабілетін дамытуға арналған ойындар, ырғақ сезімі, импровизация. Қиял, идеяның тікелей көрінісі, жеңілдік атмосферасы-ойын іс-әрекетінің мәні.

3. Сыни ойлау технологиясы. Сыни тұрғыдан ойлау-бұл білім алу, талдау, бағалау, өз пікірін дамыту тәсілі.

4. Жобалау технологиясы. Сабақта шығармашылық қабілеттерін дамыту сабақтан тыс уақытта білім алушылардың шығармашылық, тәуелсіз іс-әрекетінде жүзеге асырылатын логикалық жалғасын табуы керек. Сабақтан тыс жұмыстарға серпін беру керек [4]. Сабақтан кейін шығармашылық даму мүмкіндігі білім алушыларға мектеп үйірмелерінде: хор, би және сыныптан тыс жұмыстарда "ертегіге бару" сабағында беріледі, онда балалар шығармалардың мазмұнымен танысып қана қоймай, сонымен қатар нақты образдарды қайта жасайды, оқиғаны терең сезінуге үйренеді. ертегі кейіпкерлері арасындағы қарым-қатынас орнатады. Мұндай театр импровизациялары балалардың қиялын, жадын, балалар шығармашылығының барлық түрлерін дамытуға ықпал етеді [5].

Мәдениет компоненті ретінде - білім өз кезегінде мәдениеттің тасымалдаушысы, оның өмір сүруінің, сақталуының, кеңеюінің басты шарты. Этикалық сөздікте мәдениет рухани өмірдің барлық формаларын біріктіру деген сөз. Педагогикалық бағытта әдебиет дегеніміз—адамдардың бірлескен ғылыми, моральдық-әлеуметтік, көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынас жиынтығы адам тұлғасына бағытталған өзін-өзі танып білу немесе рухани белгісі. Мәдениеттің қалыптасуына В.С.Библер

ерекше мән береді. Оның пікірінше, мәдениет - адамдардың қарым-қатынасы мен бір кезеңдегі болмысы, санасының, ойлауының формасы, қайта жаратылу жолдары. Мәдениет иесі деп танылатын тұлғаның өзегі оның руханилығы болып есептеледі. Рухани даму негізінде адамдарға қызмет ету, жақсылық жасау, өзін-өзі тұрақты жетілдіріп отыру арқылы объектіден субъектіге айналуға деген қажеттілік жатыр. Сондықтан жоғары мәдениетті мұғалімнің ерекше сапасы - оның өзін-өзі дамытуға қабілеттілігінде жатыр. Оған қолы жеткен педагог өз оқушыларының шығармашылықпен өзін-өзі дамыту стратегиясын болжай, түзете алады [6].

«Мәдениетті адам» ұғымы педагогикалық тұрғыдан алғанда, адамдардың абыройын жоғары ұстау, өзін-өзі сыйлау, өз күшіне өзі сену, жалтақтамау, сондай-ақ басқалардың пікірін сыйлау секілді бір-бірімен байланысты қасиеттерді тәрбиелеу деп түсінуге болады. Біздің зертеу жұмысымыз үшін жалпы педагогикалық теориялық және әдіснамалық негіздерін қалаған, сонымен қатар тәрбие аспектілерін зерттеген ғалымдар С.Ұзақбаева, А.А.Қалыбекаева, Ж.Асанов, Т.М.Әлсатов, М.Балтабаев, Қ.Бөлеев, С.Ғаббасов, Р.Қ.Дүйсенбиева, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, К.Ж.Қожахметова, Ж.Ж.Наурызбай, Ә.Табылдиев, Қ.Ералин, Қ.Болатбаев, және т.б. оқу-тәрбие процесіне байланыстардың теориялық маңыздылығын атап өткен. Қазақ халқының педагогикалық-психологиялық негіздері А.Кұнанбаев, Ы.Алтынсарин, К.Б.Жарықбаев, А.Көбеев, Қ.Бөлеев, Б.А.Альмуханбетов еңбектерінде қарастырған. Эстетикалық білім мен тәрбие беру мақсатында көрнекті ғалымдар Әл-Фараби, Қ.А.Иассауи, Ж.Баласағұни, Ө.Тілеуқабылұлы, Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, М.Көпеев, А.Байтұрсынов, Ш.Кұдайбердиев, С.Көбеев, Ж.Аймаутов, М.Жұмабаев еңбектерінде жарық көрген. Уақыт талабына сай әлеуметтік өзгерістер мен қоғамдағы өндірістік қатынастардың дамуы оқу-тәрбие талабы жаңғырып, өзгеріп, дамып отыруына әсер етіп отыр [7]. Бұл тұрғада философиялық, педагогикалық және психологиялық тақырыптағы ғылыми зерттеулер кеңінен арналған. Педагогикалық-психологиялық, ғылыми-теориялық жағынан негізделген әдістемелік мазмұны әлі де тапшы.

Сондықтан бұл мәселе тереңірек зерттеуді қажет ететін, өзекті мәселе екенін дәлелдейтін жағдай. Қазіргі таңдағы жаңа педагогикалық технологиялар және қазақ ұлттық педагогикасы негізінде оқушылардың музыкалы эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңыздылығы және нәтижелігі арта түседі,

- қазақ ұлттық педагогикасы арқылы оқушылардың музыкалық білімін дамыту ерекшеленсе;
- музыка пәні мұғалімінің ғылыми теориясы мен педагогикалық идеяларын қазақ ұлттық негізде ұштастыратын болса;
- қазақ ұлттық педагогикасын дамыту талдаулар.

Оқу-тәрбие үрдісінде қазақ ұлттық педагогикасы құралдары арқылы оқытуда сабақ мазмұндарын халық педагогикасымен байланыстырып демократиялық бағытта оқушыларының музыкалық білімін дамыту басты

идеяға алынды. Қоғамдық құбылыс ретінде мәдениет ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалатын құндылық. Сол себепті мәдениетті игеру - өзара бағыттаушы үрдіс. Мәдениет дайын ақпаратты жай қабылдау барысында емес, тұлғамен қарым-қатынас орнату немесе сөйлеу кезінде беріледі. Мәдениет бұл қашанда ынтымақтастықтағы шығармашылық, мәдениетті жеткізу құралы – қайталанбас тұлға және тұлғалық қарым-қатынас субъекті [8]. Мәдениет және іс-әрекет тарихи қалыптасқан қатынас категориясы. Мәдениет «іс-әрекеттің әмбебап сипаттамасы», бағыттылықпен приоритетті түрлерді айқындап, бейне тудыру мен тірегі, ал адам ондағы субъект. Ғалымдардың пікірінше мәдениет адамның өзгеруі мен шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуы (Е.М.Бабасов және т.б.). Музыкалық білім беру ісін мәдениет моделі ретінде дамыту мақсаты оның үйлесімділігі мен тұтастығын қамтамасыз етеді. Музыкалық білім беру саласындағы зерттеулер осы бағытты айқындайды. Мұндай бағытқа Н.А.Терентьева мынадай сипаттама береді: бұл интегративті тәрбие беру жүйесі, музыкалық жасампаз да ізгілікті мәнін рухани практикалық тұрғыда тану үрдісі, ол тұлғалық құндылықтар ұстанымдарды мәдениетпен қоғамға деген эстетикалық қатынастарға теңестіру [9]. Демек, музыкалық білім беру тұжырымдамасындағы мәдениет өз табиғатында әмбебапты, өйткені онда әртүрлі көркем өнер бағыттары мен ағамдар ұштасқан, ол өз мезгілінде музыка өнерінің коммуникативтік қызметін айқындайды (О.А.Апраксина, т.б.).

Басқаша айтқанда мәдениет тұжырымдамасы көркемдеу эмоциялау тәсілдері мен жолдарын анықтап, саналы да бағытты әрекеттер заңдылықтарын айқындап, оқыту мен тәрбие беру үрдісін танытады да тұлғалық іс-әрекетті дамыта отырып, өнердегі шығармашылықтың бастамасы болмақ [10]. [Музыка әлемінде №2, 2006. «Проблемы муз.пед.образования» А.Момбек. ]. Бұл зерттеу жұмысымызда біз «мәдениет» ұғымның мәселелері мен музыка мен өмірдің байланысы, ұқсастық және айырмашылық, музыкалық материалды іріктеу және т.б. тәрбиелеу мазмұнының құрылымы, музыкалық құралдар арқылы оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру ұстанымын қарастырдық.

#### Әдебиеттер:

1. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. - М, 1987
2. Леонтьев А.А. Педагогическое общение. - М., 1996
3. Сейтешов А.П. Профессиональная направленность личности: теория и практика воспитания. - Алматы, 1990. - 332 с.
4. Орынбеков М.С. Казахская философия в канун XXI века. -Алматы, 1998.
5. Әділбекова Х.К, Қазіргі қоғамдағы мұғалімнің рөлі. - Алматы, 2003.
6. Дүйсембекова Ш.Д. Мұғалімнің жеке тұлғасы және оның кәсіби мәдениеті. - Семей, 2005.
7. Ахметкәрімов. Қ. Мұғалімнің кәсіптік мәртебесі және беделі туралы ой. //Қазақстан мектебі. - Алматы, №9, 2003.
8. Ұзақбаева С. Балаларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру. Алматы. Мектеп. 1988
9. Дүйсенбінова Р.К Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған -2006
10. Н.Р. Белова, Т.П. Кононович. Мягкая игрушка. – М.: Рипол Классик, 2007.

## ЖАНР ПОЭМЫ В ТВОРЧЕСТВЕ КАЗАХСКИХ КОМОЗИТОРОВ

Маликаждарова А., гр. 1403-31,

Научный руководитель – Куленова И.М., к.филос.н., и.о.доцента  
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

### *Түйін*

*Мақалада Қазақстан композиторларының симфониялық және фортепианолық шығармашылығындағы поэма жанрының қалыптасу мәселелері қарастырылады.*

Поэма – как один из самых распространенных жанров европейской музыки, складывается в эпоху Романтизма. Отсутствие строгих закономерностей, эмоциональность высказывания привлекает композиторов. Создателем этого жанра по праву считается Ф. Лист, обозначивший термином «симфоническая поэма» целый ряд крупных инструментальных сочинений. Различные по характеру и тематике, поэмы Листа имеют общие для данного жанра черты: все они произведения программные, написанные в свободной одночастной форме с четкой сквозной логикой развития единой музыкально-поэтической идеи.

Поэма – это музыкальный жанр, получивший признание у казахских композиторов. Импровизационность, лежащая в основе традиционной казахской музыки, свобода и полетность мысли, изображение бескрайних степей Казахстана, подражание звукам природы, возможно, показать с помощью жанра музыкальной поэмы. Все эти предпосылки послужили созданию целого ряда музыкальных поэм казахских композиторов для разных составов исполнителей. К поэме обращаются основоположники казахской музыки: Е.Брусиловский, А.Жубанов, М. Тулебаев, К.Кужамьяров, Н.Мендегалиев. Эстафету в развитии жанра поэмы продолжают и представители молодого поколения композиторов: А.Раимкулова, Ж.Тезекбаев, Б.Баянхунов.

В поэмах казахстанских композиторов присутствует незримый рассказчик. В композиции имеются эпический зачин и заключение-эпilog, обрамляющие основной раздел. Именно с зачина начинается фортепианная “ Легенда о домбре” Н.Мендыгалиева. В Казахстане композиторская музыка начинает развиваться в 30-е годы. XX столетия. Первые симфонические произведения появляются в 1943 году. Это было сложное для страны военное время. В эти годы содержание многих поэм были посвящены крупным историческим личностям, Родине. Например: “ТулегенТохтаров”, Б.Ерзаковича, “Амангельди“, В.Великанов, “Лирическая поэма памяти Абая“,Е.Брусиловского, “Казахстан“, М. Тулебаева. Для казахских музыкальных поэм избирались сюжет народных сказаний и легенд: (Аксак Кулан)Г.Жубановой, (Ризвангуль(имя девушки)) К.Кужамьярова, образы великих героев “ Амангельды“ В.Великанова. В поэмах композиторы стремились сочетанию музыкальных форм с фольклором.

При помощи цитирования фольклора достигнута яркая национальная определенность и конкретность образов в лирической “поэма памяти Абая“

Е.Брусиловского, с которой начинается история жанра в казахской музыке. Это произведение является не просто портретом великого поэта-мыслителя, но и новым симфоническим “прочтением” творчества Абая. Характеристикой образа казахского философа, его музыкальным символом служит мелодия казахской народной песни “Видел я, буря сломила берёзу”.

Казахстанские композиторы создают поэмы непрограммного типа. Этот вид многочислен в камерной музыке. Например, поэма для камерного оркестра К.Кужамьярова, поэма для скрипки и фортепиано В.Великанова.

Казахстанские композиторы широко использовали свободное претворение особенностей народной музыки. К сочинениям того типа относятся поэмы М.Тулэбаева, передающие общее представление о родных степях и просторах. Это торжественные поэмы “Казахстан” и “Той”. Поэмы М.Тулэбаева отмечены органичным синтезом эпического и лирического начала, характерного для данного жанра.

Жанр поэмы занял особое место в казахской фортепианной музыке. Поэма-соната “памяти Абая” для фортепиано, посвящена великому акыну и философу Абаю Кунанбаеву. В репертуаре пианистов Казахстана есть поэма “Легенда о домбре” Н.Мендегалиева. Национальным характером проникнута поэма – уран(гимн) Е.Брусиловского.

Для поэмы казахстанских композиторы избирают разные исполнительские составы. В творчестве казахских композиторов имеются симфонические вокально-хоровые и камерные поэмы. “Поэма о жизни” Е.Брусиловского написана для струнного оркестра, есть и поэмы для сольных инструментов, поэмы сочинения для фортепиано и скрипки. Первые поэмы для казахских народных инструментов появились после возникновения оркестра в 30-е годы прошлого столетия. Главной в позиции поэмы среди других видов музыки объясняется спецификой жанра, его свободой. Произведения казахских композиторов опираются на народные сказания, легенды, исторические сюжеты, образы, которые раскрываются по-новому в разных художественных развитиях. Поэма в казахской музыке с казахскими жанрами-жыром, кюем-легендой, дастаном. Так как поэма-жанр поэтический, характерная черта в музыке её программность. Повышенный эмоциональный фон поэмы, её драматический накал, исследователь О.Соколов объясняет наличием конфликта в поэмах повествованиях, «Трагическим столкновением героя с объективными жизненными обстоятельствами».

Жанр поэмы в Казахстана трактуется как лирико-эпический. Особенность его проявляется в национальном колорите образного содержания, в использовании тематизма казахского фольклора и народных инструментов.

### **Литературы**

1. Досаева. А.Ж Казахская фортепианная музыка. Алма-Ата, 1991
2. Измайлова. Л. Еркегали Рахмадиев. Астана: Елорда, 2000
3. Кетегенова. Н. Жанр симфонической поэмы в творчестве М.Тулэбаева. Алматы, 1999
4. Карина. К. Кужамьярова. М.: Сов, композитор, 1980

ӘОЖ

## **ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТӘСІЛ НЕГІЗІНДЕ ЕРКІН СТИЛЬДЕГІ ЖЕТКІНШЕК КҮРЕСКЕРЛЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҒЫ**

*Алтынхан Н.С., Рсымбетов М.Б.*

Магистрант, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті  
Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент Испандиярова А. М.

*Резюме*

Волейболшының моторлық қабілеттерінің бұл кешені белгілі бір сипатқа ие және психомоторлық дағдылардың әртүрлі көріністерімен тығыз байланысты: зейіннің көлемі мен көру аймағымен қозғалатын объектіге реакцияларды нақтылау, терең көру дәлдігі, тактильді және бұлшықет-түймелік. артикулярлық сезімталдық.

Мысалы, волейболда қуатты тұтыну тұрғысынан диаметральді қарама-қарсы қозғалыстар бар: шабуыл соққысы жарылғыш күшті қажет етеді; доптың берілуі жұқа дифференциациямен және бұлшықет кернеуінің біртіндеп жоғарылауымен байланысты. Әлбетте, спорттың бір түрінен де күштің сапалық көріністерін дамытуға басқа әдістемелік көзқарас қажет. Осыған ұқсас тенденция, әрине, волейболшының басқа физикалық қасиеттері мен психомоторлық қасиеттерінің дамуында да бар. Сондықтан арнайы дене шынықтыру жаттығулары туралы айтатын болсақ, белгілі бір қозғалыс қасиеттерін дамытуға дайындық жаттығуларын нақты спорттық қозғалыстармен байланыстыру орынды.

Секіру қабілетін дамыту волейболшының дене тәрбиесінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Секіру мүмкіндігі жамбас және балтыр бұлшықеттерінің, аяқтың иілу және иілгіш галлюцис ұзын бұлшықеттерінің жылдамдығы мен созылу күштерінің үйлесімімен байланысты. Бұл жағдайда үлкен жүктеме табанның, төменгі аяқтың және тізе буынының буындарына, сондай-ақ бұл буындардың жұмысын қамтамасыз ететін бұлшықет-байланыс-суір аппаратына түседі. (Покровский В.И.) Волейболшылардағы жарақаттардың көпшілігі дәл осы буындарда болатыны кездейсоқ емес. Осыған байланысты көптеген дамыту жаттығулары профилактикалық-күшейткіш және жарақаттан қорғау болып табылады. Атап айтқанда, табан және сирақ буыны үшін өкше, саусақтар, аяқтың сыртқы және ішкі доғаларымен жүру сияқты жаттығулар жүйелі түрде жасалуы керек. Бұл жаттығулар жүйелі түрде қайталанады және қарқынды біртіндеп арттыру арқылы жүзеге асырылады. (Зациорский В.М., 1981.)

Оң (сол) қолдың соққы қозғалысының күшінің дамуы жеңу режимінде соққы қозғалысын имитациялайтын резеңке және амортизаторлармен динамикалық жаттығуларды қайталап және көп сериялы орындау арқылы қамтамасыз етіледі. Дәл осы мақсатта әр түрлі салмақ пен өлшемдегі толтырылған шарлар екпінді лақтырылады. Ерекше әсер екі толтырылған шармен жұптастырылған жаттығулар арқылы қол жеткізіледі. Бұл кезде серіктестердің бірі допты екі қолымен жоғары траектория бойынша, ал екіншісі жалпақтауымен басынан асыра лақтырады. Бұл шарлар ауада соқтығысып қалмас үшін жасалады. Біраз уақыттан кейін серіктестер рөлдерді өзгертеді, содан кейін демалып, тағы бір лақтыру сериясын қайтадан орындайды. Теннис доптарын лақтыру, алысқа тас лақтыру да қолданылады.



Күшті дамытуды соққылық қозғалыс техникасымен байланыстыратын негізгі жаттығу – қабырғадан кері серпілген доппен еденге соғу, ілініп тұрған допты соғу және допты тор арқылы соғу.

Волейболшының ерекше жылдамдық-күш төзімділігін дамыту шабуыл және қорғаныс әрекеттерінің фрагменттерін имитациялайтын көп сериялы интервалдық жаттығуларда жүзеге асырылады. Мұндай жаттығулар нетто және қысқа демалу аралықтарында бірнеше соққылармен қорғаныстағы қарқынды жаттығуларды кезектестіріп тұрады. Сериялар саны мен демалыс ұзақтығы волейболшының функционалдық дайындығының деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін.

Арнайы төзімділікті дамытуға және техникалық және тактикалық дағдыларды жетілдіруге арналған интегралды жаттығулардың жақсы құралы - қысқартылған құрамдағы ойындар.

Допты дәл қайтару немесе оны дәл беру үшін төменгі және әсіресе жоғарғы берілістерге қажетті күш-жігерді саралау дәл беру қажет болған барлық доп жаттығуларында дамып, жетілдіріледі [3].

Дене дайындығы деңгейін бақылау сынақтар мен тиісті өлшемдердің көмегімен жүзеге асырылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Волейбол. Правила соревнований. - М., 1988.
2. Гринштейн А. Ю Волейбол. — М., 1997.
3. Донской Д.Д. Законы движений в спорте. М.: Физкультура и спорт, 2008.
4. Железняк Ю.Д. 120 уроков по волейболу. - М: Физкультура и спорт, 2005
5. Зациорский В.М. Физические качества спортсмена. М.: Физкультура и спорт, 2010.
6. Зимкин Н.В. Физиологическая характеристика силы, быстроты и выносливости. М.: Физкультура и спорт, 2016.
7. Кулинко Н.Ф. История и организация физической культуры. - М., 1982.
8. Кун Л. Всеобщая история физической культуры и спорта. / Под ред. В.В. Столбова-М., 1999.

ӘОЖ

### **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

**Ажмұхан А.О.** – 1402-10 оқу тобының студенті

**Ғылыми жетекші:** **Айдарбеков К.Д.** – магистр, аға оқытушы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент.

#### *Резюме*

*В этой статье обсуждается влияние физической культуры на человеческий организм и вопросы, связанные с пассивной физической активностью.*

Дене шынықтыру және спорт – қоғамның және әрбір адамның жеке мәдениетінің ажырамас бөлігі. Соңғы жылдары дене шынықтыру тек автономды әлеуметтік факт ретінде ғана емес, адамның тұрақты сапасы ретінде де жиі айтылады.

Дене тәрбиесі адамға өмірінің барлық кезеңінде қажет. Балалық және жасөспірімдік кезеңде олар дененің үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Ересектерде олар морфофункционалды жағдайды жақсартады, тиімділікті арттырады және денсаулықты нығайтады. Егде жастағы адамдарда осымен қатар жасқа байланысты келеңсіз өзгерістер кешіктіріледі. Жүйелі түрде дене шынықтырумен айналысатын барлық жастағы адамдарға бос уақытын тиімді пайдалануға көмектеседі, сонымен қатар әлеуметтік және биологиялық зиянды әдеттерден бас тартуға ықпал етеді.

Біздің еліміздегі дене тәрбиесінің міндеттерінің бірі – адам ағзасын жан-жақты, жүйелі түрде дамыту. Адам мықты, епті, еңбекке төзімді, дені сау, шыңдалған болуы керек.

Тұрақты дене жаттығулары немесе спортпен шұғылдану физикалық үрдістердің белсенділігін арттырады, ағзадағы зат алмасуды және энергияны жүзеге асыратын механизмдерді жоғары деңгейде ұстайды.

Недостаточная двигательная активность или нарушение двигательной функции негативно влияет на организм в целом.

Тұтастай алғанда қозғалыс белсенділігінің жеткіліксіз мөлшері немесе дененің қозғалу функцияларының бұзылуы денеге теріс әсер етеді. Физикалық жүктемені дұрыс пайдаланбау айтарлықтай ағзаға зиян келтіруі мүмкін, сондықтан денеге жүктеме дәрежесін таңдағанда, әр бір жаттығушыны жеке қарастыру қажет. Адамдар дене қозғалыстарын шектеумен өмір сүре алады, бірақ бұл бұлшықет атрофиясына, сүйек күшінің төмендеуіне, орталық жүйке, тыныс алу және басқа жүйелердің функционалдық күйінің нашарлауына, дененің тонусы мен өмірлік белсенділігінің төмендеуіне әкеледі. Демек, дене шынықтыру мектепке дейінгі, мектеп және басқа да білім беру түрлерінің барлық дерлік бағдарламаларына енгізілген.

Дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысатын адамдарда адамның барлық жүйелері мен мүшелерінің әлеуеті айтарлықтай артады. Дене шынықтыру қан айналымын жақсартады, жүрек бұлшықетінің жұмысын ынталандырады, бұлшық еттердің қанмен қамтамасыз етілуін арттырады, олардың жұмысын жүйке жүйесі арқылы реттеуді жақсартады. Дене шынықтыру және спорт процесінде жүрек соғысы азаяды, жүрек қызметі күшейіп, үнемді жұмыс істей бастайды, қысым қалыпқа келеді. Мұның бәрі ағзадағы метаболизмді жақсартуға ықпал етеді. Ученые установили, что восстановительные процессы происходят после интенсивных физиологических потерь. Ғалымдардың айтуынша, қарқынды физиологиялық шығындардан кейін қалпына келтіру үрдістері жүреді. Физикалық белсенділік кезінде пайда болатын бүйрек үсті безінің гормондары жүрекке жақсы әсер етеді.

Дене шынықтыру қан тамырларының кеңеюіне ықпал етеді, олардың қабырғаларының тонусын қалыпқа келтіреді, тамақтануды жақсартады және қан тамырларының қабырғаларында метаболизмді арттырады. Мұның бәрі қан тамырлары қабырғаларының серпімділігін арттыруға және адам ағзасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын жүрек-тамыр жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне әкеледі. Сондай-ақ, қалыпты физикалық белсенділік бүйректерге оң әсер етеді: олар стресстен ажыратады, бұл олардың жақсы жұмыс істеуіне әкеледі.

Жүзу, жүгіру, шаңғы тебу, велосипед тебу сияқты дене жаттығуларының түрлері қан тамырларына әсіресе пайдалы әсер етеді. Тұрақты жаттығулар артикулярлы-байланысты аппаратты қауіпсіз нығайтуға көмектеседі. Ұзақ уақытқа созылған қалыпты физикалық белсенділік байламдар мен буын тіндерін серпімді етеді, болашақта оларды жыртылудан және созылудан қорғайды.

Кез келген әрекет барысында адам шаршап, шамадан тыс шаршайды. Дегенмен, дене жаттығуларының тіпті қысқа мерзімді кешендерін жүзеге асыру физикалық және психикалық өнімділікті тиімді қалпына келтіруге, сондай-ақ нейро-эмоционалды шамадан тыс жүктемені жоюға әкеледі.

Сондай-ақ жүйелі дене шынықтырумен айналысу халықтың аурушандығын күрт төмендететінін, адам психикасына – оның ойлауына, зейініне, есте сақтауына оң әсер ететінін, тұлғалық қасиеттерді, атап айтқанда табандылықты, ерікті, еңбексүйгіштік, ұжымшылдық, қоғамшылдық, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастырады.

Дене шынықтыру және спортпен айналысатындарды адамгершілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу жүзеге асырылады. Бұл даму адамда оның басқа адамдарға, қоғамға, өзіне деген қатынасын қалыптастыратын және әдетте адамгершілік тәрбиесі деп аталатын әлеуметтік құнды қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Бұл қасиет тұлғаны анықтауда ең маңызды болып табылады. Оның мазмұнын қоғамдағы негізі болып табылатын адамгершілік нормалары анықталады.

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданудың бірнеше жолы бар: спорттың кез келген түрі бойынша спорт секциясына қатысу, жұмыс немесе тұрғылықты жері бойынша сауықтыру топтарының сабақтарына қатысу және өз бетінше жаттығулар жасау. Спорт секцияларының көптігі әркімге өзінің талаптары мен қалауына сәйкес таңдауға мүмкіндік береді және әркім өзін тамаша физикалық пішінде ұстаудың тамаша жолын табуға мүмкіндік береді.

Оқуды бітіргеннен кейін әрбір адам кем дегенде интегралды немесе химиялық формулаларды есте сақтауы керек емес, ал тұрақты, жақсы әзірленген физикалық жаттығулар бағдарламасы адамның денсаулығын сақтауға және ұзақ жылдар бойы өнімді жұмыс істеуге көмектеседі. Қазіргі балалардың өмір салты отырықшы, көбіне олар бос уақытын пассивті түрде өткізеді, ал спорттық құрал-жабдықтардың орнына гаджеттермен сүйемелденеді.

Қозғалыс қан айналымының белсендірілуіне, барлық мүшелерге оттегінің келуіне, өсіп келе жатқан ағзаның барлық жүйелерінің үйлесімді дамуына оңтайлы жағдай жасайды және эмоционалды тұрақтылықтың қалыптасуына ықпал етеді. Жүйелі дене шынықтыру және тұрақты теңдестірілген дене жаттығулары бала мен жасөспірім ағзасына ерекше пайда әкеледі, метаболикалық үрдістердің белсендірілуіне әкеліп соғады және неғұрлым өнімді ақыл-ой жұмысын қамтамасыз етеді.

Мектеп бағдарламасының негізгі міндеті – мектеп оқушыларына олардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын сақтау және ағзаның

функционалдық жағдайын жақсарту үшін дене шынықтыру сабақтарын өз бетінше ұйымдастырудың маңыздылығы мен қажеттілігін үйрету.

Жалпы, дене тәрбиесі балаларды, жасөспірімдерді, тіпті ересектерді тәрбиелеудің өте маңызды бөлігі деп айта аламыз. Дегенмен көп адамдар мұны түсінбейді. Бірақ, спортпен «байыпты және тыңғылықты» айналысатын адамдар соның арқасында ғана өздеріне сеніп, өмірде жетістікке жеткеніне сенімді. Расында да, спорт арқылы қазіргі өмірдің негізгі қағидасы – «тек өз күшіне сену» жүзеге асады. Бұл сіздің жеке қасиеттеріңізге, еңбексүйгіштікке, амбицияға, шыдамдылыққа, бастамашылдыққа және күшті ерік қасиеттерге ғана сүйене отырып, табысқа жетуге болатынын білдіреді. Спорттың арқасында адамдарда төзімділік, жақсы реакция, жылдамдық пен шыдамдылық, сонымен қатар қоршаған ортаның көптеген жағымсыз факторларына төзімділік пен шыдамдылық дағдылары қалыптасады.

#### **Әдебиеттер**

1. «Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы»
2. «Мектептегі дене шынықтыру» журналы, № 1-2, 2004 жыл
3. «Валеология дене тәрбиесі спорт» журналы Алматы, 2012 М.И. Адамбеков, М.Ш. Тұяқбаева, Е.Қ. Уанбаев
4. Жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі сабағын жүргізу әдістемесі (Әдістемелік ұсыныстар ,2012 ж.)

# ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ӘОЖ

## **ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫНДА УАҚЫТША БОЛҒАН ҚАЗАҚСТАН ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР ТАРИХЫ, ТАҒДЫРЫ**

114-18 топ Тарих мамандығының бітірушісі,

**Қадырқұлұлы Ерасыл**

*Резюме*

*Данная статья посвящена изучению истории Туркестанского легиона, состоящего из советских тюркоязычных военнопленных по инициативе руководства Третьего Рейха в период Великой Отечественной войны.*

Менің диплом жұмысымның тақырыбы «Фашистік Германияның қамауға алған қазақстандық әскери тұтқындар: Түркістан Легионында уақытша болған қазақстандық әскери тұтқындар тарихы, тағдыры» деп аталады. Осы тақырып бойынша ізденістер тек Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана басталыпты. Әрі тың тақырып екен. Сондықтан да жетекші Бахадыр Айтай ағайдан осы тақырыпты алдым. Сонымен, адамзат тарихына көз жіберсек, үздіксіз ғасырлар бойы тіршілік үшін күрес болғандығы анық. Әр заманның соғысу себебі де, мақсат - мүддесі де, тіпті соғысу әдіс - тәсілдері де сол қоғамның даму деңгейлеріне қарай түрліше болды. Жұмыр жердің тарихында адамзат талай қоғамды, талай «қылышынан қан тамған» кезеңдерді өз қолдарымен жасап табиғат жаратылысына қарсы келді.

Ұлы Отан соғысы барысында тұтқынға түскен Орталық Азия елдерінің өкілдерінен фашистер жағында құрылған жасақты «Түркістан Легионы» деп атапты[1]. Кеңестік тарихнамада Түркістан легионының тақырыбы біржақты баяндалған. Олар «отан сатқындары» деген тұжырымға келген дейді зерттеуші А.Көкен[1]. Жалпы екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты ақиқаты ашылмай жүрген бір ақтаңдақ – «Түркістан легионы». Әлі күнге дейін бір байламға келмеген ақтаңдақ екен. Бұл тақырыпта сан алуан зерттеулер жасалды. Әлі жасалып та жатыр. «Түркістан легионы» дегенде Мұстафа Шоқай есімі қоса аталады. Алайда, «Түркістан легионы» құрылған тұста Мұстафа Шоқайдың ауруханада жатқандығы туралы дерек бар. Франциядағы ауруханада жатты»[1] дейді зерттеуші.

Президент Қ.Тоқаев: «Қуғын сүргін мен ашаршылық құрбандарын ақтау» жайлы 2020 жылы 24 қарашада арнайы қаулы қабылдады [2]. Осы қаулының орындалуы аясында Түркістан Легионында болғандарды ақтау ісі жүргізіліп жатыр екен[3].

Жалпы, Ұлы Отан соғысы жылдарында фашистік Германия жағында Финляндия, Франция, Испания, Словакия, Хорватия, Босния, Косово, Румыния, Венгрия, Украина, Латвия, Литва, Эстония елдерінен және Ресейден шыққан ірі ұлттық жасақтар қызмет етті. Солардың бірі - Орталық Азия және Қазақстаннан шыққан түркі тектес жауынгерлерден құралған Түркістан Легионы болатын.

Шын мәнінде бұл не легион? Діттегені не? «Немістердің ұйғаруынша бұған өзбектер, қазақтар, түрікмендер, дүнгендер, тәжіктер, қырғыздар, бел-уждар, ирандар, қашқарлықтар, шұңғандар, тараншылар, құрамалар және шығыс татарлары енді онымен қатар «кавказ-мұсылман, солтүстік капқаз-дық, грузин, армян, еділ-татар» легиондары құрылғандығы да айтады ғылыми жетекшім Б.Айтай[3]. Енді мәселенің басын анықтап алу үшін "Түркістан ұлттық комитеті", "Түркістан легионы", "Түркістан ұлттық кеңесі" деген атаулардың мән-маңызына тағы да бір назар аударғанымыз абзал[1] деп көрсетеді А.Кәкен.

Кеңестік заманында құпия болған құбылыстың бірі – фашистермен соғыстың алғашқы айларында тұтқынға түскен кеңес солдаттарының саны. Кейінгі жария болған деректер бойынша, 4 миллионнан асып жығылады екен[5] оқулықта көрсетілуінше. Тарихта дұшпан жағындағы осыншама адамдардың тұтқынға түскен кезі тарихта болмаған ахуал екен. Солардың бірі Түркістан Легионы туралы жаңаша көзқарас қалыптастыру бүгінгі тәуелсіздігіміздің арқасында мүмкін болып тұр. «Түркістан легионы» Екінші дүниежүзілік соғыстың ақтаңдақ беттерінің қатарына кіреді. Қиын-қыстау күндерде осынау құрылым сапында болған азаматтардың басым көпшілігі әлі толық ақталған жоқ. Бірақ оларға тағылған айып кеңестік көзқарасқа негіз-делген еді. Ал тәуелсіз Қазақстанның заңдары да, ХХІ ғасырдың талаптары да, соғысқа берілген баға да бөлек. Ендеше жазықсыз жапа шеккен саяси тұтқындарды ақтайтын мезгіл жетті. Соған осы ізденіс жұмысым арқылы үлес қоссам деймін. 1940 жылы жасалған «Барбаросса» жоспарына сай Германия қысқа мерзім ішінде мысалы 6 - 8 апта ішінде Архангельск - Еділ - Астрахан шебіне шығуды көздеді. Бұл қауырт соғыс – блицкригтің негізгі мақсаты еді. «Бар-баросса» жоспарын жасағанда КСРО - ны «көптеген ұлттардың жасанды әрі әлсіз бірлестігі», «ішкі бірліктен айырылған этникалық конгломерат (қоспа)» ретінде қарастырылды.

Белгілі тарихшы Көшім Есмағамбетов өзінің «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Соғыс тұтқындары» атты зерттеу мақаласында[6]. Сонымен қатар, Түркістан Легионын басқарған Баймырза Хайт өзінің «Түркістан ХХ ғасырда» деген еңбегінде [7] Германия жағында 181.402 түркістандық соғысты» десе, «неміс формасын киген кеңес түріктерінің саны 250 мыңдай болды деп жазады» деп көрсетеді К.Есмағамбетов неміс деректеріне сүйеніп [6]. Десек те қазақтардың легиондағы санының қанша болғандығы толық анықталмапты. Татар тарихшысы И.Гилязовтың «Легион Идель-Урал» монографиясын атап көрсетуге болады [8]. Орыс тарихшылары С.Дробязко, О.Романов, К.Семеновтың «Иностранные формирования Третьего рейха» деген көлемді кітабы[9] гитлершілердің құрған Шығыс легиондары туралы көп мағлұмат береді.

Неміс ғалымы Рольф – Дитер Мюллердің «На стороне вермахта. Иностранные пособники Гитлера во время «крестового похода против большевизма» [10] деген кітабы ақиқат тұрғысынан мол мағлұмат береді. Ол орыс тіліне аударылып та басылды.

Стамбулдағы Мимар Синан университетінің профессоры қазақ ғалымы Әбдіуақап Қара Орта Азия мен Қазақстанның, Түркияның тарихына қатысты зерттеулер жасады. Ол алғашқы еңбегінің «Қазақтардың Шығыс Түркістаннан Анадолыға босуы және Оспан Таштан» деп аталғандығын атап өтті. Ал, Мұстафа Шоқай жайындағы докторлық диссертациясы кейін кітап болып жарық көріпті. Түркия Жазушылар Одағы 2002 жылы биография саласында үздік шығарма деп жоғары бағалап жүлде берген екен. Әбдіуақап Қара негізінен екі тілде қатар қалам тербейді. Алайда, қазақша мақалалары Қазақстанда газет-журналдарда басылып жатқанымен, алғашқы кітаптары түрік тілінде жарық көріпті. Ал, 2004 жылы «Мұстафа Шоқай» [11] туралы еңбегі қазақ тіліне аударылып, Алматыда басылып шығады.

Саясаттанушы Бақыт Садықова Франция жерінде қимыл жасаған Түркістан батальондарының кейбір жауынгерлері туралы француз және неміс құжаттарын жариялады [12]. Белгілі ғалым Гүлжаухар Көкебаева өзінің көлемді монографиясында [13] бірінші және екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Германия мен Ресей – КСРО жағындағы тұтқындардың жалпы мәселесін қарастырды. Ресей тарихшылары да бұл мәселеге назар аударуда.

1969 жылы Алматыда «Жазушы» баспасынан «Үлкен Түркістанның күйреуі» деген құжатты повесть жарияланды [14]. Бұл еңбек көпшілікке бірден таралып кетті. 6 мың тиражбен шыққан бұл кітапқа сұраныстың күшеюіне байланысты бірнеше жылдан соң ол екінші рет сондай тиражбен қайта басылып шықты. Тіптен мындаған сондай тиражбен орыс тіліне аударылып басылды. Кітаптың авторы сол кездегі КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жауапты қызметкері, Қостанай облыстық басқармасының бастығы болған полковник, әрі белгілі жазушы Серік Шәкібаев болыпты [15]

Кеңестік кезеңдегі идеология қалыптарынан шықпай, «Түркістан легионына», немістер құрған Түркістан Ұлттық Комитетіне адамдар не себепті кіргенін ескермеуінде жатыр. КСРО әскерлері не себепті соншама адамдарын тұтқынға душар етті, олар соғысқа дейін кеңес үкіметі тарапынан ашаршылық пен репрессия қырғынын, қудалауды бастарынан өткергені туралы бір ауыз сөз айтпайды. Ал фашизм идеологтары бұл – мәселені өздерінің үгіт-насихатына барынша ұтымды пайдаланып, КСРО-ға қарсы құрылған легиондарға адамдарды тарта білді деп көрсеткен екен.

Қазақтың ұлы баласы М.Шоқай, татар ұлтының өкілі Ғ.Идриси, жас өзбек эмигранты У.Каюмхан және басқалары лагерьлерді аралап, Түркістан азаматтарынан легион құруға араласқаны тарихи шындық. М.Шоқайдың Францияның Шығыс тілдері институтында сақталған жеке архив қорының көшірмесі 2000-шы жылдардың бас кезінде Алматыдағы Орталық архивке берілгені мәлім. Онда М.Шоқайдың тұтқындағы қазақ, өзбек, қырғыз және басқа ұлт өкілдерімен кездесуде жасаған тізімдерінен үзінді сақталған. Бұл материалдар негізінде К.Л.Есмағамбетовтің «Әлем таныған тұлға» көп-томдық еңбегі жарық көреді [16].

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1 А.Кәкен «Түркістан легионы. Деректі талғам. Алматы «Рауан».- 2000.

- 2 Қ.Тоқаев "Саяси қуғын-сүргін және заңсыз қудалау құрбандарын ақтауды толық аяқтау" туралы қаулысы/ Егемен Қазақстан газеті. 24 қараша 2020 жыл.
- 3 Б.Айтай «Түркістан Легионы туралы не білеміз? Мақала / Оңтүстік Қазақ-стан» газеті 2013 жыл 20 желтоқсан
- 4 Қазақстан тарихы оқулық. 5 томдық. 4 том. -Астана. «Фолиант». 2010. 564б.
- 5 К.Есмағамбетов «Соғыс тұтқындары» мақала / Егемен Қазақстан газеті. 2009, 21 қараша.
1. 6 Б.Хайт «Түркістан XX ғасырда» XX ғасырдағы Түркістан. Дармштат. 1956 (неміс тілінде).
- 7 И.Гилязов . Легион «Идель–Урал». Представители народов Поволжья и Приуралья под знаменами «Третьего рейха». Казань, 2005
- 8 С.Дробязко, О.Романов, К.Семенов. Иностранные формирования Третьего рейха Издательство: АСТ, Астрель, Харвест Серия: Историческая библиотек . Москва.- 2011
- 9 Рольф – Дитер Мюллер «На стороне вермахта. Иностранные пособники Гитлера во время «крестового похода против большевизма. 2012.-412с.
- 10 Абдуһаһаб Қара «Мұстафа Шоқай». Алматы.- «Дәуір».- 2004.
- 11 Б.Садықоваа История Туркестанского легиона в документах Алматы: Кайнар, 2002. — 248 с
- 12 Г.Көкебаева «Түркістан легионы» мақала / "Қазақ тарихы", 1997, №2,30-31б.
- 13 Шакибаев С. «Үлкен Түркістанның күйреуі». - Алма-Ата, «Жазушы», 1969. 278б.
- 14 Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. «Дайк-пресс», 2008. -с. 444- 447.

ӘОЖ 342.413

## **ҚР МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ. ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІК.**

**Жекембек А.Е.** -115-18 тобының студенті

**Рахматулла М.Д.** – 1507-10а тобының студенті

**Ғылыми жетекші:** Арыс А.С. – заң ғылымдарының магистрі аға оқытушы  
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университеті, Шымкент, Қазақстан

### *Резюме*

*Рассматривается система государственного управления в Республике Казахстан, ее особенности, а также административное право и административная ответственность.*

Мемлекет — белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы болып табылады. Мемлекеттің өзіндік басқару құрылымы, органдары, Конституциялық құжаттары, сонымен қатар өзіне тән тілі, рәміздерінің болуымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасы – 1991 жылы 16 желтоқсан күні өзінің тәуелсіздігін алған уайырлы, унитарлы, Президенттік басқару жүйесі бар құқықтық, демократиялық мемлекет болып табылады.

Алғашқы конституция 1993 жылы қаңтарда қабылданды. 1995 жылы тамыз айында жаңа конституция қабылданды; 1998 жылы оған түзетулер енгізілді. Жаңа конституция бойынша Қазақстан — демократиялық құқықтық унитарлы мемлекет, оның тәуелсіз үш билік тармағы бар.

Олар: атқарушы, заң шығарушы жән сот биліктері. Атқарушы билікті президент басқарады, ол 40 жастан асқан, Республика аумағында соңғы 15 жыл тұрған және мемлекеттік тілде, яғни қазақ тілінде еркін сөйлей алатын



азаматтыры арасынан 5 жылға сайланады. Заң шығарушы билікті қос палаталы парламент атқарады (Сенат - 47 депутат және Мәжіліс - 107 депутат). Сот билігін Конституциялық сот пен жергілікті соттар жүйесі атқарады; сот төрелері қызметіне Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Конституциялық заңдарға сәйкес тағайындалады және тұрақты түрде толық өкілеттілікке ие болады.

Әкімшілік құқық – мемлекеттік басқарушы органдардың басқарушы-жарлықшы қызметін реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы. Әкімшілік құқығы құқық жүйесі салаларының бір түрі ретінде, қоғамдық қатынастады реттейтін, мемлекетті басқару қызметі үрдісінде пайдаланылатын мемлекеттік аппараттың тәртіптелген жұмысын қамтамасыз ететін құқық.

Әкімшілік құқықтық нормалар дегеніміз – заң шығарушы, атқарушы органдар орнататын, рұқсат етілген іс-қимылды және атқару билігіндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін ережелер.

Әкімшілік билікті үшке бөліп қарастырылады.

Жалпы түсінік: Заң шығарушы орган.

Ең жоғарғы заң шығарушы орган — парламент, ол екі палатадан тұрады — Сенат пен Мәжіліс. Сенаттың қызмет ету мерзімі – 6 жыл, оны жарты құрамы әрбір 3 жыл сайын қайта сайланып тұрады. Сенаттың 47 мүшесінің 32-сі облыстардың, Республика астанасы мен республикалық маңызы бар қалалардың өкілетті органдарының мүшелерінен сайланса, сонымен қатар әрбір әкімшілік аумақтан 2 адамнан тағайындалады, ал 15-ін ел президенті тағайындайды. Мәжілісте 107 депутат тағайындалады, жалпы сайлау нәтижесінде 5 жыл мерзімге сайланады: 98 – бірмандатты аумақ бойынша, ал 9 – Қазақстан Халықтары Ассамблеясымен. Парламент президенттің ұсынысымен конституцияға өзгерістер енгізеді, бюджетті, үкіметтің бағдарламалары мен есептемелерін бекітеді, заңдарды қабылдайды, соғыс пен бітімгершілік сұрақтарын шешеді, референдумдарды енгізеді, халықаралық келісімдерді ратификациялайды және т.с.с. Сонымен қатар Сенат президенттің ұсынысымен Жоғарғы сотты белгілейді, президент тағайындаған бас прокурорды және Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің төрағасын бекітеді, жергілікті үкіметтік органдарды таратады.

Атқарушы билікті Қазақстан Республикасының Үкіметі атқарады. Оның басында парламенттің келісімімен президент тағайындайтын премьер-министр тұрады. Ол атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызмет атқаруын қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде төмендегі салалар бойынша республиканың мынадай орталық атқарушы органдары бар:

- Экономика салалары бойынша;
- Әлеуметтік мәдениет салалары бойынша;
- Әкімшілік саяси қызмет салалары бойынша.

Сот билігінің жоғарғы органы болып Жоғарғы сот пен Конституциялық кеңес болып табылады. Қазақстанда Жоғарғы сот пен жергілікті (облыстық, аудандық, қалалық) соттар қызмет етеді. Сонымен қатар арнайы соттар да құрылуы мүмкін, белгелеі бір орын алған жағдайға байланысты, мыс., әскери,

салық соты. Сот төрелерін Жоғарғы соттың төрағасының келісімімен президент тағайындайды. Барлық соттардың қаржылық қамтамасыз етілуі республикалық бюджет есебінен жүреді. Конституциялық сот 15 адамнан тұрады. Оларды президент пен парламенттің қос палатасы әрқайсысы 5 адамнан тағайындайды. Олардың өкілеттіліктері 13 жылға созылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық – құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсыздықта жасалған) жеке адамның немесе заңды тұлғаның әрекеті немесе әрекетсіздігі. Әкімшілік құқық бұзушылық азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіретін және құқыққа қарсы әрекет боып табылады. Әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері: құқыққа қарсылығы, кінәлілігі, әкімшіліктік жазалану. Сонмен қатар әкімшілік құқық бұзушылықтың мынадай құрамы қарастырылған, бұл заңдық элементтердің жиынтығы, солар болған жағдайда әрекет әкімшілік құқық бұзушылық болып саналады да әкімшілік жауаптылық туындайды. Бұл элементтер әкімшілік құқық бұзушының объектісі, субъекті, объективтік және субъективтік жақтары.

Әкімшілік жауаптылық – өкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның әкімшілік құқықтық нормаларда қаралған, құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі жеке адамдарға немесе заңды тұлғаларға қолдануынан көрінеді.

Әкімшілік жаза – әкімшілік құқық бұзушылық үшін қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Мынадай түрлерден тұрады: Ескерту жасау. Әкімшілік айыппұл салу. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған заттың өтемін төлеп алып қою. Әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі болған затты, әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістерді, ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу. Арнаулы құқығынан айыру. Лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру немесе қызметінің белгілі бір түріне не белгілі бір іс- әрекеттер жасауға оның қолданылуын тоқтата тұру. Жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу. Өз бетімен салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау. Әкімшілік қамауға алу. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР- ның шегінен әкімшілік жолмен кетіру.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы өзіндік тәуелсіздігін алған, егеменді мемлекет. ҚР – ның басқару жүйесі, әкімшілік жүйесі, әкімшілік жауапкершілік түсініктері зерттеліп қарастырылды. Сонмен қатар әкімшілік жаза түрлері толық нақтыланды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, - 30.08.1995 жыл;
2. ҚР Әкімшілік кодексі, Алматы 2015 жыл
3. ҚР. Қылмыстық кодексі, Алматы 2013. 1997 жылғы 16 шілде №167-1
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 27.12.1994жыл. Жалпы бөлім.
5. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350>

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҚ ҚАРЫМ - ҚАТЫНАСТЫҢ ТАРАТЫЛУ ДЕҢГЕЙІ**

**Рахматулла М.Д., Айтмахан Д.Т.** – 1507-10а тобының студенттері

**Ғылыми жетекші: Арыс А.С.** – заң ғыл. магистрі, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университеті, Шымкент, Қазақстан

### *Резюме*

*Рассматривается распространённость коррупционных практик, а также затенение экономических интересов коррупционеров при изучении коррупции.*

Сыбайлас жемқорлық – бұл нақты заңдық анықтамасы жоқ әлеуметтік құбылыс және кез келген құбылыс іспетті ол өзіне тән белгілермен сипатталады, әрі өз дамуында үлкен әлеуетке ие. Сыбайлас жемқорлықтың ерекше белгісі - ол қылмыс субъектілерінің өз қызмет бабын, құқықтық мәртебесін және қызмет мүддесіне қайшы әрі құқық пен ар-ожданнның қалыптасқан нормаларына қайшы орналасқан лауазымның беделін пайдалану жолымен істелінеді. Осы әрекеттер мүліктік не өзге пайда табуға және қандай да бір мүдделер мен қажеттіліктерді қанағаттандыруға тікелей бағытталған. Мыс., саяси сыбайластықты саясаткерлердің, саяси үміткерлердің немесе олармен байланысты адамдардың сайлауды дайындау және өткізу, белгілі бір мемлекеттік лауазымға тағайындау немесе бекіту кезіндегі іс-әрекеттері ретінде анықтауға болады. Мемлекеттік билік және басқару органдарында жемқорлық қылмыстардың тікелей нысаны мемлекеттік қызметтің беделін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады. ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану (228-бап), коммерциялық сатып алу (231-бап), қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-бап), билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап), қылмыстық жалғандық жасау (314-бап) туралы лауазымдық қылмыс нормалары ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды. саяси сыбайластықты саясаткерлердің, саяси үміткерлердің немесе олармен байланысты адамдардың сайлауды дайындау және өткізу, белгілі бір мемлекеттік лауазымға тағайындау немесе бекіту кезіндегі іс-әрекеттері ретінде анықтауға болады. Мемлекеттік билік және басқару органдарында жемқорлық қылмыстардың тікелей нысаны мемлекеттік қызметтің беделін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады<sup>[1]</sup>.

Сыбайлас жемқорлық мәселесін зерттей отырып, сыбайлас жемқорлық мүдделі топтардың экономикалық мүдделерінің көлеңкелі ықпал ету түрі ретінде осы мәселеге қатысты төмендегідей түйін жасауға болады.

Біріншіден, барлығы мойындағандай, сыбайлас жемқорлық – саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Өйткені лауазымдық тұлғаның игіліктерді бөлуге құқығы бар жерде, мүдделі тұлғалар тарапынан үнемі әлеуметтік ұқсастық жасау мүмкіндігі болып тұрады. Яғни, игілік деп біз тек қана материалдық ресурстарды меңзеп тұрмаған болармыз, сонымен қатар оған лауазым иесінің түрлі әрекеттерге тыйым салу немесе рұқсат ету тағы басқа құқығы да жатады.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлық жоғары деңгейге көтерілуі бұл мәселеге шындап көңіл бөлуді талап етеді. Заманауи жемқорлықпен күресу шаралары тек қана репрессивтік сипатта болмауы қажет, заңнамалардың да жетілдіруіне баса назар аударған жөн.

Үшіншіден, осы қоғамдық зауалға қарсы қоғамның бірігуі жемқорлықпен күрестің жеңісіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Толығырақ қарастыратын болсақ, сыбайлас жемқорлықты терең зерттеуге толық қол жете қойған жоқ. Іс жүзінде, анық дүниенің өзіне өмір күнделікті өзгерістер енгізіп отыр. Болашақта көлеңкелі әрекеттер сыбайлас жемқорлықтың жаңа түрлерін туындатуы әбден мүмкін. Қоғам мен мемлекеттің алдындағы басты міндеті – осы қылмыстың деңгейін неғұрлым азайту болып табылады.

Жемқорлықты болдырмау үшін, халықтың пікірімізше, экономикалық, құқықтық және саяси сипаттағы шаралар кешенін қабылдау керек, олар:

1. Сыбайлас жемқорлықтың сайлау үдерісіне ықпалын азайту. Сайлау рәсімінің тазалығы және ашықтығы, ең алдымен – сайлау науқандарын қаржыландыру.

2. Заң шығару органдарына сыбайлас жемқорлықтың ықпалын кеміту. Ол үшін депутаттарды қылмысты жауапқа тарту рәсімін ықшамдау керек. Конституция мен елдің заңдарына сүйене отырып, партия қызметіне мемлекет тарапынан бақылауды күшейту. Партиялардың құрылуын қолдау қажет, үміткерлердің сайлаушылар алдында жауаптылығын арттыру, оларға ашық түрде өздерінің үміткерлерін таныстыру, саяси әлеуметтік тетігіне ие болу және олар үшін жауап беру.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүргізуші кадрлардың біліктілігінің жеткіліксіздігі, сондықтан олардың жұмысын жетілдіру, ішкі сатқындардан тазарту – ең алдыңғы міндеттердің бірі.

Бұл мәселені шешу үшін:

1. Ең алдымен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жалақысын көтеру;

2. Құқық сақтау органдарын заманауи техникамен қамтамасыз ету деңгейін көтеру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды енгізу қажет.

3. Жемқорлыққа қарсы ведомстволық бағдарламалар қабылдау. Әр ведомствоға өздерінің ерекшеліктеріне сай, сыбайлас жемқорлық қылмыстар құрылымы және жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асыру тәсілдері бар. Олардың әрқайсысына сырттан мамандарды тарту арқылы ерекше бағдарламалар жасау керек. Ведомстволық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаларды әрбір үш-бес жылда жаңартып отыруды тәжірибеге енгізу

қажет. Осы салаға алуан түрлі сыбайлас жемқорлықты жұқтырған мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларға ревизия жасау да жатады.

4. Насихат және хабардарлық. Бұл шаралар кешені төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс:

- басқа елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы табысты бағдарламаларды зерттеп, игеріп, үлгісін тарату;
- аймақтардың, ірі кәсіпорындардың, салалардың, билік тармақтарының шешімдерін және олардың өкілдерінің әрекеттерін бір-бірімен салыстырып отыру, сыбайлас жемқорлық деңгейінің көрсеткіштерін бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты жариялау және пайдалану;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде тұрақты ақпарат беріп тұру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жемісті нәтиже беру үшін мынадай ұсыныстар ескерілуі тиіс:

1. жемқорлыққа қатысты азаматтардың адами ұстанымын қалыптастыру;
2. құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру;
3. мемлекеттік қызметшілердің ар-ождан ұстанымы олардың мәртебесіне сай болуы;
4. мемлекеттік қызметкерлердің табысын және олардың заңға сәйкестігіне шынайы бақылау жүргізу;
5. қылмыстық жолмен тапқан пайда мен мүлікті тәркілеудің тиімді тәртібін енгізу;
6. мемлекеттік билік және басқару органдарында жемқорлыққа қарсы әрекет ету мақсатында қоғам мен мемлекет осы мемлекеттік қызметшілерге беретін жеңілдіктерді заңда нақты белгілеу.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық – ол белгілі тарапта заңды бұзу арқылы жүзеге асырылатындығы көрсетілді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың таратылу деңгейін анықталып, тигізетін зардаптары, шешу жолдары, алдын алу шаралары толығымен қарастырылды. Белгілі бір шешімдер талқыланып, ұсынылды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі. 2001 ж. 30 қаңтардағы №155 Кодексі. //Егемен Қазақстан. - 2001 ж.. – 2002ж. 12 шілдедегі. - №158 - 159.
2. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 ж. 2 шілдедегі №267 - 1 Заңы. //Казахстанская правда. - 1998 ж. 9 шілдедегі. - №132.
3. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» өзгерістер мен толықтырулар еңгізілген Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2007 ж. Заңы..
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агентігінің (қаржы полициясы) Ережесі туралы» 2004ж. 29 қаңтардағы - №100 Қаулысы.
5. Ағыбаев А.Н. Ответственность должностных лиц за служебные преступления. Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 304 с.
6. [1]

<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D1%8B%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D0%BB>

ӘОЖ - 94.574

## **ҚАҢЛЫ МЕМЛЕКЕТІНІҢ КӘСІБІ МЕН ҰЙ ТҮРМЫСЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ**

**Социалова Д.- В-ЖМҚа-03-21** тобының студенті  
**Ғылыми жетекші: Беккулова А.А.-** аға оқытушы, магистр  
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент

### *Резюме*

*В данной статье рассматривается бытовые хозяйства Кангюйского государства.*

Қаңлылардың тайпалық бірлестіктердің бірі – Сырдарияның төменгі жағын мекендеген тохарлар. Олар біздерге Жетіасар мәдениеті көптеген саналатын ескерткіштерді мұраға қалдырған. Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясының 1947-1951 жылдардағы зерттеулері тохарлар мәдениетінің апоснантар мен саноравантар мәдениетімен түбегейлі астары бар. Қазақ тілінде Жетіасар – жеті қала дегенді білдіреді. Ал шындығында олардың саны жиырмаға жетеді. Бұл комплекстің ірі ескерткіші Алтынасар трапецияға ұқсас бейнелі құрлыстардан тұрады. Ол 16 гентар алаңды алып жатыр. Оның бір мысалы – қазіргі Қазалы ауданының территориясында Жангент немесе Янгикент атты қаланың орны бар. Ол бір кездері сәулетті орталық болған. Ертедегі қала орнын қазу кезінде табылған археологиялық олжалардың ішінде XV – XVI ғасырларда жасалған әшекейлі аспалы шамның сынықтары да бар. 1899 жылы Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің мүшесі – В.А. Каллаур ертедегі қала орнына (төменарық станциясы Жауақорған ауданы) алғашқылардың бірі болып зерттеу жұмысын жүргізді. Ашынас қаласы жайлы. Археологтардың дәлелдеуінше бұл қаланың (Бірқазан станциясы маңы, Сырдария ауданы) тұрғындары оғыздар болған. Коллуар бес қақпалы қорған құрлысын және оның маңындағы бекіністер қалдықтарын сақтайды. [1]

Қаңлылар жеріндегі металл өндіріс жұмысының орталығы – Шаш – Илан аймағындағы қоныстар. Ежелгі Құлата қаласы металл өңдеудің ірі орталығы. Қаңлыларда сүйек ұқсату жұмысы дамыған, сүйектен пышақ, қанжар, семсерлерге қиын жасалған. Қаңлы әйелдері арасында қолөнердің жүн өңдеу кжұмысыбі жақсы дамыды. Қаңлылардың материалдық мәдениеті негізінен қоныстар мен обалардың орнынан табылған заттар бойынша анықталып отыр.

Орталық Сырдария аймағында ( Шаш, Отырар, Қаратау) тараған қаңлы материалдың мәдениеті тарихи әдебиеттерде Қауыншы, Жетіасар, Отырар – Қаратау мәдениеті делінсе, ал I мыңжылдықтың басынан бастап Сырдарияның төменгі ағысында бұлармен тектес Жетіасар мәдениеті де қалыптасады. Жетіасар мәдениетінің ескі жұрттары көлемінің кеңдегімен, орналасуының айрықшалығымен және материалдық мәдениетінің ерекшелігімен сипатталады.

Кангюй мемлекеті мен оның иеліктерінің орналасу мәселелерінің тарихы И.Бичуриннен басталады, ол оның орналасқан жерін Сырдария өзенінің солтүстік жағындағы далалар деп белгіленген. «Шицзи» тексіне Давань жайлы хикаяда берген түсініктемесінде ол кангюй илігі қазір қазақтың ұлы жүзі мен Орта жүзі көшіп жүрген Сырдарияның солтүстік жағындағы далаларды алып жатыр деп атап өткен. [2]

Ежелгі қаңлылардың салттық әдет – ғұрыптарына өлікті жерлеу рәсімдері мен діни дәстүрлері, ұлттық ойын сауық өнерде жатады.

Қытай жылнамаларында жазылып, сақталған деректер негізінде автор ойын - сауыққа қатысты бірер қызықты мағлұматтарды да келтіреді. Қаңлылар қытайлар үшін ойын – сауық мәдениеті, музыкалық аспаптары, ән - әуен шығару, оларды орындау өнері дамыған ел саналған. Қытай жылнамаларында: «Қаңлыларда үлкен және кішкене барабандар, пипа, бес ішекті аспап, яғни жетілген және басқа аспаптары бар» деп жазылған.2

Осыны қорыта келе Н.Мұқамедқанұлы «Осы тарихи жазба деректерден қаңлы елінің ойын - сауық өнері сол кездегі жоғарғы өреге жетіп өзінің көркемдігімен қытай патшалығы ордасынан орын алғандығын, сондай – ақ Қытай елінің ән –би өнерінің дамуына игі ықпал жасағандығын байқауға болады»- деп түйіндейді . [3]

Дін - әрбір халықтың рухани ғұмырының басты тірегі. Түркі тайпалары ұзақ тарихында талай діндерді басынан кешірген. Олар кезінде Көк Тәңір мен шамандық нанымға сеніп, басиді. Пұтқа да табынд, христиан – несторлан діндеріне де мінәжат етіп келді. Тіпті кейде бір қабылдап, екіншжұмысын жалғастырып, синкретикалық (қос дінділікке) құбылысқа ұшыраған кезеңдері де болды. Түркі тайпаларының бір жағы пұтқа табынып жатқанда, екінші жағы Көк тәңірге жалбарынды. Бір қазақтың өзі қазірге дейін «Тәңір жарылқасын!», «Құдай сақтасын!», «Алла бұйырса!», «Жасаған нем жар бола гөр!» деп сыйынып жүрген жоғарғы иелерінің санамызда қатар сақталуынан болса керек.

Б.А.Ливинский – б.з. I ғасырында Кангюй мемлекетінің жерінде Будда храмдары кездесетін еді және Шығыс Түркістанда будда дінін уағыздаушы кангюйлер болды деп көрсетеді. Отырардан Үндістанға барып, онда будда дінінің негіздерін жетік меңгеріп, одан кейін Қытай елінде Будда храмын ашып ол дінді уағыздап таратушы қаңлыдан шыққан ұстаз діндалардың болғаныда қытай тарихында аталады.

Ислам дінінің жері Сырдарияның орта және тзменгі саласындағы қаңлыларға X ғасырда да жете қойған жоқ болатын. Кейбір араб деректеріне сүйеніп, В.В.Бартоғдтың айтуына қарағанда, мысалы, Жент, Сығанақ қалаларындағы қыпшақтармен қаңлылар XII ғасырдың тек екінші жартысында ғана онда да Хорезм патшалығымен тығыз қарым – қатынаста болуының арқасында ғана ислам діні қабылданған көрінеді.

Тағы сол ғалым «Сыр бойына мұсылмандық қаман келді? деген сауалға байланысты Ислам XII ғ Қазақстанның Батыс өңіріне өте бояу тараса, Шығыс өңірінде жеделдеу тарады. Маңғыстау түбегі, Каспи бойы, Сыр бойы XII ғасырда мұсылман дінінің алғы шебі болатын: Сыр бойындағы Сығанақ

мұсылман иелігінің орталығы ...» деп көрсетіледі. Осы кезде (ХІІғ) Қыпшақ иелігі Хорезмшах Текешке 1181 ж өзінің бағынышты екеннің мойындайды. Мұның бір себебін ислам дініне байланысты деп жобалаған жөн.

Бір кездерде кангюйлер мекендеген аудандардан археологтар қоныстар мен қорымдар тапты. Бұл ескерткіштер қауынмы, отырар – қаратау, жетіасар археологиялық мәдениеттеріне жатқызылды.

Қауыншы мәдениеті таралған өңірде Шәушікүм, Жамантоғай, Төребайтұмсық қорымдары зерттелді. Сол кездегі отырар – қаратау, жетіасар мәдениеттеріне жататын басқа зираттардағы сияқты, өліктер киімімен жеке пайдаланылатын заттарымен қоса жерленген. Қабірлерге тамақ салып, су құйылған керамика ыдыстар бірге салынған. Еркектердің қабірлерінен қару – жарақ (семсерлер, қанжарлар, жебелердің ұштары, садақтардың сүйектен жасалған бастырмалары), әйелдердің қабірлерінен көбінесе әшекей заттары моншақтар, айналар, сырғалар, киімге тігілген қалақшалар табылды. Жерлеу жарақтарынан жасалған талдау қабірдің мерзімін біздің заманымыздағы І мыңжылдықтың бірінші жартысы деп белгілеуге негіз береді. [4]

Археолог, т.ғ.д., профессор А.Н. Подушкин 1998 жылдан бастап ғылыми айналымға енгізіп отырған Арыс мәдениеті Қаңлы мемлекеттілігінің негізгі археологиялық ескерткіштерін қамтып, олардың жерлеу салтынан ерекше археологиялық деректер береді. Арыс мәдениетіне тән өлікті жерлейтін қабірдің катакомбалық құрылысы Сырдарияның орта ағысындағы қауыншы–жун мәдениетінің зираттарында, төменгі ағысындағы Түгіскен зиратында, Оңтүстік Оралдағы сармат пен Солтүстік Кавказдағы сармат-алан зираттарында кездеседі. Егерде катакомба, отырықшы этностардың идеологиялық наным-сенімінің эволюциясымен байланысты пайда болған болса, ал сарматтар, көшпелі тайпалар болса, онда Арыс мәдениетінің аталмыш кезеңдерін жасауға қатысқан азиялық сарматтар мен Солтүстік Кавказдағы сармат-аландардың зираттарындағы молалар не себепті катакомбалы? Катакомба, отырықшы этностармен байланысты болғандықтан логика бойынша көшпелі сарматтарда қабірдің мұндай құрылысы болмауы тиіс. [5]

#### Әдебиеттер

1. Д.Талеев. Ежелгі ескерткіштер зерттеу күтеді. Қазақстан тарихы 1994 жыл, N 1 20 бет
2. Мұхамедхан Н. Қаңлы мемлекеті. «Жұлдыз» 2000жыл N7 -142 бет-153 беттер
3. С.Жолдасов «Шежірелі Оңтүстік» Алматы 2002 жыл 11 бет.
4. К.Байпақов, А. Нұржанов «ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан» Алматы, 1992 жыл 49-59 бет.
5. К.Сыздықов, С.Жолдасов «Ата қоныс» Шымкент 1992 жыл 18 бет.



## ТЕМУРИДТЕР МЕМЛКЕТІНДЕГІ АҚША АЙНАЛЫМЫ

Берғалиева З.- В-ЖМҚа-03-21 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Беккулова А.А.- аға оқытушы, магистр

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент

### *Резюме*

*В данной статье рассматриваются денежные отношения и вопросы в государстве Темуридов.*

Орта Азия нумизматкасының тарихын зерттеген атақты нумизмат – ғалым Е.А.Давидовичтің зерттеулері бойынша XIII ғасырдың соңғы ширегі мен XVII ғасырға дейінгі төрт ғасырдан астам уақыт бойында алтын ақшалар соғу ісінің қарқыны төмен болған. Арагідік іске қосылып отырған алтыннан ақша соғу ісінің арасында кей кездері онжылдықтар, кей кездері одан да ұзақ уақыт аралығында алтыннан бірде-бір ақша соғылмаған кезеңдер болып тұрған. Біз қарастырып отырған XV ғасыр да алтын ақша шекімесінде белсенділігімен ерекшеленбейді. Е.А.Давидович Орта Азияның IX-XVIII ғғ. ақша айналымындағы алтын ақша шекімесінің түрлі кезеңдердегі қарқынын:

1 - Күнімізге жеткен жекелеген алтын ақшалар мен көмбелердің сандарына қарағанда IX-X ғғ. Орта Азияда алтын ақша шекімесінің қарқыны төмен болған.

2 - XI-XIII ғғ. жағдай өзгерді. Бұл кезеңде Орта Азияда алтын ақша соғу ісі қарқынды жүрді. Оның негізгі көрсеткіші – ақшалар беттеріне түсіріліп отырған ақша сарайлары атауларының көбеюі. Бұл кезеңде Бұхара, Вахш, Дихистан, Мерв, Мерв ар-Руз, Отырар, Самарқан, Серахс, Термез, Ходженд, Хорезм ақша сарайларында алтын ақшалар соғылып отырған. Қараханидтер тұсында XII ғасырдың екінші жартысы мен XIII ғ. қарқынды жүрді. Мұхаммед бин Текеш (1200-1220 жж.) пен Шағатайлар ұлысында алтын ақша шекімесі қарқынды жүрді.

3 - XIV-XVII ғғ. аралығындағы уақытта алтын ақша соғу ісі кей кезеңдерде аз мөлшерде соғылып отырса, кей кезеңдерде мүлдем тоқтап отырды.

4 - XVIII ғ. алтын ақшалар Бұхарада қарқынды түрде соғылып отырған деп бағалайды [18].

Әмір Темір атымен соғылған алтын ақшалар өте сирек кездеседі. Хорезмде 781-783/1379-1382 жж. аралығында Темір Гураганның атымен соғылған алтын ақшалардың 12 түрі соғылып отырғандығы жайлы мәліметтер бар. Олардың беттерінде бұған дейінгі кезеңдерде соғылып отырған алтын ақшалардағыдай динар атауы берілмеген. Сол дәуірге тән көптеген жазба деректерде алтын ақшалар ашрафи атауымен берілген [19]. Әмір Темірден кейінгі билеушілер тарапынан соқтырған алтын ақшалар да өте сирек кездеседі. Қазіргі таңда Шахрух пен Сұлтан Хусайнның атымен соғылған ақшалар ғана белгілі. Сұлтан Хүсейн атымен соғылған ақша бетінде ақша атауы ашрафи деп көрсетілген. Дегенмен, Темір әулеті билігінің соңғы кезеңдеріндегі Гераттың жағдайы жайлы баяндаған Васифи бір бай адамның дүниесін суреттеуде оның бес сандық күміс және екі сандық алтын ақшадан (ашрафи) тұратын қоры болғандығын айтады. Бұл жазба ескерткіш Темуридтер дәуірінде алтын ақшалардың шекімесі жоғарыда айтылып өткендей аз көлемде емес,

айтарлықтай мол көлемде соғылып отырғандығын көрсеткендей. Дегенмен, қазіргі таңда белгілі болып отырған сол дәуірдің алтын ақшаларының өте аз мөлшерде кездесуі алтын шекімесінің қарқынының төмен болғандығына дәлел болғандай. Алтын құнды металл болғандықтан оның айналым ауқымы ешқандай территориялық, уақыттық шектеуге бағынбайтындығы белгілі. Васифидің еңбегінде көрсетілген екі сандық алтын ақша Темуридтер мемлекетінен тыс жерлерде, немесе алдыңғы кезеңдерде соғылған ақшалар қоры болуы да мүмкін. [1]

Е.А.Давидович Темуридтер мемлекетінде танга термині тек күміс ақшаларға ғана қолданылғандығын, ал, алтын ақшалар, ашрафи деп аталғандығын атап өтеді. Жазба деректерде ақша түрлерін сипаттауда көп жағдайда олардың соғылған металлдары жайлы ешқандай қосымша түсініктемелер берілмейді. Танга сөзінің астарында тек күміс ақшаларды, ал, ашрафи сөзімен, тек, алтын ақшалар айтылып отыратындығы түсінікті болғандығын айтады [2].

Қазақстан территориясының оңтүстік бөлігі тарихтың қай кезеңінде болса да адамзат өркениетінің дамуына орасан үлес қосып отырған өте белсенді өлкелер қатарынан орын алып отырғандығы белгілі. Мұндағы ақша-сауда қатынасы да Қазақстанның басқа өлкелеріне қарағанда ертерек іске қосылған. Бұған, әрине оңтүстік Қазақстан жерлерінің географиялық тұрғыда тиімді орында орналасуы себеп болғандығы белгілі. Ұлы Жібек жолының бойымен өтіп отырған барлық өркениет өкілдері бұл жерлерде өз белгілерін қалдырып отырды. Әмір Темірден кейін мыс ақшалардың прокламациялық мүмкіндіктерінен гөрі, оның ішкі саудадағы рөлі артты. Бұл жағдай да мемлекеттегі ұсақ сауданың қарқынды дамуы әсерінен орын алған жәйт. Билеушілер аттары тек құнды металдардан соғылған ақшалардың (негізінен күміс ақшалардың) беттеріне ғана түсірілетін болды.

XV ғасырда мемлекеттің әлеуметтік өмірінің барлық салалары; қолөнерде, сауда-саттықта, архитектура, шаруашылығында қарқынды даму байқалды. Осыған орай, мемлекеттің ішкі сауда айналымында мыс ақшалар маңызды орынға ие болды. Ұланғайыр мемлекеттің бір басынан екінші басына дейінгі жерлерде соғылған мыс ақшалар ешқандай тосқауылсыз айналымда жүрді. [3]

Темуридтер мемлекетіне қатысты тиындардың көпшілігінің беттерінде үстінен қайта шекімелер (надчекан) түсіріліп отырған. Ақша-сауда қатынасының өркендеп дамыған тұсы – XV ғ. тиындар беттеріне үстінен қайта шекіме бедерлерін түсіріп отыру арқылы айналымда жүрген ақшалардың көлемін реттеп отырған. Одан бөлек, тиындар беттеріне үстінен қайта шекімелер түсіру арқылы мемлекеттің қазынасына қосымша табыс та түсіп отырған. Үстінен қайта шекімелер түсірілген ақшалар үстіне мұндай белгілер түсірілмеген ақшалардан жоғары құндылықта жүрген. Осылайша эмитент осы операциялар арқылы қазынаны толтырып отырса, екіншіден, айналымды ақша артықшылығынан арылтып отырған. Үстінен қайта шекіме іздері тек негізгі номиналдағы тангаларға түсіріліп отырған.

Төмен құндылықтағы ақшаларға қатысты мұндай операциялар жүргізілмеген.

Ортағасырлық Сайрам қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған күміс ақшалар көмбесінің құрамында Сайрам қаласында үстінен қайта шекіме ізі түсірілген ақшалар өлкенің күміс ақшалармен жүргізілетін ірі сауда-қатынастарынан да шеткері қалмағандығын көрсетіп отыр [4].

Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық қала орындарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары ғалымдардың XV ғасырда тауар-ақша қатынасының қарқынды түрде дамыған деген ойларын растап қана қоймай, бұл процесске Қазақстанның оңтүстік аумағындағы қалалардың да белсене араласқандығын көрсетіп берді. Аумақтағы ортағасырлық қалаларда жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде темуридтер нумизматикасында бұған дейін беймәлім болып келген тың жаңалықтардың ортаға шығуына мүмкіндік берді. [5]

Отырар, Ясы-Түркістан, Сауран, Сайрам қалаларының XV ғ. нумизматикасына жасалған шолу жұмыстарының нәтижесінде көшпелі мәдениет пен отырықшы мәдениеттер арасындағы шекаралық аймақта орналасқан бұл қалаларға мемлекет билігінің жіті назар қойып отырғандығы аңғарылды. Өңірде темуридтер кезеңінде соғылған ақша түрлерінің көптеп табылып отыруы, аумақтың мемлекет өмірінде маңызды орынға ие болғандығына дәлел бола алады. Сонымен қатар, бұған дейін және кейінгі ортағасырларда өлкенің сауда қатынасы тек алмастыру әдісімен ғана жүрді. Саудада ақша қызметін тек тауар ғана атқарды деген жаңсақ пікірлерді жоққа шығарып отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бурнашева Р.З., Смагулов Е.А., Туякбаев М.К.. Клады и монеты Туркестана. – Алматы: Баур, 2006. – 204 с.
- 2 Давидович Е.А.. Клады древних и средневековых монет Таджикистана. Москва: Наука, 1979. – 462 с.
- 3 Настич В.Н. К периодизации монетной чеканки Отрара и ее роли в денежном хозяйстве города и области // Ближний и средний восток. Товарно-денежные отношения при феодализме. Москва. 1980. С.168
- 4 Бурнашева Р.З. Отрар, Отрарский оазис, и Южный Казахстан. Нумизматические исследования по денежному делу южноказахстанских городов УП-ХУП вв. Алма-Ата: Наука, 1989. – 78 с.
- 5 Петров П.Н., Байпаков К.М., Воякин Д.А. Монетное дело и денежное обращение Монгольской империй, в государствах Чагатаидов и Джучидов на территории Казахстана. Алматы: Хикари, 2014 – 264 с.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Абдрасил Б.Д. С-СтДқ 11.01-21 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Сатаев А.Т.-п.ғ.м.

ОҚМА АҚ жанындағы медициналық колледжі

*Резюме*

*В этой статье рассматриваются конституционные права человека и граждан и проблемы их осуществления*

Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтық конституциялық міндеттері.

Адам және азаматтың міндеттерінің конституциялық-құқықтық институты тұлғаның конституциялық-құқықтық қатынастардың субъектісі ретіндегі міндеттер көлемін бекітеді.

Адам және азаматтың негізгі міндеттері жалпыға ортақ сипатқа ие, тұлғаның нақтылы мәртебесіне қатысты емес және жоғары, конституциялық деңгейде бекітіледі. Конституциялық міндеттер тиянақталған талаптар тізімін құрайды, оларды орындаудан тұлғаның қоғам алдындағы, азаматтың мемлекет алдындағы жауапкершілігі көрініс табады.

Конституция "әркім" және "азамат" терминдерін пайдалан отырып, адам және азаматтың конституциялық міндеттерін белгілейді. Конституция "әркім" ұғымын қолданған кезде Қазақстан Республикасының азаматтарымен қоса республика аумағына тұрақтаған шетелдіктерді және азаматтығы жоқ тұлғаларды есепке алады.

Әркімнің конституциялық міндеттері мыналар болып табылады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау;
- басқа тұлғалардың құқықтары, бостандықтары, ар-ожданы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеу:
- заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу.

Азаматтардың конституциялық міндеттеріне мыналар енгізіледі:

- Қазақстан Республикасын қорғау және әскери қызмет атқару;
- тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасау;
- тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және оларға ұқыпты қарау;
- табиғатты сақтау және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау.

Конституцияда адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін деп белгіленген. Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

Бір қарағанда конституциялық міндеттер соншалықты көп емес сияқты көрінуі мүмкін, дегенмен олар қоғам мен мемлекеттің қалыпты дамуы үшін қажетті негізгі, маңызды салаларды қамтиды.

Заңдылық режимі құқықтық деп танылған мемлекеттің тұрақтылығы, тәртібінің бұлжымайтын негізі болып табылады. Осыған байланысты әркімнің Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарын сақтауы конституциялық түрде бекітілген (34-б.).

Кез келген қоғамдағы құқық тәртібінің негізі Республика аумағында тұрып жатқан азаматтардың және басқа кез келген адамдардың құқыққа сай мінез-құлық әрекеті екендігі даусыз. Құқық мәдениетіне тәрбиелеуге басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтеу жөніндегі конституциялық талап ықпал етеді.

Өркениетті қоғамның өзіндік бір ерекшелігі баршаның өздерінің салықтық міндеттерін ерікті түрде орындауы болып табылады. Нарықтық қатынастарға көшу, кәсіпкерлік және басқа да экономикалық қызмет нысандарына кең жол ашу мемлекет есебінде болмайтын көптеген кіріс көздерінің пайда болуына әкеп соғады. Аталған себептерге орай заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеу міндетіне конституциялық мәртебе берілген (35-б.).

Әркімнің конституциялық міндетіне Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеу міндеті жатады (34-б. 2-т.).

Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық міндеттері Отанды қорғауда көрініс тапқан, ол оның әрбір азаматының қасиетті борышы және парызы болып табылады. Республика азаматтары әркери қызметті заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша атқарады.

Республикада азаматтардың міндеттеріне табиғатты сақтау және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау міндеті де енгізіледі (38-б.). Табиғатты қорғау заңдылықтары азаматтардың табиғат байлықтарын пайдалану кезіндегі мінез-құлықтарын белгілейді.

Аталған конституциялық-құқықтық норманың мазмұнына зарарлы және есепсіз пайдалану салдарынан апатты жағдайға жеткен қоршаған ортаны қалыпқа келтіру жөніндегі мемлекеттің міндеттері де кіреді.

Қазақстан Республикасының қызметі принциптерінің бірі қазақстандық патриотизм болып табылады, ол Қазақстан тарихын білу, Республиканың мәдени мұраларын зерттеп-тану міндетін алдыға тартады. Қазақстандық патриотизммен тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасау, тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі азаматтардың конституциялық міндеттері тығыз байланысты (37-б.).

Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық мәртебесі.

Қазақстан Республикасының аумағында республиканың азаматтарымен қатар шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар тұрады.

Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасы

Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы" заң күші бар Жарлығымен реттеледі.

Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтар деп Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және басқа мемлекеттің азаматтығына тиесілілігі жөнінде дәлелдемесі бар тұлғалар танылады (Жарлықтың 2-бабы).

Қазақстан Республикасының адам құқықтарын бұзудың құрбаны болған шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға баспана беру құқығы бар. Саяси баспана беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының Президенті шешеді.

Саяси құқықтар мен бостандықтар. Саяси құқықтар мен бостандықтар мемлекеттік билікті жүзеге асыру процесінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі азаматтың құқықтық жағдайын белгілейді. Бұл ретте саяси құқықтар мен бостандықтардың табиғи сипаты Қазақстан Республикасында биліктің бірден-бір бастауы Қазақстан халқы болып табылады деген қағидадан келіп шығады. Азаматтарға кең ауқымды саяси құқықтар мен бостандықтар берілген.

Саяси құқықтардың ең маңыздысы азаматтардың белсенді және бәсең сайлау құқығынан тұратын сайлаушылық құқық субъектісі болып табылады.

Саяси құқықтар қатарына азаматтардың мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығы жатады (33-б. 1-т.). Азаматтар бұл құқықты әр қилы жүзеге асырады. Ең алдымен олар оны тікелей, басқаша айтқанда республикалық референдумға, мемлекеттік маңызы бар мәселелер бойынша жалпыхалықтық дауыс беруге, сайлауға қатысу жолымен жүзеге асырады. Сонымен бірге мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығы өкілді органдардың қызметінен де өз орнын табады: азаматтар сайлаушылар ретінде өз депутаттарына ықпал ете алады.

Азаматтардың белсенділігін танытудың, қоғам мүдделеріне ынтасын арттырудың бір құралы олардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы барлығы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Әркімнің заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді. Конституция Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол бермейді (20-б. 3-т.).

Саяси құқықтар қатарына жатқызылатын Қазақстан Республикасы азаматтарының маңызды конституциялық құқықтарының бірі бірлесу бостандығы құқығы болып табылады (23-б.).

Қоғамдық бірлестіктерді азаматтар белгілі бір міндеттерді жүзеге асыру үшін өз күштерін біріктіру мақсатында құрады. Дегенмен әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар үшін шектеулер бар, олар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс (23-б. 2-т.).

Республика конституциясы азаматтардың бейбіт жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар өткізуге құқығын таниды (32-б.) және оларды еркін өткізуді қамтамасыз етеді. Дегенмен бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін екендігі ескертіледі.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. Алматы ЖШС «Баспа», 1995-64б
- 2.«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 7 қазандағы 1998 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. - 1998. - №20.
- 3.Амандыкова С.К. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2001, -174б.

ӘОЖ 821.512.122

### **КӨНЕ ӨЛШЕМДІК АТАУЛАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ**

**Ердосқызы Ә.** – 10 сынып оқушысы

**Ғылыми жетекші: Атеева Ж.Т.** – М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын 8 мамандандырылған гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*В статье проанализированы национальный характер и история происхождения древних единиц измерения. В статье определены причины классификации древних единиц измерения по их мотивационным признакам и истории их возникновения.*

Қоршаған ортадағы қандай да бір затты, нәрсені немесе құбылысты танып біліп, атау тағып, таңбамен бекіту оның уәждік мән-мазмұнымен белгіленеді. Атауға негіз болатын уаж ұғымының тілдік санасында қабылданған соң, сөз мағынасын құраушы негіз болады. Сөз мағынасы – ұғымның барлық белгілерін емес, басты, негізгі, анық, айқын, нақты, қажетті белгілерін ғана қамтиды. Яғни кез келген сөз белгілі бір ұғымның негізгі бір белгісін қабылдау арқылы қалыптасады. Сөздердің мағынасының қалыптасуына белгілі бір мотивация әсер етеді. Тілдегі лексикалық жүйелер белгілі бір халықтың өмір-тіршілігіне, ұлттың рухани жан дүниесіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, мәдениетіне, моральдық-психологиялық, жай-күйіне байланысты қалыптасқан факторларға байланысты жүзеге асады. Тіліміздегі көне өлшем бірліктердің қалыптасуына, аталуына себепші негіз болған уәждік белгілері бойынша уәждік топтарын төмендегідей бірнешеге бөліп қарастырамыз:

**1. Соматикалық (дене мүшесі) ұғымдармен байланысты туындаған өлшем бірліктер, яғни дене мүшесіне байланысты туындаған өлшем бірліктер:** елі, қары, қарыс, сере қарыс, кере қарыс, сүйем, сынық сүйем, табан, бармақ, шынтақ, құлаш, құшақ, уыс, белуардан, тобықтан, қызыласықтан, қол созым, т.б.

**2. Құрал-сайман атауларына байланысты:** арқан бойы, найза бойы, құрық бойы, қамшы бойы, тұсау бойы, шідер бойы, тізгін бойы, балта сабындай, оқ бойы, арқан бойы;

**3. Төрт түлік малдың жайылымына, шабысына, жүрісіне байланысты:** ат шаптырым жер, құнан шаптырым жер, тай шаптырым жер, түйе көш жер, қозы көш жер, бойдақ қой ауылындай жер, қозы өрісіндей жер, қозы көген жер, қой өрісіндей жер, бие бауындай жер;

**4. Ас-тағамдар мен сақталған ыдысына байланысты:** бір саба қымыз, бір қарын май, бір табақ ет, бір қап ұн, бір асым ет, бір тілім нан, бір ұрттам су, бір шымшым тұз, бір салым шай, мес-мес қымыз, астау-астау көже, самуырын-самауырын шай, қап-қап бидай, табақ-табақ ет, бір табақ ет, бір торсық айран, бір күбі іркіт, бір тегене сорпа, бір астау көже, саба-саба қымыз, қарын-қарын май, дорба-дорба қатық, қозы қарын май;

**5. Киіз-матаға байланысты:** көйлектік шыт, туырлықтық киіз, т.б.

**6. Тәулік, уақытқа байланысты:** күндік жер, сәскелік жер, түстік жер, бір түндік жер, апталық жер, айшылық жер;

**7. Үй іші адамдарының көлем мөлшеріне байланысты:** бір топ жан, бір ауыл, бір тайпа ел, бір қауым ел, рулы ел, дүйім ел, қалың ел;

Қазақ халқының өзіндік дүниетанымы қалыптасқан. Халық мәдениетінің сан ғасырлық мәдениеті бар. Көне өлшем бірліктердің халық өміріндегі орны зор болған. Көне өлшем бірліктердің түрлерінің әр түрлілігі ұлттық ерекшеліктеріміздің бірден-бір негізі. Ғылыми жұмысты толықтырып, болашақта тақырып бойынша зерттеу жұмыстарын жан-жақты жүргізуге тырысамын.

Ата-бабаларымыз басқа халықтар сияқты қоршаған ортадағы заттардың, нәрселердің, құбылыстардың түрін, түсін, көлемін, аумағын, санын, салмағын өзінің ментальдық таным-түсінігінше саралай білген. Ал бұл сан алуан қасиеттер күнделікті тұрмыс-тіршіліктің тәжірибесі негізінде өмірге келгені ақиқат. Осындай асыл қазыналарымыздың бірі деп – тіліміздегі өлшемдік ұғымды білдіретін лексикалық бірліктерді атауға болады. Бұл лексикалық бірліктер тіліміздің сөздік қорының ауқымды бір қабатын құрайды.

**Байырғы қазақ өлшемдері** – қазақ халқының тұрмыс-салт ерекшеліктеріне, кәсіптік қажеттілігіне байланысты қалыптасқан өлшем бірліктері. Қазақтардың көне заманнан бастау алатын халықтық өлшем жүйесіне ұзындық, қашықтық, аумақ, көлем, салмақ, уақыт, мезгіл өлшемі түрлері кіреді. Мысалы, «*бір қыдыру жер*», «*түстік жер*», «*айшылық жол*» деген сөз тіркестері қашықтықты білдіреді. Шығыс халықтарының көбісінде ең кіші салмақ өлшеміне арпа дәні алынған. Кейбір жазба әдебиеттерде сақталған мәліметтер бойынша арпа



дәні алтын мен асыл тастардың салмағын теңеуге арналған қазыналық өлшем ретінде қолданылған. Оған қарағанда бір арпа дәні шамамен 45 мг болған. Басқа жерде осы арпа дәні ұзындық өлшемі ретінде де пайдаланылған. Ал арпаның алты дәнінің еніне тең өлшем бармақ деп аталған

Сондай-ақ уақыт мөлшерін болжауға Күннің, Айдың немесе басқа да аспан шырақтарының көкжиекпен салыстырғандағы орны алынған. Егін шаруашылығымен айналысатын аймақтарда уақыт мөлшерін судың белгілі бір ыдыстан ығысып шығу мерзімі бойынша анықтаған. Жетілдіріле келе бұл ыдыстар су сағатына айналған. Мұндай бірліктердің басым көпшілігі адамның көзбен шамалауымен, жұмсалған күш сезімімен, белгілі бір қашықтықты жүріп өту мерзімімен мөлшерленген. Сондықтан халық арасында жылқыға байланысты «**ат шаптырым жер**», «**бие сауым уақыт**», «**екі елі қазы**» тәрізді қашықтықты, уақытты, қалыңдықты білдіретін өлшемдік мәні бар сөздер жиі айтылады.

Халық арасында сұйықтықты (*қымыз, шұбат, т.б.*) сақтайтын көнек, жанторсық, торсық, мес, саба тәрізді мал терісінен жасалған ыдыстар сол сұйықтықтың мөлшерін шамалауға жиі қолданылған. Мысалы, торсыққа жеті – сегіз аяқ (*литр*) қымыз сыйса, местің сыйымдылығы екі жарым – үш торсыққа тең.

Әлем бейнесінің небір құпия сырларын ұғынып түсінуге әрқашан қадам жасаған әрбір халықтың ғасырлар бойындағы жеткен жетістіктері бүгінгі күнге жеткен мол қазына. Бұл асыл қазынаның қоймасында ұлт табиғатын танытатын дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, діні, мінез-құлқы жататыны сөзсіз. Қазақ халқы да осынау ықылым заманнан бері қарай осындай өзіндік болмыс бітімімен ерекшеленеді. Ата-бабаларымыз басқа халықтар сияқты қоршаған ортадағы заттардың, нәрселердің, құбылыстардың түрін, түсін, көлемін, аумағын, санын, салмағын өзінің ұлттық таным-түсінігінше саралай білген. Ал бұл сан алуан қасиеттер күнделікті тұрмыс-тіршіліктің тәжірибесі негізінде дүниеге келгені ақиқат. Осындай асыл қазыналарымыздың бірі деп – тіліміздегі өлшемдік ұғымдарды білдіретін лексикалық бірліктерді атауға болады. Бұл лексикалық бірліктер тіліміздің сөздік қорының ауқымды бір қабатын құрайды.

Әлем бейнесінің небір құпия сырларын ұғынып түсінуге әрқашан қадам жасаған әрбір этностың ғасырлар бойындағы жеткен жетістіктері бүгінгі күнге жеткен мол қазынасы. Бұл асыл қазынаның қоймасында этнос табиғатын танытатын дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, діні, психологиясы жататыны сөзсіз. Қазақ халқы да сонау ықылым заманнан бері қарай осындай өзіндік болмыс-бітімімен ерекшеленеді.

Ата-бабамыз ежелден басқа халықтар сияқты қоршаған ортадағы заттардың, құбылыстардың түрін, түсін, көлемін, аумағын, санын, салмағын өзінің ұлттық таным-түсінігіне байланысты саралай білген. Осындай асыл қазыналарымыздың бірі – тіліміздегі өлшемдік ұғымды білдіретін лексикалық бірліктерді атауға болады.

#### **Әдебиеттер:**

1 Күркебаев Кенжетай Құрманбайұлы «Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты», Алматы, 2003. – 150 б.

- 2 Құралұлы А. «Ұлттық дүниетаным», «Өнер» баспасы, 1997. – 120 б.
- 3 Тілеубекұлы Т. «Сандар әлеміне саяхат», Қарағанды, Болашақ-Баспа, 1999. –180 б.
- 4 Жанпейісов Е.Н. «Этнокультурная лезика казахского языка», Алматы: Наука, 1989.– 282 с.
- 5 Аққошқаров Е. «Халық арасына кең тараған байырғы өлшемдер», Қазақ тілі мен әдебиеті.  
– Алматы, 2000. №11.

UDC 338

## **ECONOMY AND ECONOMIC POLICY OF KAZAKHSTAN**

**Sharifova S.K.**- student of 1703-20 group

**Scientific supervisor: Berdybekova A.L.**, PhD in Economics, senior lecturer  
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent

### *Түйін*

*Бұл мақалада біз экономика деген не, оның біздің өмірімізде қандай маңызы бар екенін анықтаймыз. Мемлекетіміздің экономикасы мен экономикалық саясатымен танысайық.*

Economy-a set of relations formed in the system of economic activity of society, as well as production, distribution, exchange and consumption. [1]

For the first time in a scientific work, the word "economy" appeared in Xenophon in the fourth century BC, calling it "natural science". The main function of the economy is to constantly create benefits that are necessary for people's lives and without which society cannot develop. The economy helps meet human needs in a world of limited resources.

Kazakhstan's economy is the largest in Central Asia. Since January 1, 2015, the Republic has been a member of the Eurasian Economic Union. [2]

According to the OECD Organization for International Economic Cooperation and development, Kazakhstan's economy has gone through a long period of steady growth over the past few decades with a steady increase in gross domestic product per capita. This has contributed to improving the socio-economic living conditions of the country's citizens, reducing poverty and increasing market activity. The main engine of the country's development was the large-scale export of mineral and energy resources. Thanks to him, before the fall in oil prices in 2014, Kazakhstan's economy had a positive balance of foreign trade.

Such dependence on the country's external demand for oil and gas and Natural Resources is considered as a potential threat and obstacle to the development of its scientific, technical and innovative potential in the medium and long term. Due to the low level of economic diversification, a significant part of the labor force in Kazakhstan is still employed in agriculture. One of the ways to achieve economic diversification is to replace the national industry with the production of high-cost goods. As predicted by the government of the country, this will increase labor productivity and extend the period of moderate economic development in the long term.

The concept of economic development is of great importance.[3] It includes structural changes in the economic structure that lead to changes in social, cultural, scientific, technical, political and other areas of society's life. The study of the principles of economic development is one of the tasks of economic theory. Science considers the laws of functioning of various economic systems, which can be formed by both one subject and their groups. Another feature of modern economic development is the presence of market relations. They form certain properties of economic systems: subjects strive for personal gain. Each subject acts individually and independently. The determining factor of the market is demand.

Systemic economic changes in Kazakhstan over the years of independence can be combined into several stages. [4]

The first stage covers the period from 1992 to November 1993 - the beginning of a radical transformation of economic relations in the absence of its own currency. The economy of the Republic at this stage largely depended on the decisions taken in Russia, and there were practically no mechanisms of influence of the Government of Kazakhstan on macroeconomic policy. Inflation has reached a high level. The Consumer Price Index for December last year was 3,060% at the end of 1992 and 2,265% at the end of 1993.

The second stage of market transformations in the country began in November 1993 with the introduction of the national currency and the formation of its own macroeconomic policy. It was characterized by the creation of a regulatory framework regulating relations in the field of taxation, budget and banking, foreign economic activity, including attracting foreign capital and Customs, developing markets and market infrastructure. As a result of the implementation of a strict anti - inflationary policy, the first significant results of financial stabilization were achieved, bringing the Consumer Price Index (to December last year) to 1258% in 1994, 160.3% in 1995 and 128.7% in 1996, strengthening the tenge exchange rate, reducing the budget deficit, stabilization, etc.

The third stage of economic transformations (1998-2003.) is characterized by the relative stability of the positive dynamics of the main macroeconomic indicators. At the same time, the global and Russian financial crises of 1998-1999 had a negative impact on the progressive development of the economy of Kazakhstan. Due to the unfavorable world price environment for goods exported by the Republic, as well as the reduction of external demand for Kazakhstan's products, in 1999 there was a decrease in the country's GDP, and in 2002 the national currency underwent a significant devaluation. The dependence of the Republic's economy on fluctuations in prices on world commodity and commodity markets and the economic situation in other states was clearly shown. The issues of development of the manufacturing industry, support for domestic producers and small businesses, deepening structural reforms of the economy aimed at overcoming the raw material orientation of the economic complex were updated.

Kazakhstan is deeply integrated into the global economy. [5] The dynamic changes taking place there also have an impact on Kazakhstan. The country should carefully monitor the fluctuations of the world economy and make the necessary adjustments

to its economic and financial policy in a timely manner. Often faced with these processes, including those of a negative nature, our state is gaining relevant experience. The crises of the country in recent decades have learned their harsh lessons and do not allow themselves to relax or relax on the achievements of their achievements.

In fact, no country in the world can get rid of economic shocks and financial shocks. The main thing is to get out of these negative processes optimally, not to lose the accumulated, to preserve the achievements achieved, to ensure the stability of national economies, to draw appropriate conclusions, to restore economic growth.

#### Әдебиеттер:

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%AD%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%BE%D0%BC%D0%B8%D0%BA%D0%B0>
2. [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%AD%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%BE%D0%BC%D0%B8%D0%BA%D0%B0\\_%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B0](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%AD%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%BE%D0%BC%D0%B8%D0%BA%D0%B0_%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B0)
3. [https://spravochnik.ru/ekonomika/ponyatie\\_ekonomicheskogo\\_razvitiya/ekonomicheskoe\\_razvitiye\\_kazahstana/](https://spravochnik.ru/ekonomika/ponyatie_ekonomicheskogo_razvitiya/ekonomicheskoe_razvitiye_kazahstana/)
4. <https://kazedu.com/referat/116869/1>
5. <https://news.invest.kz/59146545-ekonomicheskaya-politika-kazahstana-na-sovremennom-etape>

УДК 811.111

## THE STATE OF THE ENGLISH LANGUAGE AS A MULTINATIONAL

Галустян Д.М. – студентка группы М 1703-81

Научный руководитель: Абрамова Г.И. - к.ф.н., доцент

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

### Түйін

*Әлемде көптеген елдер бар, олардың тұрғындары сөйлейтін тілдер одан да көп. Және бұл жағдайда біз жүз-екі емес, бірнеше мыңға жуық туралы айтып отырмыз. Жер тұрғындары бір-бірін қалай түсіне алады? Бірақ бұл мақсатқа ұлты мен тұрғылықты жеріне қарамастан бәрімізге бір-бірімізбен сөйлесуге мүмкіндік беретін халықаралық тілдер қызмет етеді. Солардың бірі ағылшын тілі. Оның үстіне ағылшын тілі бүкіл адамзат үшін халықаралық қатынас тілі болып табылады. Түрлі нұсқаларына және әр ұлт үшін өзіндік ерекшеліктерінің болуына қарамастан, ағылшын тілі біздің жер шарындағы ең танымал тіл болып қала береді.*

Modern British language, firstly, is heterogeneous, and secondly, is far from classical English, which existed 3 centuries ago. Within the British version, there are three language types: conservative English (conservative - the language of the royal family and parliament), the adopted standard (received pronunciation, RP - the language of the media, it is also called BBC English) and advanced English (advanced - the language of youth). The latter type is the most mobile, it is he who actively incorporates elements of other languages and cultures. Advanced English is most susceptible to the general trend towards language simplification. Changes occur primarily in vocabulary, one of the most mobile parts of the language: new phenomena arise that need to be called, and the old ones acquire new names. New

vocabulary comes in the British youth language and from other variants of English, in particular American.

The language of the educated population of London and the south-east of England over time acquired the status of a national standard (RP). It is based on "correct English" - the language of the best private schools (Eton, Winchester, Harrow, Rugby) and universities (Oxford, Cambridge). This is the classic, literary English, which is the basis of any course of English in linguistic schools for foreigners.

Canadian, Australian and New Zealand versions of English are perhaps the closest to classic British. Due to their geographical isolation, these countries were not strongly influenced by other languages and cultures. Almost all Europeans took part in the formation of American English, while Australia, New Zealand, Canada, and South Africa were inhabited mainly by the British. It was there that English retained a more or less classical appearance. The differences are mainly again in phonetics - in particular, in melody. This is a more even, "neutral" pronunciation, replacing "complex" sounds with simpler ones, for example, interdental in the words that, think ordinary. The Irish, in addition, do not save sounds between consonants, add neutral ones: for example, film sounds like a "film". "Irish English is more musical, tuneful - that comes from Celtic; Australian is characterized by a slower rhythm and an even intonation scale". But America has created an almost new language: the changes affected not only phonetics and vocabulary, but also the most stable part of the language - grammar. Therefore, it is natural that disputes are conducted mainly around two versions of the English language - British and American.

Unlike the British version, American English is more flexible, open to change and easy to read. In particular, that is why it has become more widespread in the world. This is the language of a new generation without a certain nationality and place of residence, brought up on popular culture. The English language of modern youth is more or less common thanks to a common culture, rock music, tight communication and those ideals and idols that, starting with Elvis Presley, remain common spiritual food.

The most obvious factor in rapidly accelerating the progress of the universal lifestyle is the widespread use of the English language. Language is the greatest agent of homogenization, the very wave with which any culture is transmitted. Since English is becoming the main international language of communication, the consequences of this phenomenon are obvious: the cultures of English-speaking countries will be dominant and influential throughout the world. English is primarily the main language for the British and Americans, one of the two official languages of Canada, Ireland, Malta, the official language in New Zealand and Australia, it is spoken by the population of some countries in Africa and Asia (Pakistan, India, etc.), including as official languages.

English is on its way to becoming the first universal world language. And this is confirmed by a number of facts: it is the native language for 500 million people in 12 different countries of the world. This is significantly less than about 900 million people speaking Mandarin Chinese. However, another 600 million people speak

English at a decent level and use as a second language. And also several hundred million possess some knowledge of the English language, which in turn has a semi-official or official status, and this is in about 62 countries. But there may be as many people who speak different dialects of the Chinese language as English speakers, English is undoubtedly more widespread on a geographical basis, and in fact is more universal than Chinese. Its distribution is growing rapidly. Currently, there are approximately 1.5 billion people who speak English.

You can repeatedly hear that the English language is mixed: this applies equally to its vocabulary and grammar. In the grammatical structure of the English language, it is difficult to isolate the elements by which it owes the influence of the Norman-French dialect from those elements by which it owes its own development. In addition to the vocabulary borrowings already indicated, it should be noted the flow of Italian, Latin, Dutch, Spanish, Arabic and other words that were assimilated in the Renaissance, the era of flourishing trade capital. To such foreign words, it is necessary to add a certain number of words of indigenous languages, which entered the language due to the expansion of the colonial power of English capital: canoe - American Indian boat, jungle - Indian jungle, taboo - Polynesian taboo - ban and others. In fact, English has a huge and rich lexical "baggage": Webster's complete vocabulary has approximately 425,000 words.

Such lexical abundance according to its etymology is distributed as follows: words of Latin-French origin - 55%, words of Germanic origin - 35%, words of Italian, ancient Greek, Portuguese, Spanish, German, Dutch, etc. origin - 10%. The situation is different if we turn to the "living" dictionary. With regard to the oral dictionary, only assumptions exist, and for the written dictionary, such work has already been done by individual writers and scientists. The overall result for writing was 85% of German words to the total number of words in the text. For example, writers such as Shakespeare - 86% of German words, Chaucer - 90%, Tennyson - 90%.

The percentage of German words in scientific prose is reduced to 75–80. Worldwide, English is the most taught language, but it does not replace other languages, but complements them. About 300 million Chinese learn English, provided that it is more than the entire population of the United States of America. In fact, in 90 countries around the world, English is either widely studied, or is a second language. In the administrative district of the People's Republic of Hong Kong, students in nine out of ten secondary schools study English. In France, students in public secondary schools are required to study German or English for four years, and most - at least 85% - choose English. Students in Japan must study English before graduating from high school for six years. In some countries, learning foreign languages for children is necessary, for example, in Russia, where most people choose English. In Sweden, Norway, and Denmark, children are also required to learn English. Not taking into account the UK, from all European countries, Holland ranks first in the number of people who know English. An interesting fact is that for some time since Portugal joined the European Community, the demand for English lessons exceeded and even replaced the demand for French lessons. "Teachers, young

professionals, students, government officials, and business people in most countries are experiencing a general shortage of materials and technology in English,” says Charles Wick, former director of the United States News Agency. The agency promotes English language courses in more than 100 countries in 200 cultural centers. USIA sponsored English classes for 450 thousand people.

English is the official language of Great Britain, it is known and spoken by the vast majority of Britons; but in northern and central Wales, a quarter of the population speaks Welsh or Welsh, in western Scotland a small portion of the population speaks Scottish (Scottish) or Gaelic, and in Northern Ireland they also speak Irish (Irish or Erse). Ireland is divided into two parts. Six counties of Ireland are part of the United Kingdom under the name Northern Ireland (The Northern Ireland). And in the Republic of Ireland - the Irish language (Erse) is the official language of the country. In the Scottish Highlands and the Western or Hebrides (Western Isles) you can still hear the ancient Scottish language - Gaelic (Gaelic). In the northwestern region of Scotland, Gaelic and Gaelic culture prevailed for longer. The ethnic composition of the UK: the British - 81.5%, the Scots - 9.6%, the Irish - 2.4%, the Welsh (Welsh) - 1.9%, other nationalities - 4.6%.

English prevails in the transport sector, in the media. English is the language of communication on international airlines; it is the language of travel. Dispatchers and pilots at all international airports speak English. The importance of the English language in the modern world is also confirmed by the words of Warner Sims, an employee of the American Maritime Border Service: "if the ships had to communicate verbally, they would find a common language, which probably would be English." The five largest broadcasters around the world: NBC - CBC, BBC, ABC and CBC - attract a significant audience of approximately 500 million people using broadcasts in English language. It is also the language of satellite television. English obscures the earliest dominant European languages for centuries. For example, he replaced French as the language of diplomacy, English as the official language of international aid organizations such as Save the Children, Oxfam, NATO, UNESCO, and the United **Nations**.

#### **Литература:**

- 1 Bryson B., Reflection: English and How it got the way. - New York, 2016. -654 p.
- 2 Grant W., Manual of modern English. - London: Hard Press Publishing, 2016. - 285 p.
- 3 Crystal D., The Cambridge Encyclopedia of English Language. - 2nd Edition: Cambridge University Press, 2018. – 119 p.
- 4 Britain D., New-dialect formation and sociolinguistic refunctionalisation: reallocation as an outcome of dialect contact. - London, 2015. - Pp. 245 - 256.
- 5 Carter R., Cornbleet S. The Language of Speech and Writing. - London: Routledge, 2015 - 241 p.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН БОЛАШАҚ ДАМУЫНЫҢ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Қудратуллаева.К.Д., Русланқызы.Ә**– 1703-51 тобының студенттері

**Ғылыми жетекші: Жаппарбекова А.Т.** – магистр, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

*Резюме*

*Данная статья посвящена теме способа развития деятельности молодого поколения в Казахстане. В статье представлены последние предпринятые шаги и результаты развития молодых в политике и в общественной жизни.*

Қазіргі ХХІ ғасырда біз ғылымның, ақыл-ойдың, инновацияның, цифрландыру мен креативті бастамалар кезеңінің куәгеріміз. Соңғы отыз жылда елімізде көптеген прогресстер болды, соның ішінде: жастардың білім алуында, ғылыммен айналасуында жағдай жасалынды, бүгінде Қазақстандық түлектер өз елімізде ғана емес, кез келген шетелдік елдің жетекші оқу орындарында білім алуда. Бұл жастардың білім сапасын арттыруға жағдай жасалып, әлемнің озық елдерінің қатарына қосылуды мақсат-бағдар еткен, индустриялық-инновациялық мықты экономикалық бағдар ұстанған мемлекеттің жастар капиталына басты көңіл бөлу белгісі болып табылады. Ауыспалы әлемде бәсекеге қабілетті маман даярлау, оларға жақсы жағдай жасау елдің басты мақсаты болып табылады. Еліміздегі өсіп келе жатқан ұрпақтың білімін және ғылымын дамытудағы мақсаты – жастарға терең білім беру және қандай да бір салада білікті маман болуына мүмкіншілік беру.

Қазіргі таңда 2020-2025 жылдар аралығына арналған ғылымды дамыту мен білім беру жүйесіне мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Бұл жобаға сәйкес 2025 жылға тамам ғылым саласына қаржы бөлу көлемі ішкі жалпы өнімнің 1 пайызын құрайтын болады. Осыған орай мемлекет тарапынан жас ғалымдарды қолдау мақсатында гранттар тағайындау, докторантура мен тағылымдамаларға арналған гранттар арттыру, жас ғалымдардың жобаларын іске асыруға шетелдік ғалымдарды тарту, білім мен ғылым болашағы нәтижелі болуына бағытталған нақты қадамдар екені рас.

Бүгінгі күні ғылымды цифрландыру мәселесі көкейкесті. Қазақ елінің ғылымының бірыңғай ақпараттық жүйесінің құрылуы саласында жаңа белестердің ашылуына, жас ғалымдардың тәуелсіз зейіндерін құруға, зерттеулерге қатысуға мүмкіншілік береді. Нәсихат беру және де ғылымның жаңа бір деңгейге көтерілуі, қолдау нәтижесінде Қазақстанды ғылым саласындағы жетістіктер мемлекеті ретінде табылуына әкеледі.

Егеменділіктің мықты тірегі– дарынды жастар[2], олардың белсенділігін арттыру жолдары көп. Жастардың басым бөлігі тәуелсіз Қазақстан елінде дүниеге келген. Сондықтан да жастардың саясатқа белсенді болғаны өте маңызды. Алайда, қазіргі кезде жастардың көп бөлігі саясатқа белсенділік танытпайды. Мұндай саяси көз-қарас жас ұрпақтың мүлдем саясатқа қызығушылығының жоқ екенін білдірмейді. Жастар әлеуметтік желіде, тұрмыстық деңгейде саяси белсенділік танытады. Ал бұқаралық деңгейде біз белсенділікті байқай алмаймыз. Менің ойымша, мемлекет бұл маңызды



мәселеде жас ұрпаққа көңіл бөлуі жөн. Мемлекет идеологиясы әрқашан да актуалды болып саналған. Көбінесе, мемлекеттің болашағы болып табылатын жастарды тәрбиелеуде мемлекеттік идеологияның орны ерекше. Себебі, идеология қоғамды біріктіруші, бағыттаушы және реттеуші қызметін атқарады. Жастардың белгілі бір мақсатқа жету жолында бірігіп бағытталуы мемлекеттің болашағын айқындайды. Олай болса, бізге жастардан ертеңгі мықты саясаткер тұлғалар шығуы үшін қандай идеология қажет? Қазіргі жастардан ертеңгі мықты саясаткер тұлғалар шығуы үшін ұлттық мүддені көздейтін мемлекетшіл идеология қажет. Демек болашақ саясаткер ұлттық мүддені жеке мүддеден жоғары орынға қоя білуі қажет. Осыны жастар бойына сіңіру керек. Жалпы ұлттық идеология елімізде жоқ деген пікірге мен келісе алмаймын. Еліміз егемендік алған жылдардан бері жүргізіп отырған сыртқы және ішкі саясат, құқықтық база, атқарылып жатқан шаралардың барлығы да мемлекеттік идеологияның бір бөлігі. Осы саяси-құқықтық қызмет арқылы қоғамды басқарады және бағыттайды. Атап айтқанда, қабылданған стратегиялар (Қазақстан-2030 және 2050) мемлекеттік идеологияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қытай реформаторы Дэн Сяопиннің «шындықты іс жүзінде іздеу» [1] деген басты қағидасы біздің елімізде идеологияның бар екенін дәлелдейтіні мәлім. Сондықтан да болашақ саясаткерлерді жастар арасынан қалыптастыруда идеология іздеудің қажеті жоқ. Шыныменде, жастар онсыз да саналы түрде мемлекеттік идеология негізінде тәрбиеленіп жатыр.

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев өткен 2019 жылы «Жастар жылы» деп жариялаған болатын. Оның халыққа арнаған жолдауы маған еліміздің азаматы әрі патриоты, Президенттік жастар кадрлық резервінің мүшесі ретінде көп ой салды. Мұнда мемлекет басшысы болашақ жастардың қолында екенін және оны жүзеге шығаруда оларға көп мүмкіншілік керектігін айтып өткен болатын. Сондықтан да мемлекетіміз біз жастар үшін көп мүмкіншіліктер жасап беруде.

Ыбырай атамыз айтқандай – Кел балалар оқылық ,

Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық.

Оқысаңыз балалар шамнан шырақ жағылар,

Тілегенің алдыңнан іздемей-ақ табылар.[3] – демекші Қазақстан Республикасының болашағын дамытуда біз жастар, бізге берілген көп мүмкіншіліктерден пайдаланып, аянбай еңбек етуіміз керек. Қазір мектеп табалдырығынан бастап балаларға жақсы білім алуға зор мүмкіншіліктер жаратылған. Ауыл мектептерінде де сынып бөлмелері заман талабына сан жабдықталған. Мұнда оқушылар мектептің өзінде ақ интернет желісінен жақсы пайдалану үшін барлық жағдайлар жасалған. Мемлекет басшысының тағы бір біз үшін жаратқан мүмкіншілігі 7 сыныптан бастап Назарбаев мектебіне ауысып білім алуға мүмкіншілік бар. Назарбаев мектебінде жастардың белсенділігін арттыру үшін мүмкіндіктер өте көп. Қазіргі жаңартылған білім мазмұны да біз жастар үшін өте қолайлы болды десем қателеспеймін. Жаңартылған білім мазмұнында жастарды еркін пікірлеуге және өз ойын анық жеткізуге үйретеді. Оған қоса, 2021 жылдан бастап балалар мен

жасөспірімдерді бұқаралық спорт түрлеріне белсенділігін арттыру мақсатында тегін спорт секциялары мен үйірмелер ашу мақсат етілген болатын. Алматы қаласында бұл іс шара үшін 3,2 млрд теңге қаржы бөлінді.

Жастардың белсенділігін арттыру үшін мемлекеттік гранттарда, жылдан жылға көп бөлініп отыр. Жақсы білім алып Мемлекет грантын иеленген балаға тағы мемлекет тарапынан мемлекеттің стипендиялар ажыратылуы біз жастар үшін жаратылған зор мүмкіншілік деуге болады. Ол жастардың білім алуға деген қызығушылығы арттыра отырып, Қазақстан Республикасының дамуына өз үлесін қосуға ынталандырады. Қазақстанның ертеңі мен ұлт тағдырына қатысты сондай басым бағыттардың бірі- елдің ертеңгі егісі, ұлттың болашағы, мемлекеттің арқа сүйер тірегі жастарды қолдау саясаты. Елімізде жастарды жалпы қоғамдық үдерістерге қосу мақсатында ынталандыру іс-шаралары іске асырылып, олардың өзін – өзі көрсетуі мен өз армандарын жүзеге асыруы үшін мемлекеттік деңгейде кешенді саясат жасала бастады. Деніміз сау, ой-өрісіміз кең, ұрпағымыз саналы болсын!

#### Әдебиеттер:

1. <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/828>
2. “Егемен Қазақстан” газеті, 2020
3. <https://abai.kz/post/38322>

ӘОЖ 316.2

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ӘСЕРІ

Русланқызы Ә., Юнусова С.У. – 1703-51 тобының студенттері

Ғылыми жетекші: Тилеубаева Г.У. – магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

#### Резюме

*В данной статье рассматриваются такие актуальные вопросы, как влияние и зависимость подрастающего поколения от социальных сетей. В работе приводятся данные по статистике пользования социальными сетями и исследование по опросному листу над студентами.*

XXI ғасыр – жоғарғы ақпараттық технологиялар заманы. Ақпарат іздеу, жұмыс қарау, дос табу, онлайн білім көзін алу және тағы да басқа күнделікті әрекеттерді кәдеге асыру үшін шынайы өмірге қарағанда, виртуалды түрде жүзеге асуы басым. Әлеуметтік желі — ақпарат алмасу, қарым-қатынас жасау және уақыт үнемдеу құралы. Қазіргі жастардың көп бөлігі өз өмірлерін сымтетіксіз немесе интернет желісіз елестете алмайды, яғни олардың ең сенімді құралдарына интернет айналды.

Қазіргі таңда әлемнің 57%-ы бетпе-бет сөйлесудің орнына, әлеуметтік желі арқылы «әңгімелесуде». Ал сіз ғаламторды жиі қолданасыз ба, интернет желісінде отырғанды ұнатасыз ба? Ұйқыдан тұрған соң ноутбугіңізді қосып, поштаны тексеремісіз? Бұл сұраққа жоғарғы оқу орындағы білім алатын студенттер ойланбастан "әлбетте, ия" деп жауап қайтарады. Себебі, студенттердің басым бөлігі күнделікті әлеуметтік өмір жаңалықтарын интернет

арқылы біліп отырады. Күннен күнге жасөспірімдердің көзбе-көз әңгімелесуі азайып, әлеуметтік желілер қолданысы көбейіп келе жатыр. Ғаламтор жүйесі 10 жыл бұрын пайда болғанымен, қазіргі таңда ғаламторды қолданбайтын адамдары табу қиындыққа соғады.

Бүгінгі күнде “Instagram”, “Одноклассники”, “Facebook”, “Telegram” атты әлеуметтік желілер өте танымал болып келеді. Ғаламтор адамның физикалық денсаулығы жағынан да ықпалын тигізеді. Мысалы, 15жастағы жасөспірім бір күнде 4 сағатын экран алдында өткізетін болса, ол физикалық күшке тек 1 сағат қана уақытын бөледі. Статистикаға жүгінетін болсақ, Қазақстанда интернет қолданушылардың 61,4 пайызы “Instagram” желісінде, ал 23,2 пайызы “Telegram” желісін қолданады екен. Бұл көрсеткіш жастардың қай әлеуметтік желіде қаншалықты отыратынын көрсетеді. Мыңдаған ата-аналар бұл процесстің әсері қауіпті екенін айтуда. Өйткені, 10-20 жас аралығындағы жасөспірімдер әлеуметтік желіге тәуелді болып қала алады. Ал бұл болса жасөспірімдерге маңызды әлеуметтену процесі жүреді, яғни дүниетанымы мен психикасы қалыптастыратын маңызды кезең болып саналады.[1]

Әлеуметтік желілердің жастар арасындағы алатын орнын зерттеу барысында біз әлеуметтік сауалнама жүргіздік. Бұл социологиялық зерттеу Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің филология факультеті 1703-41,1703-61,1703-11-4 топтарының аралығындағы студенттерге жүргізілді. Іріктеменің жалпы көлемі 30 адамды құрады. Зерттеу онлайн түрдегі сауалнама ретінде жүргізілді. Зерттеуге қатысқан респонденттердің демографиялық жағдайын суреттейтін болсақ: барлығы әйел адамдар. Олардың жас аралық айырмашылығы - 17 мен 18 жас аралығы.

Зерттеудің сұрақтары студенттердің әлеуметтік желіні қаншалықты жиі, қандай себептермен пайдаланатыны және оларға деген ата-анасының көзқарастары сынды сұрақтарға бағытталды. Нәтижесінде, көптеген студенттер бір күнде 5 сағаттан астам уақытын әлеуметтік желілерге жұмсайтыны белгілі болды. Бұл өз қатарында әлеуметтік желілердің өте көп пайдаланатындығын білдіреді. Сонымен қатар, студенттердің әлеуметтік желіні көптеп пайдалануына дерлік барлық ата-аналары қарсы еместігін білдік. Онымен қоса, 90% студенттер “Әлеуметтік желісіз өміріңізді елестете аласыз ба?” деген сұраққа “жоқ” деп жауап берген. Бұл дегеніміз - ғаламтор жастардың өмірінің бір бөлігіне айналып кеткен деген мағынаны білдіреді.

Көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша, әлеуметтік желілер психикалық депрессияға, белсенділіктің төмендеуіне әкеліп соқтырғанын айтады. Twitter, Instagram, YouTube, Facebook, ВКонтакте сияқты әлеуметтік желілерден жасөспірімдер өздеріне мүлде керексіз жарнамалар мен жаңалықтарды көрудің арқасында ойламаған зиянды әрекеттерге барып жатыр және желілерге болған тәуелділік артып келеді. Осы жағдайлардың барлығы жасөспірімдік уақытта баланың дұрыс ойлауына, даму барысына кері әсерін тигізіп, агрессия тудырып жатады. Кейбір жағдайларда, тіпті, қауіпті психологиялық аурулардың тууына себепші болады.[2] Венгр ғалымдарының зерттеулеріне сүйенетін болсақ, сол елдегі әрбір мектептен алынған сауалнама

нәтижесінде балалардың өзін-өзі бағалауы мен күйзеліс ауытқуларының деңгейі мәлім болды. Нәтижеде, жасөспірімдердің 4,5%-ы әлеуметтік желіге тәуелді деңгейде екендігі байқалды.[3]

Қазіргі таңда жасөспірімдердің шынайы өмірлеріне деген қызығушылықтары азайып, ондағы қиыншылықтардан өздерін алшақ ұстай отырып, керісінше, әлеуметтік желілердегі өз белсенділіктерін арттыру барысында шыдамдылық таныта отырып, желіні аптасына 30 сағаттан көп қолданып жатыр. Оның нәтижесінде, соғұрлым оның сыртқы келбетіне болған сенімсіздігі арта түсуде. Сонымен қатар, интернет пен әлеуметтік желілерді көп уақыт бойы қолдану білім сапасының төмендеуіне де әсерін тигізеді. Сол себепті, олардың жақсы жақтарын өзімізге алу, пайдалану бүгінде өзекті мәселеге айналған.[4]

«Таяқтың екі ұшы болады», - демекші, әлеуметтік желілердің пайдалы жақтары да аз емес. Мысалы, желілер арқылы жарияланған соңғы жаңалықтар мен оқиғаларды біліп отырамыз, көңіл көтеретін әндер, өлеңдер, сурет, фильм мен мақалалар табуға болады. Онымен қоса, білім беретін деректі фильмдер мен түрлі кітаптар, лекция, мақалалар тауып, өз пайдамызға жарату мүмкіндіктері бар.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда әлеуметтік желінің жасөспірімдердің психологиясына кері әсерін тигізіп жатқандығын, желілердің жастарды шынайы өмірден алыстатып жатқанын, күрделі күйзелістерге әкеліп, агрессия тудыратындығын айтқымыз келеді. Алайда, бұл әлеуметтік желілердің мүлдем тигізер пайдасы жоқ дегенді білдірмейді. Тек, ғаламторда өзімізге керекті ақпаратты ғана қарап, қалған уақытты өзімізге пайда тигізер іспен айналысуға, ақыл-білімді дамытып, өмірге деген құлшынысты арттырып, шынайы өмірге шынайы көзбен қарауды үйренейік! Деніміз сау, ой-өрісіміз кең, ұрпағымыз саналы болсын!

#### Әдебиеттер:

1. <https://massaget.kz/blogs/13955/>
2. Ақтөбе газеті – 2016ж
3. <https://massaget.kz/layfstayl/teho/sholu/11974/>
4. <https://bilim-all.kz/article/15034-Aleumettik-zhelinin-aseri>

ӘОЖ 94(574)

### ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТТІ СӨЗ!

Русланқызы Ә., Юнусова С.У. – 1703-51 тобының студенттері

Ғылыми жетекші: Агулыкова У.А. – аға оқытушы, магистр

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

#### Резюме

*В данной статье проведен общий обзор историческим событиям сопутствующим получению независимости нашей республики. В статье обращено внимание на исторических личностей боровшихся во благо народа против как колониальной политики царизма, так и тоталитарного режима советской власти, и на то, что пришлось пережить казахскому народу на пути обретения независимости.*

Тәуелсіздік – аса қасиетті сөз! Осынау құдыретті сөздің астарына үңілетін болсақ, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы армандары, азаттық жолында құрбан болған қаншама қаһармандардың ерлік істері есімізге түсетіні анық. Кез-келген халық үшін өзінің мемлекетін құру арман екендігі сөзсіз. Мемлекеттің ғұмыр кешуіне қауіп төнетін болса, оны сақтап қалуы, я қайтадан жаңғыруы үшін күрес басталады. Осындай мұнды оқиғалар қазақтың басынан аз уақытта өткен жоқ. XV ғасырларда құрылған Қазақ хандығы үш ғасыр өте келе, қазақтың саяси қоғамынан шеттетіліп, халық Ресейге, кейіннен, Кеңес империясының құрамына біріктірілді. Алайда, жеке мемлекетті жаңғырту туралы ойлар әрқашанда халқымыз үшін бір шамшырақ ретінде қала берді.

Қазіргі таңда Қазақстан – бейбітшілік пен ынтымақтастықтың мекені. Осы дәрежеге жету үшін қаншама ауыртпашылықты басынан өткізіп, сол бір қилы замандарда талай жол кешіп, талай боздақтар елімізді тастап кетуге мәжбүр болды. Ол кездері басына ауыр азап келіп, тау, су кешіп жүрген бабаларымыздың басына егемендік тумайтындай көрінген еді. Талай-талай боздақтар өз отанының, жерінің топырағын сағынумен өтіп кетті ғой! Халықтың, мемлекеттің толықтай даму тарихына көз жүгіртетін болсақ, азаттық, егемендік пен бостандық алу үшін біршама күрестердің болғанын аңғаруға болады. Онымен қоса, тәуелсіздікті қолға алғаннан кейін де оны сақтап, қалыптастырып, өскелең ұрпаққа аманат етіп қалдыру – ұлы борышымыз болып табылады. Міне, халқымыздың сан жылдар бойы аңсап келген арманы жүзеге асқан Қазақстан тәуелсіздігіне бүгінде 30 жыл толды! Ал соған жету барысында қаншама жылдар бойы күресіп келдік. Шынымен, атам қазақ бірлік болмайтын жерде тірлік те болмайтынын бекер айтпаған. Бірлікте болмай, патшаның бізді отарлап, қинап жатқан кезінде ғана, халық кешегі өзінің еркін өмірін қолдан ұшырып алғандығын аңғарды. [1]

Қазақтың бейбіт өмірі, тәуелсіздігі үшін тарихымызда айтарлықтай орын алатын көтерілістер аз емес. Олардың қатарына Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы бастаған және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістерді жатқызуға болады. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Иса, Досан, Шотан батырлар, елімізді қорғауды ұрандап, өздерін құрбан ете отырып, елдің құрметіне ие болған ата-бабаларымыз қаншама. Батыр бабамыз Кенесарының көтеріліс жасаудағы бар мақсаты – өз елінің тәуелсіздігін алу еді. Сол бір тәуелсіздік үшін сын сағаттарда өзінен гөрі елін жоғары қойып, өз өмірін қиды. Кенесары ханның қозғалысын Наурызбай, Ағыбай, Жоламан, Басығара батырларымыз да қолдап, қолпаштап отырды. Біраз жыл жалғасқан бұл соғыс халқымызда әлі де дұшпанға нық тұра алатын батырлар бар екендігін дәлелдеп берді. Ереуіл атқа ер салып, қаншама жер жастандырған, қан төгіп, жер шалдырған, садақ-қару ұстатып жауға қарсы шабуға рух берген де сол ұлы азаттық жолы болатын! Тәуелсіздік жолындағы күрес бірқалыпты болған жоқ, ол су толқыны сияқты халықта қайта-қайта жарға әкеліп соқтыра беретін. Осыған байланысты 1916 жылдағы ұлт-азаттық көтеріліс те белең алған. Расында ол одақтың шығысының барлық жерін қамтыды. Сонау Оңтүстік

Америка, Африка, Азия жерлеріндегі азаттық көтерілістерінен кем түспеді. Осы сәтте, қазақ халқының басындағы нәубетін жеңіп шығуға А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов сынды зиялылар зор ықпалын тигізгенін атап өткен жөн. Уақытша үкіметтің оңайлықпен автономия бермейтіндігіне көзі жеткен Ә.Бөкейханов кадет партиясынан шығып, 1917 жылы «Алаш» партиясын құрған болатын. Оның басты мақсаты – егемендікке ие болу еді. 1930 жылдағы Созақ, Шұбартау көтерілістерінің қай қайсысын алып қарасақ, бәрі де отаршылдық езгіге қарсы бағытталған болатын. Қандай кезеңде болмасын, отансүйгіштік сезімнің барша халыққа тиесілі және биік екендігі баршамызға мәлім. Сол себепті де, елге деген асқан махаббат, жоғары сүйіспеншілік, ана жерге болған қадірлі, асқар сезімдер – көптеген ерліктердің, ғажап батырлықтың бастамасы, белгісі болып табылады. [2]

Қазақ даласы қилы тағдырды басынан кешірді, небір қиыншылықтардан өтті, олардың ішінде: аштық, қуғын-сүргін, ұжымдастыру, жала жабу, геноцид, жаппай қазақ елін қанау және тағы да басқа Кеңес үкіметі ұйымдастырған зұлымды істер орын алды. «Ақтабан шұбырынды», «Қазан төңкерісі», «Желтоқсан төңкерісі» секілді оқиғалар тарихта ауыр азап ретінде қалды. Сол кезде қазақтар ашаршылыққа ұшырамағанда қазақтың халық саны жүз миллионға жетер ме еді. Кеңес үкіметінің мақсаты - қазақтарды жою және жерлерін өз меншігі ретінде алу болатын. Алайда, қазақтардың ата-бабалары өте мықты және рухты көшпелі батырлар халқы болатын. Сондықтан да, Кеңес үкіметінің қолынан бүкіл қазақты өлтіру келмеді. ХІХ және ХХ ғасырдан большевистік-шовинистік аппаратқа және патша отаршылдарына, Кеңес үкіметіне қарсы шамамен 400-ге жуық көтерілістер болған. Бұның өзі қазақ елінің рухты және шыдамды екеніне дәйек болып табылады. 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы болған саяси көтеріліс болды, себебі КП Орталық Комитетінің Пленумының басшысы ретінде Г.Колбин сайланды. Желтоқсанда алаңға шыққан жастар қазақ елінің азаттығын қалап, «Қазақ елін қазақ басқарсын!» деген басты талаптарына тоталитарлық жүйе құлақ аспаған болатын. Қазақ жастары үлкен белсенділік көрсетті.[3] 16 жасар Л.Асанова: “Қазақтар! Кіріптарлық құлдықта өмір сүргеніміз жетеді! Біз еліміз тәуелсіздігін жеңіп алған кезде ғана азат бола аламыз!” деп ұрандатқан болатын. Тәуелсіздік жолында басқа да миллиондаған қазақтар өз өмірінен айырылды. Сондықтан да, тәуелсіздік біз үшін ең қымбат дүние. Тәуелсіздік ешқандай аспаннан түскен құдірет немесе сыйға тартылған сыйлық емес. Азаттық жолы әрқашанда азапты. Тәуелсіздіктің өзі емес, тек жарқын елесі үшін қаншама батыр бабаларымыз бен дана дала абыздары ат үстінде пида кетті, түрмеге тоғытылды, Сібірге итжеккенге айдалды, атылды, асылды, суға бүркелді. Азаттық үшін алысқан ата-бабаларымыздың есімін ұмытпау – біздің парызымыз.

Ал енді елеулі жыл –1991 жыл. Әрбір алып империя күндердің бір күні құлайды. 1991 жылы 21 желтоқсанда аталған 11 республиканың басшылары КСРО-ны ыдыратып, ТМД-ны құру туралы келісімге қол қойды. 1991 жылғы желтоқсанның 10-ы Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Қазақ

Кеңестік Социалистік Республикасы Қазақстан Республикасы деп өзгертілді. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды. Осы күні Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Сонымен, 1991 жылғы 16 желтоқсан - Республиканың тәуелсіздік алған күні болып тарих сахнасына енді.[4] Тәуелсіздік жолында өмірлерін қатерге тігіп, құрбан болған Алаш зиялыларының арманы орындалды!

#### Әдебиеттер:

1. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы, 2010.
2. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. — Астана: Елорда, 2005.
3. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. — Алматы: Атамұра, 2006.
4. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // <http://kk.wikipedia.org/wiki>
5. <http://e-history.kz>

ӘОЖ

## TRILINGUALISM AND POLYLINGUALISM IN KAZAKHSTAN: PROBLEMS AND PROSPECTS

**Abdumalik Aiaulym Bolatqyzy** С-МіҚ-9.03-21

Research supervisor: Anapiyaeva Gulnara Tursyngazievna.

SKMA of JSC Medical College

*Түйін*

*Қазақстан Республикасының қазіргі қоғамында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруге бағытталған үштілділік саясаты жүргізілуде. Берілген мақалада Қазақстандағы үштілділік пен көптілділік мәселелері мен перспективалары және оның жүзеге асырылуы қарастырылған*

Language is one of the most important necessities in human life, and is also one of the main symbols of any independent country. This is a means of our social activity, with the help of which we exchange, absorb, receive new information. Language proficiency since ancient times has been a huge talent of civilized society. But in connection with the rapid development of the economic, political, educational spheres, our era requires polilingualism from us. Language is the pillar of the state, the spiritual wealth of the people, the past and the future. No matter what people they are, others will know them through language. The state language is one of the main symbols of an independent country. Any civilized country has its own national language, such as the Flag, Coat of Arms, Anthem, borders. But the Kazakh language is not only the language of the Kazakh people, but also the state language is our common language. The language of citizens living in Kazakhstan, perceiving it as their homeland, considering themselves patriots of Kazakhstan

Learning in three languages is a time requirement. The main goal is the development and formation of a cultural personality who speaks several languages, capable of social and professional definition[2].

Today, speaking several languages is a necessary skill and requirement of our time. Priority, of course, is given to the Kazakh language, as the state language, the Russian language, as the language of interethnic communication and the English

language is - as the international language. Polylingual personality is an active medium of several languages, which is a personality of speech - a complex of psychophysiological properties that allow an individual to perform speech activities simultaneously in several languages; communicative personality - a combination of abilities for verbal behavior and the use of several languages as a means of communication with representatives of different linguistic societies; vocabulary or ethnosemantic personality - symbiosis of worldviews, values, behavioral experience, integrated in the lexical system of several languages. [3]

Trilingualism is the demand of time, it helps people to expand their knowledge, skills, and develop mutual understanding between people, and the degree of proficiency in languages is one of its main criteria. Trilingualism as an important direction in the development of mankind has long been recognized. Today it is impossible to imagine that somewhere else there are countries whose people would speak only one language. No one will doubt popular wisdom: "How many languages do you know - so many times you are human." The great Kazakh poet, writer, philosopher Abay Kunanbaev at one time called on Kazakhs to study Russian. He understood that through the Russian language and Russian culture, the Kazakh people would be able to join world literature.

These provisions have already been successfully implemented in schools where instruction is provided in Kazakh, Russian and English. This contributes to the development of communication skills of students. In addition, teaching in three languages, and, as a result, proficiency in them is almost perfect, will contribute to the inclusion of students in the culture and traditions of different peoples. And this is something other than the formation of a polylingual and multicultural personality. In turn, multilingual education is a purposeful, organized, normalized three-way process of teaching, education and development of the individual as a polylingual person based on the simultaneous mastery of several languages. The programme of multilingual education provides for the creation of a new model of education that promotes the formation of a competitive generation with a knowledge of language culture. Knowledge of Kazakh, English and Russian languages will give young people the key to world markets, science and new technologies, will create conditions for the formation of a worldview for constructive cooperation on the basis of inclusion in ethnic, Kazakh and world cultures. It should be noted that the multilingual education program introduced in Kazakhstan is unique and implies parallel and simultaneous learning in three languages, unlike Western countries.

The concept of expanding the sphere of functioning of the State language and increasing its competitiveness is aimed at improving the quality of teaching the State language, ensuring its functioning in all spheres of public life, and increasing its role as a factor in strengthening patriotism and interethnic harmony. The concept of language policy of the Republic of Kazakhstan defines the Russian language as the main source of information in various fields of science and technology, as a means of communication with near and far abroad. At the same time, integration into the world economic space is not possible without knowledge of world languages, in particular English.



Trilingualism is the key to a successful career. Learning a foreign language for a career contributes to business communication skills, partnership cooperation, and increased competitiveness in the labor market. Proficiency in languages is one of the key to success on the path to life, allows you to rise a step higher, cover more vast spaces of communication, get acquainted with the national characteristics of the culture and traditions of the peoples of other countries. Today, knowledge of several languages becomes a mandatory requirement not only of foreign, but also of Kazakh employers. Fluency in a foreign language, along with good professional skills, will allow the specialist to get a decent job and build a successful career. Knowledge of several languages will enrich and expand the boundaries of our lives. This is one of the important bricks of the foundation on which our whole life is built.

In the modern world, knowledge of a foreign language is the norm for active and purposeful people, if you communicate freely in several languages, it will increase your life prospects. Of course, learning the language is not easy. However, everything is possible in our world, the main thing is strong faith in your own strength. As the English proverb says: "When there is a will, there is a way. Knowledge of languages gives us the opportunity to build a confident future. We're building our own tomorrow.

#### **Literature:**

- 1.Nazarbayev N.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. - Astana, 2017. - 508 б.
- 2.Послание Н.А.Назарбаева народу Казахстана
- 3.Капитонова Т.И., Moskovkin L.V., Schukin A.N. Methods and technologies of training. M.: Courses, 2008.-312 p.
- 4.Concept of development of education of the Republic of Kazakhstan till 2015
- 5.Selevko G.K. Pedagogical technologies based on activation, intensification and effective management of UVP.M., 2005.-215 s.
- 6.<https://www.nur.kz/family/school/1618075-trekhyazychie-kak-propusk-v-bolshoy-mir/>

ӘОЖ

### **ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ!**

**Налибаева К.Д С-МІҚ-9.01.20 тобының студенті**

**Ғылыми жетекші: Ахтаева К.Б.-оқытушы**

**ОҚМА АҚ жанындағы медициналық колледжі**

#### ***Резюме***

*Слова великого Абая: “Человек может опередить другого человека только при помощи разума и науки” сегодня актуальны в процессе формирования поколения конкурентоспособными в соответствии с законами прогресса мировой науки. Ведь образованное поколение - будущее нашей страны. В современном мире, где процветает независимая страна и процветает культура, только образованная молодежь возвышает нашу нацию, поднимает нашу страну на небеса. На сегодняшний день общество оказывает большое влияние на то, чтобы молодежь получала качественное образование, воспитывалась и становилась мудрым гражданином. Нельзя забывать, светлое будущее Казахстана будет формироваться только с образованной молодежью!*

Кез келген мемлекеттің болашағы білімді жастар. Бүгінгі жас – болашақ Қазақстанның жанды бейнесі. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға.

Қазір алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастыраар артында өсіп келе жатқан жастар екені даусыз. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты.

Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының биыл «Жастар жылын» жариялап, Жарлыққа қол қоюы еліміздің тарихында ұлт Көшбасшысы мен мемлекет тарапынан жастарды қолдауға жасалған теңдессіз қадам деп білемін. Қарап отырсаңыз, биыл тұтас бір жыл жастарға арналып отыр. «Осы кезеңде қандай нәрсеге баса назар аударған дұрыс? Біз, жастар өзгеріске қалай дайындалуымыз керек? Мемлекет пен қоғамға пайдамыз тию үшін не істеуіміз керек?» деген сауалдарды мақсаты бар әр жас азамат өзіне қою керек.

Иә, ақын, педагог М.Жұмабаев айтпақшы мына қоғам «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» жалындаған жастарға иек артады, соларға сенеді. Еліміздің өсіп өркендеуі үшін, жас мамандардың ойының ұшқырлығы, тың идеялары өте маңызды. Қандай мамандық иесі болса да, өз істеріне жауапкершілікпен қараған адамның, жетер жетістігі де өте көп болмақ. Иә, 2019 жыл «Жастар» жылы болып бекітілді. Яғни бұл дегеніміз, жастарға деген сенімділік пен оларға қолдау көрсету. Болашағының жарқын болып, ойлаған арманын іске асырып, алдына тың жоспар қоя білген әр жас маман буынға осы жыл таптырмас мүмкіндіктердің бірі. Мен де жас маман ретінде, елімнің болашағы үшін еңбек етемін. Таңдаған мамандығымның арқасында, көп нәрсені біліп және әлі де ізденіп келемін.

Ізгілік пен ізденісті тұмар қылған мен жан-жақты білімділікті, шәкіртке деген шуақты көзқараспен қарауды, әр оқушының бойына үңілуді, олардың жан дүниесін түсінуді, мүмкіндік беруді үйреніп келемін. Үнемі шәкірттеріммен тығыз байланыста болып, олардың ойымен санасып, көкейіндегі арманын тындап, сол бойынша бағыт-бағдар беріп, дұрыс жол нұсқап, екінші анасы ретінде көмектескенім үшін өзімді ерекше бақытты сезінемін.

Мен – жас маманмын: соның ішінде ұстазбын! Кешегі балғын бөбектен «адам» деген жаратылысты тәрбиелеп шығудан абыройлы іс жоқ шығар тегінде. Даналықтың қайнар көзі — білім. Даналыққа жету жолы қиын да ұзақ...

Ұстаз – ол көшбасшы. Жаңа қоғам мұғалімі – рухани бай, әлеуметтік жетілген, шығармашыл тұлға. Өз ісінің маманы, педагогикалық әдіс – тәсілдердің қолданудың хас шебері. Әрдайым жеке бас дамуына ұмтылатын, болып жатқан заман талабына тез бейімделе алатын жаңа қоғамның дара тұлғасы болу керек. Бүгінде жаңа өмір жолын бастаған жас мамандар арасында педагогикалық мамандықты таңдаған менің қатарластарым жыл сайын көбейіп келеді. Бұл болашаққа жасаған ой-жоспарыңды қиялдатады, көңілге қуаныш ұялатады.

Ағартушы-педагог Мағжан Жұмабаев: «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы» деген еді. Ал, жазуымыздың латын әліпбиіне көшуі өте дер кезінде қозғалған бастаманың бірі деп едім. Өйткені, тарихтан белгілісі, бұған дейін де қазақ халқы латын қарпін қолданды. Мен алдағы уақытта және

болашақта әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетін байланыстырып, Абай бастаған әдебиет асылдарының туындыларын ағылшын тіліне аударып, оны әлемге танытқым келеді.

Мектеп ұжымының, оның ішінде мектеп басшысы Гүлбаршын Жақимқызы маған деген ниеті де, пейілі де тіпті ерекше болды десем артық айтқандық емес. Міне, ұйымшыл ұжымның бірлігінің арқасында көп нәрсені үйреніп, өзімнің шәкірттерге сапалы білім беріп жүргенімді мақтаныш етемін. Елбасымыздың жас мамандарға деген қамқорлығына, әрине, бәріміз шексіз ризамыз.

«Жастар жылы» – жастарға арналған зор мүмкіндік, онда бастау алатын «Жас маман» бағдарламасы жастарға кездесетін қиындықтарды еңсеруге көмектеседі. Жастарға әлеуметтік көмек көрсету, жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында да игілікті шаралар қолға алынып жатқаны қуантарлық. Әрбір маманның өз жұмысы, сол жұмысының қиындығы мен қызығы бар.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жастарға: «Біз тәуелсіздікті алдық, ұстадық. Тәуелсіздікті алу бар да, сақтау бар. Енді сендер сақтаңдар» деді. Бұл – аманат. Аманатқа сай жастар бар, бірақ, олардың қатарын көбейтуіміз керек. Елбасымыз «Қазақстанның болашағын жастарға сеніп тапсыруға болады» деді. Сондай-ақ, болашақта жастардың білім алуына және арнайы жеңілдіктер қарастырылған бағдарламалармен үй алып, еңбек етуіне қолайлы жағдай жасалатынын жариялады. Оған дейін жастарды қолдап жатқан әртүрлі жобалар мен бағдарламалар аз емес. Бір-екеуін тілге тиек етсек: «Болашақ» бағдарламасы мен «Дипломмен ауылға» жобаларын айтуға болады.

Еліміз «Болашақ» бағдарламасы бойынша қаншама талантты, білімді, вундеркинд жастарды шетелдерде оқытты. Оның астарында дамыған елдерді көзімен көрсін, ой түйсін, шешім қабылдасын, Отанына шын мәніндегі патриот болып оралсын деген аталық тілек, философиялық түйін жатыр деп ойлаймын. Қазақтың жолбарыс жүректі батыры, Бауыржан бабамыз: «Жиырма жас – тарихи ерліктер жасайтын жас. Осыған әрқашанда әр азамат әзір болу керек» дейді. Енді соған жастардың атсалысып, белсенді болатын уақыты келді. Мұғалім – ол көшбасшы. Жаңа қоғам мұғалімі – рухани бай, әлеуметтік жетілген, шығармашыл тұлға. Өз ісінің маманы, педагогикалық әдіс – тәсілдердің қолданудың хас шебері. Әрдайым жеке бас дамуына ұмтылатын, болып жатқан заман талабына тез бейімделе алатын жаңа қоғамның дара тұлғасы болу керек. Себебі: мұғалім жаңаша ойлайтын, жоғары білімді шығармашыл тұлғаның қалыптасуы мен дамуына жауапты. Иә, біздің ауданымыздың жас мамандарынан осындай қабілет пен қасиеттерді кезіктіруге болады.

Біздің Елбасымыз биылғы Жолдауында 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялап отыр. Н.Ә. Назарбаевтың өз сөзімен айтатын болсақ, Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап жастар мәселесі мемлекеттің ең басты назарында. Әсіресе, «Болашақ», «Жасыл Ел», «Дипломмен ауылға», «Жастар тәжірибесі», «Рухани жаңғыру» сияқты көптеген мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда.

Неліктен Президент жастарға қолдау көрсетпекші? Менің ойымша, жастар, яғни мына біздер - өз Отанымыздың келешегіміз, арқа сүйер тірегіміз. Сонда жасампаз Қазақстанның жастары қандай болу керек деген сұрақ туындайды. Әрине, ең алдымен білімді болуы тиіс деген пікірдемін. Өйткені мына жаңа заманда елдің күші өскелең ұрпақтың терең білімімен өлшенеді. Қазақта мақал да бар емес пе: «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген. Дәл айтылған. Елінің өркенін өсіргісі келетін әр қазақстандық білімді болуға міндетті. Себебі оқимын, жаңалық ашамын дегендерге барлық жағдай жасалған. Мысалы, білім, ғылым, ақпараттық технологиялар жетістігі орасан зор, олар үнемі қарқынды даму үстінде.

Бүгінгі күнде біз білім кемесі мектепте оқып, сауатымызды артып жүрген оқушылармыз. Ұлағатты ұстаздарымыз жаңартылған бағдарлама бойынша бойымызға білім нәрін құюда. Біздермен қоса, мұғалімдеріміз де жаңа форматта оқытуға дағдыланып, еңбектеніп жатыр. Басында таңсық болғанымен, біздер үшін бірте-бірте жаңаша оқу қызықты болды. Түсінген балаға бұл жаңаша оқу көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Ойыңды еркін жеткізе отыра, біліміңді жан-жақты толықтырасың, ізденесің, ғылыми жобаларға қатысасың. Сөйте-сөйте мектепті бітіріп, жоғары оқу орнына түсетін уақытта сен шешіле сөйлейтін, жаңаша ойлай алатын азаматқа айналасың. Ал біле-білгенге терең білім – ол Тәуелсіздігіміздің тірегі. Сондықтан да, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өскелең ұрпақ пен жастардың жарқын болашағы үшін, елімізде барлық жағдайды жасап, тіпті халықаралық деңгейдегі университет құруды да ұсынды. Сондай-ақ сапасыз жоғары оқу орындарын азайтып, керісінше шетелдік оқу орындарымен серіктестікті нығайтуды тапсырды.

Еліміздегі осындай мүмкіндіктер бар уақытта біз Елбасының артқан жауапкершілігін дұрыс қабылдап, мемлекетіміздің нығая түсуіне өз үлесімізді қосайық дегім келеді. Бар күші-жігерімізді, білімімізді, оқығанымызды Отан игілігіне жаратайық!

#### Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа жол» атты Қазақстан халқына Жолдауынан (Астана, 2014 жылғы 11 қараша)
2. Загашев И.О., Заир-Бек С.И. Сыни тұрғыдан ойлау. Даму технологиясы. СПб.: «Дельта» альянсы. - 2003 ж.
3. Журнал «Тәрбиеші және бала» 2001ж.
4. Лабзина А. Я., Васильченко Е, В. Обслуживающий труд. –М.: Просвещение, 1981 ж.
5. Колюткин Ю.Н., Муштавинская И.В. Білім беру технологиялары және педагогикалық рефлексия. СПб.: СПб ГУРМ. - 2002, 2003 жж.

**«ҚАЗАҚСТАН-2050 СТРАТЕГИЯСЫ» ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЯСИ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ**

Саден.Ә.Н., Садық Ж.Қ. - 1703-51 тобының студенттері

Ғылыми жетекші: Жаппарбекова А.Т. – магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

*Резюме*

*Стратегия «Казахстан-2050» является основным стратегическим документом социально-экономического развития страны. В статье говорится об уровне осведомления текущих социально-экономических явлений в обществе в Стратегии «Казахстан-2050».*

Егеменді еліміздің бүгінгі күнге дейінгі тарихында көптеген қиындықтар мен кедергілерді еңсеріп келгені бізге мәлім. Бірнеше ғасыр артқа шегініп қарайтын болсақ, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасынан басталатын халқымыздың тәуелсіздік жолындағы зұлмат замандарды басынан өткеріп келгені баршамызға аян. Тәуелсіздік жолында қаншама халқымыз құрбан болды. Сан сапырылыс пен талайлы тауқыметті бастан кешкен қазақ халқының тарихында ашаршылық ешқашан ұмытылмайды. ХХ ғасырдың басында ашаршылық қазақты үш рет айналып соқты. Сонау Жер-ананы өрт шарпыған соғыс жылдары да елімізді әлсіреткені белгілі. Нәтижесі жеңіспен аяқталған бұл соғыс жылдарынан кейін де халқымыздың басына туған қиындықтар азаймады. Халқымыздың тұтастығы, саясаты мен экономикасы бірнеше жылға шегеріленіп, артта қалды. Осындай замандардан кейін бас көтеріп, бірлікте болған халқымыз ақырындап жаңа өмірге қадам баса бастады. Соның ішінде еліміздің тәуелсіз елге айналуы ең үлкен жетістігіміз деп айта аламыз.

Халқымыз арман еткен тәуелсіздіктің ақ таңы атып, елді одан ары дамыту мен көркейту үшін бірқатар реформалар мен саяси маңызы бар бағдарламалар жасалынды. Атап айтсақ, Қазақстанның даму жолындағы ең ауқымдысы – «Қазақстан 2050» Стратегиялық бағдарламасы. Елбасы «Қазақстанның 2050 Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын 2012 жылы 14 желтоқсанда еліміздің Тәуелсіздігінің 21 жылдығына арналған салтанатты жиында жариялаған болатын. Оның басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Стратегиялық бағдарламада әлеуметтік өркендеудің жаңа межесі ретінде 2050 жылға дейінгі уақыт аралығын қамтиды. Сондай-ақ, 2050 жылға қарай әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруді межелеп отыр.[1]

Стратегияның жеті басымдықтарына тоқталар болсақ, ұлттық экономика, инновациялық экономикаға көшуді іске асырудың және жаңа индустриялық қоғамға өтудің нақты қадамдары, заманауи білім беру жүйесі, еліміздің демократиясын дамыту, ұлттық патриотизм бағыттарын қамтиды. Бұл бағдарлама саясат пен экономикаға жаңа серпін берген жоба болды. Стратегияның әр басымдылықтарына мән берілген. Елдің басты құрылымы саясат болғандықтан, Стратегияның алғашқы басымдылығы «Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм» бағытына арналады. Онда жаңа кадр саясаты, бюджет, салық

саясаты, ақша – кредит, мемлекеттік және сыртқы қарызды басқару саясаты, ауыл шаруашылығын дамыту барысындағы жүйелер және табиғи ресурстарды басқару, инфрақұрылымды дамыту сатыларынан тұрады. Республиканың алдында сапалы жаңа міндет – Қазақстанға 2050 жылға қарай әлемнің дамыған елдерінің қатарынан көрінуге мүмкіндік беретін азаматтардың әл-ауқатының деңгейіне қол жеткізу. Өзін толық ақтап шыққан қазақстандық даму моделі, еліміздің осындай жетістіктерге жетуіне септігін тигізеді. Күшті әлеуметтік саясат, қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісім – қазіргі Қазақстанның іргетасы. Ұзақ мерзімді перспективада екі стратегиялық бағыттың серпінді дамуы: ел мен аймақтың жаһандық нарықтарға интеграциялануы, сондай-ақ баламалы энергияға көшу арқылы энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қазақстанға тұрақты даму тұжырымдамасын барынша тиімді іске асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі әлемде ел экономикасына жеке инвестицияларды кеңінен тартуға, мемлекеттің гүлденуіне әсер ететін маңызды шарттардың бірі аймақтық қауіпсіздік болып табылады. Сондықтан Қазақстан Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздікті жақсартуға бар күшін салуда. Әлбетте, жаһандық экономикалық үдерістерге толық ену үшін көлік пен транзитті қоса алғанда, жақсы жұмыс істейтін инфрақұрылымның болуы қажет. Қазіргі таңда Қазақстанның тікелей қатысуымен өңірде бірқатар инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Бұл жобаның аяқталуы республиканың экономикалық өсу мүмкіндіктерін кеңейтіп қана қоймай, 2050 жылға қарай инфрақұрылымды дамыту міндеттеріне сәйкес елдің транзиттік әлеуетін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Көлік-логистикалық нысандарды құру біздің еліміздің және бүкіл өңірдің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне әсер етіп, кейіннен осы рейтингте жоғары орындарды иеленуге мүмкіндік береді. Еуропалық Одақ, Жапония, Корея, АҚШ және Канада сияқты «жасыл» экономика көшбасшыларының қолдауымен Қазақстан мен Орталық Азия елдері экономика саласындағы озық технологияларды алып, енгізіп қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәселелерді шешуге көптеген жолдармен үлес қосады. Олар жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі, азаматтардың әл-ауқатының артуы, адам ресурстарын дайындау және тағы басқалары. Осылайша қалыптасқан мемлекеттің жаңа жолы басталады.

Бұл-болашақтың жобасы. Онда әлеуметтік қауіпсіздік, азаматтардың әл-ауқаты мен әл-ауқаты қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығы мен өркендеуіне кепілдік береді. Экономиканың жаңа саласы бойынша Елбасының алдымызға қойып отырған мақсаттарын жүзеге асыру қолымыздан келетініне толық сенім артуға болады деп есептейміз. Тек әрнәрсеге тиянақты да оң көзқарас қалыптастыруымыз керек. Елбасымыз 2050 жылға дейін Қазақстан қаншалықты деңгейде дамидынын, еліміздің алдында қандай мақсаттар тұрғанын, кездесетін қиындықтарды жеңу жолдарын нақты белгілеп берді. Бізді жарқын болашақ күтуде, оған Елбасымыздың мына сөздері дәлел болады: «Біздің Отанымыз – ортақ, тілегіміз – бір, мақсатымыз – жалғыз. Ол – жері гүлденген, елі түрленген, дамуы жедел, ұрпағы кемел Мәңгілік Қазақстан! «Саусақ ашса – қылдырық, жұмса – жұдырық» екенін көкейге берік түйе

отырып, ұлы мақсаттарға бірге сапар шегейік, қымбатты отандастар! Бірлігіміз берік, тірлігіміз серік болсын! Еліміз жарқырап, жайнай берсін!» [2]

#### Әдебиеттер:

1. Айбын. Энциклопедия. / Бас редакторы Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. ISBN 9965-893-73-Х
2. Қазақстан -2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.- Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.-//Егемен Қазақстан,№828-831 (27902), 15 желтоқсан, сенбі 2012,Б.1-8
- 3.Гусарова А. «Казахстан-2050»: прицел на будущее // Казахстанская правда. 2013.
4. <https://www.akorda.kz>

ӘОЖ 94 (574)

## **1931-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ САНЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР**

**Манзу Б.Қ. М1601-11 тобының магистранты**

**Ғылыми жетекшісі:Алдаберген М. Н. т.ғ.к доцент**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

#### *Резюме*

*В данной статье приведены данные об изменении численности казахского населения от голода в далекие 1931-1933 годы. Используя эти данные, были собраны сведения о благосостоянии населения того времени. Также, используя источники данных, мы можем узнать перечень основных событий, произошедших в СССР в XX 30 г..*

Ашаршылық қазақ халқы үшін ең қорқынышты апаттардың бірі болып табылады. Біз тәуелсіздікке қол жеткізгелі, көптеген жылдар бойында отаршылдық санамызды өзертуге тырысып жатырмыз. Кеңес заманында айтуға тыйым салынған, тарихи фактілерді қарап отырып, сол кезеңдегі жағдайды талдағанымыз жөн.

Қазақ даласындағы ашаршылық туралы көптеген ғалымдар зеріттеген болатын. Мысалы айтып кетсек: Омарбеков Т, Алексеев А. Н, Тәгімов М. Осындай ғалымдардың еңбектерін пайдалана отырып, 1931-1933 жылдардағы «Ашаршылық» жөніндегі деректерді саралап баға бере алатын боламыз.

Егер тарихқа көз жүгіртсек, XX ғ Қазақстанда ірі тарихи оқиғалар көптеп болып отырған. Өткен ғасырдың бірінші жартысы-қазақ халқының өміріндегі негізгі оқиғалар болып отырған. Әсіресе қазақ тарихының ең қорқынышты беттері 20-30 жылдардағы ашаршылық немесе "Ұлы жұт" апаты соған дәлел болып келеді. Осы мәселемен айналысатын ғалымдар жүз жыл ішінде Қазақстанда үш ірі ашаршылық орын алды, оларды үш кезеңге бөлінеді деп есептейді:

—1919 — 1922 жылдардағы аштық (1,5 млн адам)

—1931 — 1933 жылдардағы аштық (2,5 млн адам)

—1946 жылдары болған аштық.

Шетел және Ресей ғалымдары аштықтың себебі ауа-райының қолайсыз болуы, құрғақшылық, егіннің шықпауынан немесе жұқпалы аурулардың таралуы сияқты асыра сілтеулерді іздейді. Ашаршылық кезінде қаншама қазақ халқы құрбан болған. Оған мұрағаттар қорында сақталған көптеген ресми құжаттар

дәлел бола алады. Ұлт зиялылардың бірі М.Тынышбаевтың есебі бойынша "Қазақстанда 1917 жылы 2 910 000 қазақ тұрған, ал М. Г. Сириус жүргізген 1924 жылғы санақ бойынша қазақтар саны 1965 443 адамға жеткен" [1, 260-бет]. Ал белгілі ғалым-демограф М. Татимовтың есебі бойынша "1931-1933 жылдары ашаршылық Қазақстанда өмір сүрген 2,5 млн адамның, оның ішінде 2,3 млн қазақ пен 200 мың өзге ұлт өкілдерінің өмірі қиылды. Келімсектер арасында аштықтан қайтыс болғандар саны 10% - ға жетті, қазақтар арасында бұл көрсеткіш 52-53% - дан асты. Осыдан келіп, тұрғылықты қазақтардың 17-18% - ы Қазақстаннан біржола қоныс аударған болатын", - делінген өз жерінде қазақ халқының саны осы кезеңде 70% - ға дейін азайды [2,17 Б.]. Тағы бір естелігінде ағамыз М.Тәтімұв былай деп жазды: "Мен 1879, 1926, 1939 жылдардағы халық санағының нәтижелері бойынша деректерді қарап. 1939 жылы 1939 жылғы халық санағында қазақ халқы санының едәуір артқаны тіркелді. Содан кейін, болжанғандай, озбырлық" орыс емес ұлттардың құртқысы келгені туралы жасырмағанын байқаймыз.

Қазақстандық тарихшы А. Н. Алексеенконың еңбектері Қазақстанның ауыл халқының табиғи және көшіп-қону қозғалысын, халықтың өсу динамикасын және оның ұлттық құрамын зерттеуге бағытталған болатын. Сондай-ақ 1920-1930 жылдардағы ашаршылық және оның демографиялық салдары, жаппай қоныс аудару, көшіп-қону, 1930-1940 жылдардағы шетелдік халықтардың депортациясы туралы мәселелер қарастыралған болатын [3, 32 бет]. Демек, ғалымдардың түрлі есептеулері мен түзетулерге негізделген зерттеулеріне сәйкес, 1930 жылдары қазақ халқының ашаршылықтан өлімі 1 миллион 840 мыңды немесе халықтың 47,3 пайызын құрады.

XX ғасырдың 30-шы жылдарының басында осындай қатыгез аштықты жүзеге асырған Ф. Голощекин жаппай ұжымдастыру идеологиясының негізін қалаушы, сондай-ақ Қазақстандағы "Кіші Қазан" революциясының негізін салушылардың бірі болған. Голощекин ісі-бұл жүйені енгізу тұрғысынан жаппай кеңес беріп және қазақ халқының дәстүрлі көпғасырлық экономикасын өзгертуге тырысты.

Қазақтың белгілі қайраткері Тұрар Рысқұлов қазақ халқының өтпелі процесінің ауқымы туралы жазды. Сталин, В.Молотов (1933). 9 қаңтар) Киелі кітапта: "...Туған жерінен кетіп, Қазақстанның көршілес жерлерге көшкен қазақтардың мекенін алынған соңғы шамамен алынған деректер бойынша: қазіргі есеп бойынша Еділ бойы - 40 мың, Қырғызстан - 100 мың, Батыс Сібір - 50 мың, Қарақалпақстанда - 20 мыңға дейін, ал Орта Азияда-30 мың қазақ. Ауғандықтар елді мекеннен Қалмақияға, Гуамға, сияқты аудандарға және басқа да шет аудандарға қоныс аударған болатын. Тағы, аштықтың салдарынан қазақ жеріне бірнеше жұқпалы аурулар таралып, өлім саны артты. Шаруалардың наразылығы халықтың едәуір бөлігінің көтеріліске әкеліп соқты. Егер 1931 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан бойынша ОГПУ-дың саяси құпия бөлімінің деректеріне қарап отырсақ, онда 1929-1931 жылдар халық көтерілістер белсенді көрініс тапқан уақыт болғанын атап өткен абзал. Ресми деректерге сүйенсек, осы жылдар аралығында "оның 54-і 1929 жылы, 241 - і 1930 жылдың



соңында, 77 - і 1931 жылы. 1929 жылы көтерілісшілер санын есепке алғанда Қазақстанда 31 топ көтерілісшілер болды, оған 351 адам қатысты, 1930 жылы-85 топ, 1925 адам, ал 1931 жылы-80 топ, 3192 адам қатысты. Осы уақыт ішінде барлығы 5468 адам қатысқан көтерілісшілердің 196 тобы қаза тапқан болатын" [5, 126 бет]."

Сонымен қатар, Қазақстан Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы Ораз Исаевтың 1932 жылы тамызда И. Сталинге жазған хатында көтеріліс, Алтайдан Маңғыстауға дейінгі үлкен аймақты қамтып, яғни бүкіл Қазақстанда болғаны айтылған. Қазақ даласындағы ірі көтерілістер ошақтары: Созақ, Ырғыз, Қарақұм, Адай, Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау, Балқаш, Жетісу, Қордай.

Жалпы есептеулерге келетін болсақ, 1930 жылдан 1933 жылға дейінгі кезеңде қазақ халқы санының азаюы байқалды. Белгілі тарихшы Талас Омарбековтың есебі бойынша: "Қазақстанның ауыл шаруашылығы халық комиссариатының деректері бойынша 1930-1932 жылдары Қазақстандағы ауыл халқының кемуі 1 миллион 831441 адамды құрайды. Алайда, 1933 жылғы ақпарат мұнда нақты көрсетілмеген. Қазақстан халық санағы департаменті басшысының орынбасары Н. Мацкевич, 1933 жылы қысқартылған ауыл халқының саны 1 миллион адамды құрады. 70,5 мың адам, Д. у. е. барлығы 1930-1933 жылдары ауылдық жерлердегі халық саны 2 миллион адамға күрт азайды. 900 мыңға жуық" [5, 208 бет].

XX ғасырдағы елеулі ашаршылық-адамзат тарихындағы ең қорқынышты кезеңдердің бірі, ол 7 миллион адамның өмірі құрбан болды. Ол кезде ашаршылық қазақ жерін ғана емес, Ресей, Украина, Белоруссия елдерін де қамтыды. Алайда қазақ тілі осы жасанды саясаттан зардап шеккендердің бірі болып табылады. Ұжымшылдық науқандар ашаршылық алдында баяғыда қалыптасқан көшпелі қазақ экономикасын дүр сілкіндіріп, өмір негіздерін жойды

Қорыта келе, тарихшылардың айтуынша, ашаршылық орын алған 1932 жылы дүниеге келген 10 қазақтың біреуі ғана аман қалған. Жыл сайын әрбір қазақ шаңырағын шайқалтқан ашаршылық мәселесіне байланысты көптеген зерттеу жұмыстары жазылып келеді. Осы тақырыпты халық арасында насихаттап жатқан азаматтар қатары жылдан-жылға артып келеді. Себебі аштықтың қасіреті ешқашан ұмытылмайды және ел туралы естелік халық жадында мәңгі қалады.

#### Әдебиеттер

1. Омарбеков Т. «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері» Алматы: «Өнер», 2003.— 552 бет
2. Тәтімов М. «Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша?) — Алматы: Атамұра, 1993.— 160 б.
3. Алексеенко А.Н. Население Казахстана. 1920—1990 гг. — Алматы: Ғылым, 1993. — 125 с.; Алексеенко Н.В., Алексеенко А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897—1997 гг.). — Усть—Каменогорск, 1999.
4. Омарбеков Т. «20—30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» Алматы: Санат —1997 ж. —320 б.
5. «Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы»: Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы.31 мамыр — 1 маусым 2012жыл/ Б.Ғ. Аяғанның жалпы редакциясымен. — Астана. Мемлекет тарихы институты, 2012 — 400бет

## **ФИНАНСОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ.**

**Выполнила: Ушакова М.А.** – студентка группы 170290

**Научный руководитель: Бердыбекова А.Л.** – к.э.н., старший преподаватель  
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент  
Түйін

*Бұл мақалада дәрежені арттыру стратегиясы талқыланады Қазақстан Республикасы халқының қаржылық сауаттылығы, экономиканың түпкі себептері халықтың білімсіздігі, өз қаржысын ұтымсыз басқарудың салдары. Осы мәселелер бойынша шешім қабылдаудың жолдары мен шаралары ұсынылған.*

Каждый человек думает, что он знает все о финансовой грамотности и может правильно управлять своими деньгами. Поэтому почти все считают, что не нуждаются в финансовом самообразовании. И результат этого бездействия можно увидеть в статистике.

По данным портала Информбюро:

"Общая задолженность по всем потребительским кредитам превышает 4 трлн тенге. Должниками являются более 27% населения Казахстана, более 55% экономически активного населения страны, то есть каждый шестой из десяти работающих человек имеет долги по потребительским займам, не считая задолженности по другим видам займов, таким как ипотечные займы, автокредитование, бизнес-кредиты и так далее", – сказала Ольга Перепечина. [1]

Наверняка, многие из этих людей когда-то хотели создать большой бизнес, сформировать пассивный доход и многое другое. Но по причине нежелания рационально управлять доходами, их затея не увенчалась успехом. Кто может дать гарантии, что на их месте не можете оказаться Вы?

1. Теперь перейдем к тому, что такое финансовая грамотность.

Интернет предлагает следующую формулировку:

«Финансовая грамотность – совокупность знаний о финансовых рынках, особенностях их функционирования и регулирования, профессиональных участниках и предлагаемых ими финансовых инструментах, продуктах и услугах, умение их использовать с полным осознанием последствий своих действий и готовность принять на себя ответственность за финансовые решения». [2]

Но мы попытаемся понять, что же именно входит в это понятие, более понятным языком.

1) Контроль личных финансов

Цель финансово грамотного человека, да и любого человека в целом, чтобы доход превышал расход. Соответственно под контролем наших финансов мы будем подразумевать именно это.

Например, если ваш доход 50 000 тенге в месяц, ваша задача в том, чтобы ваши ежемесячные затраты не превышали данную сумму. Но здесь есть один нюанс: «жить в ноль», то есть сколько заработал, столько и потратил. Это также не совсем верный подход.

Как вы считаете, при каком условии жить в ноль будет означать, что человек умело пользуется собственными финансами? Только при условии, что он до этого момента жил в минус. То есть, зарабатывал 50 000 тенге, а тратил, допустим, 60 000 тенге, тем самым установил контроль за собственными финансами, и ему удалось «выйти в ноль», применяя новые знания, которые показали свой результат.

Получается, если человек применив определенные алгоритмы учета финансов, смог сдвинуть свои доходы с «мертвой точки», значит можно считать, что он начал осваивать финансовую грамотность. В будущем появится возможность откладывать определенную сумму от дохода, которую может положить в банк, инвестировать или вложить в свое небольшое дело.

Как начать контролировать личные финансы?

- Необходимо понять, сколько денег вы тратите ежемесячно на различные нужды.

Как правило, мы всегда знаем точную цифру наших доходов, а вот цифру расходов знают далеко не все.

- Доскональная запись всех расходов.

Это поможет понять, какие траты необходимы, а от каких можно отказаться в пользу роста дохода. В наше время существует множество полезных приложений и программ, которые помогут вести учет расходов и доходов. Вам останется только записывать цифры и выбирать элемент, программа сама будет все считать. Овладение основными экономическими определениями и умение их применять на практике дает возможность человеку правильно управлять своими денежными средствами. Другими словами, вести учет прибыли и затрат, избегать ненужной задолженности, распределять собственный бюджет, создавать накопления. А также ориентироваться в трудных продуктах, предлагаемых финансовыми институтами, и покупать их на базе осмысленного выбора. Стоит заметить, что от общей степени финансовой грамотности народонаселения государства в различных аспектах зависит ее экономическое развитие. Невысокий уровень таких познаний приводит к негативным исходам не столько для покупателей денежных услуг, но сколько и для страны, частного сектора и общества в целом. Следовательно изучение и внедрение программ пропорционально росту финансовой грамотности народонаселения. Это принципиальная установка государственной политики во многих развитых государствах, например в Англии, Америке и Австралии.

Глубина осведомленности населения по части финансов способствует коллективной и экономической стабильности в стране. Взлет финансовой грамотности приводит к понижению рисков лишней задолженности людей по потребительским кредитам, сокращению рисков афер со стороны недобросовестных участников рынка и прочих не менее неблагоприятных явлений. В нашем государстве финансовая грамотность находится на невысоком уровне. Лишь незначительная доля людей ориентируется в услугах и продуктах, предлагаемых экономическими институтами.

Финансовое образование молодежи способствует принятию подходящих и грамотных решений, приводит к минимуму риска и этим самым способно приумножить экономическую надежность состояния молодежи. Невысокая степень финансовой грамотности и недостающее представление в области личных финансов может привести не только к банкротству, но и к неразумному планированию выхода на пенсию, уязвимости к финансовым мошенничествам, чрезмерным долгам и социальным проблемам.

В заключении хотелось бы сказать, что достаточный уровень финансовой грамотности важен каждому человеку не только для достижения его собственных экономических целей, но и для обеспечения жизненного цикла. Какой бы ни была конкретная цель, выигрышем от финансовой грамотности будет продвижение уровня жизни и уверенность в будущем, прочность и благополучие экономики и общества в целом.

#### Литература.

1. <https://informburo.kz/novosti/olga-perepechina-27-kazahstancev-imeyut-dolgi-po-potrebitelskim-kreditam-92357.html>
2. [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D0%B8%D0%BD%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%8F\\_%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%BC%D0%BE%D1%82%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D0%B8%D0%BD%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%8F_%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%BC%D0%BE%D1%82%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C)

ӘОЖ 336

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАНК ЖҮЙЕСІН ДАМУ МЕН НЫҒАЙТУ

Сатенбаева А.Е.-1703-20 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Бердыбекова А.Л.-э.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### Резюме

*В статье рассматривается история и этапы развития казахстанских банков в контексте их коммерциализации и научно обосновывается стратегия развития по созданию стабильной, гибкой и эффективной банковской инфраструктуры в стране.*

Мемлекеттік салалық банктерді қайта құру және КСРО Мемлекеттік банкінің республикалық бөлімшелеріне егеменді мемлекеттердің орталық банктерінің функцияларын беру, сондай-ақ 1991 жылы алғашқы коммерциялық банктерді құру нәтижесінде екі деңгейлі банктер республикада банк жүйесі қалыптасты. Жаңа банк жүйесінің бірінші деңгейін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі және оның республиканың облыс орталықтарындағы филиалдары көрсетеді. Банк жүйесінің екінші деңгейін бұрыннан бар мамандандырылған банктердің негізінде құрылған және жеке және заңды тұлғалардың бастамасымен жаңадан ұйымдастырылған банктер көрсетеді. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басы Қазақстан Республикасында әртүрлі қаржылық ұйымдар: коммерциялық банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар санының қарқынды өсуімен сипатталды [1.]. Атап айтқанда, ол кезде тек 200-ден астам коммерциялық банктер болды. Кейін олардың көпшілігі қаржылық дәрменсіз болып шықты.

Екінші деңгейдегі банктердің жалпы санының азаюымен бір мезгілде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар санының өсуі байқалады, сондықтан 1993 жылы олардың саны небәрі 5 бірлік болса, 2012 жылы олардың жалпы саны 117 бірлік. 1993 жылы қарашада теңге айналымға енген кезде Қазақстанның банк жүйесі елеулі реформаны бастан өткерді: екі деңгейлі банк жүйесі жұмыс істеді, барлық мамандандырылған банктер акционерлік банктерге айналды, орталық банкке Ұлттық банктің функцияларының саны. Осының барлығы өз ұлттық валютасына және Қазақстанның өзіндік ақша-несие саясатына көшуіне үлкен септігін тигізді. 1996 жылы желтоқсанда қабылданған Екінші деңгейлі банктердің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына көшу бағдарламасы банк жүйесін одан әрі нығайтуға бағытталды. Осы Бағдарламаға сәйкес Қазақстандағы барлық жұмыс істеп тұрған банктер 2000 жылдың соңына қарай капиталдың жеткіліктілігі, өтімділігі, активтердің сапасы, басқару деңгейі, бухгалтерлік есеп, ақпаратты енгізу және беру бойынша халықаралық стандарттарға жетуі тиіс болды.

іргетасы қаланған және бас штабы Ақтөбе қаласында орналасқан. Қазіргі уақытта әлемдегі алпауыт хром шикізаты мен ферроқорытпа өндірушілердің бірі болып табылады. 2017 жылы компания Қазақстанның ірі жекеменшік корпорацияларының рейтингінде бірінші орынды иеленді. 2006 жылдың желтоқсан айынан бастап «Қазхром» табиғи ресурстарды өндірумен және өңдеумен айналысатын көпсалалы компания Eurasian Resources Group (ERG) құрамына кіреді. 2019 жылы «Қазхром» БҰҰ Жаһандық шартына қосылып, оның 10 қағидатын, оның ішінде экологиялық жауапкершілікті таратуға бастамашылық ету және экологиялық таза технологияларды дамыту мен таратуды ынталандыру міндетін қолдады. «Қазхром» 2030 жылға қарай өзінің инфрақұрылымы мен қызметін тұрақты даму қағидаттарына сәйкес, ресурстарды жоғары тиімділікпен және таза және экологиялық таза технологиялар мен өндірістік процестерді көбірек енгізу арқылы жаңғыртуды міндеттеді.

Қорытынды ойды президент Қасым-Жомарт Кемелұлының Қазақстанның халқына Жолдауында баяндалған экономикалық түйінмен : “Экономикамызға тікелей инвестиция тарту ісін жалғастырудың жаңа тәсілі ретінде Стратегиялық инвестициялық келісім ұғымы енгізілді. Квазимемлекеттік секторды оңтайландыру үшін нақты шараларды қолға алдық. «Бәйтерек» және «ҚазАгро» холдингтерін біріктірдік. Еншілес компаниялар екі есе азайды, олардың штат санын бір жарым есе қысқарттық. Жаңа, қуатты даму институтын құрдық” - аяқтаймыз[4].

#### **Әдебиеттер:**

1. Экономика транснациональной компании: Учеб. пособие для вузов / А. И. Михайлушкин, П. Д. Шимко. — М.: Высш. шк., 2005. С. 24.
2. Градобитова Л.Д., Исаченко Т.М. Транснациональные корпорации в современных международных экономических отношениях. М., «Анкил», 2002.
3. <https://inbusiness.kz>
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы/ Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму.

УДК 336

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ НЕСИЕ ЖҮЙЕЛЕРІ**

**Акилова Д.Т.** - 1702-70 тобының студенті

**Ғылыми жетекші: Бердыбекова А.Л.-э.ғ.к**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

### **Резюме**

*В этой статье рассматривается, что такое финансовая система и кредитная система. Финансовая система — форма организации денежных отношений между всеми субъектами воспроизводимого процесса по распределению и перераспределению совокупного общественного продукта. Кредитная система — совокупность кредитных отношений, существующих в стране, форм и методов кредитования, банков или других кредитных учреждений, организующих и осуществляющих такого рода отношения.*

Қаржы жүйесі - белгілі бір қоғамдық-экономикалық формация шеңберінде өмір сүретін қаржы мекемелерінің жиынтығы; тар мағынада алғанда — мемлекеттің қаржы мекемелері жүйесі, яғни өзара байланысты

салалар (кәсіпорын, сақтандыру қаржысы мен мемлекеттік қаржы) мен буындардың (қаржы мекемелерінің, салық жүйесінің құрылымдық бөлімшелері, т.б.) жиынтығы. Әрбір ірі салалардың ішінде буындар болады, оның үстіне қаржы қатынастары субъект қызметінің сипатына қарай топтастырылады.

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі бюджет жүйесінен, бюджеттен тыс қорлардан, түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың қаржысынан, қаржы институттарынан (қаржы қызметін жүзеге асырушы, реттеуші ұйымдар, мекемелер, қаржы министрлігі, қазынашылық, ұлттық банк, салық инспекциясы, салық полициясы (қаржы полициясы), кор валюта биржалары, қаржы-несие мекемелері) және қаржы үдерістерінің барысына қажетті шарттар жасайтын қаржы құралдары тұрады. Қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен орнықты дамуы ұлттық экономика дамуының қажетті шарты болып табылады.[1]

Қазіргі несие жүйесі ұзақ тарихи дамудың нәтижесі және ол рыноктық экономиканың талаптарына сай өзгеріп отырады. Егер институционалдық жағынан қарасақ несие жүйесі валюта – қаржы мекемелерінің кешені, оны мемлекет экономиканы реттеп атқару үшін белсенді пайдаланады. Несие жүйесі қоғамдық ұдайы өндірістің барлық механизмін қамтып, өндірістің шоғырлануы мен капиталдық орталықтануын күшейтіп, бос ақша қаржыларын елдің экономикасына қолдануға септігін тигізеді.

Батыс елдеріндегі бүгінгі несие жүйесі мынадай маңызды процестердің әсерімен қалыптасты: банк капиталының шоғырлануы мен орталықтануы, несие – финанс жүйелерінің мамандануы мен кредит жүйесінің функционалдық құрылымы күрделенуі, банк және өнеркәсіп монополиясының қосылуы мен бірігуі, банктік істердің интернационалдануы, трансұлттық банктер мен финанс топтарының пайда болуына әкеледі.

Қазіргі кредиттік жүйеде мынадай негізгі үш буын бар: орталық банк, коммерциялық банк, маманданған несие финанс институттары.

Кредиттік жүйеде жетекшілік орынды банк атқарады, ол капитализмнің бастапқы сатысында ХҮІІІ – ХІХ ғасырларда коммерциялық банктерден бөлініп шықты. Тек орталық банкке ғана мемлекет ақша шығаруға ерекше монополдік құқық берді. Көптеген орталық банктер бірден мемлекет институттар болып құрылды, басқалары екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мемлекет иелігіне айналды. Бірқатары осы күнге дейін аралас мемлекеттік жеке меншік негізінде жұмыс істейді. Мысалы: АҚШ – тың федералдық – резервтік жүйесі бұрынғы КСРО – да орталық банк – КСРО Мемлекеттік банкі болды. Қазақстанда қазір Ұлттық банк осындай рөл атқарады.

Орталық банктер көптеген қызметтер атқарады, солардың ішіндегі бастылары:

- банкнот эмиссиясы
- мемлекеттік алтын – валюта резервін сақтау
- басқа несие беретін мекемелердің резервтік қорларын сақтау
- экономиканы ақша – несие арқылы реттеу

- коммерциялық банктерде несие беру және мемлекеттік мекемелерге кассалық қызмет көрсету
- есепшот жүргізу және ақша аудару операциялары
- несие беретін мекемелердің қызметіне бақылау жасау.

Есептеулер бойынша ең жоғары көрсеткіш «Fortebank» АҚ-на тиесілі. Рейтинг бойынша екінші орында — «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ2016 жылы үшінші орында — сенімділік тұрғысынан «Kaspi bank». Банктердің экономиканы кредиттеу көлемі бір айда 1,9%-ға ұлғайып, 2021 жылғы шілденің соңында 16 016,5 млрд теңге болды (жылдық көрсеткіш бойынша 15% болды). Заңды тұлғаларға кредиттер көлемі бір айда 7 151,7 млрд теңгеге дейін 0,2%-ға төмендеді, жеке тұлғаларға кредиттер көлемі 8 864,7 млрд теңгеге дейін 3,7%-ға ұлғайды. Ұлттық валютадағы кредиттер көлемі бір айда 14 107,2 млрд теңгеге дейін 2,3%-ға ұлғайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға кредиттер шамамен өзгерген жоқ, жеке тұлғаларға кредиттер 3,7%-ға өсті. Шетел валютасындағы кредиттер көлемі 1 909,3 млрд теңгеге дейін 1,0%-ға азайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға кредиттер 0,9%-ға, жеке тұлғаларға кредиттер 7,5%-ға төмендеді. 2021 жылғы шілденің соңында теңгемен кредиттердің үлес салмағы 88,1% (2020 жылғы желтоқсанда – 87,0%) болды. Ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі бір айда 13 737,7 млрд теңгеге дейін 2,1%-ға, қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 2 278,7 млрд теңгеге дейін 0,7%-ға ұлғайды. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2021 жылғы шілдеде 2 837,3 млрд теңгеге дейін 4,1%-ға (корпоративтік сектор кредиттерінің жалпы көлемінен 39,7%) ұлғайды. Корпоративтік сектордың салалары бойынша бөлуде банктердің экономикаға берген кредиттерінің неғұрлым елеулі сомасы өнеркәсіп (корпоративтік сектордың жалпы көлеміндегі үлесі – 31,5%), сауда (21,3%), құрылыс (7,2%) және көлік (5,7%) сияқты салаларға тиесілі. 2021 жылғы шілдеде банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 11,6% (2020 жылғы шілдеде – 12,0%), жеке тұлғаларға - 18,2% (16,7%) болды.

Қаржылық қатынастар сфераларының әрқайсысының ішінде буындар бөлінеді оның үстіне қаржылық қатынастарды топтастырып, мақсатты ақшалай қорлардың құрамы мен арналымына белгілі бір әсер ететін субъект қызметінің сипатына қарай жүргізіледі. Бұл белгі кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы сферасында мынадай буындары белуге мүмкіндік береді: коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы; коммерциялық емес ұйымдардың қаржысы. [2]

Қаржы жүйесінің әр буыны өз кезегінде буыншаларға (ондағы қаржының өзара байланысының ішкі құрылымына сәйкес) бөлінеді. Мәселен, салалық бағыныштылығына қарай коммерциялық негізде жұмыс істейтін кәсіпорындар (ұйымдар) қаржысының құрамына өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда, көлік, құрылыс және т.б. кәсіпорындарының қаржылары, ал меншік нысанына қарай - мемлекеттік, кооперативтік, акционерлік, жеке және басқа кәсіпорындардың қаржылары болып мүшеленеді.

Сонымен қорытындылай келе, қаржылық қатынастарды ұйымдастырудың нысандары мен олардың сыртқы көрінісі әр түрлі болады. Бұл мағынада қаржы құрамы туралы айтуға болады. Қаржылық қатынастардың сфералары мен буындары өзара тығыз байланыста болады және елдің біртұтас қаржы жүйесінің құрамын құрайды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында, біз ақша-несие саясатына деген сенімді арттыруға тиіспіз. Сол себепті Ұлттық банктің құрамынан Ақша-несие саясаты комитетін құру туралы шешім қабылданды.

#### Әдебиеттер:

1. Қаржы-экономика сөздігі. — Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007. ISBN 978-601-215-003-2

2. Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық / - Алматы. Экономика, 2010- 522 бет ISBN 978-601-225-169-2

УДК 80

## DEVELOPING MEANINGFUL READING IN ENGLISH LESSONS

Убаева Г.Х. – студентка группы М 1703-81

Научный руководитель: Абрамова Г.И. - к.ф.н., доцент

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

*Жыл сайын мәтіндік ақпарат көлемі артып келеді. Бұл факт бізді қабылдаудың, ақпаратты өңдеудің жаңа тәсілдерін, оқуға үйретудің жаңа тәсілдерін іздеуге мәжбүр етеді. Бүгінгі таңда мектепте мәтінмен жұмыс істегенде ақпаратты жылдам қабылдауға дайындыққа баса назар аудару керек. Ақпаратты өз бетінше меңгеріп, жинақтай білу жеткіліксіз, ұжымдық білім негізінде шешімдер дайындалып, қабылданған кезде ақпаратпен жұмыс істеудің мұндай технологиясын үйрену керек.*

Observations of modern students suggest that many students do not like to read even in their native language. But the ability to read thoughtfully and understand the content of the proposed texts contributes to the comprehensive holistic development of a person, the formation of the spiritual world of man, creating conditions for the formation of his need for continuous improvement. According to many researchers, reading in a foreign language as a type of speech activity and as a mediated form of communication, is the most necessary way of intellectual development for most people. Students need to master reading at such a level that it can be the basis for improving other speech activities such as writing and speaking. And in practice we are facing a burning question, what methods and techniques without compulsion to introduce students to reading in a foreign language, how to make reading lessons interesting and entertaining.

The problem of understanding the meaning of the text is especially significant nowadays when many students who grew up in the modern computer world are not able to understand not only the essence of a classical literary text, but also to correctly grasp and reproduce the wording of the task for the text. Therefore, it is very important to achieve the following components of reading a text:

a) performance, i.e. the pupil's readiness to absorb information from the text; b) the teenager's ability to reflect on what he or she has read and to give his or her own

evaluation of the text. It is the ability to process textual information in a meaningful way that guarantees effective socialisation these days.

The reading process consists of three phases. The first is the perception of the text, the discovery of its content and meaning, a kind of deciphering, when individual words, phrases, sentences add up to the overall content. In this case, reading involves: looking through, establishing the meaning of words, finding correspondences, and recognizing facts. The second is the extraction of meaning, the explanation of the facts found through the use of existing knowledge, the interpretation of the text. This involves ordering and classifying, explaining and summarising, distinguishing, comparing and contrasting, grouping, analysing and summarising, relating to one's own experience, reflecting on context and conclusions. The third is the creation of one's own new meaning, that is, the appropriation of the new knowledge gained as one's own as a result of reflection

In scientific literature, "meaning reading strategies" are understood as different combinations of techniques that students use to perceive graphically designed textual information and process it into personal and meaningful attitudes in accordance with the communicative and cognitive task.

When working with any text, there are three main stages: pre-textual, textual and post-textual. There are certain techniques and strategies for working at each stage of reading.

#### Stage 1. Work with text before reading.

The main task in the first stage is to be able to motivate students to read the text. The goal is to be able to develop students' ability to guess or predict the content of a text by its title, the name of the author, the illustration of the text. One important rule should be remembered: all preparatory work on a text must not touch its main content, otherwise students will get bored reading it because they will not find anything new in it.

#### Stage 2. Work with the text while reading.

The aim of the textual stage is to understand and evaluate the text. The main task in this stage is considered to be to ensure full comprehension of the text. This is the comprehension stage where students become familiar with the text. This stage includes tasks that students perform while reading the text. This is where communicative reading skills are developed.

#### Stage 3. Work with the text after reading.

The aim of this stage is to understand the correspondence or difference between one's initial understanding and that of the author. The way in which the student has understood the meaning of the text. The main objective here is considered to be the full understanding of this text. This stage should be called reflection. Here our task is to teach children to make full monological and dialogical statements, that is, to be able to express their thought or dialogue clearly and competently. At this stage we need to use the text content to develop the pupils' ability to express their thoughts both orally and in writing.

Strategies for meaningful reading include those aimed at developing students' critical thinking. Critical thinking refers to a system of judgement that is used to

analyse things and events and draw valid conclusions, allowing for informed judgements, interpretations and the correct application of findings to situations and problems. There are situations where one has to adjust one's own beliefs or even abandon them if they contradict new knowledge

One of the methods is the "Six Hats. The Six Hats strategy involves six different types of thinking. Each coloured hat indicates a role, a certain type of thinking and activity. The white hat is impartial facts, information. Wearing the white hat, students state facts, figures without any emotion or subjective evaluations.

The yellow hat represents positive, positive thinking. Pupils in this group identify only positive sides to their arguments. The black hat represents disadvantages.

Wearing a hat of this colour, pupils identify contradictions, shortcomings and their reasons, naming only negative traits. Red hat - emotions. When wearing the red hat, the pupils in the group name the emotions that arose in connection with the subject under study, specify what they are associated with, how the emotions change, and identify the link between the changes in the emotional state and the phenomena in question. The green hat represents creativity and the blossoming of new ideas, the search for new facets in the material being studied. Wearing the green hat, the students present their project, their idea to the rest of the groups. They suggest things which could be improved. The blue hat is about organisation and management. It is reflection, looking for generalisable parallels, general conclusions. When putting on the blue hat, the students in the group summarise and analyse the information received and evaluate the work of each creative group in terms of the goal set for the group. The hat is very easy to put on and take off. It is always important, in all situations, to be able to apply all the resources of one's thinking, to be able to change the type of thinking and activity depending on the task at hand.

Critical thinking techniques, as well as strategies for developing meaningful reading, aim to develop a thoughtful reader who analyses, compares, contrasts and evaluates familiar and new information.

Given the peculiarities of today's pace of life, it is clear that access to information and the ability to process it effectively is one of the main criteria for success. Today, as a teacher, I see it as one of my main tasks to teach students how to find and use information competently. It is important to be able to learn and relearn quickly at any age, to develop one's potential and to expand one's existing abilities.

#### **Литература:**

1. Vasilieva L.S. How to teach children to read correctly. - Saratov: Lyceum, 2005.
2. Salnikova T. P. Methodology of teaching reading - M.: TC Sphere. 2001
3. Smetannikova N.N. Teaching Reading Strategies in Grades 5 - 9: How to Implement the FSES. Teacher's Guide / N. N. Smetannikova. - Moscow: Balass, 2011.
4. Smetannikova N.N. Strategic approach to teaching reading. - Moscow: School Library, 2005. – 512 p.
5. Galskova N. D. Theory of teaching foreign languages. M.: Academia, 2004. –333 p.
6. Rogova G.V. Methodology of Teaching English Language Moscow: Prosveshcheniye, – 285 p.

**АҚША-ЭКОНОМИКА САЛАСЫНЫҢ БІР БӨЛШЕГІ**

Жұлдызбек А.М.-1703-20 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Бердыбекова А.Л.- э.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

*Резюме*

*В этой статье мы разберемся, что такое деньги и насколько они важны в нашей жизни, знаем функции, свойства и пользу денег.*

Ақша-экономика саласының бір бөлшегі. Ақша дегеніміз не? Ақша-бүкіл тауарларға айырбастауға мүмкіндігі бар қағаз не тиын түріндегі тауар болып саналады. Сонау ақша тарихын талқыласақ, әр елдің ақшаларына ұлы ғалым, қоғам қайреткерлері мен тұлғалар суреті басылып шығарылған. 1993 жылғы 15 қараша-еліміздің ұлттық валюта күні болып жарияланды. ҚР-да ақша өңдеп шығару көп өзгеріске ұшарады. Осы уақытқа дейін Қазақстан ақшасының төрт топтамасы басылып шыққан. Ұлыбритания елінде ең алғашқы ақшамыз басылып шыққан-ды. Тұңғыш ақшамыздың топтамасында «Портреттік серия» жүзеге асырылды. Алаш ұлтымыздың тұлғалары (Шоқан Уалиханов, Әл-Фараби, т.б) бейнеленді. Екінші топтамасында ұлтымыздың ақшасы Қазақстанда басылымға енді. «Әл-Фараби» деп аталған бұл топтама көпке шыдамады.

Яғни, сапасы жарамай тез бүгілгіш, жыртылғыш болды. Ал, үшінші топтама еліміздің көркі болған Бәйтерек көрінісімен 2006 жылы басылды. Дизайнерлер Алаш ұлтының тарих-тағдырымен қоса, сәулет өнері мен елбасымыздың алақанын бейнелеп, жарыққа шығарды. Төртінші топтама 2011 жылы басылып, қазіргі күнге дейін қолданыста жүр [1].

Ақшаның қызметтері қандай жағдайға байланысты бөлінеді? Ақшаның қызметтері: айналым құралы-ақша кез-келген жағдайда айналым үстінде болуы шарт. Себебі адамдар, белгілі иеліктер, сонымен қатар мемлекетте ақшаны айналымға бермей сақтаған жағдайда елде көтеріліс болатыны ақиқат. Ол айналымда болғанда өседі яки, сатып алу және сату жоғары деңгейге көтеріледі.

Құн өлшемі-тауармен өте тығыз ақша үнемі оның құнын өлшейді. Мысалы, он сағыз жүз теңге болса, саудада біз салыстыра отырып сағызды ауыстырып, айырбасты орнатуымыз керек.

Төлем құралы-қоғамда еш ауыртпашылықсыз қызмет көрсетуді, сатылымдағы кез-келген тауарды өз қажетіне алуы. Бұл дегеніміз, барлығын ақшамен өтеп, төлеу.

Қорға жинақтау құралы-жинақтау арқылы ақшаны өсіріп, көбейту. Банкетер арқылы ақшаны сақтап, жинақтау. Немесе белгілі бір пайызбен қосып алу қызметі (депозит) бойынша көбейтіп ақшаны алу.

Қазақстан Республикасының статистикасы бойынша ең төменгі жалақы 60 мың теңге көлемін құрауды атап өтті. Шағын бизнестің жалпы салмағы бойынша 34%-дан 25 %-ға төмендегені дұрыс.

Ал, енді ақшаның қасиеттеріне тоқталар болсақ, Ақшаның қасиеттері: тұрақтылық қасиеті-бүгін, ертең, келешекте ақша құны бір қалыпта, деңгейде болғаны дұрыс. Оның құны өзгеріп елде инфляция болады деп жұрт сақтап немесе сол сәтте жаратып жіберген. Ал бұл экономика



саласына екі уақиғада бұрыс болып табылады. Осы жағдай үшін ақша өз қалпын сақтай отырып, ақша тұрақтылығы қасиетін жоғалтпау қажет.

Жинақылық қасиеті-ақшаның пішіні, реңі, көлемі қоғам үшін өте ыңғайлы болуы шарт. Егер қолдануға, өзімен алып жүргенге ауыр болса, қоғам үшін қиындық тудыра еді. Сол себепті ақша жинақылық қасиетін сақтағаны абзал.

Көпке шыдау қасиеті-жасалынған материал сапасы өте жоғары деңгейде, көпке шыдайтын сапа болуы. Елде тез жыртылып не сынып қалатын ақша шығарылған болса, ол жарамсыз болып табылады.

Біртектілік қасиеті-бұл құнға байланысты. Мысалы, ақша болған екі жүз теңге, қазіргі таңда тиын түрінде. Бірақ, құны сақталған.

Бөлінгіштік қасиеті—біз ақшана көп бөлікке бөле аламыз. Бес мың теңгені бөліп, ұсақтай аламыз, ал жылқы яки басқа затты бөле аламаймыз. Сол себепті ақша бөлініп, ұсақталып, қайта қалпына келтіруге болады. Осы жағдай ушықпасын деп бес, он, жиырма мың деп бөлек ақша бастырылып шығарылған.

Танымдылық қасиеті-өтірік жасалған ақша. Жалған ақша шын ақшаның құнын жоғалтуына әкеліп соғуы мүмкін. Айрықша белгілері бар болуы қажет. Егер Ұлттық банк белгі қоймаса, әр адам өзі жасайтын еді. Жалған ақша мен шын ақшаны ажырата білу үшін танымдық қасиеті болуы керек.

Ақша-жалпы қоғамда маңызды орны бар тауар және негізгі айырбастау құралы болып табылады.

Еліміздің тәуелсіз екенінің тағы бір көрінісі- ақшамыз, валютамыз, бұл теңгенің жарық көруі, қолданыста болуы. «Тарихын білмеген опасыздың ісі» сондықтан да, тарих зерттегеніміз дұрыс-ақ. Бізге парыз етілгендей әр қазағым Ұлттық валютамыздың шығу-тегін жетік білгені артық етпес. Қоғамда өте күрделі де маңызды тауардың бірі болған ақша қолданыс арқылы айналым үстінде. Ақша тарихи түрде тауарлық ақшаны қалыптастыратын жаңа нарықтық құбылыс болып қалыптасқан, бірақ қазіргі заманғы барлық дерлік ақша жүйелері қағаз ақшаға негізделді[2].

Ақша – адамның жасампаздық күшінен пайда болған тауар, адам болмысының шынайы өмірлік әрекеті.

Ақшаның мәні - бұл экономикадағы транзакциялы айырбастау құралы болып қызмет атқаратын мақсат үшін жарияланған экономика бірлігі саналады. Ақшаның транзакциялы құнды түсіру жұмысын, атап айтқанда тілектердің қосарлы сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Бұл экономикалық айырбастау болып, келісімшарт бойынша қабылданылған тауар болды. Бұл бағалар мен құндылықтарды білдіретін орта. Ол адамнан адамға және елден елге айналымда жүреді, сауданы жеңілдетеді, сонымен қатар ол байлықтың негізгі өлшемі.

Ақша қоғамда үлкен рөл атқарады, бұл ақиқат. Мысалы, бизнесте, белгілі бір иелікте, адамдардың жұмысында, тіпті білім беру саласында да рөлі ерекше. Ақша адамдарға білім сапасын көтеруге, бизнесте табысты болу мүмкіндігін көтеруге және жұмыс өнімділігін жоғары деңгейде көтеруге көмектеседі.

Ақша бақытты сатып ала алмайды, бірақ біздің және біздің жақындарымыздың қауіпсіздігін сақтауға септігі мол. Қоғамға үй, тағам,

денсаулықты сақтандыру орталығының төлемі және жоғары оқу, өмірімізде мүмкіндік жасайтын бүткіл заттарды төлеу үшін ақша қажеттілігі туындайды.

Ақша өмір сүру үшін қажет тауарлар мен қызметтерді алу үшін қажет болғандықтан, жеке қаржыны түсіну өте маңызды[3].

Ақшаның бар немесе жоқтығын әркім әртүрлі қабылдайды, бірақ олардың күтпеген жерден жоғалуы немесе пайда болуы адам психикасына қатты әсер етеді. Кейбіреулер тіпті ақша проблемаларының, құмар ойындардың немесе тіпті ұрлықтың белгілі бір түрлерін дамытады. Сонымен қатар, ақшаны елемеуге болмайды, өйткені қазіргі әлемде ол мансап құруға және табысқа жетуге, жайлы өмір сүруге ұмтылатындар үшін маңызды құрал болып табылады.

Көп ақша табу үшін үлкен мотивация керек. Байлық ақшамен жұмыс істеуді білетін, басымдықты шеберлікпен белгілейтін, ақша ағындарын басқара алатын және шығындарды бақылай алатын адамға беріледі.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай: “Экономиканы дамытуға тың жаңа идеялар мен жаңа әрекеттер қажет”. Ал, ақша бұл - жай ғана қағаз емес, өзінің атқаратын қызметтері мен қасиеттері бар, мемлекет аралық айырбастау құралы болып саналады. Экономиканың деңгейі жоғары болуы үшін, халық ақшаны дұрыс пайдалана білуі қажет. Тауарлардың құн шамасының өлшемі үшін қолданылатын ақша өлшемі-валюта деп аталады. Ақша бұл баға өлшемі болып табылады, ұсынылады және тауарды не қызметті жеңіл айырбастауға болатын универсалды теңдік. Ол нысана ретінде ерекше әрі құнды қағаз болуы мүмкін.

#### Әдебиеттер:

1. [https://lenta.inform.kz/kz/26-zhylda-tenge-kalay-ozgerdi\\_a3585572](https://lenta.inform.kz/kz/26-zhylda-tenge-kalay-ozgerdi_a3585572)
2. <https://u-s.kz/publ/10319-asha-degenmz-ne.html>
3. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8869/>

ӘОЖ

## **XIX ҒАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫ XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІНІҢ ДАМУЫ**

**Буралхиева Алина Сейтжанқызы** -114-18 тобының студенті  
**Ғылыми жетекшісі Жадраева Г.А.** –тарих ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

#### **РЕЗЮМЕ**

*В данной статье рассмотрены развитие прессы Казахстана II половина 19 века-I половина 20 века.*

Бұл кезең қазақ баспасөзінің енді-енді ғана дүниеге келіп, халықтың арасына тарай бастаған кезеңі, әрі халықтың тар жол тайғақты кезеңі. Осындай аласапыран кезеңде халық тағдыры мен қоғам өмірінің шындығын бүкпесіз

батыл жариялаған қазақ баспасөзінің қызметі орасан зор болды. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысы қазақ баспасөзінің атқарған қызметтері, міндеттері, көздеген мақсаттары бір жарым ғасырға таяу ғұмыры бар қазақ баспасөзі халқымыздың тағдырымен біте қайнасып, бірге жасасып келеді. Осы мезгіл ішінде түрлі кезеңдерді бастан кешіп, біресе алға басып дамыса, енді бірде жүрісін баяулатып, тіпті тоқыраған тұстары да болмай қалған жоқ. Бір кереметі, қандай жағдайда да қоғамдық ойдың қозғаушы күші қызметін адал атқарып келеді. Оған тарих куә 28,б.37. Ұлтымыздың кейінгі жүз жылдан аса тарихының сырлы шежіресі – қазақ баспасөзі XIX ғасырдың екінші жартысында «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» болып патшалы Ресей үкіметінің үкімімен дүниеге келді. Бұл басылымдар отарлаушы елдің жыртысын жыртып, жырын жырлау мақсатында шығарылғанымен, шын мәнінде, сол шеңбермен тұйықталып қалмай, ұлтымыздың жоғын түгендеу бағытын да едәуір көп еңбек сіңірді. Баспасөз – халықтың қоғамдық - әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени - әдеби дүниетанымын қалыптастыруға, кеңейтуге әсер ететін бірден – бір құрал.

Қазақстанның қалаларында патшаның жергілікті әкімшілік орындарының ресми органдары болып табылатын газеттер шыға бастады. «Облыстық ведомстволармен» қатар қазақ тіліне аударылып, Орынборда «Торғай» газеті, Омбыда «Дала уалаяты» газеті, сондай-ақ Оралда, Астраханьда және басқа кейбір қалаларда шығарылған газеттер де Қазақстан өмірімен байланысты болды.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы қазақ баспасөзі патша үкіметінің екіжүзді мақсатына қарамастан, Қазақстандағы мәдениеттің дамуына елеулі әсер етті. Патша үкіметінің заңдарын, жарлықтарын жариялап, оның реакцияшыл, отаршылдық саясатын уағыздай отырып, сонымен қатар бұл газеттер өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мәселелерін көтеруге мүдделі болды. Газет беттерінде мал шаруашылығы жайлы, мектептер, егіншілік туралы және сауда туралы жазылып тұрды, қазақ халқының тарихына, тіліне, ауыз әдебиетіне, этнографиясына, Қазақстанның археологиясы мен пайдалы кен байлықтарына арналған мақалалар басылып отырды.

Алдымен аударма ретінде шығып, бірте - бірте дербес газет дәрежесіне дейін жетіп, қазақ тілінде шығарылған «Түркістан уалаяты» газеті (1870-1882) мен «Дала уалаяты» газеті (1888-1902) қазақ баспасөзі тарихының алғашқы бет ашарлары деп есептелінеді. Бұл газеттер патша үкіметі қойған міндеттер мен мақсаттарға, оның отаршылдық саясатын жүзеге асыруға, Қазақстанда капиталистік қатынастарды орнықтыруға қызмет еткенімен, объективтік тұрғыдан қарағанда қазақтың тілі мен жазба әдебиетін қалыптастыруда, ұлттың мәдениеті мен экономикасының тарихын жазу жөнінде белгілі дәрежеде айтарлықтай роль атқарды.

Бұл газеттер қазақ халқының қамын ойлап, оның әлеуметтік-шаруашылық және мәдени - ағарту тілектерін ескергендіктен шығарылған жоқ, патша үкіметінің отаршылдық саясатын күшейте түсу, оның бұйрық - жарлықтарын

жергілікті халықтардың ана тілінде жариялап, сөзсіз орындаттыру, сондай-ақ оның ресми көзқарастарын халық арасына кең таратып, қол астындағыларды шексіз бағындырып ұстау мақсатын көздеді.

Халқымыздың саяси - әлеуметтік, әдеби, мәдени ой – пікірін оятып, қалыптастыруға септігін тигізген “Түркістан уалаяты газеті”, қазақ баспасөзінің көне бастаушы басылымы болып саналады.

“Түркістан уалаятының газеті”(“Туркестанская туземная газета”) 1870 жылы Ташкент қаласында өзбек, қазақ тілдерінде шыға бастады. Газет о баста Түркістан генерал – губернаторының органы – “Туркестанские ведомости” газетіне қосымша ретінде жарық көрсе де көп ұзамай жеке газетке айналды. Бұл жалпы Орта Азия халықтарының тұңғыш газеті еді. Газет өзінің үкімет бекітіп берген бағдарламасы бойынша жергілікті халықтарға қатысты Түркістан генерал – губернаторы мен облыстық әскери губернатордың бұйрықтарын, сот орындарының шешімдері мен сауда хабарларын Ресей мен өзге мемлекеттердегі ірі – ірі оқиғаларды, шаруашылық жаңалықтарын жазып отырды. Алайда газет бара - бара өз бағдарламасынан едәуір тысқары шығып, қазақ халқының мәдениетіне, тарихына, әдебиетіне қатысты материалдарды жиі жариялады.

Газет айына төрт рет, екі тілде (өзбек, қазақ) он үш жыл бойы үзбей шығып отырды. 1883 жылы Түркістан генерал – губернаторының бұйрығы бойынша, газетті қазақ тілінде шығару тоқтатылып, ол аптасына бір рет өзбек тілінде шығатын газетке айналды. Біраз уақыттан кейін, 1885 жылдан бастап газет өзбек және орыс тілдерінде шыға бастады. Жалпы бұл газет 47 жыл бойы, 1918 жылға дейін шығып тұрды. Дегенмен, газет негізінде өзбек тілінде шыққанымен осы 1883 жылдан кейін де қазақ тіліндегі мақалалар мен қазақ елі жайындағы мағлұматтар жиі жарияланып тұрды.

19 - ғасырдың 60 – жылдарының орта кезінде Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуына байланысты газет бетінде қазақ елінің экономикасындағы прогрестік өзгерістер егіншілік пен отырықшылықтың бұрынғыдан гөрі дами бастауы жағдайындағы мағлұматтар көбірек орын алған. Солардың бірінде егін шаруашылығының пайдасы жөнінде айтылып келеді де, Жетісу облысының таулы жерлерінде егін өсірген Ларионов дегеннің тәжірибесі жергілікті халыққа үлгі ретінде ұсынылады. (1882.№8).

Газет беттерінде қазақ елінің басқа елдермен қарым – қатынасы, экономикасын өркендетудегі темір жолдың рөлі, алғашқы телеграф сымын жүргізу, почта қатынастарын қалыптастыру жөніндегі мәліметтер аз емес.

Қазақ баспасөзінің іргетасын қалаған «Түркістан уалаяты газетінің» соңын ала Орта Азия халықтарының тіліндегі газет – журналдар шыға бастады. Соның бірі «Дала уалаяты газеті» еді .

1888 жылдан 1902 жылға дейін Омбыда шығып тұрған «Акмолинские областные ведомости» газетінде қосымша ретінде орыс және қазақ тілдерінде жарық көрген «Дала уалаятының газеті» халқымыздың әдебиеті мен мәдениетін, тұрмыс – тіршілігін қалың жұртқа танытудағы бірден – бір басылым болды. Орыс тілінде «Особые прибавление к Акмолинским

областным ведомостям» деген атпен шыққан осы газет 1894 жылдан бастап орыс тілінде «Киргизская степная газета» деген атпен жарық көре бастады. Жалпы бұл газет 1888 жылдан бастап 1902 жылы наурыз айында басылып, содан кейін «Сельскохозяйственный листокқа» айналды.

«Дала уалаятының газеті» басқа жергілікті газеттерге қарағанда, қазақ бұқарасының тұрмысын, оның шаруашылық жағдайларын, мәдени тіршілігін толығырақ көрсетіп отырған газет болды. Бұрынғы Сібір әкімшілігіне қараған Семей, Ақмола, Тобыл, Жетісу қазақтары өнер – білім жаңалықтарын алғаш рет осы газеттен оқу мүмкіндігіне ие болды. Газет қазақ жұртшылығын орыс халқының әдебиетімен таныстырды. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ағартушылары мен ақын жазушылары аңсаған ілім-білімге үндесу XX ғасырдың бас кезінде біршама нәтижесін беріп, алдыңғы қатардағы азаматтарды, елді ояту, азаттыққа ұмтылу мақсатына жетеледі. Осы зиялылар арасында ел бағытын айқындар сара жолды жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған жаңа тұлғалар шоғыры қоғамдық өмір өрінде көріне бастады. Сол көш бастаушылардың ең танымалысы - Ахмет Байтұрсынов. Ол 1913 жылы «Қазақ» газетінің ашылуын ұйымдастырды, оның редакторы ретінде, қызмет атқарды. Аталмыш газетті редакциялап жүргенде бірнеше мәрте әкімшілік жолымен айып тартып, тұтқындалды. «1917 жылдың соңына дейін редактор болып істедім», - деп жазады А.Байтұрсынов өз өмірбаянында. А.Байтұрсынов ұйымдастырған «Қазақ» атты тұңғыш би ресми ұлттық газеттің патша әкімшілігінің көңілінен шыға бермегендігін, қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған сара жолы, өзіндік көзқарасы бар, саяси бедері айқындалған беделді басылым екенін тарих растайды.

Орыстың революцияшыл-демократиялық баспасөзі мен публицистикасы мен журналистикасының негізін қалады. Орыс баспасөзінің әсерінде қазақ тілінде «Қазақстан», «Серке», «Қазақ», «Алаш», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ұлан», «Үш жүз», «Тіршілік» және т.б. газет- журналдар шығып, қазақ халқының дүниетанымына әсер етіп, көзқарастарын кеңейтіп, прогрессивтік ағартушылық бағытта үлкен қызмет атқарды.

Патша самодержависінің отаршылық саясатын батыл әшкерлеп, пролетариатты оған қарсы әзірлеуде аса маңызды рөл атқарған газеттер Лениндік «Искра» , «Новая жизнь», «Орал», «Трудавая жизнь», «Степная жизнь» еңбекшілердің саяси оянуы туралы үнемі хабарлап, бұл фактілерге айқын большевиктік баға беріп отырды, сөйтіп ұлт-азаттық қозғалысқа жергілікті партия ұйымдарының дұрыс басшылық етуіне жөн сілтеді.

1915 – 1918 жылдары Уфадағы Рама медресінде оқып жүрген қазақ жастары Б. Майлиннің ұйымдастыруымен «Садақ» журналы шықты. 1913 жылы «Елім» газеті. Ресейдегі революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуі және дүниежүзілік бірінші империалистік соғыс кезінде большевиктік баспасөз, демократиялық бағыттағы қазақ баслымы Қазақстан еңбекшілерін самодержавиеге қарсы аттанысқа орыс пролетариаты, оның серігі еңбекші шаруалармен бірлесіп шығуын әзірлеуде елеулі қызмет етті.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы қазақ

баспасөзінің саяси-қоғамдық және әлеуметтік мәні орасан күшті. Біз бітіру жұмысында, әсіресе қазақ қауымы үшін қызмет көрсеткен «Қазақ» газеті мен «Айқын» журналының қызметіне ерекше тоқталдық.

Ахмет Байтұрсынов, М. Дулатов, Әлихан Бөкейханов, М. Тынышпаев сияқты қазақтың біртума талаптар шоғырын осы газеттер арқылы үзеңгі қағыстыра мәдениет майданына шығуы ұзақ уақыт отар болып келген елдің қордаланып қалған келелі мәселелерін көтерді.

Қорыта келгенде, XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы қазақ баспасөзі – қазақ халқының қоғамдық - әлеуметтік ой – пікірін оятуға, мәдени - әдеби дүниетанымын қалыптастыруға, кеңейтуге едәуір әсер еткен рухани құрал қызметін атқарды.

Жалпы баспасөз атаулыға тән төл ерекшелік үгіт – насихат қызметін атқару барысында салмақтанады. Сондықтан да болар әр жылдары жарық көрген басылымдар – еліміз тарихының әр күні, айы мен жылының жылнамасы іспетті.

#### Әдебиеттер:

1. Әшірбаев Б. Баспасөз дамуының қазіргі шындығы оның түп-төркінін тануда. / Б.Әшірбаев // Қазақ әдебиеті. – 2000. -№11. – 5-6 бет..
2. Игенсартова Ә.Тәуелсіз Қазақстан баспасөзі. / Ә. Игенсартова. – Алматы: Санат, 1997. – 120бет
3. Қозыбаев С. Әлем баспасөзі тарихынан. / С. Қозыбаев, А. Рамазанова, Қ. Аллаберген. – Алматы: Санат, 1998. – 300 б.

ӨОЖ 621.039

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫН ДАМУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Барлыбаева А.Қ., Бекешова С.Г.– МПИ-20-9нк тобының магистранттары

Ғылыми жетекші: Тасболат Б. –ғ.ғ.д., доцент

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент

*Резюме*

*В данной статье рассматриваются вопросы предпосылок строительства АЭС на территории Республики Казахстан*

Электр энергетикасы бірінші кезекте - өнеркәсіптің, техникалық және технологиялық дамудың қозғаушы күші.

Бүгінде Қазақстан уран өндіру бойынша әлемде бірінші орынды алады және әлемдік барланған уран қорының 19% - ы елімізде шоғырланған, қорлар көлемі бойынша екінші орын алады. Қысқа уақыт ішінде Қазақстан атом энергетикасы саласын дамытудың жоғары деңгейіне көтере алады. Қазақстан атом энергетикасы және ядролық физика саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін инфрақұрылымы бар дамыған уран өндіруші және қайта өңдеуші өнеркәсіпке ие.

Қазақстан аумағында барлығы 129 уран кен орындары мен кеніштері белгілі. Уран кен орындары 6 уран провинциясына біріктірілген: Шу-Сарысу, Сырдария, Солтүстік Қазақстан, Іле, Каспий маңы, Балқаш маңы.

Уран қорларының көпшілігі (шамамен 65%) неғұрлым прогрессивті, экологиялық қауіпсіз және экономикалық тұрғыдан тиімді – жерасты шаймалау әдісімен өңдеуге жарамды [1].

Қазақстанда атом электр станциясын (АЭС) салу мәселесі соңғы 20 жыл бойы талқыланып келеді. Кезінде, АЭС салу мен оның құрылысын іске асыру мәселесі талқылаулардан кейін халықтың наразылығына ұшырап сарапшылар тарапынан да қолдау таппады.

Атом электр станциясы туралы ақпараттың алғашқы бастамасы 1997 жылы болды, сол кезде ҚР Білім және ғылым министрі В.Школьник Маңғыстау атом энергия комбинатының (МАЭК) орнына жаңа АЭС салудың маңыздылығын атап өтті. Алайда, бүгінгі күні дәл осындай орын АЭС құрылысына байланысты барлық ақпараттық жағдайларда талқылау түйіні болып табылады.

Уақыт өте келе, 2006 жылы атом электр станциясын салу мәселесі қайтадан өзекті бола бастады. Батыс аймақ Қазақстан үшін стратегиялық маңызды болып табылады, өйткені онда мұнай-газ кен орындарының басым бөлігі орналасқан. Алайда, өңірде әлі күнге дейін электр энергиясы мен тұщы су тапшылығы мәселесі шешілмеген күйінде қалып отыр. Осылайша, атом электр станциясын салу арқылы Үкімет екі мәселені шешу мүмкіндігіне ие болар еді, бірақ бұл жолы да жоспар орындалмады және 2009 жылы тоқтатылды [2].

АЭС салуға бірнеше сәтсіз әрекеттен кейін, 2014 жылдан бастап Үкімет өз көзқарастарын кеңейтіп, атом энергетикасын дамытатын басқа елдермен де ынтымақтастық мүмкіндіктерін қарастыра бастады. Әлеуеті сәйкес келетін орындар ретінде Курчатова қаласы және Балқаш көлінің жанында орналасқан Үлкен елді мекені таңдалды.

АЭС салу бойынша әріптес елдер мәселесі бір мағыналы емес болды және толық шешілмеді. Қазақстандық АЭС өз әзірлемелерін орнату үшін талпынған елдер арасында бірінші кезекте жапондық Toshiba компаниясы және француздың Areva компаниялары болды. Алайда, Ресеймен АЭС құрылысындағы Меморандумға және жапон тарапымен осыған ұқсас құжаттарға қарамастан, құрылыс жөніндегі келіссөздер ештеңеге алып келген жоқ. 2016 жылдың қараша айында энергетика министрі мәселеге «уақытша нүкте» қойып, Қазақстанда энергетика бағытында бүгінгі таңда электр энергиясының артық екені байқалғанын және олардың болжамдары бойынша, кем дегенде таяудағы жеті жыл ішінде (2023 жылға дейін) АЭС салу жоспарланбайтынын айтты [3].

Соңғы кездегі талқылаулар негізінде Алматы облысындағы Үлкен елді мекені лайықты деп саналды. Балқаш көлінің жақындығы да, дамыған электр беру жүйесінің болуы да Үлкен елді мекенін таңдауда басты себеп болды. Сондай-ақ, Қазақстан билігі өкілдерінің сындарлы риторикасы байқалады. Үкімет қоғамдық пікірге ашық назар аударады және халықтың АЭС құрылысына қарсы ішкі қарсылығын түсінетінін айқын көрсетті. Яғни, бұл

сұраққа назар аудару керектігінің бірқатар «қолдау» және «қарсы» дегендей дәлелдері бар екені айтылды.

Бірінші кезекте, атом электр станциясын салу пайдасына ел аумағында уранның үлкен қорының болуы ойнайды. Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың деректері бойынша Қазақстан 800 мың тоннадан астам уран қоры расталған әлемде екінші орында тұр. Уран бойынша әлемнің энергетикалық қорларын салыстырмалы талдауда қазақстандық үлес шамамен 14% - ды құрайды [4].

Сонымен қатар, 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда уран өндіру 22 мың тонна деңгейіне жақындады. Оның 15 мың тоннасы шет мемлекеттерге экспортталды. Жоғарыда аталған көрсеткіштерді ескере отырып, қисынды сұрақ туындайды – Қазақстан неліктен атом энергетикасының әлеуетін пайдаланбасқа?

Қазақстан уран өндірісі мен экспорты бойынша әлемде көшбасшы болумен қатар, елде көптеген жылдар бойы уран өндірумен және өңдеумен айналысатын «Қазатомөнеркәсіп» компаниясы бар.

Уран қорының нақты болуынан басқа, Қазақстанда Ресей, Жапония және Франция сияқты елдерде оқыған өзінің білікті мамандары бар.

Екіншіден, атом электр станцияларын салу Қазақстанның әлемдік аренадағы ұстанымын нығайтады. Бұл үдеріс бірнеше жолмен жүреді. Біріншісі, экономиканың өсуін білдіреді. Экономиканы дамыту энергетикалық ресурстарды әртараптандыру, жаңа жұмыс орындарының пайда болуы, ғылыми және инновациялық зерттеулердің өсуі және жоғары технологиялық өнімдер экспорты көлемінің тиісінше өсуі есебінен жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар, алған белестерді нығайту Қазақстанның ядролық отынды өндіретін, ең бастысы пайдаланатын дамыған елдермен бір сатыға шығуы арқылы жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде ел беделінің индикаторларының бірі болып саналады.

Үшіншіден, атом энергиясының үлесін ұлғайту көмірді тұтынуды және оның қоршаған ортаға кері әсерін төмендетуге мүмкіндік береді. БҰҰ шеңберінде 2015 жылғы климаттың өзгеруі туралы Париж келісіміне сәйкес климаттың өзгеруін болдырмау мақсатында парниктік газдар шығарындыларының көлемін азайту қажет.

Қазақстан Республикасының ауқымына қайта орала отырып, орташа статистикалық сападағы көмірден келетін зияннан басқа, елде өндірілетін көмірдің жылу бөлуі төмен, ылғал үлесі жоғары, күл мен күкірттің үлкен көлемінің болуы бар екенін атап өту маңызды. Атмосфералық шығарындылардың нормаларымен жұмыс жасай отырып, Қазақстандағы жағдайды Еуропалық Одақпен салыстыруға болады [4,5]. Осылайша, зиянды заттар шығарындыларының таралуы айқын және көмір өнеркәсібі үлесінің біртіндеп төмендеуін тек Қазақстанның ғана емес, жалпы әлемнің мүдделерімен байланысты қажеттілік деп атауға болады.

Атом энергетикасын қалыптастыру кез-келген мемлекет үшін, елдегі ғылыми-техникалық әлеуеттің деңгейіне қарамастан, ауқымды, қымбат және



өте қиын үдеріс болып саналады. Осыған байланысты атом энергетикасын құру мен дамытуға талпынып отырған мемлекеттер үшін басқа тәжірибесі мол және озық технологиясымен көрінетін елдер мен компаниялардың іс-әрекетіне сүйену өте қажет деп есептейміз. Атом энергетикасын құру жөніндегі жұмыстарды дамытуда Қазақстанның халықаралық ынтымақтастық әлеуетіне және ядролық инфрақұрылымы қалыптасқан елдердің тәжірибесі міндетті және құнды болу керек.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда Қазақстанда атом энергетикасы мен атом элетр станцияларын салу мен дамытуға барлық табиғи, экономикалық-әлеуметтік және саяси алғышарттар бар деп есептейміз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Человек. Энергия. Атом / Научно-публицистический журнал №1 (21) 2014. – 81 с.
2. Келсигазина Р.Е., Дуйсен А.Ж. Перспективы развития атомной энергетики в Казахстане // Международный студенческий научный вестник. –2015.–№3-4.
3. URL: <https://eduherald.ru/ru/article/view?id=14101>
4. Атомная энергетика в Казахстане и мире. 20 Октябрь 2021, - 6с.
5. Роман Якуткин. Энергетика Казахстана. В ожидании чуда./ Журнал «KAZAKHSTAN» №5-6, 2008, - 8 с.

ӘОЖ 911.37

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР МЕН ЖЕРЛЕРДІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)**

**Жанысбаева А.Ә., Торғаутова А.** – МПИ-20-9нк тобының магистранттары

**Ғылыми жетекші: Тасболат Б.** – г.ғ.д., доцент

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент

*Резюме*

*Данная статья посвящена вопросам и проблемам становления и развития сверхбольших сел Туркестанской области*

Қазақстан Республикасы, оның ішінде Түркістан облысының да, экономикасын дамытудың басым бағыттарының бірі ауылды елді мекендерді дамыту болып табылады.

Қазақстанда соңғы онжылдықтарда байқалған демографиялық және көші-қон процестері екі қарама-қарсы қайшылықтарға алып келді. Солтүстікте, ауылды елді мекендерде халық саны азайып ауылдап жойылып жатса. Оңтүстікте керісінше, ауылдардың саны артып, олардағы халық саны еселеп өсе бастады. Яғни солтүстікте мәселе анық және билік тарапынан қолдау көрсету шаралары қабылдануда, ал оңтүстіктегі өте ірі ауылдар мәселесі сарапшылар көңілін аударма қойған жоқ. Бірақ мәселе айқын, оны қазір болмаса да кейінірек шешу керек [1].

Кез келген мемлекеттің қызметінде ауылдық елді мекендер маңызды рөл атқарады. Мемлекет селолар мен ауылдарды дамытуға айтарлықтай көңіл бөлуі керек, өйткені бұл аумақтардың «жойылуы» орны толмас негативті жағдайларға алып келеді. Қала халқының шамадан тыс көбеюі, экологиялық проблемалар, қала өмірінің қарбалас ырғағынан тұрғындардың шаршауынан

туындаған әлеуметтік мәселелер – бұл мемлекет тап болуы мүмкін жағдайлардың аз ғана бөлігі. Дегенмен, қазіргі уақытта ауылдық аумақтарды дамыту әлі де бірқатар қиындықтармен бетпе-бет келуде, олардың негізгілері халықтың жаппай кетуі, агроөнеркәсіптік кешеніндегі шағын бизнестің тартымдылығының төмендеуі және елді мекендердің әлеуметтік және көлік инфрақұрылымының нашарлығы болып табылады [1].

Ауыл шаруашылығы өндірісінің басқа салалардан айырмашылығы және оның ерекшелігі ауыл шаруашылығының тек өндіріс саласы ғана емес, сонымен бірге ел халқының үлкен массасы үшін өмір сүру саласы болып табылатындығында. Ауыл экономикасы мен ауылдық елді мекен бір-бірімен тығыз байланысты: ауылдық елді мекендер тарихи түрде ауылшаруашылық қызметі негізінде қалыптасып, соңғысының дағдарысымен өмір сүруін тоқтатты. Қазақстанның жаңа тарихы тек осы заңдылықты растайды: ауыл шаруашылығы өндірісіндегі дағдарыс халықтың кетуіне және ауылдық елді мекендердің өмірін қамтамасыз ету жүйелерінің күйреуіне әкелді.

Бүгінгі таңда, Қазақстан ауыл халқының және еңбек ресурстарының айтарлықтай үлесі бар аумақ ретінде қарастырылады, бұл үрдіс ұзақ уақыт бойы сақталып келеді және олардың өмір сүруіне қалыпты жағдай жасау үлкен маңызға ие. Көпжылдар бойы жалғасқан (жартысынан астамы шағын, халқы 500 адамнан аз, онда ауыл халқының 9,8% тұратын) ауылдық елді мекендер желісін ұсақтату үрдісі ауылдық елді мекендердің әлеуметтік дамуы мен орналасуын қиындатты, бұл еңбекке қабілетті халықтың, әсіресе жастардың ауылдан қалаға кетуіне және халықтың урбандануына әкелді. Ауылдық жерлерде өмір сүру деңгейі мен сапасы арасындағы әлеуметтік-экономикалық диспропорциялар әлі де сақталуда. Қазір Қазақстан Республикасы халқының 42 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Агроазық-түлік секторының даму ерекшеліктерін және ауыл шаруашылығы қызметінен түсетін кірістердің өсуін ескере отырып, ауыл тұрғындарының бар артықшылығы халықтың өмір сүру деңгейінің өсуін тежеу себептерінің бірі болып табылады, бұл елдің тұрақты дамуын жоспарлауға кедергі келтіреді [2].

Қазақстанның даму мақсаттарының шеңберінде еліміз азаматтардың өмір сүру жағдайын жақсартуға және әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар міндеттерді шешуге міндеттенді. Бұл саланың өзектілігі мен басымдылығы халықты экономикалық келешегі бар және қолайлы аймақтарға шоғырландыру арқылы ауылдық елді мекенді оңтайландыру негізінде ауылдың өмірін қамтамасыз ету үшін қалыпты жағдай жасау жөніндегі шараларды қабылдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асырумен расталады және ауылды дамытуды интеграциялау арқылы ауыл әлеуетінің өсуін қамтамасыз ету.

Әрине аталған мәселелердің бір ғана жағы Түркістан облысына тән емес. Ол облыста халықтың көп бөлігінің ауылды елді мекендерде тұруы. 2020 жылдың 1 қаңтарына Түркістан облысында 2018116 адам тұрса оның 405539 – і қалаларда, ал 1612577 – і ауылдарда тұрды (республикалық маңызы бар Шымкент қаласын есептемегенде), яғни ауыл халқының үлесі 75 пайыздан

жоғары деген сөз [3]. Бірақ, республикамызға тән әлеуметтік-экономикалық және тағы басқа да мәселелер Түркістан облысына да әбден қатысы бар. Сол себептен де оларды зерттеу мен келеңсіз жағдайларын төмендету зерттеліп отырған аймақтың да шешуін күтіп тұрған мәселелердің қатарына жатады. Аталғандардың кейбірін талдап саралап көрейік.

Олардың негізгілерінің бірі, ауыл шаруашылығы өндірісін реформалау, оны нарықтық экономикаға көшіру, ауылшаруашылық әлеуетінің өсуін бағалау үшін маркетингтік стратегияларды қолдану Түркістан облысының ауыл халқының шамадан тыс көптігі мәселесін алға қойды. Өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерін теңгерімді тұтыну үшін ішкі нарықтың сыйымдылығы жеткіліксіз. Оны өндіруден түскен табыс ауыл тұрғындарының ең төменгі күнкөріс деңгейін қамтамасыз етуге әлсіз екені айқындалды. Аграрлық сектор соңғы уақыттағы қолайлы ауа райы жағдайларына қарамастан, экономиканың жоғары тәуекелді және рентабельді емес саласы болып қала береді. Сыртқы және ішкі нарықтардың сыйымдылығын ескере отырып, ХХ ғасырдың алдыңғы онжылдығының аяғына қарай сенімді деректерге сәйкес ауыл шаруашылығы өндірісінің болжамды өсімі 10%-дан сәл артық болады. Сонымен бірге аграрлық секторда табыстың өсуін арттыру мүмкіндіктері шектеулі деп айтуға болады. Осыны ескере отырып, ауыл тұрғындарының шамадан тыс көбеюі және ауыл тұрғындарына лайықты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету мәселесі өзекті болуда.

Қарастыратын екінші мәселе, Түркістан облысында ауылды елді мекендер өте тығыз орналасқан. Олардың басым бөлігі (облыста 836 ауылды елді мекен бар) тауалды жазықтарында, өзен аңғарларында және ірі жолдар бойында орналасқан. Ауылдардағы халық саны мың адамнан бастап 22 мың (2019 жылдың 1 қаңтарына Абай елді мекенінде 21221 адам болды) адамға дейін өзгереді. Мұндай аймақтарда демографиялық жағдай өте күрделі және артық халық санына алып келеді. Бұл үдерістің салдары: халықтың реттеусіз көшіп-қонуы, еңбек ресурстарының шектен тыс артық болуы, жұмыссыздық және т.б. Соңғылардың басым болуы аймақта әлеуметтік-экономикалық шиеленісті күрт жоғарылатуы ықтимал.

1. Мокичев С.В., Малаев В.В., Котенкова С.Н., Галлямова Д.Х., Мокичев С.Д. Экономическая теория. Часть II.  
<https://kpfu.ru/docs/F417973755/Тема.12.pdf>
2. Макроэкономика  
[https://kpfu.ru/docs/F815027643/1\\_Panmir.pdf](https://kpfu.ru/docs/F815027643/1_Panmir.pdf)
3. Энциклопедия по экономике  
<https://kpfu.ru/portal/docs/F1001979507/lekcii.MEiMEO.pdf>.

ӘОЖ 473.25

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНА МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мырзатай М.Т. – МПИ-20-15нк тобының магистранты

Қатықбай Б. - ЕП-18-21к тобының студенті

Нұртілеуова С.Р. магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан  
университеті, Шымкент

#### Summary

*This article discusses the problems of environmental education at school and environmental protection*

Қоршаған ортаның ластануы-қазіргі кезде адам баласын алаңдатып отырған аса маңызды мәселелердің бірі. Соңғы жылдары табиғат байлықтарын пайдаланудың салдарынан адамзаттың табиғатқа тигізетін әсер, ықпалы өлшеусіз өсуде. Адам баласының табиғатпен үйлесімді байланысын қалыптастыру үшін экологиялық білімнің маңызы зор. Табиғатты қорғауда өтілетін тақырыптарға байланысты әр түрлі әдістерді қолданып, сабақты түрлендіріп отыру керек.

Табиғат - адам тәрбиешісі. Табиғат бөлшектері: жан-жануарлар дүниесі, өсімдіктер әлемі, өзен-сай, биік таулар, сағым тербеген сары дала бәрі-бәрі адамдардың ойына сана, денесіне - қуат, бойына - күш, өнеріне-шабыт, көңіліне - қанат береді.

Ерте заманнан бері адамзат өзінің тіршілігіне қажетті заттардың бәрін табиғат қазынасынан алып келді. Сондықтан табиғат байлығын тоздырмай, ортайтпай, қайта қорландырып, нәрлендіріп, молайтып отыруымыз керек [1].

Қазіргі кезде адам табиғат байлықтарын өз керегінше алып пайда қылып жаратып қана қоймай, олардың табиғи түріне ірі-ірі өзгерістер енгізуде.

Сондықтан қазір адамзат алдында тұрған көкейкесті мәселенің бірі қоршаған ортаның тиімді қарым-қатынасының негізгі ұстанымдарын қайта қарау, туған табиғатты аялап, оны қорғаудың экологиялық жолдарын ұтымды шешу. Адамзат тарихы табиғат тарихымен тікелей байланысты. Қазіргі кезде адам мен табиғаттың дәстүрлі өзара әрекетінің салдары үлкен экологиялық мәселеге айналуда. Адамды қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға дағдыландыратын экологиялық тәрбиені мектеп жасынан бастау қажет.

Бүгінгі таңдағы мектеп мұғалімдерінің аса жауапты міндеттерінің бірі оқушылардың санасына қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті қалыптастырып, сол арқылы туған өлке табиғатының байлығын сақтау және молайта түсуге бағытталған сезімдерін тәрбиелеу.

Оқушыларды экологиялық білім мен табиғатты қорғауға тәрбиелеу, олардың жалпы ой-өрісін арттыру үшін балаларға арналған көркем әдебиетті тек сабақ үстінде ғана пайдалану жеткіліксіз. Сыныптан тыс жүргізілген жұмыстан мұғалім оқушылардың әрқайсысының қандай қабілеті бар екенін байқайды.

Қазіргі кезде ізгілендіру мен демократияландыруға бағытталған білім стандарттарын, оқытудың озық технологияларын экологиялық білім негіздерін оқыту үрдесіне енгізу білім беру жүйесін дамытудың негізі [2].

Экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті мектеп жасынан қалыптастырып, кәсіпкерлік және нарықтық шаруашылықтың заңдылықтарымен оқушыларды міндетті түрде таныстыра отырып, экологиялық білім негіздерін ұғындыру кезінде жеке тұлғаның шығармашылық ойлау қабілетінің дамуын қарастыру қажет. Экологиялық біліктілікті терендетуге жаңа саналық деңгейде экологиялық тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар жүргізу, оқушылардың өз бетімен ізденіп, жұмыстарына талдау жасауына өз септігін тигізеді.

Оқыту мақсатына сай және белгілі бір жас ерекшеліктеріне қарай оқу материалдарын меңгеру психологиясы, дайындығы, қызығушылығы ескерілуі қажет. Оқушылардың экологиялық сауатылығын, мәдениетін, «танымдық белсенділігін арттыруға мұғалімнің білімі мен педагогикалық шеберлігі үлкен ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 31 бабында "...мемлекет адамның өміріне және денсаулығына қолайлы жағдай жасап қоршаған ортаны қорғау мақсатын көздейді" делінген [3].

Қазіргі уақытта экологиялық тәрбие беру жер бетінің әрбір тұрғынын қамтуға тиісті бүкілхалықтық мәселеге айналып отыр. Қоршаған ортаны қорғау мен оның байлығын тиімді пайдаланудың Қазақстан Республикасының Конституциясынан орын алуы, арнаулы өкіметтік қаулы-қарарларының қабылдануы, экологиялық тәрбие беру қажеттілігінің күннен-күнге арта түсуі бала бақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейінгі тәрбие орындарында оқу-тәрбие жұмыстарының әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалануды міндеттеген, Мұның мәні оқушыларды табиғатқа ұқыпты қарауға үйретіп, оның байлықтарын үнемді пайдаланудың маңызды мәселе екенін ұғындыру, табиғатқа дұрыс қарым-қатынас жасау жөніндегі қажетті біліммен, икемділік, дағдылар мен қаруландыру [2,3].

"Жалпы білім беретін мектептерде табиғат қорғау жұмыстарын күшейту туралы" оқыту үрдісінде экологиялық тәрбие берудің маңыздылығының ашып көрсетілуі оқушылардың табиғатқа жауапкершілік қатынасын тәрбиелеу ісіне қозғау салады. Қазіргі әлемдік экологиялық мәселелерде туындап отырған кезеңінде оқушылардың табиғатқа-жауапкершілік қатынасын қалыптастыру қажеттілігі, оқыту әдісін ізгілендіру, экологияландыру міндетін алға қойып отыр. Ал бұл міндет осы салада нақты зерттеуді және оларды теориялық және тәжірибелік тұрғыда негіздеуді қажет етеді.

Экологиялық тәрбие беру жұмысы отбасында, бала бақшасында, мектепте, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында үздіксіз жүргізілген жағдайда ғана адам санасында табиғатты қорғау, оның байлықтарын сақтау жөніндегі тиянақты көзқарасты қалыптастырып, жүйелі білім беруге болады.

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі барынша күрделі, сан қырлы және өте маңызды болғандықтан, алдыңғы катарлы философтердің, психологтердің, педагогтердің назарын ерекше аударып отыр.

Экологиялық білім беру мынадай үш мәселені шешуі тиіс.

1. Адекватты экологиялық көріністерді формалау, яғни "адам табиғат" жүйесінің өзара байланыстары туралы көріністер.
2. Табиғатпен қарым-қатынасты формалау.
3. Табиғатпен қарым-қатынастағы әдеп, дағдылар мен біліктіліктер жүйесі мен стратегиясын формалау.

Оқушыны табиғатқа жауапкершілікпен қарауға баулу - күрделі әрі ұзақ мерзімді қажет ететін үрдіс. Оның нәтижесі анықталған білім мен біліктерді игеру ғана емес, табиғи ортаны жақсартуға, қорғауға қажетті талап пен дағдылардың, эмоциялық қатынастардың дамуы болуы тиіс [4].

Экологиялық тәрбие беру тәсілдерінің қазіргі кезде жиі қолданып жүрген тәсілдерінің бірі – пән мазмұнын экологияландыру. Бұл - мектеп оқушыларына оқытылатын пәндер негізінде экологиялық білім мен тәрбие беру деген сөз, яғни пәнді оқыту барысында бұрыннан оқытылып келген тақырыптардың мазмұнын қосымша экологиялық мәліметтермен толықтыра баяндау.

Оқыту мақсатына сай және белгілі бір жас ерекшеліктеріне қарай оқу материалдарын меңгеру психологиясы, дайындығы, қызығушылығы ескерілуі қажет. Оқушылардың экологиялық сауатылығын, мәдениетін, «танымдық

белсенділігін арттыруға мұғалімнің білімі мен педагогикалық шеберлігі үлкен ықпал етеді.

#### Әдебиеттер

1 Бейсенова А.С, Шілдебаев Ж.Б. “Қазақстанда экологиялық білім берудің қазіргі жайы”. Абай атындағы АлМУдің мерекелік жинағы. Алматы, 2003. – Б. 7-11, 163.

2 Бейсенова А, Самақова, Т.Есполов. «Экология және табиғатты тиімді пайдалану». Алматы 2004. 328 бет.

3 Қазақстан Республикасында 2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. 2004 ж. Бекітілген. \\ Қазақстан мұалімі. Б. 5-6.

4 Бейсенова Ә.С. Қазақстан географиясы, - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ:Ұлағат баспасы, 2014-416 б.

УДК 930.1

## **ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ В РЕКОНСТРУКЦИИ ПРОШЛОГО**

**Марина Г.А.**

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,  
Шымкент, Казахстан

#### *Түйін:*

Мақалада өткенді қайта жаңғыртуға қатысты кеңістік пен уақыттағы тарихи жады мәселелері қарастырылған. Есте сақтау және қайта құру мәселелеріне әдістемелік тәсілдер талданады.

Граница между современным и несовременным определяется прежде всего событиями[1]. Важнейшая характеристика времени – это наполненность событиями, которые совершаются в конкретном пространстве социальных взаимодействий и символических практик. Крупное событие рассматривается и как процесс и как результат развертывания микрособытий во времени и в пространстве. Из-за их разномасштабности и разновременности эти происшествя не могут быть выстроены в последовательную цепь событий. Порой события недавнего, а нередко и прошлого оказывают существенное влияние на жизнь и действия индивидов и групп.

Если события подвергаются процедурам деконтекстуализации, стереотипизации и символизации, то современная историография одновременно опирается в интерпретации событий на процедуру их многоуровневой контекстуализации и вынуждена выстраивать сложные модели репрезентации, особенно в случае так называемых эпохальных событий, которые историки рассматривают как источник множества последующих событий. Поль Рикёр в своей книге «Память, история, забвение»[2] изучение дистанции между памятью и документальным доказательством начал с выяснения с историческим временем и географическим пространством, а затем перешел от исторического пространства-времени к высказываниям о прошлом, в которых память экстерииризуется в свидетельство. «“Здесь” и “там” прожитого пространства восприятия и действия, а также “до” прожитого времени памяти объединены вместе в систему местопребываний и дат, из которой исключена соотнесенность с здесь и с абсолютным теперь живого



опыта»[3]. И, как не преминул отметить Рикёр, именно «в связи с этим живым опытом в истории впервые возникло понятие места памяти (*lieu de mémoire*), до того, как в нашем обиходе успешно закрепились последующие значения этого выражения»[4]. От ближнего пространства человека анализ ведет ко все более отдаленным мирам. Нужно оценить значение этого устойчивого акцентирования местных условий, конкретной локализации действий, стремления «вернуть» работу историка «на землю» (по аналогии с полевыми исследованиями антропологов) в свете критических выступлений в адрес социальной истории и «новой истории», а также комплекса теоретических предпосылок и практик установок набравшей все больше сторонников микроистории (в разных ее версиях). С развитием микроисторических исследований, актуализируется выбор масштаба рассмотрения объекта, от чего зависят результаты его познания в так называемой “другой социальной истории”, а по сути – истории социокультурной. В микроисторическом анализе на уровне индивида в конфигурации его жизненного пути обнаруживается «новый подход к социальному через нить частной судьбы», а «за этой судьбой проступает все единство пространства и времени, весь клубок связей, в которые она вписана»[5]. Важно, как перейти от «истории случаев» к обобщению на макроуровне. Локальность является удобным местом для исследования важных социальных изменений и решения значимых проблем. Пространственно-временные координаты причудливым образом переплетаются в исторической проблематике совместного существования и неразрывной последовательности смены поколений, связующей биологические ритмы человеческих жизней и разноуровневые ритмы социальной жизни множества сообществ в их дифференцированных пространственно-коммуникативных средах, а также ритмы исторического процесса в его культурно-цивилизационном и глобальном измерениях. Именно в этом пространстве-времени делаются специфические открытия, накапливается новое знание»[6]. В “пространстве истории” происходят совмещение и перекличка двух пластов времени: во-первых, это «время, современное историку» (оно присутствует на всех этапах работы исследователя) и, во-вторых, время, когда происходили изучаемые исторические явления (открывается в результате углубления анализа). Сегодня, когда история все чаще рассматривается как особая форма памяти, «пласты времени» видятся неотъемлемыми элементами сложной коннективной структуры, в двух измерениях – социальном и темпоральном[7]. Историческая событийность уже рассматривается не только и даже не столько коротком (ситуационном) времени, а в сложной, нелинейной связи с другими событиями в границах фиксированных интервалов длительного времени. Это означает, что в некоторой пространственно-временной точке развитие перешло в свою новую стадию[8]. В рамках конкретного исторического исследования проводится сопоставление многих данных и их содержательная интерпретация в ограниченных пространственно-временных диапазонах (хронотопах), в которых само событие (в своей собственной процессуальности) и его продолжительный смысловой след (память) включаются в сложную диалектику

с преемственностью структур и длительным временем культуры, которая выступает как трансляция из поколения в поколение духовного и интеллектуального опыта человечества в рамках определенного пространственно-временного диапазона. Самым ярким проявлением пространственного поворота, отразившим происходившие в мире и науке перемены, стало формирование междисциплинарного исследовательского поля глобальной истории, в центре внимания которой оказались коммуникативные процессы, связанные с глобализацией, но воспринимаемые в глубокой ретроспективе и охватывающие развитие взаимосвязей в мире по крайней мере за последние полтысячелетия. Глобальная история, стремящаяся на новом теоретическом уровне охватить человечество как некую структуру в историческом развитии взаимосвязей ее отдельных частей, может быть понята и как осмысление процесса мировой интеграции через живое взаимодействие локальных и национальных культур[9]. Проблема связанности историй ставится в самых разных контекстах: в ряде случаев речь идет о путях преодоления конфликтогенных форм культурной памяти, о связанности и продуктивном взаимодействии разнонаправленных версий памяти членов глобального сообщества о событиях прошлого, т. е. связанными оказываются не только исходные явления (социальные действия в прошлом), но и их противоречивые образы в актуальном настоящем. Для перекрестной истории характерен многомерный и динамичный подход, учитывающий сложность конфигураций объектов, их подвижность и интерактивность и исключающий доминирование линейных схем и простых причинных связей[10]. Если классическая историография ставила перед собой задачу «достичь “объективного” образа прошлых событий», то диалоговая парадигма перекрестной истории соединяет проблемы интерпретации культурных взаимодействий в истории и в сознании историка[11]. На место изучения структур ставится исследование взаимодействий между факторами и их результатов, а следовательно – событий и их образов, запечатленных в коллективной и культурной памяти. Поэтому важной и актуальной задачей представляется взаимообогащение новых макроисторических моделей и новой событийной истории как подхода к изучению исторического события в соотнесении с социально-пространственными характеристиками и культурными реалиями изучаемой эпохи. Интерпретация события в новых модификациях событийной истории опирается на соотнесение внутреннего содержания и структуры события с его «внешней стороной», или с широко понимаемым историческим контекстом, а точнее контекстами – как синхронными (на разных уровнях), так и развернутыми во времени. Мощным ограничителем выступает сформированная в массовом сознании память о критических событиях прошлого, в том числе о «великих исторических событиях», которые в исторической науке служат вехами-маркерами периодизации национальной и мировой истории. «Время обретает форму с помощью исторического повествования»[12]. Усиление коммуникативного, диалогического познавательного идеала современного гуманитарного знания требует разработки эффективной методики

комплексного характера, способной выстроить исторический нарратив новой событийной истории в рамках моделей культурного диалога, реализуемого в конкретном хронотопе истории.

По мнению Л.П. Репиной, для формирования исторической памяти важны три процесса: 1) забвение прошлого (потери возможности воспроизведения, а иногда даже узнавания ранее запомненного); 2) различные интерпретации фактов и событий; 3) актуализация (воспроизведение и узнавание) прошлого, связанного с текущими проблемами [13, с.11]. Работают и основные правила запоминания: чем глубже переработка и осмысление обществом исторических событий, тем лучше они запоминаются и лучше помнятся. Эту задачу выполняет наука и искусство, реагируя на текущие события и перемещая их образы в хранилища долговременной памяти – документы.

В информационном плане историческая память обладает временной и пространственной структурой, она мифологична по своему содержанию, эмоционально окрашена. Историческая память вариативна и имеет страновые (государственные), национальные, социальные и возрастные особенности, но вместе с тем содержат общие координаты, символы и образы, объединяющее общество, обеспечивающее его ментальное единство.

Принято выделять индивидуальную и коллективную (групповую, страновую, национальную, локальную, глобальную) историческую память [14]. Коллективная память включает индивидуальную, как обобщенный образ этих представлений, принимаемый и узнаваемый всеми. Различие заключается в том, что если формирование индивидуальной памяти происходит на основе саморегулирования, часто неосознанного и слабо контролируемого человеком, то коллективная память – это контролируемое явление, она поддается корректировке, управлению и манипулированию. Этот эффект зависит от того, как автор использует инструменты забвения, актуализации и интерпретации.

Историческая память социально детерминирована, она формируется из разных источников, в том числе опирается на личный опыт, т.е. включает субъективный аспект, связанный с личными особенностями восприятия, интерпретации исторического опыта, особенно событий живой истории, свидетелем и участником которой был человек. Собственный опыт фрагментарен, поэтому уникален и охватывает относительно непродолжительный отрезок исторического времени, а значит не может составлять основу исторической памяти. Он должен накладываться, вписываться в формируемое обществом историческое информационное пространство, дополнять его. Личный опыт выполняет функции контроля и верификации исторической информации, транслируемое другими каналами.

Основу исторической памяти человека и общества формирует та коммуникативная и информационная среда, в которой он находится: система образования, масс-медиа, контролируемые идеологией и рынком. Основным фактором, заинтересованным в контроле за исторической памятью выступает власть. Большое значение приобретает формируемое обществом историческое

пространство, представленное местами памяти, а также праздниками, годовщинами и другими механизмами актуализации и стимуляции исторической памяти.

Реконструкция исторической памяти, как исследовательская проблема, предполагает решение нескольких взаимосвязанных задач: 1) выделение основных информационных каналов (источников и механизмов) формирования исторической памяти сообщества; 2) составление карты памяти, ее символического ряда и пространственной иерархии образов (центральной и периферийной); 3) реконструкция и интерпретация исторических образов, их анализ и дешифровка.

Таким образом, изучение исторической памяти, является отражением растущего интереса сообщества к не вполне традиционным сюжетам, связанным не с описанием исторических событий, а с восприятием их современниками, потомками, историками, неисториками.

#### Литературы

1. Рикёр П. Память, история, забвение. Ч. 2 : История. Эпистемология. Гл. 1 : Фаза документирования : память, занесенная в архивы. М. : Изд-во гуманитарной литературы, 2004. С. 203–254.
2. Рикёр П. С.205.
3. Рикёр П. С.206.
4. Ревель Ж. Микроисторический анализ и конструирование социального // Одиссей. Человек в истории. Ремесло историка на исходе XX века. 1996. М. : Coda, 1996. С. 113.
5. Гуревич А. Я. Территория историка // Одиссей. Человек в истории. Ремесло историка на исходе XX века. 1996. С. 106–107.
6. Ассман Ян. Культурная память : Письмо, память о прошлом и политическая идентичность в высоких культурах древности / пер. с нем. М. М. Сокольской. М. : Языки славянской культуры, 2004. С. 15.
7. Хвостова К. В. Актуальные проблемы современной эпистемологии и методологии истории // Диалог со временем. 2017. Вып. 59. С. 5–17.
8. Репина Л. П. Преодолевая границы государств и цивилизаций : макроисторические опыты современной историографии // Реконструкции мировой и региональной истории : от универсализма к моделям межкультурного диалога / под общ. ред. Л. П. Репиной. М. : Аквилон, 2017. С. 7–71.
9. Werner M., Zimmermann B. Beyond Comparison : Histoire Croisée and the Challenge of Reflexivity // History and Theory. 2006. Vol. 45, № 1. P. 30–50.
10. Вернер М., Циммерман Б. После компаратива : histoire croisée и вызов рефлексивности // Ab Imperio. 2007. № 2. С. 59–90.
11. Assmann J. Globalization, Universalization, and the Erosion of Cultural Memory // Memory in a Global Age. Discourses, Practices and Trajectories / eds. A. Assmann, S. Conrad. New York : Palgrave Macmillan, 2010. P. 121–137.
12. Досс Ф. Как сегодня пишется история : взгляд с французской стороны // Как мы пишем историю? / отв. ред. Г. Гаррета, Г. Дюфо, Л. Пименова. М. : РОССПЭН, 2013. С. 32.
13. Репина Л.П. История исторического знания. Историческое сознание и историческая память.- Москва, 2004, с.11.
14. Хальбакс М. Коллективная историческая память [Электронный ресурс] / пер. С французского М. Габовича // Память о войне 60 лет спустя: Россия, Германия, Европа. – Москва, 2005.

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ (1995-2021)

114-18 топ Тарих мамандығының  
бітірушісі **Оразбердиев Мерген**

### *Резюме*

*В статье будут рассмотрены этапы создания и развития Ассамблеи народа Казахстана. Рассматривается как институт регулирования межнациональных отношений в стране*

Менің диплом жұмысымның тақырыбы «Қазақстан халқы Ассамблеясының қалыптасу мен даму тарихы» деп аталады. Менің ұлтым түркмен, Түркменстаннан келгенмін оқуға. Осында үйлендім. Маған осы Ассамблеяның (*әрі қарай-ҚХА*) қызметі қызық болып көрінген еді. Содан соң Айтай Бахадыр ағайдан осы тақырыпты алып зерттеп, жаздым.

Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына қосылу өте қиын әрі асқан жауапкершілікпен еңбек етуді талап ететін міндет. Сол міндеттерді жүзеге асыруда Қазақстан Халқы Ассамблеясының да атқарар міндеті аса зор» деп көрсетіліпті тарихи очеркте[1,9-б].

Ежелгі қазақ жеріне тағдырдың тәлкегімен келген әртүрлі халықтар мен алуан діни сенімдегілердің бір мемлекетте бейбіт қатар өмір сүруінің бай да бірге тәжірибесі жинақталған екен.

Бүгінгі әлемде халықтардың өзара қарым-қатынасының қайшылықты үрдісі жүріп жатыр, олардың арасындағы байланыстар кеңейуде. Сонымен бірге әлемнің жекелеген аймақтарында өзге мәдениет және өркениет өлшемдерін қабылдамау орын алып отыр. Дәлірек айтқанда, көшіп барған сол елдің тілін білмесең, мәдениетіне құрметпен қарап, үйлесімділік танытпасаң сен ол жерде жатсың. Е.Тоғжановтың жазуынша «Қазақ халқы тарихи тұрғыда қалыптасқан этностық, мәдени және тілдік әралуандығына қарамастан, олардың дамуына қамқорлықты тұрақты жасап келеді...» [2] деп жазыпты. Бұрынғы президент Н.Назарбаевтың «Тәуелсіз Қазақстан біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз» атты мақаласында [3] «Қазақстанда қазір этномәдени бірлестіктердің саны тұрақты өсуде, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық, 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдар-ламалар 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көріп отырады» деп жазыпты.

Этносаралық келісім елдің тұрақты әрі демократиялық бағытта дамуының маңызды факторы. ҚХА-ның құрылуы ұлттық саясаттың іс жүзінде институтционалдық деңгейге көтерілгендігін көрсетеді. Институтционалдық

деңгейге көтерілген ұлттық саясат дегеніміз-алдына айқын мақсаты бар ұйым құра отырып, өзіндік ережелер мен нормаларды қалыптастыру, бүкіл қоғам-дық ұйымдармен үйлесімді қарым-қатынас орнату негізінде жүргізілетін саясат. ҚХА әлеуметтік институт ретінде этносаралық қатынастарды үйлес-тірудің тиімді тетіктерін қалыптастырудың сапалық тұрғыда жаңа негізін қалап отыр. Этносаралық және дінаралық келісімді нығайту ісінде мемле-кеттік саясат пен қоғамдық бірлестіктер арасында өзара серіктестік қарым-қатынасты орнықтыруда.

Этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласында қазақстандық диалог әлем өркениеті алдындағы ерекше маңызға ие құбылыс. Өйткені, ҚХА толерантты азаматтық қоғамды нығайтып, мемлекеттік саясат пен қоғамдық бірлестіктер қызметін ел мүддесі үшін тоғыстыратын алаңға айнал-ды.

ҚХА-ның құрылу тарихына қысқаша тоқталайық, 1991 жылғы Оралдағы казактардың сепаратистік әрекеті елде ұлтаралық араздықты қоздырып жібере жаздады [4] зерттеуші М.Мухамбетов. Ұлтаралық қатынас нәзік әрі шиеліністі екендігі мәлім. Кез-келген тәуелсіз мемлекет алдымен ұлтаралық қатынасты ретке келтіруі тиіс. Сол үшін де Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаев алғаш рет 1992 жылы желтоқсанда өткен Республика халық-тарының I-Форумында Қазақстан халықтарын біріктіретін қоғамдық ұйым құру идеясын жариялады[5]. 1995 жылы 16 ақпанда ұлттық мәдени орталықтарының жетекшілерімен кездесу өткізді. Осы жылы 1 наурызда ұлтаралық қатынастар саласындағы ауқымды құқықтық мәртебеге ие - Қазақстан халқы Ассамблеясы (*ол кезде Қазақстан халықтары Ассамблеясы деп аталатын*) құрылды[6]. Ассамблея мемлекеттік басқару деңгейіндегі ұлттық саясатты жетілдіруге белсенді түрде атсалысты. Ассамблея Президент жанындағы ұжымдық орган ретіндегі, ал облыстық бөлімдері әкім жанындағы орган ретіндегі мәртебеге ие болды.

ҚХА 1995 жылдан бастап өз дамуында үш маңызды белесті бастан кешірді. Біріншісі, 1995-2000 жылдар аралығы. Бұл жылдары азаматтық келісімді үйлестіру, этносаралық бірлікті сақтауға аса мән берілді.

Екіншісі, 2001-2008 жж. Ассамблея қызметінің жандану кезеңі, мұнда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамыту бағытында елеулі істер тындырылды. Үшіншісі, 2008 жылдан бастап, ҚХА ның дамуында сапалық тұрғыда жаңа кезең басталды. Басты оқиға Парламент мәжілісіне 9 депутаттың сайлануын атауға болады. Оларды тұңғыш президент Н.Назарбаев «достықтың елшілері» деп атапты. ҚХА ның мәртебесі мен құзыреті күшейтілді. 2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды[2,8-12] деп көрсетеді. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Ол Ассамблея мен этномәдени орталықтар тарапынан көтерілетін бастамалар мемлекеттік деңгейдегі қолдауға ие болады деген сөз. Айталық, Ассамблея сессияларына зер сала қарасақ, 1995 жылы сәуірде ҚХА алғаш рет ҚР Президентінің өкілетілігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту

жөніндегі жалпыхалықтық референдум өткізу туралы бастама көтерді. Сонымен қатар, 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституцияның қабылдануына да үлкен қолдау білдірді. Екінші рет 2015 жылы ақпанда ҚР Президентігіне сайлау мерзімінен бұрын өткізу туралы бастама көтерді. Бұл бастамалардың барлығы жүзеге асты. Сонымен қатар, жыл сайын Рухани келісім күні, Құрбан айт, Пасха, Рождество секілді мерекелер Ассамблеяның ықпалымен мереке күндері болып күнтізбеге енді[7] деп көрсетеді зерттеуші Д.К.Рустембеков.

2008 жылы ақпанда ҚХА жетекшілігінде бірқатар өзгерістер жүргізілді. ҚХА төрағасының орынбасарлығына Е. Тоғжанов тағайындалды. Оның екі орынбасары республикалық этномәдени орталықтардың өкілдерінің тағайындалады. Орынбасарлар жылсайын өткізілетін сессияда ауыстырылып отырады. Мұндай ауыспалы тәртіп барлық этномәдени орталық өкілдерінің кезекпен Ассамблеяға жетекшілік жасауға мүмкіндік береді. Ассамблея еліміздің халықаралық байланыстар қызметіне де белсенді атсалысады. Айталық, Ассамблея Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының 2009-2011 жылдардағы «басқарушы үштігіне мүшелікке» енді.

Ассамблея жанынан Ақсақалдар алқасы құрылды. 2011-2020 жылдарға арналған тілдердің қызметі мен дамуының мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, қабылданды.

ҚХА сан алуан этностарды азаматтық тұрғыда топтастырудың қуатты құралдарының біріне айналды. Этностардың мәдениетінің қайта жаңғыруы мен дамуына елеулі үлес қосып келеді. Айталық, Наурыз мейрамы, корей, татар, неміс, өзбек мәдениетінің фестивалдарі жалпыхалықтық сипатқа ие. 1996 жылдан бері 1 мамыр Қазақстан халқы бірлігі мерекесі ретінде атап өтілуде.

Ассамблеяның ең жоғары органы Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы болып табылады. Сессияны Қазақстан Республикасының Президенті қажеттілігіне қарай, жылына бір рет шақырады. Одан бөлек Ассамблеяның ақсақалдар Кеңесі, Ассамблея Хатшылығы, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне Ассамблеяны өмір бойы басқару құқығы берілген.

Ассамблея кеңесі заң жобаларын сараптамадан өткізу, мемлекеттік тіл мен барлық халықтардың тілін және мәдениетін дамыту, отансүйгіштікті қалыптастыру, халықаралық байланыстар жүргізу секілді жұмыстарды да жүзеге асырады.

Ассамблеяның елеулі жетістіктерінің бірі - ұлтаралық қатынастардың сая-си мәнге ие болуына жол бермеді. 2010 жылы сәуірде Қазақстанның Ел Бір-лігі Доктринасы қабылданды. Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы – халық-тың, уақыт талабына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуіне негіз. Болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні. Дегенмен, доктринаны жасау жобасына «Толеранттылық негіздері» атты факультативтік курс әзірлеп, оны мектептер мен ЖОО орындарына енгізу қажеттігін Елбасы айтқан болатын. Бұл мәселе оңды шешімін әлі де таппай келеді.

Ассамблея өткізген барлық 21 сессияда да Президент Н.Ә.Назарбаев баяндама жасап, өз баяндамасында ұлтаралық татулық пен келісімді нығайта беру бағытында ізденістерді жалғастырудың қажеттілігіне баса назар аударып отырды. ҚХА үлгісінде Ресей мен Қырғызстанда халық Ассамблея-лары құрылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық торқалы тойы республикалық деңгейде мерекеленді. Осы ҚХА-ның XXI сессиясында Ұлт көшбас-шысы - Н.Ә.Назарбаев: «Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі - ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын ұйым ғана емес, сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан кұқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналды..» деп айтты. Сонымен қатар, Мәңгілік Ел атану үшін рухани келісімнің айрықша жеті жоғары мәдени қағидатын көрсетті. Олар: 1. Діни тұрақтылық, 2. Ортақ жауапкершілік, 3. Мемлекеттік тілді өзге ұлттардың меңгеруі, 4. Конфессияаралық толеранттылық пен ішкі тұтастық, 5. Барлық ұлттың өмір сүру сапасын арттыру, 6. Әр ұлт пен ұлыстың мәдениеті мен өнерін дамыту және 7. Этномәдени бірлестіктердің жұмысына серпін беру.

Ассамблеяның 9 депутаттан тұратын тобының құрамына бүкіл парламент-тік партияның өкілдері болып табылатын 25 мәжілісмен кірді.

2014 жылдың өзінде ғана Ассамблея 10 мың іс-шара ұйымдастырып, оларға 3,5 миллион-нан астам адам қатысыпты. Көптеген өңірлерде Достық үйлері құрылып, жұмыс істеуде. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Астанада «Бейбітшілік және Келісім сарайы» салыныпты. Мұнда жыл сайын Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы, әлемдік және дәстүрлі діндер съездері, өзге де маңызды іс-шаралар өтеді. Қазақстандағы діни фактор өзінің сан-алуандығымен ерекшеленеді. 17 діни конфессия өкілдері шоғырланған, 3200 ге жуық мешіттер мен шіркеулер, ғибадат үйлері құлшылық етушілер үшін қызмет көрсетеді. Оған 5 миллионға жуық қазақстандықтар ғибадат ету үшін жүйелі қатынайды екен[7,936].

Қорыта айтқанда ҚХА ның діни фанатизм, діни экстремизм және ксенофобия дерттерінің алдын-алуға бағытталған сенушілерді толеранттылыққа тәрбие-леуде ісшаралар жүргізіп отыратындығын атап кеткен орынды.

Ассамблеяның тағы бір ерекшелігі, этностық топ өкілдерінің мүдделерін жоғары заң шығару органы - ел Парламентінде білдіре алу болып табылады. Ассамблеяны 2020 жылға дейін дамыту Тұжырымдамасы жүзеге асырылуда.

Ассамблея дүниеге келген 20 жылдан бері атқарған қызметі мен жүріп өткен сара жолы қазақстандық этносаралық және конфессияаралық келісім үлгісінің әлемдік қауымдастық алдында беделді ұйымға айналып, ел қоғамының құрамдас бөлігіне айналғанын көрсетті.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде көпұлтты қазақстандықтардың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырған татулық темірқазығына айналды деуге негіз бар.



## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан халқы Ассамблеясы : тарихи очерк./ Е.Л.Тоғжанов, Г.В.Кан, В.С.Коробков, Н.У.Шаяхметов. - Алматы: Раритет, 2010. -328 б.
- 2 Тугжанов Е. Л. Институт Ассамблеи народа Казахстана в контексте социальной модернизации. // Право и государство. - 2013. - №1. -С. 8-12.
- 3 Назарбаев Н. Тәуелсіз Қазақстан біздің ең қымбат, ең асыл құндылығы-мыз!. - // Ақиқат. - 2010. - №11. - С. 4-10.
- 4 Мухамбетов М. А. Ассамблея согласия, мира и прогресса / М. А. Мухамбетов, М. А. Киянский, К. Т. Төлебаев. - Уральск, 2004.
- 5 Назарбаев Н. Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық. Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі. // Егемен Қазақстан. 2006. 25 қазан
- 6 Ұлттық келісім - Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізі. - Астана, 1999.
- 7 Рустембекова Д. К. Қазақстандағы этносаралық қатынастардың саяси-құқықтық негіздерінің кейбір мәселелері // Қаз ҰУ хабаршысы. Заң сериясы . - 2014. - №1. - Б. 93-97.

ОӘЖ 911.37

### ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Абибулла Ұлбосын Эсаналиқызы – 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Тажекова А.Д. – г.ғ.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

*Резюме*

*В данной статье рассматривается динамика населения Туркестанской области.*

2018 жылдың басында Түркістан облысы халқының саны 1977,0 мың адамды құрады. 2009 жылғы халық санағының нәтижелерімен салыстырғанда ол 111,2 мың адамға немесе 5,96% - ға өсті [1].

Кесте 1

#### Түркістан облысының 2010-2018 жылдардағы халық санының динамикасы

Жылдар	Жыл басындағы халық саны (мың адам)	Өткен жылғы халық санының өсуі	
		мың адам	%
2010	1896,6	–	–
2011	1938,5	41,9	2,21
2012	1978,8	40,3	2,08
2013	2016,4	37,6	1,90
2014	2050,5	34,1	1,69
2015	1929,9	-120,6	-5,88
2016	1954,6	24,7	1,28
2017	1966,3	11,7	0,60
2018	1977,0	10,7	0,54

2014 жылы әкімшілік-аумақтық қайта құрулар нәтижесінде Түркістан облысы халқының саны едәуір (120,6 мың адамға) қысқарды, бұл Ордабасы, Төле би және әсіресе Сайрам аудандарының халқы санының қысқаруына әкелді.

Жазудан кейінгі кезең ішінде Түркия облысы халқының өсуі жыл сайын абсолютті де, салыстырмалы түрде де қысқарды. Егер 2010 жылы ол 41,9 мың адамды немесе 2,2% – ды құраса, 2017 жылы-тиісінше 10,7 мың немесе 0,5% - ды құрады.

Түркістан облысының халқы негізінен ауылдық. 2018 жылдың басында ауыл тұрғындарының үлесі 80,3% – ды, ал қала тұрғындарының үлесі 19,7% - ды құрады. Түркия облысындағы ауыл халқының үлесі Қазақстан Республикасының барлық облыстары арасында ең жоғары және әзірге өсу тенденциясын көрсетті. Алайда, ауыл халқының санының абсолютті де, салыстырмалы өсуі де жыл сайын төмендейді: 2017 жылы салыстырмалы өсу 2015 жылмен салыстырғанда екі есе аз болды.

Түркістан облысында қала халқының өсуі 2016 жылдың басына дейін жалғасты, бірақ 2016 және 2017 жж. оның төмендеуімен ауыстырылды. Қала тұрғындарынан айырмашылығы, ауыл тұрғындарының саны өсуде (жалғыз ерекшелік 2014 ж. Болды, ол кезде әкімшілік-аумақтық қайта құруларға байланысты ауыл тұрғындарының саны едәуір азайған).

#### Кесте 2

#### Түркістан облысының қала және ауыл халқы санының динамикасы 2010-2018 жж.

Жылдар	Жыл басындағы халық саны (мың адам)		Өткен жылғы халық санының өсуі			
			мың адам		%	
	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл
2010	373,7	1522,9	–	–	–	–
2011	378,7	1559,8	5,0	36,9	1,33	2,43
2012	382,9	1595,9	4,2	36,1	1,11	2,32
2013	386,0	1630,4	3,1	34,5	0,82	2,16
2014	387,1	1663,4	1,1	33,0	0,28	2,02
2015	389,2	1540,7	2,1	-122,7	0,53	-7,38
2016	391,5	1563,1	2,3	22,4	0,59	1,46
2017	389,7	1576,6	-1,8	13,5	-0,45	0,86
2018	388,8	1588,2	-0,9	11,6	-0,23	0,73

2010-2017 жылдары тұрғындар санының ең көп салыстырмалы өсуі Созақ (17,4% - ға) және Сарыағаш (17,2% - ға) аудандарында, Арыс (17,4% - ға) және Кентауда (16,5% - ға) болды. Облыс орталығы-Түркістан қаласында осы кезеңде халық санының салыстырмалы өсімі 13,8% - ды құрады. Облыстың барлық үш қаласында соңғы жылдары қысқарғанымен, халық санының жыл сайынғы өсуі орын алды.

**Халық санының өзгеру компоненттері.** Түркістан аймағы халқының оң динамикасы тек оның табиғи өсуімен қамтамасыз етіледі. Көші-қон балансы теріс және 2016 жылға дейін ол үнемі өсіп отырды. Егер 2010 жылы халықтың көші-қон шығыны 8 мың адамды құраса, онда 2016 жылы - 34,2 мың адам, яғни. 4,3 есе көп. 2010 жылы табиғи өсім халықтың көші-қон шығындарынан 6,2 есе асып түсті, 2012 жылы басымдық төрт есе, 2013 жылы үш есе болды. Және қазірдің өзінде 2016-2017 жж. халықтың табиғи өсімі көші-қонның төмендеуінен үштен біріне ғана артты.

Кесте 3

**2010-2017 жылдардағы Түркістан облысы тұрғындарының өзгеру компоненттері**

Жылдар	Халық санының өсуі (адам)				Халықтың көші-қон шығынының табиғи өсуімен өтеу (%)
	жалпы	табиғи	миграциялық	әкімшілік-аумақтық қайта құрулар	
2010	41911	49899	-7988	–	624,7
2011	40328	50021	-9693	–	516,1
2012	37604	50121	-12516	–	400,5
2013	34086	50938	-16852	–	302,3
2014	-120665	48200	-22527	-146338	214,0
2015	24744	47209	-22465	–	210,1
2016	11741	45945	-34204	–	134,3
2017	10690	43113	-32423	–	133,0
Жалпы 2010-2017	80439	385446	-158668	-146338	242,9

Түркістан облысының барлық қалалары мен аудандарында 2010-2017 жж. халықтың табиғи өсімі мен көші-қонының төмендеуі байқалды.

Соңғы жылдары бірқатар қалалар мен аудандарда халықтың көші-қон шығыны алдыңғы жылдармен салыстырғанда едәуір жоғары болды, ал кейбір жағдайларда ол табиғи өсіммен толық өтелмеді, т.а. халықтың азаюы байқалды (Арыс қаласы, Мақтаарал және Отырар аудандары - 2017; Бәйдібек және Қазығұрт аудандары - 2016 ж. және 2017 ж., Ордабасы ауданы - 2016 ж., Шардара ауданы - 2015-2017 жж.).

Осылайша, Түркістан облысының да, Шымкент қаласының да халқы өсуде. Алайда, егер бұл Шымкентте табиғи және көші-қон өсуіне байланысты орын алса, онда Түркістан облысында табиғи өсімнің халықтың динамикасына тигізетін оң әсері ішінара 2016-2017 жылдары едәуір өскен теріс көші-қон балансының көмегімен «сөндірілді». Нәтижесінде, Түркістан облысы тұрғындарының салыстырмалы түрде өсуі Шымкент қаласына қарағанда айтарлықтай аз [2].

**Әдебиеттер:**

1. Қазақстанның демографиялық жылнамасы. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. Нұрсұлтан. 2019.

2. «Қазақстан Республикасындағы халықтың қоныстануы саласындағы жағдайды талдау». БҰҰ-ның Қазақстандағы халықтың қоныстануы саласындағы қорының (ЮНФПА) техникалық қолдауымен әзірленген 2019 ж.есеп.

## ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Кәрібай Аслан Әсетұлы – 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Тажекова А.Д. – г.ғ.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

### Резюме

*В данной статье рассматривается практическая значимость применения игровых технологий в обучении школьной географии, а также классификация географических игр.*

Жасөспірімде сіздің жеке кеңістігіңізді құру, ересектікке деген құштарлық, қиялдың, өнертабыстың күшті қалыптасуы, стихиялық жаппай ойындардың пайда болуы қажет.

Үлкен мектеп жасындағы ойынның ерекшеліктері командаға өзін-өзі растау, әзіл-оспақ бояуы, митингке деген құлшыныс, сөйлеу белсенділігіне назар аудару болып саналады.

Оның негізіне қандай себептер енгізілгеніне байланысты ойындарды жіктеудің көптеген түрлері бар.

Ойын өтетін жерге сәйкес олар сабақ және сабақтан тыс болып бөлінеді.

Дидактикалық мақсатқа сәйкес Ойындар жаңасын зерттеуге, білім мен дағдыларды тексеруге, нығайтуға және жалпылауға бөлінеді.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру формасына сәйкес-жеке және корпоративті.

Төменде ойындардың жіктелуі екі белгіге негізделген: әрекет сипаты мен мазмұны:

Академиялық ойындардың имитациялық және мүліктік емес болып бөлінуі оларды құру және пайдалану технологиясымен байланысты. Егер ойынды пайдалану кезінде зерттелетін процесс модельденсе немесе кейбір шындық еліктелсе, онда мұндай ойындар еліктеуге жатады.

Рөлдік имитациялық ойындар (саяхат, экспедициялар және т.б.) мұғалімнен оқушыларды ерекше зерттеуді, рөлдерді орындауға арнайы дайындықты талап етеді.

Рөлдердің кейінгі түрлері танымал [1]:

1. Әдебиетте, баспасөзде сипатталған кез - келген тарих идеясының тұлғаларындағы көріністер (драматизация). Мысалы, Свир қорығының құрылу тарихы табиғатты қорғау саласында белгілі.

2. Нақты тарихтан тыс шығу. Мысалы, егер қорықтар мен қорықшалар саны азайса, табиғатпен не болар еді?

3. Басқа әрекеттер: басқа адамның әрекеттерін түсінуге тырысу (мысалы, АЭС директоры және т.б.) ойында оның көзқарастарын қабылдау (әдеттегі әрекет пен ойлау тәсілдері) және оның іс-әрекетінің мән-жайларына көшу арқылы.

4. Қазіргі жағдайға көшу. Мысалы, Волгодон танкерінің апатынан кейін қара және Балтық теңіздеріндегі жануарларды сақтау туралы баспасөз мәслихаты.

5. Аумақты тұрғын үй кешенін салу үшін пайдалану немесе орман-саябақ аймағын сақтау және т. б. туралы мәселені шешудің бұрылыстарымен

байланысты болуы мүмкін белгілі бір сценарий бойынша Имитациялық ойын немесе әрекетті ойнау.

6. Жеке (жеке) сыну кезіндегі жалпы тақырып. Мысалы, табиғи процестермен танысудың жалпы міндеті қайта құрылады: ата-аналар мектеп оқушысына қоршаған әлемді жақсы білуге қалай көмектесе алады.

7. "Қала тұрғындары су қоймаларын, атап айтқанда су ішетіндерді ластайды" сияқты әлеуметтік жағдайларды тікелей зерттеу

8. Рөлді орындауда жаттығу. Мысалы, Шерлок Холмстың Корольдік орман саябағындағы лосенканы өлтіруді тергеудегі әрекеттері.

Рөлдік ойындар пәндік білімді жақсартуға ғана емес, өзін-өзі көрсету қабілеттерін алуға, оқушылардың өзін және басқа адамдардың ұстанымдарын түсінуге арналған. Мұнда оқыту нақты өмірден алынған рөлді "ойнау" мүмкіндігі арқылы жүзеге асырылады.

Рөлдік жағдайды еркін ойнау атмосферасын құру үшін кейбір маңызды сәттерді есте сақтау қажет.

Біріншіден, бұл сөгіс пен сынның ерекшелігі. Рөлдерді ойнаған кезде оларды орындаудың әртүрлі, аз немесе аз нәтижелі жолдары бар, бірақ "дұрыс" және "дұрыс емес", "жақсы" және "жаман" жолдар бола алмайды. Мұғалім жігіттерден ешкімге күлмеуін сұрауы керек.

Екінші мәселе-мұғалімнің жағдайды ойнауға толық қатысуы: мұғалім Қос рөл атқаруы керек: бір жағынан, ол көбінесе оқушылармен бірге рөлді тікелей ойнайды, ал екінші жағынан, болып жатқан оқиғалардың объективті бақылаушысы болып қала береді және дамудың жалпы бағыты үшін жауап береді. өзара әрекеттесу процесі. [2]

Рөлдік ойындар мазмұнының кезеңдері:

Бірінші кезең. Дайындық. Мақсаттарды белгілеу; жағдайды таңдау; ойынды фрагменттерге бөлу; мақсаттарды, әдістер мен әрекеттерді анықтау; ойын ережелерін әзірлеу және әр қатысушы үшін рөлдерді анықтау және т. б.

Екінші кезең. Ойынды ұйымдастыру, жүргізушілерді таңдау.

Үшінші кезең. Ойын өткізу.

Төртінші кезең. Ойын нәтижелерін талдау.

Іскерлік ойын жеке, құрылымды рөлді орындау нұсқасы. Қиын жағдайларда әрекет ету дағдыларын топтық оқытудың өте перспективалы және тиімді түрі. Қатысушылардың әлеуметтік шындықтың кез-келген аспектілерін модельдейтін арнайы сценарий бойынша әрекеті, бұл оқу аудиториясындағы қоғамдық өмірдің көптеген көтерілістерін еліктеуге мүмкіндік береді. Жеке ойыншылар жалғыз әрекет ету арқылы мақсатқа жете алмайды. Маңызды мақсаттарға жету үшін жеке қатысушылардың күш-жігерін, ресурстарын біріктіруді талап етеді. 9-10 сыныптарда өткізу өзекті.

Іскерлік ойын-бұл оқушылардың белсенді белсенділігінің күшті стимуляторы. Топтың мақсаттарына жету әр қатысушының белсенділігіне, басқалармен және мұғаліммен өзара әрекеттесуді жоспарлау және жүзеге асыру қабілетіне байланысты.

Ойын шешім қабылдау, жағдайларды талдау және "кері байланыс" дағдыларын дамытатын динамикалық процесс, ұзақ мерзімді іс-әрекеттерді жоспарлау, осылайша бұрын жинақталған білім мен жеке тәжірибені шығармашылық қолдануға ықпал етеді.

Қоршаған ортаны қорғау ойыны үшін ойын іс-әрекетінің ерекше құнды жағы-бұл жалпы жүйе мен уақыт шеңберіндегі табиғи және әлеуметтік процестердің динамикалық көбеюі.

Іскерлік ойын мазмұнының кезеңдері

Бірінші кезең. Дайындық. Рөлдік ойынды жоспарлау, ұйымдастырушы қажет:

1) жағдайды ойнату үшін материалды іріктеп алу; үлестірме материалды дайындау: ойынның сипаттамасы, әдістемелік ұсынымдар және т. б.;

2) оқушылардың рөлдері мен топтарын белгілеу;

3) деректемелер, анықтамалық материалдар дайындау;

4) ойын нәтижелерін шешу және пайдалану.

Екінші кезең. Ұйымдастырушылық.

Үшінші кезең. Оқушылардың өзіндік жұмысы (топтарға және кіші топтарға бөлу).

Төртінші қорытынды кезең. Топтар арасындағы пікірталас.

Географиялық білімді игеру, географиялық дағдыларды игеру, танымдық қызығушылықтарды, оқушының жеке басының зияткерлік және шығармашылық қасиеттерін дамыту, әлемге эмоционалды және құндылық қатынасын тәрбиелеу, күнделікті практикада алған білімі мен дағдыларын тиімді жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру, егер оқу іс-әрекеті ойын технологиясы аясында жүзеге асырылса, жеке тұлғаға бағытталған және дамытушылық оқыту қағидаттарына негізделген болса, сәтті болады [3].

**Әдебиеттер:**

1. И.В. Душина, Е.А.Таможня «Методика и технология обучения географии» М.: -2014
2. М.Е. Сергеева «Игровые технологии на уроках географии 5-9 классы» М.: -2017
3. Теоретический и научно- методический журнал «География в школе»1-2018

ӘОЖ 94 (574)

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГРЕК ДИАСПОРАСЫНЫҢ ТАРИХЫ**

**Исмаилова Ж.Б М1601-11 тобының магистранты**

**Ғылыми жетекшісі: Алдаберген М. Н. т.ғ.к доцент**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*В этой статье рассматривается история греков, депортированных в Казахстан. Приведены сведения с использованием данных о причинах, этапах депортации на казахскую землю, о состоянии и качестве жизни греков.*

Қызу қанды, нәзік жанды, шыдамды... Ежелгі дәуірдің данышпаны Демосфеннің пайымдауынша бұл тек гректерге ғана тән мінез.

Грек диаспора өкілдері АҚШ, Ресей, Германия, Ұлыбритания секілді әлемнің ірі мемлекеттерінде өмір сүреді. Диаспора антикалық заманнан бері, Жерорта

теңізі мен Қара теңіз жағалауында отарлау жүргізіліп жатқан кезде қалыптаса бастады.

Гректер ұлан-ғайыр қазақ жеріне қалайша аяқ басқан деген сауалға жауап іздеп көрелік.

